



## Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 шілде N 824

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН КОДЕКСІ

Осы Кодекс Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық,

экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық егемендігін қорғауға, қазақстандық экономиканың дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған.

1. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің, кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың, кедендік режимдерді қолданудың, кедендік төлемдер мен салықтарды алудың, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізудің мемлекет пен сыртқы экономикалық, және өзге де қызметті жүзеге

асырушы тұлғалардың арасындағы биліктік қарым-қатынастарға негізделген Қазақстан Республикасының кеден органдарын кедендік әкімшіліктендіруін және жұмыс істеуін қоса алғанда кеден саясатын іске асырудың басқа да құралдарының тәртібі мен ш а р т т а р ы н к ұ р а й д ы .

## 2 - б а п . К е д е н і с і с а л а с ы

1. Кеден ісі саласы - Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асыру кезінде кеден ісін қолдану жөнінде мемлекеттік реттеу саласы.

2. Кеден ісі саласын қозғайтын осы Кодекспен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен реттеледі.

## 3-бап. Қазақстан Республикасының кеден саясаты

1. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын бірыңғай кеден саясаты жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Кеден саясаты олардың өкілеттіктерінің шегінде атқарушы өкіметтің орталық органдарының қ а р а у ы н а ж а т а д ы .

3. Қазақстан Республикасы кеден саясатының негізгі мақсаттары, экономиканы дамытуды ынталандыру және Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау, тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген өзге де мақсаттар болып табылады.

## 4-бап. Қазақстан Республикасының кеден заңдары

1. Қазақстан Республикасының кеден заңдары осы Кодекстен, осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының заңнама актілерінен, сондай-ақ қабылдау осы Кодекспен көзделген нормативтік құқықтық а к т і л е р д е н т ұ р а д ы .

2. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының заң актілері оларды ресми жариялаған күнінен бастап кемінде отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін қолдануға енгізіледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Кодексте қамтылғандардан өзгеше ережелер белгіленген болса, көрсетілген шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

## 5-бап. Қазақстан Республикасы кеден заңдарының уақытта қолданылуы

1. Кеден ісі саласында осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден органы кеден декларациясын және құжаттарын тіркеген күні қолданылған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодекспен белгіленген талаптарды бұза отырып, өткізу кезінде:

1) тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген;

2) егер, іс жүзінде өткізілген күнін анықтау мүмкін болмаса кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық анықталған күнге қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады.

#### 6-бап. Қазақстан Республикасының кеден аумағы мен кеден шекарасы

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағын құрғақтағы аумақ, аумақтық және ішкі сулар (теңіз), олардың үстіндегі әуе кеңістігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңіздік тікелей экономикалық аймағында және Қазақстан Республикасының құрлықтық шельфінде орналасқан жасанды аралдарды, қондырғыларды, ғимараттарды және Қазақстан Республикасы кеден ісі саласындағы ерекше құқыққа ие өзге объектілерді құрайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған арнайы экономикалық аймақтың аумағы Қазақстан Республикасы кеден аумағының бөлігі болып табылады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына еркін кеден аймағы кеден режимімен орналастырылатын тауарлар кедендік төлемдер мен салықтар алу мақсатында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары орналасқан ретінде қаралады.

4. Қазақстан Республикасы кеден аумағының шектері кедендік шекара болып табылады. Кедендік шекара - Қазақстан Республикасының кеден аумағын шектерін айқындайтын сызық пен осы сызық бойынша өтетін тіктеме үсті.

5. Кедендік шекара Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен сәйкес және кеден инфрақұрылымы бола алады.

#### 7-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) тауарлар мен көлік құралдарын өткізу - тұлғаларға белгілі бір кедендік режимнің шарттарына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және (немесе) билік ету құқығын беру;

2) жүк операциялары - кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, орамдарының зақымдануын жөндеу, орамдау,

қайта орамдау және тасымалдау үшін қабылдау, мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу, көрсетілген тауарлар болуы мүмкін үй-жайлар мен басқа да орындарды а ш у ;

3) бой бермейтін күш әрекеті - Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен көзделген белгілі әрекеттерді орындауға немесе жасауға кедергі келтіретін осы жағдайлар кезіндегі төтенше және болдырмау мүмкін емес оқиға;

4) декларант - тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға не осындай тауарларды өз атынан декларациялайтын, білдіретін және ұсынатын кедендік делдал;

5) декларациялау - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және (немесе) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары туралы м ә л і м е т т е р д і м ә л і м д е у ;

6) шетелдік тұлға - осы баптың 8) тармақшасында көрсетілмеген тұлға;

7) шетелдік тауар - осы баптың 9) тармақшасында көрсетілмеген тауар;

8) қазақстандық тұлға - Қазақстан Республикасының азаматы; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасында орналасқан жері бар филиалдары мен өкілдіктері;

9) қазақстандық тауар - толықтай Қазақстан Республикасында өндірілген; жеткілікті қайта өңдеу мөлшеріне сәйкес қайта өңделген; Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналым үшін босатылған; осы Кодекске сәйкес мемлекеттің меншігіне қ а р а т ы л ғ а н т а у а р ;

10) коммерциялық құжаттар - шот-фактуралар, ерекшеліктер, тиеу және орамдау парақтары, сондай-ақ тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар;

11) тұлға - жеке немесе заңды тұлға;

12) тауарларды өткізуші тұлға: өз атынан не басқа тұлғаның тапсырмасы бойынша сыртқы экономикалық мәміле жасаушы тұлға; егер, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу қазақстандық тұлғаның сыртқы экономикалық мәмілелер жасауынсыз жүзеге асырылатын болса Қазақстан Республикасының аумағында кедендік бақылаудағы тауарларды пайдалануға және иелік етуге құқығы бар тұлға; осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кедендік бақылаудағы тауарлармен өз атынан заң жүзінде мәні бар іс-әрекет жасау үшін жеткілікті ретінде кірісетін өзге де тұлға;

13) тарифтік емес реттеу шаралары - квоталауды, лицензиялауды, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша стандарттар мен талаптарға (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық, малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық стандарттар мен өзге де талаптар) сәйкестігін міндетті растауды Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар мен шектеулер;

14) тарифтік реттеу шаралары - тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде Кедендік тарифті пайдалану арқылы сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шаралар;

15) салықтар - қосылған құнға салынатын салық пен тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты алу Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген акциз;

16) кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету - осы Кодексте көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының кеден органдары қабылдайтын шаралар;

17) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу - тауарлар мен көлік құралдарын халықаралық почта жөнелтілімдерінде салуды, құбыр желісі көлігі мен электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда кез келген тәсілмен Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету жөніндегі іс-әрекеттерді жасау;

18) тауарларды алушы - кеден бақылауындағы тауарларды жеткізуші міндетті тауар ілеспе құжаттарында көрсетілген тұлға;

19) өткізу пункті - адамдарды, тауарларды және көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе халықаралық шартпен белгіленген автомобиль, теміржол вокзалының, станциялардың, әуежайдың, аэродромның, теңіз, өзен айлағының не өзге де жабдықталған орынның шегіндегі аумақ;

20) мамандандырылған мекемелер - кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік мекемелер;

21) кеден декларациясы - декларант мәлімдеген тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтерді жазбаша және (немесе) электронды түрде растайтын құжат;

22) кедендік бақылау - Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын, орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кедендік және өзге де заңдарын сақтау жөніндегі шаралардың жиынтығы;

23) кедендік рәсімдеу - тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілуіне байланысты адамдар мен кеден органдары жасайтын іс-әрекеттер мен рәсімдердің жиынтығы;

24) кедендік операциялар - кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының кеден органдары да, тұлғалар да Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жасайтын жекелеген іс-әрекеттер;

25) жөнелтуші кеден органы - тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен тасымалдау басталатын Қазақстан Республикасының кеден органы;

26) нысаналы кеден органы - тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен тасымалдау аяқталатын Қазақстан Республикасының кеден органы;

27) кедендік рәсімдер - Қазақстан Республикасының кеден органдары және тұлғалар кеден ісі саласында кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасайтын іс-әрекеттердің жиынтығы;

28) кедендік режим - Қазақстан Республикасының кеден аумағында не одан тысқары жерлерде тасымалдау, пайдалану мақсаттарына қарай оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы тасымалдау кезіндегі тауарлар мен көлік құралдарының кеден ісі саласындағы мәртебесін айқындайтын осы Кодекспен белгіленген нормалардың жиынтығы;

29) кедендік алып жүру - Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын алып жүруі;

30) кеден терминалы - Қазақстан Республикасы кеден органының қызмет аймағындағы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік рәсімдер жасау үшін арналған арнайы жайластырылған, техникалық жарақтандырылған және жабдықталған орын;

31) тауар - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін мүлік, оның ішінде ақпараттарды таратушылар, валюталық құндылықтар, энергияның электрлік, жылулық және өзге де түрлері, сондай-ақ осы баптың 35) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын қоспағанда көлік құралдары;

32) кедендік бақылаудағы тауарлар - оларға қатысты кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасын сақтау, оны сақтау кеден органдарына осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүктелген жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын тауарлар ;

33) көліктік құжаттар - халықаралық автомобиль жүк құжаттамасы, тауарлық-көліктік жүк құжаттамасы, теміржол жүк құжаттамасы, жүктік ведомость, жүктік түбіртек, әуе жүк құжаттамасы, коносамент, сондай-ақ тұрба өткізу көлігімен тауарларды өткізу кезінде және электр беру желілері бойынша пайдаланылатын құжаттар және көлік және халықаралық тасымалдар туралы Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген тасымалдар кезіндегі тауарлар мен көлік құралдарын сүйемелдейтін өзге де құжаттар;

34) тауарларға ілеспе құжаттар - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына арналған коммерциялық және көліктік құжаттар ;

35) көлік құралдары - егер олар көлік құралдарымен бірге тасымалданатын және халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру үшін қолданылатын болса олардың қарапайым қосалқы бөліктерін, құрал-саймандарын және жабдықтарын, олардың әдеттегі бактарында ұсталатын жанар-жағармай материалдары мен отынын қоса алғанда кез келген су, әуе кемесі; автокөліктік құралдары (тіркемелерді, жартылай

тіркемелерді және құрама көлік құралдарын қоса алғанда), теміржол жылжымалы құрамының бірлігі, оның ішінде контейнерлер;

36) кеден ісі мәселесі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасында кеден ісіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

37) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттіктерге ие мемлекеттік орган;

38) шартты босату - тауарлар мен көлік құралдарын шектеумен және оларды пайдалану және билік ету бойынша шарттармен босату;

39) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырушы тұлға;

40) орталық кеден органы - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін және Қазақстан Республикасының кеден ісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

41) электронды құжат - электронды-сандық нысанда және қол қоюшы адамның деректемелерімен ұсынылған ақпарат;

42) электронды санды қол қою - электронды санды қол қою құралдарымен құрылған және электронды құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермегендігін растайтын электронды сандық рәміздердің жиынтығы;

43) электронды санды қол қою құралдары - электронды санды қол қоюлардың түпнұсқалығын құру және тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.

2. Қазақстан Республикасы кеден заңдарының басқа арнайы ұғымдары олар осы Кодекстің тиісті баптарында қалай айқындалса, сондай мағынада қолданылады.

3. Осы Кодексте қолданылатын Қазақстан Республикасы заңдарының азаматтық және басқа да салалары ұғымы, егер осы Кодексте өзгедей көзделмесе олар Қазақстан Республикасы заңдарының бұл салаларында қалай пайдаланылса сол мағынада қолданылады.

## 2-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

8-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге арналған құқық

1. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда барлық тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тең негіздерде құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тиымдар мен шектеулер, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленуі мүмкін.

9-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелу кезінде тауарлар мен көлік құралдарының өту шарты кедендік шекарадан іс жүзінде өтуі және Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген іс-әрекеттерді жасауы болып табылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан әкету кезінде өту шарты кедендік декларациялар беру немесе тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге бағытталған өзге де іс-әрекеттер болып табылады. Өзге де іс-әрекеттерге :

1) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге жол жүретін жеке тұлғаның кедендік бақылау аймағына кіруі (енуі);

2) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлғаның тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкету туралы құлақтандыру беруі ;

3) автокөлік құралының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығу мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктіне келуі ;

4) тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге жөнелту үшін көлік саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларға не халықаралық почта жөнелтілімдерін почта байланысы ұйымдарына тапсыру жатады.

3. Валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады .

10 - бап. Кедендік ресімдеу

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен көзделген тәртіппен және шарттарда кедендік ресімдеуге жатады.



## 11-бап. Кедендік режимді таңдау және өзгерту

1. Тұлғалардың таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары осы Кодексте көзделген тәртіпте және шарттармен белгілі бір кедендік режимге орналастырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарының кедендік режимі осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мақсаты мен пайдалану мақсатына қарай басқа кедендік режимге өзгертілуі мүмкін.

## 12-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын сақтау

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде декларант Қазақстан Республикасының кеден органдарына сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталғандығын растайтын қуаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге тиым салынған тауарлар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен өзгедей көзделмесе осындай тауарларды өткізу күнінен бастап бір тәулік ішінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге ә к е т у г е ж а т а д ы .

Осы баппен белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге тиым салынған тауарларды әкетуді жүзеге асырмау кезінде - мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады. Әкетуге тиым салынған уақытша сақтау қоймаларындағы сақтаудың шекті мерзімі үш тәулікті құрайды. Сақтаудың белгіленген мерзімінің аяқталуы бойынша мұндай тауарлар осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және шарттарда мемлекет м е н ш і г і н е а й н а л д ы р ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу шектелген тауарларға осы Кодексте көзделген жағдайларда әкелуге рұқсат етіледі - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың сақталуы шартымен Қазақстан Республикасының к е д е н о р г а н д а р ы б о с а т а д ы .

4. Әкетуге тиым салынған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетіле алмайды.

5. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу шектелген тауарларға Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген талаптардың сақталуы жағдайында әкетуге рұқсат етеді.

13-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету

1. Ешкімнің де тауарлар мен көлік құралдарын осы Кодексте көзделген тәртіптен және шарттардан басқадай пайдалануға және билік етуге құқығы жоқ.

2. Тауарлар мен көлік құралдары босатылғаннан кейін оларды пайдалану және билік ету мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### 14 - б а п . Ш а р т т ы б о с а т у

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген не осы Кодекспен белгіленген өзге де шарттар мен талаптар орындалмаған тауарлар мен көлік құралдары белгіленген шектеулер сақталуы және оған байланысты осындай жеңілдіктер берілген не осындай босату жүзеге асырылған сол мақсаттарда пайдалану арқылы шартты босатуға жатады.

Шартты босатуда тауарлар мен көлік құралдары кеден бақылауында болады.

15-бап. Кедендік бақылау

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жатады.

Кедендік бақылауды осы Кодексте белгіленген тәртіппен және нысандарда Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

#### 2 БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ОРГАНДАРЫ 3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

16-бап. Қазақстан Республикасының кеден органдары

1. Қазақстан Республикасының кеден органдары (бұдан әрі - кеден

органдары) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асыруға қатысатын және кеден ісін тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік органдар.

2. Кеден органдарына жалпы басшылықты кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Кеден органдарына тікелей

басшылықты орталық кеден органы жүзеге асырады.

17-бап. Кеден органдарының жүйесі

1. Қазақстан Республикасының кеден органдарының жүйесіне:

1) орталық кеден органы;

2) облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша кеден басқармалары (бұдан әрі - кеден басқармалары);

3) кедендер;

4) кеден бекеттері;

5) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы бақылау-өткізу пункттері кіреді.

2. Кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне кеден зертханаларын, кинологиялық, оқу, есептеу орталықтарын және басқа да мамандандырылған мекемелерді құру туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

3. Орталық кеден органы заңды тұлға болып табылады және өз өкілеттігінің шектерінде іс-әрекет жасайды. Орталық кеден органы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Кеден басқармалары және кедендер заңды тұлғалар болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелердің негізінде іс-әрекет жасайды.

5. Кеден бекеті мен бақылау-өткізу пункттері заңды тұлғалар болып табылмайды және орталық кеден органының ұсынымы бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

6. Кеден басқармалары мен кедендерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

7. Кеден бекеттері мен бақылау-өткізу пункттерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату орталық кеден органының ұсынысы бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Кеден органдарының штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Кеден органдарының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимиттерінің шегінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша бекітіледі.

9. Кеден органдары тіктеме бойынша тікелей жоғары тұрған кеден органына бағынады.

10. Кеден органдары мен олардың қарауындағы теңіз және өзен кемелерінде кеден органдарының таным жалауы мен таным белгілері болады.

Кеден органдарының қаруындағы көлік құралдары мен әуе кемелеріне кеден органдарының таным белгілері қойылады. Кеден органдарының таным жалауы мен таным белгісінің сипаттамасы мен қолданылуының тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

18-бап. Кеден органдары қызметінің қағидаттары

Кеден органдарының қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) заң алдындағы қорғалу мен теңдік құқықтарын қамтамасыз ету, сыртқы экономикалық қызметке және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтарын құрметтеу және сақтау;
- 3) жариялылық;
- 4) басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл қағидаттарында құрылады.

19-бап. Кеден органдарының міндеттері

Кеден органдарының міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;
- 2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық егемендігін қамтамасыз ету;
- 3) орындалуын бақылауды кеден органдары жүзеге асыруға міндетті Қазақстан Республикасының кедендік және өзге де заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде контрабанда мен кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының, қару-жарақтың, мәдени және тарихи құндылықтардың, Қазақстан Республикасының және шетелдердің археологиялық игіліктерінің, радиоактивті заттардың, жануарлар мен өсімдіктердің құрып кету қаупі төнген түрлерінің, олардың бөліктері мен дериваттарының, санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың, басқа да тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы заңсыз айналымының жолын кесу, сондай-ақ халықаралық терроризмге қарсы күресте және Қазақстан Республикасының әуе жайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласудың жолын кесуде жәрдем көрсету;
- 6) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын

жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау;

7) өз құзыретінің шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу, шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру;

9) бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалды-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

10) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

## 20-бап. Кеден органдарының орналасатын жерлері

1. Кеден органдарының орналасатын жерлерін жолаушылар және жүк ағымдарының көлеміне, жекелеген аймақтардың сыртқы экономикалық дамуының қарқынына, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың мұқтаждарына сүйене отырып орталық кеден органының ұсынысы бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

2. Кеден органдары осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда тікелей кеден органына тиесілі үй-жайларға иелік етеді.

3. Кеден органдары осы Кодексте көзделген жағдайларда кедендік делдал, кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асырушы тұлғаларға, уақытша сақтау қоймаларының иелеріне, кедендерге тиесілі және (немесе) еркін қоймалардың аумағында және (немесе) үй-жайларында, сондай-ақ кеден терминалдарының, әуежайлардың, айлақтардың, теміржол және автомобиль станцияларының, вокзалдарының және тауарларды экспорттық-импорттық жеткізуді жүзеге асырушы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың аумағында және (немесе) үй-жайларында орналаса алады.

Мұндай жағдайларда қажетті аумақтар және (немесе) үй-жайлар кеден органдарына Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен көзделген тәртіппен шарттық негізде ұсынылады.

4. Кеден органдарына арналған жер учаскелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пайдалануға беріледі.

## 21-бап. Кедендік рәсімдерді жүргізетін орындар

Тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік рәсімдер, осы Кодекспен белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылау аймағында жүзеге асырылады.

## 22-бап. Кеден органдарының жұмыс уақыты

1. Кеден органдарының жұмыс уақытын осы баптың 2 және 3-тармақтарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орталық кеден органы белгілейді.

2. Айлақтардағы, әуежайлардағы, теміржол станцияларындағы және өзге де Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты, бұл жерлердегі басқа бақылаушы органдар мен қызметтердің жұмыс уақытымен келісілуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты мүмкіндігіне қарай Қазақстан Республикасымен бірлескен кедендік шекарасы бар шет мемлекеттер кеден органдарының жұмыс уақытымен сәйкес келуі тиіс.

4. Қажет болған кезде кеден органдарының лауазымды адамдары қызметтік

міндеттерін орындауға белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері тартылуы мүмкін, мұндай жағдайларда еңбекақыны төлеу еңбек туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### 4-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

#### 23-бап. Кеден органдарының құқықтары

1. Кеден органдары:

1) өз өкілеттігінің шегінде осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді басып шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан және шетелдік мемлекеттік органдардан, сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардан кеден ісі саласына қатысты қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) осы Кодексте және лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өз құзыретінің шегінде лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

4) өз құзыретінің шегінде кеден ісі саласында анықтауды, кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс қозғауға және іс жүргізуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әкімшілік жазалар қолдануға;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сотқа талап арызбен жүгінуге;

6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасады деп күдік білдірген, жасаған немесе жасайтын адамдарды ұстауға және кеден органының немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметтік үй-жайына жеткізуге;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтік өкілеттіктерді жүзеге асырумен байланысты фактілер мен оқиғаларды құжаттандыруды, бейне және аудиожазба жасауды, киноға және фото суретке түсіруді жүргізуге;

8) кеден органдарының ресми өкілдерін тиісті халықаралық уағдаластықтардың негізінде шет мемлекеттерге жіберуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпараттық жүйені, байланыс жүйелерімен деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпараттарды қорғау құралдарын әзірлеуге, құруға және пайдалануға;

10) қолданыстағы заңдарға сәйкес кеден органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қару-жаракты, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда тауарлар сатып алуға;

11) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

## 24-бап. Кеден органдарының міндеттері

### 1. Кеден органдары:

1) сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардың кеден ісі саласындағы заңды құқықтарын сақтауға және мемлекеттің мүдделерін қорғауға;

2) тұлғалардың төмен тұрған кеден органының шешіміне, кеден органы лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарауға;

3) өз өкілеттігінің шегінде Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы мен экономикасын дамытуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал етуге;

4) тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуіне кедендік бақылау жасауды жүзеге асыруға;

5) кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде көлік құралдарының тұрып қалуына жол бермеу үшін жағдай жасауға;

6) өз өкілеттігінің шегінде сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға өздерінің құқықтарын іске асыруда жәрдем көрсетуге;

7) кедендік төлемдер мен салықтардың республикалық бюджетке өндіріп алынуының толықтығы және аударылуының уақыттылығын қамтамасыз етуге;

8) мемлекеттік бюджетке белгіленген мерзімдерде төленбеген кедендік төлемдер мен салықтардың сомаларын, сондай-ақ олар бойынша өсімақыларды мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға;

9) белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар, шешімдер, рұқсаттар, біліктілік аттестаттарын беру туралы шешім қабылдауға;

10) Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнайы кедендік статистикасын жүргізуді жүзеге асыруға;

11) стратегиялық тауарлардың әкетілуін бақылауды жүзеге асыруға;

12) мемлекеттің меншігіне қаратылған тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

13) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын күзетуді және кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

14) кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін, кеден органдарының лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

15) өз құзыретінің шегінде кеден органдары лауазымды адамдарының тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі жұмысты жүргізуге;

16) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың жасалғандығы туралы ақпараттарды жинауды және талдауды жүзеге асыруға;

17) өз құзыретінің шегінде сот актілерін, прокурорлардың, сондай-ақ басқа да құқық қорғау органдарының жазбаша тапсырмаларын орындауға, оларға жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жүргізуде жәрдем көрсетуге;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимылда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

19) салық қызметі органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының салықтық валюталық және өзге де заңдары саласындағы қылмыстарды анықтауда, олардың алдын алуда және жолын кесуде жәрдем көрсетуге;

20) осы Кодекспен көзделген мәліметтердің құпиясын сақтауға;

21) осы Кодекспен белгіленген тәртіппен тұрақты негізде сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды кеден ісі саласындағы, оның ішінде қазақстан Республикасының кеден заңдарына өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы хабардар етуге;

22) кеден ісі саласына келіп түскен сұрау салулар мен ұсыныстарды уақытылы қарауды және жауаптар беруді немесе олардан туындайтын өзге де іс-әрекеттерді жасауды қамтамасыз етуге;

23) тегін негізде кеден ісі саласында кеңестер беруді жүзеге асыруды;

24) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кедендік әкімшілдендіруді жүзеге асыруға;



25) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен көзделген өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтарды анықтаған кезде кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мерзімдерде материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға беруге міндетті.

25-бап. Кеден органдарының заңды талаптарын орындаудың міндеттілігі

1. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптары оларға қатысты Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес көрсетілген талаптар қойылатын барлық тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

2. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына жүктелген міндеттерді орындауға кедергі жасайтын басқа да әрекеттер Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

26-бап. Кеден органдарына берілетін мәліметтердің құпиясы

1. Басқа мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылар кеден органдарына ұсынатын мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес қана пайдаланылады.

2. Мәліметтердің құпиясын:

1) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер төлейтін кедендік төлемдер мен салықтардың сомалары туралы;

2) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды жасайтын тұлғаларды заң бойынша ізіне түсу мақсатында құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасындағы кеден заңнамасын бұзу туралы істі қарау барысында соттар, сондай-ақ орталық кеден органының және жедел-іздігіру қызметінің тиісті субъектілерінің бірлескен бұйрығымен айқындалатын тәртіппен олардағы іс материалдары бойынша жедел-іздігіру қызметінің субъектілері ұсынатын;

3) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің кеден немесе құқық қорғау органдары, халықаралық ұйымдары ұсынатын;

4) осы Кодекске сәйкес мемлекеттік органдардан ұсынылатын;

5) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тізілімінде көрсетілген, ең аз тәуекел санатына жатқызылған;

6) санаткерлік меншік объектілерін қамтитын тауарлардың тізілімінде көрсетілген мәліметтерді қоспағанда кеден органдары алған кеден ісі саласындағы кез келген

а қ п а р а т

к ұ р а й д ы .

3. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушыға қатысты ақпарат осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушының жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға ұсынылмайды.

## 27-бап. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының ж а у а п т ы л ы ғ ы

### 1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарының

нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдарының заңсыз шешімдерінің және кеден органдары лауазымды адамдарының өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан тұлғаларға және олардың мүлкіне келтірілген зиянды өтейді.

### 3 БӨЛІМ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

### 5-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДА ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

### 28-бап. Кеден органдарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Кеден органдары өз функцияларын дербес және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

2. Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты іс-әрекеттерді үйлестіруді және мүмкіндігіне қарай тауарлар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге мемлекеттік органдардың бақылауына жататын жағдайларда оларды бір уақытта жүргізуді қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда кеден органдарының қызметіне араласуға тиым салынады.

4. Кеден органдары мемлекеттік органдардың бірлескен актілерімен айқындалатын тәртіппен мемлекеттік органдармен өзара іс қимылды жүзеге асырады.

29-бап. Кеден органдарының сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылармен және өзін-өзі реттеуші ұйымдармен қарым-қатынасы

1. Кеден органдары ынтымақтастық және кеден ісі саласындағы міндеттерді шешудің тиімді әдістерін енгізу жөнінде өзара іс-қимыл жасау мақсатында сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылармен ресми қарым-қатынас орнатады және ұстайды.

2. Кеден органдары осы Кодексте белгіленген өкілеттіктердің шегінде

сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі өзін-өзі реттеуші ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады.

30-бап. Кеден органдарының шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы

Кеден органдары өздерінің функцияларын жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

## 6-ТАРАУ. КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ

31-бап. Кеден ісі саласындағы ақпараттандыру

Кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға осы Кодекстің 32-бабында белгіленген тәртіппен кеден ісі саласындағы ақпаратты ұ с ы н а д ы .

32-бап. Кеден ісі саласындағы ақпараттандырудың тәртібі

1. Кеден ісі саласындағы ақпараттандыру орталық кеден органының Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен мерзімді баспасөз басылымдарында кеден ісі саласындағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау жолымен жүзеге асырылады.

2. Кеден ісі саласындағы ақпараттандыру мынадай орындарда:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде;
- 2) әуежайларда, теміржол және автомобиль станцияларында, су айлақтарында;
- 3) халықаралық тасымалдауларды орындайтын автокөлік құралдарының, әуе және су кемелерінің бортында;

4) осы Кодексте айқындалатын кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары айқындайтын өзге де жерлерде ауызша хабарландыруларды, ақпараттық стенділерді, таблоларды, буклеттерді және өзге де баспасөз материалдарын, сондай-ақ бейне, аудио және ақпаратты тарату үшін қолданылатын, оның ішінде жалпы қолжетімді және тегін танысуға арналған басқа да техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы кеден ісі саласындағы қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

### 33-бап. Кеден ісі саласындағы кеңес беру

1. Кеден ісі саласындағы кеңес беру кеден органдарының сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға Қазақстан Республикасының кеден заңдарының ережелерін түсіндіруі болып табылады.

2. Кеден ісі саласында кеңес беру кеден органының орналасқан жері бойынша және кеден органдарының жұмыс уақыты кезеңінде жүзеге асырылады.

### 34-бап. Кеден органдарының кеңес беру тәртібі

1. Кеден ісі саласында кеңес беру жазбаша нысанда жүргізіледі.

2. Кеден органдары жазбаша нысанда кеңес беруді сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардан жазбаша өтіну алынған кезде, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүргізеді. Келіп түскен өтіну кеден органдарында міндетті тіркеуге жатады. Жазбаша өтінуді қараудың мерзімі осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда ол тіркелген күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

3. Берілетін кеңес берудің дұрыстығы және объективтілігі үшін қосымша

құжаттар мен материалдарды ұсынуды талап ететін өтінулерге қатысты, сондай-ақ кеден органдарының аталған өтінуді қарау үшін айтарлықтай мәні бар ақпараттарды алу үшін басқа мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға үн қатуы қажет болған жағдайда кеңес берудің мерзімі жазбаша өтіну тіркелген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

35-бап. Кеден ісі саласында дұрыс емес ақпарат пен кеңес беру үшін жауаптылық

1. Кеден органдары мерзімді баспасөз басылымдарының кеден ісі

саласындағы дұрыс емес ақпаратты ресми емес жариялағаны үшін жауаптылықта болмайды.

2. Кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кеден ісі саласындағы ақпараттандыру мен кеңес берудің дұрыс еместігі үшін жауаптылықта болады.

## 7-ТАРАУ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ

### САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУШІ ҰЙЫМ

36-бап. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі өзін-өзі реттеуші ұйымды құру

1. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі өзін-өзі реттеуші ұйымдар (бұдан әрі - кеден ісі саласындағы өзін өзі реттеуші ұйым) заңды тұлға болып табылады және коммерциялық емес ұйым нысанында сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қызметтерге қатысушылар құрады.

2. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге

қатысушылардың құқықтарын қорғау үшін арналған өзін өзі реттеуші ұйымды кеден органдары, егер аумақтық нысандары бойынша не қызметінің түрлері бойынша біріккен кемінде отыз заңды тұлға оның қатысушылары болып табылса сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардың өкілетті өкілі ретінде таниды және қарайды.

3. Кеден ісі саласындағы өзін өзі реттеуші ұйымды құру, қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

37-бап. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымдардың негізгі міндеттері

Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымның негізгі міндеттері:

- 1) тиімді сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге жағдайлар жасауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;
- 2) осы Кодексте кеден органы белгілеген кепілдіктерді беру;
- 3) кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне жәрдем көрсету;
- 4) өзінің сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау;

5) қатысушылардың Қазақстан Республикасының кеден заңдарының нормаларын сақтауына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады.

38-бап. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымның құқықтары

1. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйым мына мәселелер:

1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін көрсетілген ұйымдардың өкілетті өкілдерін тағайындау;

2) ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

3) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтердің қатысушыларын ең аз тәуекел санатына жатқызылған тұлғалардың тізіліміне енгізу жөнінде ұсынымдар ұсыну;

4) кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ұсыныстар ұсыну және қатысу;

5) сауалдың нәтижелері бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ақпараттар ұсына отырып кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері арасында әлеуметтік сауалдарды жүзеге асыру;

6) жалпы саны үш өкілден аспайтын байқаушы ретінде кеден органдарының лауазымды адамдарын аттестациялау кезінде әңгімелесуге қатысуы бойынша сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметтерге қатысушылардың мүдделерін кеден органдарында білдіруге құқылы.

2. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйым осы Кодекстің 45-тарауымен көзделген кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету жолымен олардың мүшелерінің Қазақстан Республикасының кеден заңдарының нормалары мен талаптарын орындауына кепіл ретінде араласа алады.

39-бап. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымдардың міндеттері

Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйым:

1) өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының кеден заңдарының нормаларын сақтауына жәрдемдесуге;

2) кеден органдарына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен және нысанда қажетті және дұрыс ақпаратты уақтылы ұсынуға;

3) сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға Қазақстан Республикасының кедендік заңдары туралы ақпараттар берілуіне жәрдемдесуге;

4) өз мүшелерінің ұсыныстарын қарауға және оларды кеден органдарының назарына уақтылы жеткізуге;

5) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен орталық кеден органына кеден органдарының лауазымды адамдары жол берген Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзулар туралы ақпарат ұсынуға;

6) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен орталық кеден органына өз мүшелері жол берген Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзулар туралы ақпарат ұсынуға;

7) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен кеден органына кеден органдарының кедендер рәсімдерді жүзеге асыру кезіндегі қызметінің деңгейі мен сапасы туралы ақпараттар ұсынуға жәрдемдесуге міндетті.

40-бап. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымның жауаптылығы

1. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйым Қазақстан Республикасының кеден заңдарының нормаларын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жарғылық талаптарды бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

2. Кеден ісі саласындағы өзін-өзі реттеуші ұйымдардың мүшелерінің сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге басқа да қатысушылардың алдында артықшылығы болмайды.

2. ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

4 БӨЛІМ. ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҚҚАН ЕЛІ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТАУАР НОМЕНКЛАТУРАСЫ. АЛДЫН-АЛА ШЕШІМ

8-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҚҚАН ЕЛДЕРІН АЙҚЫНДАУ

41-бап. Тауардың шыққан елін айқындау

1. Тауардың шыққан елі тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және тауарды бұл аумақтан әкетуді реттеудің тарифті және тарифтік емес шараларын жүзеге асыру мақсатында айқындалады.

2. Тауар толықтай өндірілген немесе осы Кодекстің 43-бабында белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті мөлшерде қайта өңдеуге ұшыраған ел тауардың шыққан елі болып есептеледі. Бұл ретте, егер тауардың шыққан елін айқындау мақсаты үшін оларды бөліп көрсетудің қажеттігі болса тауардың шыққан елі ретінде елдер тобы, елдердің кеден одақтары, елдің аймағы немесе бөлігі ұғылады.

42-бап. Аталған елде толықтай өндірілген тауарлар

Аталған елде толықтай өндірілген тауарлар:

- 1) елдің жер қойнауынан, оның аумақтық суларында (теңіздерде) немесе оның континентальдық шельфте өндірілген пайдалы қазбалар;
- 2) аталған елде өсірілген немесе жиналған өсімдік тектес өнімдер;
- 3) аталған елде туған және (немесе) өсірілген тірі жануарлар;
- 4) аталған елде өсірілген жануарлардан алынған өнімдер;
- 5) аталған елде аңшылық немесе балық аулау кәсіпшілігінің нәтижесінде алынған ө н і м д е р ;
- 6) аталған елдің не ол жалға алған (жалдаған) кемемен алынған теңіз балық аулау кәсіпшілігі өнімдері мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімдері;
- 7) аталған елдің қайта өңдеу кемесінің бортында тікелей осы баптың б) тармақшасында көрсетілген өнімдерден алынған өнім;
- 8) аталған елдің бұл теңіз табанын немесе бұл теңіз табаны қойнауын өңдеуге арналған ерекше құқығы болуы шартымен бұл елдің аумақтық теңізінен тысқары жерлердегі теңіз табанынан немесе теңіз табаны қойнауынан алынған өнімдер;
- 9) өндірістік немесе қайта өңдеу жөніндегі өзге де операциялардың нәтижесінде алынған қалдықтар мен металл сынықтары (қайталанған шикізат), сондай-ақ аталған елде жиналған және тек шикізатқа қайта өңдеу үшін ғана жарамды пайдалануда болған б ұ й ы м д а р ;
- 10) аталған елге тиесілі не ол жалға алған (жалдаған) ғарыш кемелерінде ашық ғарышта алынған жоғары технология өнімдері;
- 11) аталған елде тікелей осы баптың 1)-10)-тармақшаларында көрсетілген өнімдерден дайындалған тауарлар;
- 12) аталған елдің аумағында өндірілген электр энергиясы есептеледі.

43-бап. Тауарды жеткілікті мөлшерде қайта өңдеудің өлшемдері

1. Егер тауарларды өндіруге екі және одан көп елдер қатысқан болса, осы баптың ережелеріне сәйкес жеткілікті мөлшерде қайта өңдеудің өлшемдеріне жауап беретін тауарларды қайта өңдеу және дайындау жөніндегі соңғы операциялар жүзеге асырылған ел тауарлардың шыққан елі болып есептеледі.

2. Тауарды аталған мемлекетте жеткілікті мөлшерде қайта өңдеудің өлшемдері:

1) тауардың Сыртқары экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша кодының тауарды қайта өңдеудің нәтижесінде болған кез келген алғашқы төрт белгінің д е ң г е й і н д е өз г е р у і ;

2) тауардың шыққан елі бұл операциялар орын алған ел болып саналуы үшін жеткілікті өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындау;

3) бұл ретте пайдаланған материалдардың құнының немесе қосылған құнның проценттік үлесі түпкілікті өнімнің бағасында көрсетілген үлестерге жететін тауардың



құнының өзгерілгендігін білдіретін адвалорлық үлестердің тәртібін пайдалану болып  
т а б ы л а д ы .

3. Осы баптың 2-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жеткілікті мөлшерде қайта өңдеудің өлшемдерін нақты тауарларға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Егер адвалорлық үлестер ережесі қолданылған жағдайда көрсеткіштердің құны:

1) импортталған тауарлар үшін - бұл тауарлардың оларды түпкілікті өнім өндіру жүзеге асырылатын елге әкелу кезіндегі кедендік құны бойынша немесе, егер импортталған тауарлардың шығу тегі белгісіз болған жағдайда олардың түпкілікті өнім өндіру жүзеге айырылатын елдің аумағында алғашқы сатылуының құжат жүзінде р а с т а л ғ а н б а ғ а с ы б о й ы н ш а ;

2) түпкілікті өнімдер үшін - сатушының франко-зауыты (франко-қоймасы) шарттарындағы баға бойынша есептеледі.

5. Тауардың аталған елде жеткілікті мөлшерде қайта өңдеудің өлшеміне:

1) тауарларды сақтау немесе тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар ;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар ( партияларды бөлшектеу, жөнелтулерді қалыптастыру, сорттау, қайта орамдау);

3) бекіту материалдарының (винттердің, гайкілердің, болттардың және басқаларының) көмегімен не жапсырғышпен, пісірумен, дәнекерлеумен немесе желімдеу жолымен тауардың компоненттерін құрастыру ұғылатын қарапайым құ р а с т ы р у о п е р а ц и я л а р ы ;

4) егер түпкілікті өнімдердің сипаттамалары араластырылған тауарлардың сипаттамаларынан ерекшеленбейтін болса түрлі елдерде шығарылатын тауарларды ( к о м п о н е н т т е р д і ) а р а л а с т ы р у ;

5 ) м а л с о ю ;

б) жоғарыда көрсетілген операциялардың екі немесе одан көп санының комбинациясы жауап бермейтін болып есептеледі.

6. Егер тауарлардың жекелеген түрлеріне немесе Қазақстан Республикасы тарифтік преференциялар бермейтін қандай да бір елге қатысты Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген тауарлардың шыққан елін айқындаудың ерекшеліктері өзгеше ескертілмесе жалпы тәртіп қолданылады: егер тауарларды қайта өңдеу немесе дайындау жөніндегі операцияларды жүзуге асырудың нәтижесінде бастапқы кез келген төрт белгінің деңгейінде сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша жіктеу кодының өзгеруі болса тауар аталған мемлекеттен шыққан болып е с е п т е л е д і .

44-бап. Бөлшектелген және жиналмаған түрде жеткізілетін тауарлардың  
шыққан елін айқындау

1. Бірнеше партиялармен берілетін бөлшектенген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлардың шыққан елін айқындау кезінде, егер өндірістік немесе көліктік жағдайлар бойынша оларды бір партиямен тиеу мүмкін болмаса, сондай-ақ, егер тауарлардың партиясы қатенің негізінде бірнеше партияға бөлінсе біртұтас тауар ретінде қаралады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі мына жағдайлар сақталған кезде қ о л д а н ы л а д ы :

1) мұндай берулердің себептерін көрсете және тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша кодтарын көрсету арқылы әр партияның ерекшелігін, әр партияға кіретін тауарлардың құны мен шыққан елін ұсына отырып кеден органының бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар туралы алдын ала құлақтандыруы. Қателіктердің немесе мекен-жайына дұрыс жолданбаудың нәтижесінде тауарды бірнеше партияға бөлшектеген жағдайларда тауарды бөлшектеудің қателігін құжаттық растау қосымша ұсынылады;

2) тауарлардың барлық партияларын бір елден бір келісім-шарттың шеңберінде бір б е р у ш і н і ң б е р у і ;

3) тауарлардың барлық партияларын бір кеден органында декларациялау;

4) тауарлардың барлық партияларын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кеден органы жүктік кедендік декларацияны қабылдаған не тауарлардың алғашқы партиясына қатысты оны беруге арналған мерзімдер аяқталған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде әкелу. Тауарларды алушыға қатысты емес себептер бойынша тауарларды жеткізу мүмкін болмаған жағдайда декларанттың дәлелді өтініші бойынша тауардың қалған партияларын әкелудің мерзімін кеден органы ұзартуы мүмкін. Бұл ретте, көрсетілген ұзарту тауардың алғашқы партиясы әкелінген күннен б а с т а н б і р ж ы л д а н а с п а й д ы .

45-бап. Тауарлардың шыққан елін айқындау кезіндегі ерекшеліктер

1. Тауарлардың шыққан елін айқындау кезінде оларды өндіру немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылған энергиялар, машиналар, жабдықтар және аспаптар есептелмейді.

2. Машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен пайдалану үшін арналған құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер және аспаптар, егер құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер және аспаптар жоғарыда көрсетілген машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бір жиынтықта және техникалық сипаттағы ілеспе құжатта көрсетілген мөлшерде әкелінсе және сатылса сол машиналар, жабдықтар, аппараттар немесе көлік құралдары шыққан елден шыққан деп есептеледі.

3. Тауар Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін орам, ол Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауардан бөлек қаралатын

жағдайларды қоспағанда сол тауар шыққан елде шыққан болып есептеледі. Бұл жағдайларда орамдар шыққан ел тауар шыққан елден жеке айқындалады.

4. Тауардың шыққан елін айқындау мақсаты үшін, оның ішінде адвалорлық үлестердің тәртібін қолдану кезінде, егер тауар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін орам сол тауар шыққан елде шыққан болып есептелсе тауар бөлшек саудада сатылатын орам ғана есепке алынады.

#### 46-бап. Тауардың шыққан елін растау

Тауардың шыққан тегі туралы сертификат не тауардың шыққан тегі туралы декларация тауардың шыққан елін растау болып табылады.

#### 47-бап. Тауардың шығу тегі туралы сертификат

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификат - тауардың шыққан елін куәландыратын және аталған елдің немесе, әкетілген ел сертификат тауардың шыққан елінен алынған мәліметтердің негізінде берілетін болса әкетілген елдің уәкілетті органы берген құжат.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкету кезінде тауардың шығу тегі туралы сертификатты, егер көрсетілген сертификат келісім-шарттың талаптары бойынша, тауарды әкелген елдің ұлттық ережелері бойынша қажет болса немесе көрсетілген сертификаттың болуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса уәкілетті орган береді.

Тауардың шығу тегін растайтын құжат берген органдар оның көшірмесін және оның негізінде тауарлардың шығу тегі куәландырылған өзге де құжаттарды тауарлардың шығу тегін растайтын құжатты берген күннен бастап кемінде үш жыл сақтауға міндетті.

3. Егер, тауардың шығу тегі туралы сертификаттар шыққан елі туралы мәлімет Қазақстан Республикасында қолданылатындардан өзгеше өлшемдерге негізделген болса тауардың шыққан елі осы Кодекстің 43-бабында көзделген өлшемдерге сәйкес айқындалады.

#### 48-бап. Тауардың шығу тегі туралы декларация

1. Тауардың шығу тегі туралы декларация тауарды дайындаушы немесе сатушы өткізуші тауарға қатысты тауарға ілеспе құжатта жасалған тауардың шыққан елі туралы өтінішті білдіреді.

2. Егер, тауардың шығу тегі туралы декларацияда шыққан елі туралы мәлімет Қазақстан Республикасында қолданылатындардан өзгеше өлшемдерге негізделген болса, тауардың шыққан елі осы Кодекстің 43-бабында көрсетілген өлшемдерге сәйкес

а й қ ы н д а л а д ы .

#### 49-бап. Тауардың шығу тегінің сертификатын берудің шарты

1. Тауарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына әкелу кезінде тауардың шығу тегі туралы сертификат мынадай жағдайларда, егер:

- 1) аталған тауардың шыққан еліне Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тарифтік преференциялар берсе;
- 2) Қазақстан Республикасының кеден органында тауар оларды әкелу тарифтік емес реттеу шараларымен реттелетін елдерде шығарылған деп ұйғаруға негіздеме болса;
- 3) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарымен көзделген болса ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда тауардың шығу тегінің сертификаты Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарымен көзделген белгілі нысан бойынша ұсынылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1)-тармақшасының ережелеріне карамастан, егер:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар таңдап алынған кедендік режимнің шарттарына сәйкес кедендік баждар мен салықтар төлеуден босатылса ;
- 2) тауарлардың әкелінетін партиясының кедендік құны бір келісім-шарттың шеңберіндегі көп жолғы жеткізулерді, сондай-ақ сол бір тауарды бір жөнелтуші сол бір алушының атына түрлі келісім-шарттар бойынша қайталап жеткізулерді қоспағанда 900 айлық есепті көрсеткішке баламды сомадан аспайтын болса;
- 3) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар мен шарттар сақталады ;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттармен көзделген тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсыну талап етілмейді.

4. Тауардың шығу тегі сертификатының түпнұсқасы тауарды кедендік ресімдеу алдын ала, уақытша және толық емес декларациялау рәсімі бойынша жүргізілетін жағдайларды қоспағанда кеден декларациясымен және кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін қажетті басқа да құжаттармен бір уақытта ұсынылады. Сертификат жоғалған жағдайда оның сертификаттың түпнұсқасын берген орган ресми түрде растаған көшірмесі қабылданады.

5. Тауарлардың шығу тегін сертификатта көрсетілген мәліметтерді тауардың ілеспе құжаттарында қамтылған мәліметтермен салыстырғаннан кейін кеден органдары белгілейді. Тауардың іс-жүзінде берілген саны мен сертификатта көрсетілген санының арасындағы алшақтық үлкен де кіші де жағына бес проценттен аспауы тиіс. Өзге жағдайларда шығу тегі сертификаты қате ресімделген болып есептеледі.

6. Сертификаттың немесе онда қамтылған мәліметтердің түпнұсқалығына қатысты күмән пайда болған жағдайларда кеден органы сертификаттарды қарапайым іріктеп тексерумен байланысты өтінімді қоса алғанда қосымша не нақтылаушы мәліметтерді хабарлауды дәлелді өтінумен сертификатты, тауардың шыққан елін куәландырған уәкілетті органға хабарласа алады. Бұл ретте, оның шығу тегін растайтын құжаттар ұсынылғанға дейін тауар аталған елде шығарылған болып есептелмейді.

7. Кеден органдарының тауарлардың шығу тегі сертификаттарын қабылдауына жағдай кеден органдарында бланктердің үлгілерінің, мөрлердің таңбасының, тұлғалардың қолдарының, сондай-ақ тауарлардың шығу тегі сертификаттарын растауға және беруге уәкілетті ұйымдардың мекен-жайларының болуы болып табылады. Аталған мәліметтерді кеден органдарына оларды әкелінетін тауар шыққан елдің уәкілетті органдарының ресми түрде алынғаннан кейін орталық кеден органы береді.

8. Егер, тауардың шығу тегі сертификатын ұсыну талап етілмесе, онда тауардың шыққан елі тауардың шығу тегі туралы декларациямен расталады.

#### 50-бап. Тауардың шығу тегі себептері бойынша тауарды босатудан бастарту үшін негіздеме

1. Кеден органы, егер тауардың шыққан елі Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тауарлары Қазақстан Республикасына әкелуге жатпайтын ел болып танылған жағдайда тауарларды босатудан бастартады. Кеден органының аталған бастартуы декларантқа жазбаша нысанда ұсынылады.

2. Қате ресімделген тауардың шығу тегінің сертификатын немесе тауардың шығу тегі туралы декларацияны ұсыну осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда оларды босатудан бастарту үшін негіздеме болып табылмайды.

3. Егер, тауардың шыққан елі анық расталмаған жағдайларда мұндай тауарларға қатысты екі есе көбейтілген кеден баждарының ставкалары қолданылады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тауарларға қатысты кеден органының кеден декларациясы қабылдаған күннен бастап бір жыл аяқталғанға дейін аталған тауарлардың шыққан елін растауды алуы шартымен преференциялық режим қолданылады (қалпына келтіріледі).

#### 51-бап. Тауарлардың шыққан елін айқындауға қатысты қосымша ережелер

1. Қазақстан Республикасының тарифтік преференциялары "тікелей тиеу" тәртібінің сақталуы шартымен ұсынылады. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен белгіленген жағдайда қатысушы елдер үшін тарифтік преференциялар ұсынудың шарты ретінде "тікелей сатып алулар" тәртібін орындау

қ а ж е т .

2. "Тікелей тиеу" ретінде аталған тауарлар транзит елдерінде, оның ішінде бұл елдердің аумағында оларды уақытша қоймаға қойылуы немесе кедендік қоймада болуы кезінде кедендік бақылауда болуы шартымен экономикалық, географиялық, техникалық немесе көліктік себептердің салдарынан тауарлар бір немесе бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өткен жағдайларды қоспағанда тауарды өзге мемлекеттің аумағы арқылы тасымалдамастан тауарды ол шыққан елден Қазақстан Республикасына жеткізу ұғылады.

3. "Тікелей тиеу" тәртіптеріне мынадай шарттардың орындалуы:

1) тауарлар олар шыққан елдің аумағынан көрмелер немесе жәрмеңкелер өткізілетін елдің аумағына жеткізілуі және оларды өткізу кезінде кедендік бақылауда қалуы;

2) тауарлар оларды көрмеге немесе жәрмеңкеге жөнелткен сәттен бастап көрсетуден басқа қандай да болмасын өзге мақсаттарға пайдаланылмауы;

3) тауарлардың Қазақстан Республикасына табиғи тозудың немесе тасымалдаудың (алып жүрудің) және сақтаудың қалыпты жағдайларындағы кемуінің салдарынан тауарлардың жағдайының өзгеруі есептелместен олар көрмеге немесе жәрмеңкеге қойылған жағдайда жеткізілуі жағдайында көрмелерде немесе жәрмеңкелерде сатып алынған тауарлар да жатады.

4. "Тікелей сатып алу" тәртібіне қазақстандық тұлға мен Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартқа қатысушы елдің резидентінің арасындағы шарттың негізінде тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалдануы жатады.

## 9-ТАРАУ. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТАУАР НОМЕНКЛАТУРАСЫ

### 52-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

1. Өзіне сандық белгі немесе сандық белгілердің тобы (жіктеу кодтары) түрінде тауар топтарын, позицияларын, ішкі позицияларды, кіші ішкі позицияларды қамтитын тауарларды жіктеуші. Жіктеудің кез келген деңгейіндегі позицияларға ескертпелер, сондай-ақ Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын интерпретациялаудың негізгі ережелері Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы тарифтік және тарифтік емес реттеу, Қазақстан Республикасының кедендік есебін жүргізу үшін қолданылады.

3. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының негізін Тауарларды

сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірыңғай сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы қ ұ р а й д ы .

### 53-бап. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізудің негіздері

Қазақстан Республикасының орталық кеден органы Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізуді жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) халықаралық ұйымдарда халықаралық негіздерді әзірлеу, өзгерту, толықтыру, түсіндіру және қолдану бөлігінде Қазақстан тарапын білдіреді;

2) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының халықаралық негіздерінің өзгерулері мен толықтыруларын, бұл негіздерді халықаралық түсініктеулерді ұғындыруларды және түсіндіру жөніндегі шешімдерді қадағалауды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын оның халықаралық негізіне сәйкес келтіруі жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс е н г і з е д і ;

4) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын әзірлеу, өзгерту және толықтыру туралы ұсыныстар д а й ы н д а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының эталондық данасын әзірлейді және өзектілендірілген жағдайда ұстап тұрады;

6) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жариялауды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

7) жекелеген тауарларды жіктеу жөніндегі орындау үшін міндетті шешімдерді әзірлейді, бекітеді және жариялауды қамтамасыз етеді;

8) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізу үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### 54-бап. Тауарларды жіктеу

1. Тауарлар оларды декларациялау кезінде жіктеуге жатады, яғни тауарларға қатысты Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша жіктеу коды (жіктеу кодтары) айқындалады.

2. Тауарларды декларациялау кезінде декларант олардың жіктеу кодын

қате көрсеткен жағдайда кеден органы аталған тауарды өз бетінше жіктеуге құқылы.

3. Кеден органдарының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімі міндетті болып табылады.

4. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлар кодын және тауар ілеспе құжаттарында, сондай-ақ қорытындыларда, анықтамаларда, сараптама ұйымдары беретін сараптау актілерінде көрсетілетін мәліметтерді кеден органдары тауарларды жіктеу кезінде көмекші (ақпараттық) сипаттағы ретінде қарастырады.

5. Тұлғаның сұрау салуы бойынша кеден органы осы бөлімге сәйкес тауардың жіктемесі бойынша алдын ала шешім қабылдайды.

## 10-ТАРАУ. АЛДЫН-АЛА ШЕШІМ

### 55-бап. Алдын ала шешім қабылдау

1. Кеден бекеттері мен бақылау өткізу пункттерін қоспағанда кеден органдары тұлғаның (өтініш берушінің) өтініші бойынша нақты тауарға қатысты Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың жіктемесіне қатысты алдын ала шешім қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кеден органдары осы Кодекстің ережелеріне сәйкес тауардың шыққан елін және кедендік құнын айқындаудың методологиясын қолдану жөнінде алдын ала шешім қабылдауға құқылы. Көрсетілген мәселелер бойынша алдын ала шешім қабылдау туралы сұраумен өтінім жасаудың тәртібі мен нысаны осы тарауда белгіленген тәртіпті қолдана отырып орталық кеден о р г а н ы а й қ ы н д а й д ы .

3. Алдын ала шешімді қабылдау үшін осы Кодекстің 321-бабына сәйкес белгіленген кеден а л ы м ы ө н д і р і п а л ы н а д ы .

### 56-бап. Алдын-ала шешім қабылдау туралы өтініш

1. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының кеден органына жазбаша нысанда жазылған осы Кодекстің 55-бабында көрсетілген өтінішті жолдайды.

2. Өтініш тауар туралы алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтерді қамтуы тиіс. Өтініш берумен бір уақытта тауарлардың сипаттамасы, олардың фото суреттері, сызбалары, коммерциялық, техникалық не алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті өзге де құжаттар ұсынылады. Мүмкін болған жағдайда алдын ала шешім қабылданатын тауардың сынамалары мен үлгілері де ұсынылады.

3. Өтінішті кеден органы қарайды және алдын ала шешім, егер өзге де ақпараттар не сараптама жүргізу талап етілмесе өтінішті тіркеу күнінен бастап он жұмыс күнінің і ш і н д е б е р і л е д і .

4. Егер, өтініш беруші ұсынған мәліметтер алдын ала шешім қабылдау үшін



жеткіліксіз болса кеден органы тұлғаны оларды ұсыну үшін мерзім белгілеу арқылы дәлелдеме ұсынудың қажеттігі туралы құлақтандырады. Егер, дәлелдеме белгіленген мерзімде ұсынылмаса алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш қабыл алынбайды.

Дәлелдеме ұсынудың жалпы мерзімі өтініш берушіні жазбаша құлақтандырған сәттен бастап бір айдан аспауы тиіс.

5. Алдын ала шешім қабылдауы туралы өтініш қабыл алынбаған жағдайда

кеден органы жеті жұмыс күнінің ішінде өтініш берушіге жазбаша дәлелді бастарту ұсынуға міндетті.

Өтінішті қабыл алмау, өтініш берушінің өтінішті қабыл алмауы үшін негіз болған себептерді жоюы шартымен алдын ала шешім қабылдау туралы қайталап жүгінуіне кедергі болмайды.

6. Кеден органдарының алдын ала шешім қабылдауына не оны қабылдамауына осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

57-бап. Алдын-ала шешімнің қолданылу мерзімі

Кеден органдарының алдын ала шешімі ол қабылдаған сәттен бастап үш жыл бойы қолданылады.

58-бап. Алдын ала шешімді тоқтату немесе өзгерту

1. Қазақстан Республикасы орталық кеден органы өзі не кеден басқармасы және кеден қабылдаған алдын ала шешімді тоқтата немесе өзгерте алады.

2. Алдын ала шешімді тоқтату, егер мұндай шешім өтініш беруші ұсынған толық емес немесе дұрыс емес ақпараттың негізінде қабылданған болса, егер толық және дұрыс ақпарат ұсыну кезінде басқа алдын ала шешім қабылданған болса жүргізіледі.

Тоқтату алдын ала шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

3. Алдын ала шешімді өзгерту мынадай:

1) Дүниежүзілік кеден ұйымы Қазақстан Республикасында қолдану үшін міндетті ш е ш і м д е р қ а б ы л д а ғ а н ;

2) нәтижесінде алдын ала шешім бұл шарттардың нормаларына қайшы келетін Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар жасалған;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңдары алдын ала шешім қабылдау бөлігінде ө з г е р г е н ;

4) алдын ала шешім қабылдау кезінде жол берілген заң бұзушылықтар анықталған жағдайларда жү р г і з і л е д і .

4. Алдын ала шешімді өзгерту тұлғаларды өзгерту туралы қабылданған шешім туралы құлақтандырғаннан кейін ғана күшіне енеді.

Нәтижесінде алдын ала шешім қолданылып жүрген кеден заңдарына қайшы келетін Қазақстан Республикасының кеден заңдары өзгерген жағдайда Қазақстан Республикасы

кеден органдарының шешімі Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актісі қолдануға енгізілген сәттен бастап күшін жойған болып т а н ы л а д ы .

5. Алдын ала шешімді алушыға жоғарыда көрсетілген жағдайларда тоқтатудың немесе өзгертудің себептері көрсетілетін жазбаша құлақтандыру жалданады.

6. Алдын ала шешімді тоқтату немесе өзгерту кезінде алдын ала шешім қабылдау үшін алымдар мұндай тоқтату немесе өзгерту кеден органы жол берген қатеге байланысты болған жағдайларды қоспағанда қайтаруға жатпайды.

#### 59-бап. Алдын-ала шешімнің жариялылығы

Кеден органдары қабылдаған алдын ала шешім құпия болып табылатын ақпараттарды қоспағанда жариялануы және жазбаша сұрату бойынша кез-келген т ұ л ғ а ғ а ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .

#### 60-бап. Тауарды кедендік ресімдеу кезінде алдын-ала шешім ұсыну

1. Осы Кодекстің 55-бабында көрсетілген, кеден органдары қабылдаған алдын-ала шешім кеден органдары үшін міндетті болып табылады.

2. Алдын ала шешім кеден органына кеден декларациясымен бір уақытта ұ с ы н ы л а д ы .

3. Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мақсаттары үшін алдын ала шешімнің түпнұсқасы не осы Кодекстің 55-бабында көрсетілген, осындай шешімді берген кеден органы растаған көшірмесі пайдаланылады.

4. Партиялармен түрлі уақыттарда және (немесе) түрлі кеден органдарына жүзеге асырылатын сол бір тауарды жеткізу жағдайында тауарды жіктеу жөніндегі алдын ала шешімді тауардың алғашқы партиясын кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы қабылдайды, бұл ретте бірегей тауардың одан кейінгі партияларын ресімдеу үшін алдын ала шешімнің мұндай шешімді қабылдаған кеден органы растаған көшірмелерін пайдалануға жол беріледі.

### 5-БӨЛІМ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨТКІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АЛДЫН-АЛА ОПЕРАЦИЯЛАР МЕН КЕДЕНДІК О П Е Р А Ц И Я Л А Р

#### 10-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ

61-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының

## кедендік шекарасына өткізу кезінде алдын-ала операцияларды жүзеге асырудың тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына өткізу кезінде алдын ала операциялар мынадай тәртіппен жүзеге асырылады :

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту;
- 2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын өтуі туралы кеден органдарын құлақтандыру ;
- 3) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу ;
- 4) тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды баратын кеден органына жеткізу ;
- 5) тауарлар мен көлік құралдарын жеткізгендігі туралы баратын кеден органын құлақтандыру ;
- 6) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау.

2. Осы тараудың ережесі құбыр желісі көлігін пайдалану арқылы және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

### 62-бап. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту

1. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағына іс жүзінде өтуі тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту тауарды тасымалдаушы тұлғаның тауарлар мен көлік құралдарын өткізу пунктінде орналасқан кеден органына қысқа мерзімде тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын жеткізу міндетіне әкеп соғады .

### 63-бап. Өткізу пунктін айқындау

1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу пункті :

- 1) әуе көлігімен тасымалданатын тауарлар үшін - баратын әуежай немесе тауарларды тасымалдаушы әуе кемесі қонатын және тауарларды түсіруді жүргізетін Қазақстан Республикасының кеден аймағындағы алғашқы әуежай;
- 2) су көлігімен тасымалданатын тауарлар үшін - Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы алғашқы түсіру айлағы немесе қайта тиеу айлағы;
- 3) көліктің басқа түрлерімен тасымалданатын тауарлар үшін - Қазақстан

Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункті;

4) құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарлар үшін орталық кеден органымен келісілген коммерциялық есептеу аспаптары орнатылған жер болып табылады.

#### 64-бап. Кеден органдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуі туралы құлақтандыру

1. Тасымалдаушы не тауарларды өткізуші тұлға өткізу пунктіне орналасқан кеден органын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту туралы құлақтандыруға міндетті.

2. Кеден органдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткендігі туралы құлақтандыру - бұл Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден органын шекарадан өту фактісі туралы хабардар ету.

3. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуі кезінде кеден органын құлақтандыру тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған тауарға ілеспе құжаттарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде орналасқан кеден органына көрсету жолымен жүргізіледі.

4. Кеден органының лауазымды тұлғаның осы баптың 3-тармағымен көзделген құжаттарды қабылдаудан бастартуға құқығы жоқ.

#### 65-бап. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын-ала кедендік ресімдеу

1. Негізгі кедендік ресімдеуге бастайтын және тыйым салынған тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына өтуіне жол бермеу үшін арналған кедендік бақылаудың белгіленген нысандарындағы іс-әрекет Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде алдын ала кедендік ресімдеу кезінде:

1) орналасуы кеден органдарымен келісілген, тиеу-түсіру операцияларын жүргізу үшін арнайы бөлінген және жабдықталған орындарда тауарлармен және көлік құралдарымен тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыруға жол беріледі;

2) тауарлармен және көлік құралдарымен тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асырушы тұлғаның сұрауы бойынша тауарлар тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мерзім ішінде уақытша сақтау орынына қойылмастан мұндай операциялар жүргізу орындарында бола алады. Бұл ретте, тауарларды сақтаудың

жалпы мерзімі осы Кодекспен белгіленген тауарларды уақытша сақтауға арналған мерзімнен аспайды. Тауарлар жоғалтқан не оларды кеден органдарының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берген жағдайда осы Кодекске сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу үшін тауарлардың сақталуы үшін жауаптылықта болатын және тауарлар мен жүк операцияларын жүзеге асыратын тұлға жауаптылықта болады.

3. Тауарларды негізгі кедендік ресімдеу кедендік ресімдеу үшін қажетті жағдайлардың болуы кезінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде не осы Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасының басқа кеден органында жүргізіледі.

66-бап. Тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды баратын кеден органына жеткізу

1. Тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды баратын кеден органына жеткізу осы Кодекстің 13-тарауында айқындалған ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушы тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды тасымалдаудың және сақтаудың қалыпты жағдайы кезінде табиғи тозуының немесе кемуінің салдарынан өзгеруін қоспағанда өзгермеген жағдайда кеден органы белгілеген орынға және мерзімдерде жеткізуге міндетті.

67-бап. Тауарлардың баратын кеден органына жеткізілгендігі туралы құлақтандыру

Тауарлар мен көлік құралдарын баратын кеден органына жеткізген кезде тасымалдаушы немесе тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға:

- 1) жеткізілуді бақылау құжаттарын;
- 2) көліктік және коммерциялық құжаттарды;
- 3) әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын ұсыну жолымен тауарлардың әкелінгендігі туралы құлақтандыру жүргізеді.

68-бап. Апат немесе жеңуге болмайтын күштің әрекеті кезінде қабылданатын шаралар

1. Апаттар немесе жеңуге болмайтын күштердің әрекеті жағдайларында, сондай-ақ егер су не әуе кемесі Қазақстан Республикасының аумағында мәжбүрлі аялдаса немесе қонса, тасымалдаушы тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға және таяудағы кеден органына осы жағдаяттар және тауарлардың орналасқан жері туралы жедел хабарлауға міндетті.

2. Уақиға туралы құлақтандыру алған кеден органы уақиғаның сипатына,

тауардың сапасын жоғалту дәрежесіне және көлік құралдарының техникалық жағдайына қарай кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды белгілейді.

3. Тасымалдаушыларда осы баптың талаптарын сақтауға байланысты пайда болған шығыстарды кеден органдары өтемейді.

## 12-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ТАСЫМАЛДАУШЫ

### 69-бап. Кедендік тасымалдаушы

Кедендік тасымалдаушы меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздемелерде көлік құралдарына ие, ақысына немесе жалданып тауарларды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін, белгіленген тәртіппен көлік саласындағы уәкілетті орган берген тиісті лицензиясы немесе рұқсаты бар және кедендік тасымалдаушы ретінде қызметін жүзеге асыруға орталық кеден органының лицензиясын алған таныған қазақстандық тұлға бола алады.

### 70-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметі

1. Кедендік тасымалдаушының қызметі осы Кодекспен көзделген нормаларды сақтау арқылы кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдауға саяды.

2. Кедендік тасымалдаушының тауарларды өткізуші тұлғамен қарым-қатынасы шартпен реттеледі.

### 71-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметіне біліктілік талаптары

Кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыру үшін қазақстандық тұлға мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1) белгіленген тәртіппен көлік саласындағы уәкілетті орган берген тауарларды тасымалдауға арналған лицензиялардың не тиісті шешімнің болуы;

2) осы Кодекстің 45-тарауымен көзделген тәртіппен белгіленген айлық

есептік көрсеткіштің 10000 еселенген мөлшеріндегі сомаға кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету;

3) осы Кодекстің 89-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес 24 сағаттың ішінде кем дегенде бір көлік құралының келуін қамтамасыз ететін жабдықталған көлік құралдарының болуы;

4) кеден бақылауында тұрған тасымалданатын тауарларды есепке алуды жүргізу және олар бойынша есептілікті қамтамасыз ету шарттарының бар болуы.

72-бап. Кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензияны беру тәртібі

1. Лицензия алу үшін:

- 1) белгіленген нысан бойынша лицензия алуға тұлғаның өтініші;
- 2) тіркеу құжаттарының нотариалдық расталған көшірмелері;
- 3) лицензияны бергені үшін алым төлеуді растайтын құжаттар;
- 4) осы Кодекстің 71-бабымен белгіленген біліктілік талаптарына

сәйкестікті растайтын құжаттар.

2. Өтінішті орталық кеден органы оны тіркеу күнінен бастап отыз жұмыс күнінің ішінде қарайды.

3. Көлік саласындағы уәкілетті орган он күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде орталық кеден органын көлік саласындағы уәкілетті орган берген тауарларды тасымалдауға тиісті рұқсатты немесе лицензияның қызметін тоқтата тұру не кері қайтару, тоқтату туралы хабарлайды.

4. Орталық кеден органы кедендік тасымалдаушылардың тізілімін жүргізеді және оны баспа басылымдарында жариялауды жүзеге асырады.

73-бап. Кедендік тасымалдаушының міндеттері

1. Кедендік тасымалдаушы:

- 1) осы Кодексте белгіленген шарттар мен талаптарды сақтауға;

2) кедендік бақылаудағы тасымалданатын жүктердің есебін жүргізуге және кеден органдарына мұндай тауарларды тасымалдау туралы есеп ұсынуға;

3) кедендік бақылаудағы тауарлар мен бір уақытта өзге де тауарларды т а с ы м а л д а м а у ғ а ;

4) тауарлар мен оларға арналған құжаттарды баратын кеден органына ұсынуға;

5) тауарларды кедендік бақылау аймағына орналастыруға;

6) көлік құралдарын тиісті техникалық жағдайда ұстауға және кеден бақылауындағы тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын жабдықтауға олардың талаптарының сәйкестігін қамтамасыз етуге;

7) кеден органы белгілеген тауарлармен оларға арналған құжаттарды жөнелту жеткізу мерзімдерімен қозғалыс бағытын сақтауға;

8) тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу мен кемудің салдарынан өзгерістерді қоспағанда өзгертусіз, қандай да болмасын өзге мақсаттарға пайдаланусыз жеткізуге;

9) тауарларды жеткізгеннен кейін оларды баратын кеден органының рұқсатынсыз қараусыз қалдырмауға, тауарлардың бастапқы орналасқан жерін өзгертпеуге, орамды ашпауға, тауарларды орамауға және қайта орамауға, сондай-ақ кедендік бірегейлендіру құралдарын өзгертпеуге, алып тастамауға және жоймауға;

10) тауарларды жоғалтқан не оларды кеден органдарының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берген жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге;

11) кедендік тасымалдаушы қызметін тоқтатқан жағдайда лицензияны он бес жұмыс күнінің ішінде орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

74-бап. Қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

1. Лицензияның қолданылуын:

1) тұлғаның кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті уақытша тоқтату туралы өтінішінің негізінде;

2) тасымалдаушы осы Кодекстің 73-бабында көзделген өзінің міндеттерін орындамаған жағдайларда кедендік тасымалдаушы тіркелген кеден органы қорытындысының негізінде;

3) көлік саласындағы уәкілетті орган берген тауарларды тасымалдауға тиісті рұқсаттың немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезінде орталық кеден органы алты айға дейін мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде тұлғаның кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Лицензияны тоқтата тұру кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті тоқтата тұру туралы бұйрық қабылданған күннен бастап қолданылады.

3. Лицензияның қолданылуы ол бойынша тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін орталық кеден органының тиісті бұйрығымен жаңартылады.

75-бап. Кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензияны кері қайтарып алу

Орталық кеден органы лицензияны мынадай жағдайларда кері қайтарып алады:

1) көлік сапасындағы уәкілетті орган берген тауарларды тасымалдауға тиісті рұқсатты немесе лицензияны кері қайтарып алынғанда;

2) лицензия кедендік тасымалдаушы ұсынған дұрыс емес мәліметтердің негізінде берілгенде;

3) осы тарауда белгіленген шарттар сақталмағанда;

4) осы Кодекстің 74 бабымен белгіленген мерзімнің ішінде ол бойынша лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептер жойылмағанда.

2. Кері қайтарып алу туралы шешім осындай шешімді негіздеумен орталық кеден органының бұйрығымен ресімделеді.

76-бап. Кедендік тасымалдауды тасымалдаған кедендік бақылаудағы тауарлардың есебі



Кедендік тасымалдаушы кедендік бақылаудағы тасымалданған тауарлардың есебін жүргізеді және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен олар бойынша есеп береді.

#### 77-бап. Кедендік тасымалдаушының жауаптылығы

1. Кедендік тасымалдаушы тауарларды уақытша әкелу орындарындағы уақытша сақтау қоймасының иесіне іс жүзінде бергенге не тауарларды баратын кеден органының рұқсатымен бұл тауарларға қатысты өкілеттікке ие тұлғаға іс жүзінде бергенге дейін кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қоса алғанда кеден органдарының алдында жауаптылықта болады.

2. Тауарларды кеден органының рұқсатынсыз берген, жоғалтқан немесе оларды баратын кеден органына жеткізбеген жағдайда тасымалдаушы осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

#### 78-бап. Кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтатуы

1. Лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) көлік саласындағы уәкілетті орган берген тауарларды тасымалдауға

тиісті рұқсатты немесе лицензияны кері қайтарып алынған;

2) кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруға лицензия кері қайтарылып алынған;

3) жазбаша нысанда тиісті өтініш беру арқылы кедендік тасымалдаушының тілегі бойынша;

4) заңды тұлға болып табылатын кедендік тасымалдаушы қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда.

2. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда тұлға бір айдың ішінде кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарлардың есебін жүргізетін кеден органына өзі кедендік тасымалдаушы ретінде орындаған тасымалдаулар туралы есеп беруге міндетті.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтатуға кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті тоқтатудың себептері көрсетіле отырып орталық кеден органының бұйрығымен ресімделеді.

### 13-ТАРАУ. ІШКІ КЕДЕНДІК ТРАНЗИТ

79-бап. Осы тарауда қолданылатын ұғымдар

Осы тарауда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) ішкі кедендік транзиттің рәсімі - осы Кодекспен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленген тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен жөнелтуші кеден органынан баратын кеден органына дейін т а с ы м а л д а у д ы ң т ә р т і б і ;

2) аралық кеден органы - тауарларды ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша қозғалатын тауарларды ішінара түсіру жүргізілетін кеден органы.

## 80 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Осы тараудың ережелері уақытша сақтау, еркін және кеден қоймалары арнайы экономикалық аумақтар орындарының арасындағы қозғалысты қоса алғанда кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің кеден аумағы бойынша қозғалысының барлық жағдайларында қ о л д а н ы л а д ы .

Осы тараудың ережесі құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша қозғалатын тауарларға, сондай-ақ, егер әуе кемесі қалыпты халықаралық рейсті жасау кезінде тауарлар келетін жерде тауарларды ішінара түсірусіз аралық немесе мәжбүрлі (техникалық) қонса әуе көлігімен тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

## 81 - б а п . І ш к і к е д е н д і к т р а н з и т

1. Ішкі кедендік транзит - кедендік бақылаудағы тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша, сондай-ақ осы тараумен бекітілген шарттарды сақтау жағдайында шет мемлекеттің аумағы арқылы тасымалданатын к е д е н д і к р ә с і м .

2. Тауарлар ішкі кедендік транзит кезінде жөнелтуші кеден органының баратын кеден органына дейін тасымалдаушының және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлғаның жауаптылығымен тасымалданады.

3. Тауарларды бірегейлендіру құралдарын, тасымалдаушылар мен жөнелтушілердің пломбаларын пайдалану арқылы ішкі транзит рәсімі бойынша теміржол көлігімен т а с ы м а л д а у ғ а ж о л б е р і л е д і .

4. Транзиттік тауарлардың ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қозғалысы осы Кодекстің 82-бабының 2-тармағында көрсетілген шаралардың біреуінің сақталуы жағдайында жүзеге а с ы р ы л а д ы .

82-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит рәсіміне

1. Тауарлар мен көлік құралдарына ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес қозғалуға  
м ы н а ж а ғ д а й л а р с а қ т а л ғ а н :

1) тауарларға Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуге немесе  
Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетуге тыйым салынбаған;  
2) осы Кодекстің 84-бабына сәйкес жеткізуді бақылау құжаты ресімделген;  
3) осы баптың 2-тармағына сәйкес тауарларды жеткізуді қамтамасыз ету  
шараларының бірі сақталған кезде рұқсат етіледі.

2. Ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын  
жеткізуді қамтамасыз ету шараларына:

1) көлік құралдарының кедендік мөрлермен және пломбалармен тауарларды  
т а с ы м а л д а у ү ш і н ж і б е р і л у і ;

2) кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді кез келген кеден органында -  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) тауарларды кедендік тасымалдаушының тасымалдауы;

4) тауарларды кедендік алып жүру жатады.

Тасымалдаушы және (немесе) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға осы  
Кодекстің 519-бабымен көзделген жағдайларды қоспағанда осы баптың 2-тармағында  
көзделген аталған шаралардың кез келгенін таңдауға құқылы.

3. Тауарларды ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес теміржол көлігімен  
тасымалдау кезінде, осы баптың 2-тармағының 1), 4) тармақшалары қолданылмайды.

4. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді  
қамтамасыз ету шаралары осы Кодекстің 518-бабында көзделген неғұрлым көп  
кедендік қолайлы жағдай жасау режиміне қатысты, сондай-ақ тауарларды Қазақстан  
Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес және әуе көлігімен тасымалдау  
к е з і н д е қ о л д а н ы л м а й д ы .

5. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалданатын тауарлардың  
тізбесін кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз етумен Қазақстан  
Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Көлік құралдарына тауарларды кедендік пломбалармен және мөрлермен  
тасымалдау үшін рұқсат ету туралы шешімді меншік иесінің немесе көлік құралының  
иесі өтінішінің негізінде кеден органы қабылдайды. Рұқсат ету нысаны мен  
толтырудың тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен  
келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын көлік құралына кедендік  
мөрлермен және пломбалармен тасымалдауға рұқсат ету туралы куәлікпен  
к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

83-бап. Ішкі кедендік транзитті қолдану үшін ұсынылатын құжаттар

1. Тасымалдаушы жеткізуді бақылау құжатын ресімдеуді жүргізу үшін жөнелтуші кеден органына тауарға ілеспе құжаттарды ұсынады.

2. Ұсынылған құжаттарды әкелуді бақылау құжатының тіркеу нөмірін көрсете отырып, жөнелтуші кеден органының лауазымды адамы растайды.

#### 84-бап. Тауарларды жеткізуді бақылау құжаты

1. Тауарларды жеткізу құжаты - кеден органдарының тауарлардың баратын кеден органына дейін жеткізілуін бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлар туралы мәліметті қамтитын құжат.

2. Жеткізулерді бақылау құжаты бір немесе бірнеше тауарға ілеспе құжаттармен тасымалданатын тауарлардың әрбір партиясына ресімделеді. Тауарлардың шоғырландырылған (бірнеше жүк алушылар мен жөнелтушілердің болуы) тасымалдау кезінде жеткізуді бақылау құжаты әрбір жүк алушы мен жөнелтушіге жеке ресімделеді.

3. Жеткізуді бақылау құжатын декларант, ал декларант болмаған кезде кеден органының лауазымды адамы толтырады.

4. Жеткізулерді бақылау құжаты нысанын және оны толтырудың тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін қатаң есептілік құжаты болып табылады.

5. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарымен көзделген жағдайларда жеткізулерді бақылау құжаты ретінде осындай шарттармен айқындалған құжаттар пайдаланылады.

#### 85-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік төлемдер мен салықтарды төлегендігін растайтын құжатты пайдалану арқылы жеткізу

1. Ішкі кедендік транзит кезінде кедендік бақылаудағы тауарлар кедендік төлемдер мен салықтарды төлегендігін растайтын құжатты пайдалану арқылы ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағы бойынша тасымалдана алады.

2. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз еткендігін растайтын құжатты кеден органының толтыруы және ұсынудың нысанын, тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

#### 86-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит кезінде

1. Кедендік алып жүру - кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды жөнелтуші кеден органынан баратын кеден органына дейін, сондай-ақ бір кеден органының қызмет аймағында алып жүруі.

2. Кедендік алып жүруді осы Кодекстің 82-бабының 2-тармағының

1)-3) тармақшаларымен көзделген шараларды сақтамау жағдайында кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден аумағы бойынша өткізілетін тауарларды, көлік құралдарын және оларға арналған құжаттарды жеткізуді қамтамасыз етудің ерекше шарасы ретінде қолданылады.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кедендік алып жүрудің тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

87-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын ішкі кедендік транзит кезінде баратын кеден органдарына дейін жеткізудің мерзімдері

Ішкі кедендік транзиттің мерзімін көлік құралының, белгіленген бағыттың мүмкіндіктерін ескере отырып жеткізудің кәдімгі мерзімдеріне және тасымалдаудың басқа да шарттарына сәйкес, бірақ бір айға екі мың километр есебімен айқындалатын шекті мерзімнен аспайтын мерзімге жөнелтуші кеден органы белгілейді.

88-бап. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын бірегейлендіруді қамтамасыз ету

1. Жөнелтуші кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын бірегейлендіруді қамтамасыз етеді, ал баратын кеден органы ішкі кедендік транзитке сәйкес олардың тасымалдауы кезінде тауарлар мен көлік құралдарын бірегейлендіру құралдарының сақталуын тексереді. Аралық кеден органдары тауарға ілеспе құжаттарға қойылған жаңа бірегейлендіру құралдары туралы

белгілер қояды.

2. Кеден органдары бірегейлендіру құралдары ретінде осы Кодекстің 89-бабына сәйкес көлік құралына қойылған кедендік пломбалар мен (немесе) мөрлерді пайдаланады.

3. Кеден органдары осы Кодекстің 89-бабына сәйкес олар жеткіліксіз немесе сенімсіз деп қарастырылған жағдайларды қоспағанда шетелдер кеден

органдарының кедендік пломбалары мен басқа да бірегейлендіру құралдарын таниды.

89-бап. Тауарларды кедендік пломбалармен және (немесе) мөрлермен тасымалдау кезінде көлік құралдарын жабдықтау

1. Тауарларды кедендік пломбалармен және (немесе) мөрлермен тасымалдау үшін көлік құралдары мынадай талаптар:

1) кедендік пломбаларды және (немесе) мөрлерді қоюдың мүмкіндігі;  
2) тауарды көлік құралының пломбаланған бөлігінен кедендік пломбаларды және (немесе) мөрлерді бүлдірместен алудың немесе қоюдың мүмкіндігінің болмауы;

3) тауарларды жасыруға арналған жасырын орындардың болмауы;

4) тауарларды кедендік тексеру үшін еркін кіруді қамтамасыз ету сақтала отырып конструкцияланған және жабдықталған болуы тиіс.

2. Кедендік пломбаларды және (немесе) мөрлерді пайдалану мүмкін болмайтын жағдайларда тауарларды бірегейлендіру осы Кодекстің 525-бабына сәйкес жүргізіледі.

90-бап. Ішкі кедендік транзит кезінде тауарлармен операциялар

1. Ішкі кедендік транзитке сәйкес тасымалданатын тауарлар мен жүк операцияларын жүргізуге қызмет аймағында оны жүзеге асырудың қажеттілігі пайда болған кеден органының бақылауымен рұқсат етіледі.

2. Егер, тауарларды бір көлік құралынан екіншісіне қойылған кедендік пломбаларды және (немесе) мөрлерді бұзбастан қайта тиеу мүмкін болса мұндай қайта тиеуге аталған операциялар қызмет аймағында жүргізілетін кеден органын алдын ала құлақтандыру арқылы жол беріледі.

3. Тұлғалардың өтініші бойынша кеден органы тауарлармен жұмыс уақытынан тыс уақытында кеден бақылауындағы жүк операцияларын жүргізуге рұқсат етеді.

91-бап. Тасымалдаушының ішкі кедендік транзит кезіндегі міндеттері

Тауарларды ішкі кедендік транзиттің рәсіміне сәйкес тасымалдау кезінде т а с ы м а л д а у ш ы :

1) тауарлар мен оларға арналған құжаттарды жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзімдерде жеткізуді бақылау құжаттарында көрсетілген баратын кеден органына ж е т к і з у г е ;

2) тауарлардың, сондай-ақ кедендік пломбалардың және (немесе) мөрлердің не, егер олар пайдаланылған өзге де бірегейлендіру құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге

;

3) осы Кодекстің 89-бабында көзделген жағдайларда тауарларды басқа көлік құралдарына қайта тиеуді қоспағанда кеден органдарының рұқсатынсыз тауарлар мен жүк операцияларына жол бермеуге міндетті.

92-бап. Тасымалдаушының ішкі кедендік транзит кезіндегі жауапкершілігі

1. Тауарлар, көлік құралдары және оларға арналған құжаттар баратын кеден органына жеткізілмеген жағдайда тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заң актеріне сәйкес жауаптылықта болады.

2. Тасымалдаушы кедендік төлемдер мен салықтардың төленуі үшін, сондай-ақ осы Кодекстің 93-бабында көзделген жағдайларда тауарларды түсіру, қайта тиеу, орамдарын ашу немесе қайта орамдау, тауарларды бірегейлендіру құралдарының алып тасталынғаны, жойылғаны немесе зақымдалғаны үшін жауаптылықта болмайды. Бұл ретте, тасымалдаушы мұндай операцияларды жасау жолаушылар мен көлік құралы экипажының өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төнуіне, тауарлар мен көлік құралдарының жойылуына, жоғалуына, қалпына келтірілмейтін зияндарға немесе айтарлықтай бүлінуіне байланысты Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік

органы берген растаушы құжаттарды ұсынады.

3. Тауарларды теміржол көлігімен тасымалдау кезінде ішкі кезеңдік транзитке сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу үшін тауарларды жоғалтқан не оларды кеден органының рұқсатынсыз берген тасымалдаушы жауаптылықта болады.

93-бап. Апаттар және (немесе) жеңуге болмайтын күштердің әрекеті кезінде ішкі кедендік транзит кезінде тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауға кедергі келтіретін қолданылатын шаралар

1. Апаттар және (немесе) жеңуге болмайтын күштердің әрекеті кезінде тасымалдаушы:

1) тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

2) одан кейін қызмет аймағында авария, жеңуге болмайтын күштердің әрекеті немесе тауарлар мен көлік құралдарын одан әрі тасымалдауға кедергі келтіретін өзге де жағдайлар болған таяудағы кеден органын құлақтандыру арқылы аталған уақиға туралы уәкілетті мемлекеттік органына дереу қабылдауға міндетті. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес құлақтандыру алған кеден органы жөнелтуші

және баратын кеден органдарын дереу құлақтандыруға, сондай-ақ ішкі кедендік транзиттің рәсімдерін сақтай отырып тауарларды одан әрі тасымалдаудың мүмкіндіктері туралы шешім қабылдауға міндетті.

2. Осы бапта көзделген шараларға байланысты тасымалдаушы шеккен шығыстарды кеден органдары өтемейді.

#### 94-бап. Ішкі кедендік транзит рәсімінің аяқталуы

1. Ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдары баратын кеден органы тауарларды әкелу аяқталғандығын ресімдеген сәттен бастап жеткізілген болып есептелінеді.

2. Ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларды жеткізудің аяқталуын ресімдеуді жүргізу үшін тасымалдаушы баратын кеден органына тауарлар мен көлік құралдарын, тауарға ілеспе құжаттарды және жеткізуді бақылау құжатын ұсынады.

3. Тауарларды теміржол көлігімен тасымалдау кезінде тасымалдаушының құжаттарды баратын кеден органына ұсыну мерзімі баратын кеден органының қызмет аймағына келген сәттен бастап бір тәуліктен аспауы тиіс.

4. Баратын кеден органы тасымалдаушы құжаттарды баратын кеден органына ұсынған сәттен бастап үш сағаттың ішінде көлік құралының келуін тіркейді және тасымалдаушыға нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін көлік құралының келгендігі туралы жазбаша растау береді.

5. Тауарлар мен көлік құралдары ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларды жеткізудің аяқталуын ресімдегенге дейін баратын кеден органының қызмет аймағындағы жеткізу орынына орналастырылуы тиіс.

6. Баратын кеден органы, егер құжаттарды тексеру кезінде кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар анықталмаған болса, мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде, бірақ көлік құралының келуін тіркеу сәтінен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей тауарлар мен көлік құралдарының ішкі кедендік транзитінің аяқталғандығын ресімдейді.

14-ТАРАУ. УАҚЫТША САҚТАУ

95-бап. Уақытша сақтау

Әкелінген тауарлар белгілі бір кедендік режимге сәйкес баратын кеден органына ұсынылған сәттен бастап олар босатылғанға не осы Кодекспен белгіленген тәртіппен мемлекеттің меншігіне қаратылғанға дейін кедендік бақылаумен сақталатын кедендік



96-бап. Уақытша сақтау орыны

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларда, ашық алаңдарда, көлік құралдарында, сондай-ақ уақытша сақтау қоймаларында, кеден қоймаларында, еркін қоймаларда, алушының қоймаларында жүзеге асырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындары:

1) көлік құралдары - тауарларды тасымалдау және уақытша сақтау үшін пайдаланылатын көлік құралдары болып табылады.

Көлік құралдары уақытша сақтау орны ретінде пайдалануға консолидирлендірілген жүктерді және осы Кодекстің 102-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда екі тәулікке дейін рұқсат етіледі;

2) ашық алаңдар - тауар иелерінің: әуежайлардың, теңіз және өзен айлақтарының, теміржол станцияларының, өнеркәсіптік кәсіпорындардың бұл тұлғалардың тауарларын уақытша сақтау үшін арналған күзетілетін аумақтарында;

бұл тұлғалардың өз тауарларын уақытша сақтау үшін арнайы бөлінген және күзетілетін аумақтарында орналасқан алаңдар.

Көлік құралдарындағы тауарларды ашық алаңда сақтауға жол беріледі;

3) арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар - өз тауарларын уақытша сақтау үшін арналған тауарлар иесінің үй-жайы немесе үй-жайдың арнайы бөлінген және жайластырылған бөлігі;

4) уақытша сақтау қоймалары - тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау үшін арнайы арналған, орталық кеден органы беретін лицензияның негізінде қызмет жасайтын қоймалар;

5) кеден қоймалары мен еркін қоймалар - бір бөлігі уақытша сақтау үшін пайдаланылатын кеден қоймасының және еркін қойманың кедендік режиміне сәйкес оларда тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру үшін арнайы арналған, орталық кеден органы беретін кеден қоймасын немесе еркін қойманы ашуға арналған лицензияның негізінде жұмыс істейтін қоймалар;

6) осы Кодекстің 103-бабында көзделген тәртіппен тауарларды алушылардың қоймалары.

3. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жай немесе ашық алаң тиісті орынның біртұтас және бөлінбеген кешені болып табылуы және бір мекен-жай бойынша орналасуы шартымен уақытша сақтау орыны болып танылады.

Осы Кодекстің 104-бабына сәйкес кеден органы беретін уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешім арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар мен ашық

алаңдарды уақытша сақтау орыны ретінде тануды растау болып табылады.

#### 97-бап. Уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар

1. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жай осы Кодекстің 112-бабының 24), 3), 4), 7), 8)-тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда уақытша сақтау қоймасын құруға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

2. Уақытша сақтау орыны ретінде кедендік үй-жайдың немесе еркін қойманың бөліктерін пайдаланған жағдайда ол үй-жайдың қалған бөліктерінен темір бетоннан, бетоннан, кірпіштен, металл конструкциясынан не аталған материалдардың қоспасынан үзіліссіз қоршаумен алшақталған болуы тиіс.

#### 3. Ашық алаңның аумағы:

1) бүкіл өн бойы бойынша белгіленген және қоршалған. Ашық алаңдардың аумағын қоршау темір бетоннан, бетоннан, кірпіштен, металл конструкциясынан не аталған материалдардың қоспасынан жасалған және биіктігі кемінде 2,2 метр үзіліссіз конструкцияны білдіруі тиіс;

2) кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген;

3) осы Кодекстің 112-бабының 1), 3), 6), 8)-тармақшаларында белгіленген санитарлық нормаларға және талаптарға жауап беретін болуы тиіс.

Әуежайлардың, теңіз және өзен айлақтарының, теміржол станцияларының аумағындағы ашық алаңдарға арналған кедендік бақылау айлақтарын білдіру мүдделі тұлғалармен (әуежайлардың, теңіз, өзен айлақтарының, теміржол станцияларының әкімшілігімен) келісім бойынша жүзеге асырылады.

#### 4. Көлік құралдары:

тауарларды халықаралық жол тасымалы рәсімдерін пайдалану арқылы тасымалдаған және жеткізген жағдайда;

көлік құралдарын кедендік мөрлермен және (немесе) пломбалармен тауарларды тасымалдау үшін рұқсат етілген көлік құралдарының жабдықталуына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келуі жағдайында уақытша сақтау орыны ретінде пайдаланылады.

Тауарлармен қандай да болмасын жүк операцияларын (түсіру, тауарлардың салмағын, санын анықтау, сараптама жүргізу мақсатында сынамалар мен үлгілерін алу) жүргізу қажет болған жағдайда олар бірегейлендіру құралдарын пайдалану арқылы кеден органы лауазымды адамының қатысуымен кедендік бақылаудың уақытша аймағында не тауарларды уақытша сақтау орынына орналастыру үшін белгіленген тәртіпке сәйкес тауарларды өзге уақытша сақтау орынына орналастыру - шартымен жүргізіледі.

Көлік құралындағы тауарлардың сақталуы, сәйкестендіру құралдарының тұтастығы

үшін тауарларды алушы жауаптылықта болады.

5. Уақытша сақтау орыны оларды уақытша сақтау орыны ретінде пайдаланудың бүкіл мерзімі бойы белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6. Уақытша сақтауға қойылған тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында уақытша сақтау қоймасының иесі кеден органдарының лауазымды тұлғаларына кеден органы айқындайтын нормалардың шегінде қызметтік және тұрмыстық үй-жайларды, жабдықтар мен байланыс құралдарын ұсынуды тиіс.

7. Кедендік терминалдарды ұйымдастырған жағдайда уақытша сақтау орындары кедендік ресімдеу залымен, кеден органдарының бірыңғай автоматтандырылған жүйесіне кіруді қамтамасыз ететін қажетті ұйымдастыру техникасымен және байланыс құралдарымен жабдықталған болуы тиіс.

98-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарына қою үшін қажетті құжаттар

1. Қысқаша декларация тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтау орындарына қойылғандығын растайтын құжат болып табылады.

2. Қысқаша декларацияны баратын кеден органы тауарларды жеткізетін жерге тауарларды әкелгендігі туралы құлақтандырумен бір уақытта тасымалдаушы не тауарларға қатысты өкілеттікке ие тұлға береді.

3. Қысқаша декларация тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген және тауарларды бірегейлендіру үшін қажетті мәліметтерді, сондай-ақ мәлімделетін әкелген тауарларды уақытша сақтау орыны туралы мәліметті қамтуы тиіс.

4. Қысқаша декларацияның нысаны мен оны толтырудың тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

99-бап. Уақытша сақтаудың мерзімі

1. Тауарларды уақытша сақтау орындарында уақытша сақтаудың мерзімі екі айдан аспайды.

2. Кеден ісі саласындағы қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша заттай айғақ болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау мерзімі алты айдан асуы мүмкін емес.

3. Осы бапта көзделген уақытша сақтау мерзімдері аяқталғаннан кейін тауарлар мен көлік құралдарына билік ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

## 100-бап. Уақытша сақтаудағы тауарлармен операциялар

1. Уақытша сақтау қоймасының, өзге де уақытша сақтау орынының иесі тауарларды алушы, кедендік брокер, тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие өзге де тұлғалар және олардың өкілдері уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды тексере және өлшей және кеден органының рұқсатымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін ала алады.

2. Уақытша сақтаудағы тауарлар кеден органының рұқсатымен бүлінген орамдарын жөндеуді қоса алғанда олардың өзгеріссіз жағдайда сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларға ұшырауы мүмкін.

3. Олардың уақытша сақталуы кезеңінде жеңуге болмайтын күштің әрекеті салдарынан жарамсыз болған, бүлінген немесе зақымданған тауарлар декларант белгілеген, егер олар жарамсыз, бүлінген немесе зақымданған жағдайда әкелінгендейгі кедендік режимге орналастыруға жатады.

## 101-бап. Уақытша сақтау қоймасына орналастыруға болатын тауарлар

1. Уақытша сақтау қоймасына кез келген тауарларды орналастыруға болады.

Басқа тауарларға зиян келтіруі мүмкін немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлар мұндай тауарларды сақтау үшін арнайы бейімделген уақытша сақтау қоймасында сақталуы тиіс.

2. Құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарлар уақытша сақтау орындарына қойылмайды.

## 102-бап. Теміржол көлігімен тасымалданатын тауарларды уақытша сақтаудың ерекшеліктері

1. Қарауында тауарлар жүзеге асырылатын теміржол учаскесі орналасқан тұлғаның сұрауы бойынша кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету шартымен теміржол көлігімен тасымалданатын ерекше тауарлар мен сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

2. Уақытша сақтау оларды түсіргенге дейін бұл тұлғалардың орналасуы кеден органдарымен келісілген орындардағы тікелей көлік құралдарында жүзеге асырылады.

3. Көрсетілген орындар кедендік бақылаудың уақытша аймағы болып табылады.

4. Тауарларды түсіруге және оларды кез келген басқа жерге қозғауға кеден органының рұқсатымен ғана жол беріледі.

5. Қарауында теміржол учаскесі бар тұлға:

- 1) көлік құралынан кедендік бақылаудан тыс уақытша сақтаудағы тауарларды алуды болдырмауға;
- 2) уақытша сақтаудағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) кедендік бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесуге;
- 4) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен көлік құралында сақталудағы тауарлардың есебін жүргізуге және кеден органы ол туралы есеп беруге;
- 5) бөгде адамдардың сақтаудағы тауарларға кеден органдарының рұқсатынсыз кіруінің мүмкін болмауын қамтамасыз етуге;
- б) тауарларды жоғалтқан не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берген жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге міндетті.

103-бап. Тауарларды алушының қоймасында уақытша сақтау

1. Кеден органының рұқсатымен уақытша сақтау:

- 1) оларға қатысты неғұрлым зор қолайлы жағдай жасау режимі қолданылатын жекелеген тұлғалар үшін оңайлатылған рәсімдерді қолдану кезінде;
- 2) осы Кодекспен белгіленген мерзімдерде жүктік кедендік декларацияны ұсыну туралы міндеттеме беру шартымен ерекше санаттағы тауарларды немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды уақытша сақтау қажет болған жағдайларда ;
- 3) кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету шартымен тауарларды жеткізген жерде уақытша сақтау қоймасы болмаған жағдайда қоймасын ашуға лицензиясыз және уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімсіз тауарларды алушының қоймасында жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Тауарларды алушы сақтау кезінде 102-баптың 5-тармағымен көзделген талаптарды сақтауға міндетті.

3. Тауарларды алушының қоймасында кедендік бақылаудағы және басқа тұлғаларға тиесілі тауарларды сақтауға рұқсат етілмейді.

104-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды, уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімдерді берудің тәртібі

1. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды, уақытша сақтау орыны деп тану туралы кеден органының шешімі үй-жай немесе ашық алаң меншігіндегі немесе пайдаланудағы тұлғаға беріледі.

2. Үй-жайдың немесе ашық алаңның иесі уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімді алу үшін тұлға және үй-жайдың немесе алаңның орналасқан жері туралы мәліметтерді көрсете отырып кеден органына еркін нысанда өтініш береді.

3. Өтінішке мынадай құжаттар:

- 1) үй-жайлардың немесе ашық алаңдардың иесінің тіркеу құжаттарының нотариалдық расталған көшірмелері;
- 2) уақытша сақтау орыны үшін арналған аумақтың жоспары, үй-жайлардың немесе ашық алаңдардың жоспарлары мен сызбалары;
- 3) уақытша сақтау орыны үшін арналған үй-жайлар немесе ашық алаңға меншік құқығын немесе пайдалану құқығын растайтын нотариалдық расталған құжаттар;
- 4) сыртқы экономикалық қызметке қатысушының сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды есепті тіркеу үшін жауапты кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен расталған есеп кәртiшкесінің көшірмесі қоса беріледі.

4. Өтінішті ол алынған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде кеден органы қ а р а й д ы .

5. Егер, мәлімделген мәліметтер, үй-жайлар мен ашық алаңдардың жайластырылуы мен жабдықталуы уақытша сақтау орындарына ұсынылатын талаптарға сәйкес келмейтін жағдайларда кеден органы уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімді б е р у д е н б а с т а р т у ы м ү м к і н .

6. Тұлғаны қайта тіркеу кезінде уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешім өзінің күшін сақтайды. Бұл жағдайда, уақытша сақтау орынының иесі кеден органын қайта тіркеу фактісі туралы құлақтандыруға міндетті. Қажет болған жағдайларда орталық кеден органы қайта тіркеудің күнін көрсете отырып уақытша сақтау орынын орыны деп тану туралы шешімге өзгерістер енгізеді.

105-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайлар, ашық алаңдар и е л е р і н і ң м і н д е т т е р і

Уақытша сақтау орындарының иелері:

- 1) үй-жайды немесе ашық алаңды кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін қажетті л а й ы қ т ы т ұ р ғ ы д а ж а й л а с т ы р у ғ а ;
- 2) үй-жайдан немесе ашық алаңнан кедендік бақылаудан тыс уақытша сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарын алудың мүмкіндігін болдырмауға;
- 3) үй-жайдағы (ашық алаңдағы) тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының с а қ т а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 4) кедендік бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесуге;
- 5) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен келіп түскен, сақтаудағы, әкетілген тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізуге (оның ішінде бақылау

мен есебін жүргізудің автоматтандырылған нысандарын пайдалану арқылы) және кеден органы ол туралы есеп беруге;

6) бөгде адамдардың кеден органдарының рұқсатынсыз сақтаудағы тауарларға және (немесе) көлік құралдарына кіруінің мүмкін болмауын қамтамасыз етуге;

7) арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешім берудің шарттарын сақтауға және сақтаудағы тауарларға және (немесе) көлік құралдарына олардың талап етуі бойынша кеден органдарының жауапты лауазымды адамдарының кіруін қамтамасыз етуді қоса алғанда кеден органдарының талаптарын орындауға;

8) тауарларды жоғалтқан не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берген жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге;

9) уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтатуы рәсімімен байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндетті.

106-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұру

1. Уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуын кеден органы:

1) уақытша сақтау орыны иесінің жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы, уақытша сақтау орынының алаңдарын ұлғайту не азайту туралы өтініші бойынша уақытша сақтау орынының иесі белгілеген мерзімге;

2) уақытша сақтау орыны иесінің осы Кодекспен белгіленген уақытша сақтау орынына қойылатын талаптары мен міндеттерін сақтамаған жағдайда уақытша сақтау орынында - бір айға дейін мерзімге тоқтата тұрады.

2. Уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуы оның ұсынатын талаптарына сәйкес болған жағдайда қайта жаңартылады.

107-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімді кері қайтарып алу

1. Уақытша сақтау орынын тану туралы шешімді кеден органы:

1) осы Кодекспен белгіленген талаптар мен міндеттерді алты айдың ішінде қайталап бұзған жағдайларда;

2) ол бойынша шешімнің қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептер осы Кодекстің 106-бап 1-тармағының 2)-тармақшасында белгіленген мерзімнің ішінде жойылмаған жағдайда;

3) уақытша сақтау орынына қатысты үй-жайларды немесе ашық алаңдарды

уақытша сақтау орыны ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейтін мүлкітік құқықтар тоқтатылған немесе өзгерілген кезде;

4) уақытша сақтау орыны иесінің өтініші бойынша орталық кеден органы кері қайтарып алады.

2. Уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімді қайта қайтарып алу кезінде уақытша сақтау орынының иесі қайта қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей шешімнің түпнұсқасын кеден органына беруі тиіс.

3. Шешімді беру туралы қайталама өтінішті орталық кеден органы оны қайтарып алу үшін негіз болған себептердің жойылуы шартымен жалпы белгіленген тәртіппен қарауы мүмкін.

108-бап. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің тоқтатылуы

1. Уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуы:

1) шешім кері қайтарылып алынған кезде;

2) уақытша сақтау орынының иесі болып табылатын тұлға таратылған не қайта ұйымдастырылған кезде тоқтатылады.

2. Арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтатуы туралы шешім мұндай тоқтатудың себептерін көрсету арқылы кеден органы басшысының бұйрығымен р е с і м д е л е д і .

3. Уақытша сақтау орынының иесі болып табылатын тұлға таратылған не қайта ұйымдастырылған кезде арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайларды, ашық алаңдарды уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуын тоқтатуы туралы шешім он бес күнтізбелік күндік мерзімде орталық кеден органына қайтаруға ж а т а д ы .

4. Уақытша сақтау орыны деп тану туралы шешімнің қолданылуы тоқтатылған кезде онда сақтаудағы тауарлар лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде уақытша сақтау қоймасына орналастыруға жатады.

109-бап. Уақытша сақтау қоймаларының түрлері

1. Тауарларды уақытша сақтау үшін арналған арнайы белгіленген және жайластырылған үй-жай, аумақ немесе орын уақытша сақтау қоймасы деп танылады.



2. Уақытша сақтау қоймалары осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда кез келген тауарларды сақтау және кез келген тұлғалардың пайдалануы үшін қолжетімді ашық түрдегі қоймалар болып табылады.

3. Кеден органдары құратын уақытша сақтау қоймалары ашық түрдегі қоймалар болып табылады.

4. Жабық үлгідегі уақытша сақтау қоймалары белгілі бір тауарларды немесе белгілі бір тұлғалардың тауарларын сақтау үшін арналған. Жабық үлгідегі уақытша сақтау қоймаларын айналымы шектелген және сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлардың ерекше санаттарын әкелуді жүзеге асыратын тұлғалар құрады не жабық үлгідегі қойманы құру сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың немесе көлік ұйымдарының қажеттеріне жауап берсе құрылады.

#### 110-бап. Уақытша сақтау қоймасы иесінің міндеттері

##### Уақытша сақтау қоймасының иесі:

1) қойманы кедендік бақылауды қамтамасыз етуге қажетті лайықты тұрғыда жайластыруға;

2) қоймадан уақытша сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан тыс алу мүмкіндігін болдырмауға;

3) кеден органының жұмыс уақытынан тыс кезде келген тауарлар мен көлік құралдарын қоймада не қоймаға жалғас, кедендік бақылау аймағы болып табылатын аумақта орналастыруды қамтамасыз етуге;

4) тауарлардың және уақытша сақтау қоймасындағы не оған жалғас, кедендік бақылау аймағы болып табылатын аумақтағы көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

5) кедендік бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесуге;

6) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін тәртіппен есеп жүргізуге (оның ішінде бақылау мен есеп жүргізудің автоматтандырылған нысандарын пайдалану арқылы) және кеден органына уақытша сақтау қоймасына келіп түскен, сақталудағы және одан әкетілген тауарлар мен көлік құралдары туралы есеп беруге;

7) бөгде адамдардың (қойма қызметкерлері болып табылмайтын және тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие емес) кеден органдарының рұқсатынсыз сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына кіруінің мүмкін еместігін қамтамасыз етуге;

8) уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның талаптарын сақтауға және кеден органдарының жауапты лауазымды адамдарының сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына кіруін қамтамасыз етуді және бұл адамдарға кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін уақытша сақтау қоймасында үй-жайлар, жабдықтар және байланыс құралдарын беруді қоса алғанда кеден органдарының

т а л а п т а р ы н

о р ы н д а у ғ а ;

9) сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарларды сақтау жағдайында тауарларды сақтаудың ерекше жағдайларын орындауды қамтамасыз етуге;

10) осы Кодекстің 100-бабымен көзделген қоймада орналасқан тауарлармен операцияларды жүзеге асырудың мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

11) тауарларды жоғалтқан не кеден органының рұқсатынсыз басқа

тұлғаларға берген жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге;

12) уақытша сақтау қоймасының қызметін тоқтату рәсіміне байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндетті.

111-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензия

1. Уақытша сақтау қоймаларын орталық кеден органының лицензиясын алғаннан кейін қазақстандық тұлғалар құра алады.

2. Егер, уақытша сақтау қоймасын кеден органдары құратын болса көрсетілген лицензияны алу талап етілмейді.

3. Лицензиялауға байланысты және осы Кодексте көрсетілмеген қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен реттеледі.

4. Уақытша сақтау қоймасын ашуға арналған лицензия басқа тұлғаға беруге жатпайды.

5. Орталық кеден органы жұмыс істеп тұрған уақытша сақтау қоймалары туралы ақпараттарды мезгілді жариялап тұруды, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы, қамтамасыз етеді.

112-бап. Уақытша сақтау қоймасын ашуға қойылатын біліктілік

т а л а п т а р ы

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған үй-жай немесе орын мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) қойма иесінің меншігінде орналасуы немесе олар үш жылдан кем емес мерзімге жалға алуы ;

2) жалғас түсіру алаңдарын (олардың орналасқан жері бір мекен-жай бойынша біртұтас аумақта болуы шартымен бір немесе бірнеше қоймалық үй-жайлар мен алаңдарды) қоса алғанда уақытша сақтау қоймасының аумағы бүкіл өн бойы бойынша белгіленген және қоршалған болуы және көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін қатты жабылғысы болуы тиіс. Қойма аумағының қоршауы темір бетоннан, бетоннан, кірпіштен, металл конструкциясынан не аталған материалдардың

жиынтығынан жасалған үзіліссіз конструкцияны білдіруі және биіктігі кемінде 2,2 метр  
б о л у ы т и і с ;

3) қойманың аумағында қойманың бөлігі болып табылмайтын құрылыстар

мен ғимараттар болмауы;

4) техникалық жағынан жарамды кірме жолдар, сондай-ақ жабық тексеру алаңдары болуы;

5) өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі;

6) санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуі;

7) қауіпсіздік пен еңбек қорғау талаптарына сәйкес қажетті түсіру-тиеу техникасының болуы;

8) уақытша сақтауға қойылған тауарлар мен көлік құралдарының сипатына сәйкес келетін сертификатталған өлшеу жабдығы болуы тиіс.

113-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттар

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензиялар алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) белгіленген нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;

2) тіркеу құжаттарының нотариалдық расталған көшірмелері;

3) уақытша сақтау қоймасы ретінде мәлімделетін үй-жайлар мен аумақтардың жоспарлары, сызбалары;

4) уәкілетті органдар берген өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуді растайтын құжаттар;

5) лицензияны бергені үшін алымды төлегендігін растайтын құжаттар;

6) тиісті үй-жайларға немесе орындарға қатысты меншік пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

7) осы Кодекстің 112-бабының 7), 8)-тармақшаларымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар;

8) жабық үлгідегі уақытша сақтау қоймасын құру жағдайында тауарларды сақтауды жүзеге асыратын тұлғалардың тізілімі ұсынылады.

2. Өтініште және осы бапта белгіленген құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда уақытша сақтау қоймасының иесі кеден органын өзгеріс енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кешіктірмей тиісті өзгерістер туралы құлақтандырады.

3. Уақытша сақтау қоймалары олардың қызмет етуінің барлық мерзімінің ішінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

114-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру

1. Уақытша сақтау қоймасының иесі осы Кодексте белгіленген талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда лицензияның қолданылуы кеден органының шешімі бойынша тоқтата тұрудың себептері көрсетіле отырып алты айға дейін мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді осындай шешімнің негіздемесімен бірге бұйрық нысанында орталық кеден органының басшысы қабылдайды.

3. Лицензияның қолданылуы тиісті бұйрықта көрсетілген күннен бастап тоқтатыла тұрады. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезінде тауарларды уақытша сақтау қоймасына қоюға рұқсат етілмейді. Лицензияның қолданылуы тоқтата тұрғанға дейін уақытша сақтау қоймасына қойылған тауарлар өзге кедендік режимдермен қойылуы мүмкін.

4. Лицензияның қолданылуы ол бойынша оның қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін кеден органы лицензияны қолданылуын қайта жаңарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап қайта жаңартылады.

115-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияларды кері қайтарып алу

1. Лицензияны орталық кеден органы:

1) ол дұрыс емес мәліметтердің негізінде берілген, егер толық және дұрыс ақпараттар ұсынған кезде ол белгіленген тәртіптің негізінде мәлімдеушіге берілмесе;

2) лицензиат лицензияда қамтылған талаптарды орындамаған;

3) лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептер жойылмаған;

4) сот лицензиатқа уақытша сақтау қоймасының қызметін көрсету жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салған жағдайларда кері қайтарып алуы мүмкін.

2. Кері қайтарып алу туралы шешім осындай шешімнің негіздемесімен бірге орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Лицензияны кері қайтарып алу кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

4. Лицензия кері қайтарылып алынған жағдайда уақытша сақтау қоймасының иесі кері қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей лицензияның түпнұсқасын орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

5. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензия беру туралы қайталама өтініш оны кері қайтарып алу үшін негіздеме болған себептердің жойылуы жалпы белгіленген тәртіппен қаралуы мүмкін.

116-бап. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның  
қ о л д а н ы л у ы н т о қ т а т у

1. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензия:
  - 1) лицензия кері қайтарылып алынған;
  - 2) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
  - 3) кеден органына уақытша сақтау қоймасы иесінің өтініш ұсынуы арқылы уақытша сақтау қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған жағдайларда орталық кеден органының шешімі бойынша өзінің қолданылуын тоқтатады.
2. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім мұндай шешімнің себептері көрсетіле отырып орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.
3. Уақытша сақтау қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған , заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде уақытша кеден қоймасының иесі он бес күнтізбелік күн ішінде лицензияны орталық кеден органына қ а й т а р у ғ а м і н д е т т і .
4. Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда онда сақталудағы тауарлар лицензияның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде басқа уақытша сақтау қоймасына орналастыруға жатады.

117-бап. Кеден органдарының уақытша сақтау қоймасын құруының  
е р е к ш е л і к т е р і

1. Кеден органы уақытша сақтау қоймасын орталық кеден органы шешімінің негізінде лицензия алмастан құрады.
2. Кеден органы құрған уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтау үшін осы Кодекстің 322-бабына сәйкес кедендік алым алынады.
3. Уақытша сақтау қоймасын құрған кеден органы тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді.
4. Уақытша сақтау қоймасын құрған кеден органы қойманы конструкциясына, сақталатын тауарлардың, көліктің түрлеріне, қойманың өткізу қабілетіне және нақты қойманың жұмыс істеуіне әсер ететін басқа да факторларға байланысты қойманы пайдаланудың регламентін әзірлейді және бекітеді. Регламентте:
  - 1) уақытша сақтау қоймасының жұмыс режимі;
  - 2) уақытша сақтау қоймасында тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға қоюдың мерзімдері мен тәртібі, есебі, сондай-ақ оларды берудің тәртібі;
  - 3) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасында сақтауға арналған

кедендік алымның мөлшерлері, сондай-ақ мұндай қоймаларға орналастырылатын тауарларды тиеудің, түсірудің бағалары;

4) жекелеген санаттағы тауарларды сақтаудың ерекше шарттары;

5) уақытша сақтау қоймасының жұмыс істеуіне байланысты басқа да талаптар мен шарттар көрсетілуі тиіс.

5. Уақытша сақтау қоймасын пайдаланудың регламенті кеден органдары орналасқан жерлерде және қойманың үй-жайларында жалпы қолжетімді тасу үшін ұсынылады.

118-бап. Уақытша сақтау қоймасы иесінің тауарларды уақытша сақтау қоймасына орналастырушы тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

1. Уақытша сақтау қоймасы иесінің тауарларды уақытша сақтау қоймасына орналастырушы тұлғалармен өзара қарым-қатынасы осы баптың 2-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда шарттық негізде құрылады.

2. Кеден органдарының тауарларды кеден органдары құрған уақытша сақтау қоймаларында сақтау кезіндегі тауарларды қоймаға орналастырушы тұлғалармен өзара қарым-қатынасы осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден органдарының тауарларды сақтауға қабылдауын тауарларды қоймаға орналастырушы тұлғаға орталық кеден органы айқындайтын нысан бойынша құжат беруімен куәландырылады.

Кеден органдарының бұл органдардың тауарларды сақтауды жүзеге асыруына байланысты тұлғалардың алдындағы құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі осы Кодекспен белгіленген ережелер ескеріле отырып Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген сақтау туралы жалпы ережелерге сәйкес міндеттемелердің болуынан туындайды.

119-бап. Уақытша сақтау қоймаларындағы, өзге де уақытша сақтау орындарындағы тауарларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлемегені үшін жауапкершілік

1. Уақытша сақтау қоймасында, сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлемегені үшін олар жоғалған не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берілген жағдайда осындай қойманың иесі жауапкершілікте болады.

2. Өзге де уақытша сақтау орындарында сақтаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты оларды жоғалтқан не кеден органының рұқсатынсыз басқа тұлғаларға берген жағдайда кедендік төлемдер мен салықтарды төлемегені үшін тауарлардың өзге де уақытша сақтау орындарында сақталуы үшін жауапты тұлға

15-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕНДІК АУМАҒЫНАН ТЫСҚАРЫ ЖЕРЛЕРГЕ  
ӘКЕТУ КЕЗІНДЕГІ КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР

120-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету

1. Тауарлар мен көлік құралдарын әкету - тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге тасымалдауға бағытталған әрекеттерді жасау.

2. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуге тауарларды осы Кодекстің 6-бөліміне сәйкес әкетілетін тауарларға қолданылатын мәлімделген кедендік режимге сәйкес босатқаннан кейін жол беріледі.

3. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезіндегі кедендік рәсімдер мынандай кедендік операцияларды:

1) кедендік декларацияларды, құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы жолымен жүзеге асырылатын тауарларды тасымалдаушы тұлғаның оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуді жүзеге асырмақ ниеті туралы жөнелтуші кеден органын құлақтандыруды;

2) кедендік ресімдеуді жүзеге асыруды;

3) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктіне дейін жеткізуді;

4) тасымалдаушының тауарларды, көлік құралдарын және кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттарды ұсыну жолымен баратын кеден органын құлақтандыруын;

5) тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге іс-жүзінде әкетуді қамтиды.

4. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуге тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жол беріледі.

5. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан айлақта немесе әуежайда алаңдамастан кесіп өтетін су және әуе кемелерімен және электр беру желілері бойынша тасымалданатын тауарларға қолданылмайды.

6. Тауарларды құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде кедендік операциялар жасаудың тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

#### 121-бап. Құжаттар мен мәліметтерді ұсыну

1. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде тауарды тасымалдаушы тұлға жөнелтуші кеден органына мәлімделген кедендік режимге сәйкес осы Кодекстің 405-бабымен көзделген өздері өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын бірегейлендіру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті.

2. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету кезінде тауарлар мен көлік құралдарын жеткізетін жер мен мерзімдерін көрсету арқылы тиісті мөртаңба қойылатын жүктік кедендік декларация тауарлардың жеткізілуінің бақылау құжаттары болып табылады. Мерзімі осы Кодекстің 87-бабына сәйкес белгіленеді.

3. Құжаттарды ұсыну және транзиттің кедендік режимімен тасымалданған тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау осы Кодекстің 13 және 28-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады және осы баптың 2-тармағының қолданылуына ұшырамайды.

#### 122-бап. Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін тауарларды көлік құралдарына тиеу

1. Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кеден органы тауарларды ұсынуды талап етпейтін немесе тауарлар тиеуді жүзеге асырғаннан кейін ғана белгілі бір кедендік режимге мәлімделетін жағдайларды қоспағанда тауарларды белгілі бір кедендік режимге орналастырғаннан кейін, сондай-ақ тауарларды транзиттің кедендік режиміне сәйкес тасымалдау кезінде жол беріледі.

2. Тауарларды көлік құралына тиеу кеден органдарымен келісілген жерлерде, қажет болған жағдайда кедендік тексеру актісін жасау арқылы кеден органы лауазымды адамының қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Тұлғаның өтініші бойынша кеден органы осы Кодекстің 22-бабына сәйкес бұл органның жұмыс уақытынан тыс уақытта тиеуді жүргізуге рұқсат беруге құқылы.

#### 123-бап. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге әкету кезінде оларға қойылатын талаптар

1. Тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге іс-жүзінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормалары мен



стандарттарына сәйкес тауарлардың тасымалдаудың, тасудың және сақтаудың қалыпты жағдайы кезіндегі табиғи тозуы мен кемуінің не тауарлардың табиғи ерекшеліктерінің салдарынан саны мен жағдайының өзгеруін, тауарлардың мөлшерінің көлік құралындағы төгілмейтін қалдықтардың салдарынан, ал құбыр желісі көлігімен әкелінетін тауарларға қатысты, сондай-ақ тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктері мен тауарлардың өзіндік сипаттарының салдарынан өзгеруін қоспағанда олар белгілі бір кедендік режиммен орналастырылған сәтте болған мөлшерде және жағдайда әкелілуі тиіс.

2. Баратын кеден органы инспекторының жеткізуді бақылау құжаттарындағы жеке нөмірлі мөрімен расталған, өткізу пункті арқылы шыққан күні көрсетілетін кедендік мөртаңбалар тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге іс-жүзінде әкетуді растау болып табылады.

3. Баратын кеден органы ең қысқа, бірақ он бес тәуліктен артық емес мерзімдерде кейін оны кедендік бақылаудан алу үшін негіздеме болып табылатын жеткізуді бақылау құжаттарын ұсыну арқылы жөнелтуші кеден органын тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету фактісі туралы құлақтандырады.

4. Егер, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының

кедендік шекарасынан тысқары жерлерге әкету жүзеге асырылмаса, онда тауарды тасымалдаушы тұлға не тасымалдаушы жеңуге болмайтын күштің әсерінің не авариялардың салдарынан болған жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

## 6-БӨЛІМ. ТАУАРЛАРДЫҢ КЕДЕНДІК РЕЖИМДЕРІ

### 16-ТАРАУ. КЕДЕНДІК РЕЖИМДЕРГЕ ЖАТАТЫН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 124-бап. Кедендік режимдердің түрлері

Кедендік заңдарды қолдану мақсатында кедендік режимдердің мынадай түрлері белгіленеді:

- 1) тауарларды еркін айналым үшін босату;
- 2) тауарлардың қайта импорты;
- 3) кеден қоймасы;
- 4) бажсыз сауда дүкені;
- 5) тауарларды кеден аумағында қайта өңдеу;
- 6) тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеу;
- 7) тауарларды кеден аумағынан тысқары жерлерде қайта өңдеу;
- 8) тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкелу;
- 9) тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкету;
- 10) тауарлардың экспорты;
- 11) тауарлардың қайта экспорты;

- 12) тауарлардың транзиті;
  - 13) тауарларды жою;
  - 14) тауарлардан мемлекеттің пайдасына бастарту;
  - 15) еркін кеден аймағы;
  - 16) еркін қойма;
  - 17) арнайы кедендік режим.
- 125-бап. Тауарларды кедендік режимге мәлімдеу және орналастыру

1. Кеден органы кедендік декларацияларды тіркеген күн тауарларды белгілі бір кедендік режиммен мәлімдеген күн болып есептеледі.
2. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен кеден органының тауарларды босатқан күні тауарларды кедендік режимімен орналастырған күн болып есептеледі.

126-бап. Кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

1. Осы бөлімде айқындалған тұлғалар кедендік режимнің шарттары мен талаптарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

Тұлғалар кеден режимінің шарттары мен талаптары кедендік бақылаудағы тауарлардың олар еркін айналымға шығарылғанға дейін не олар осы Кодексте белгіленген шарттар мен талаптар бұзылмастан іс-жүзінде Қазақстан Республикасының кедендік аймағынан тысқары жерлерге әкетілгенге дейін аварияның не жеңуге болмайтын күштің әрекетінің салдарынан қалпына келтірілместей жоғалуы, бүлінуі немесе жойылуы себебі бойынша сақталмайтын, сондай-ақ тауарлардың саны мен жағдайы, егер көрсетілген операцияларды белгілі бір кедендік режимді қолдану кезінде осы бөлімге сәйкес жасауға жол берілетін болса тасымалдаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезінде табиғи тозудың немесе кемудің не тауарлардың табиғи ерекшеліктерінің салдарынан өзгерген жағдайларда жауаптылықта болмайды.

2. Тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілген тауарларға немесе оларды қайта өңдеу өнімдеріне қатысты, егер бұл тауарларды немесе оларды қайта өңдеу өнімдерін қайтару олардың авариялардың немесе жеңуге болмайтын күштердің әрекетінің, тасымалдаудың, сақтаудың және пайдаланудың қалыпты жағдайы кезіндегі табиғи тозуының не кемудің салдарынан қайтаруға келмейтін жоғалуы немесе жойылуы, сондай-ақ шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының немесе лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінің салдарынан иеліктен шығуы себебі бойынша болмаса жауаптылықта болмайды.

3. Тауарлардың қалпына келтірілмейтін жоғалуына, бүлінуіне немесе

жойылуына, олардың саны мен жағдайының өзгеруіне әкеп соқтырған жағдайларды растау міндеті осы бөлімде көзделген тұлғаларға жүктеледі шет мемлекеттердің аумағында болған жағдайларды Қазақстан Республикасының шетелдердегі консулдық мекемелері растайды.

127-бап. Тауарларды кедендік режиммен орналастырудың шарттары мен кедендік режимнің талаптарының сақталғандығын дәлелдеу міндеті

Тауарларды кедендік режимімен орналастырудың шарттарының сақталғандығын дәлелдеу салмағы декларантқа, ал кедендік режимнің талаптарының сақталғандығын дәлелдеу міндеті - осы бөлімде көзделген тұлғаларға жүктеледі.

## 17-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ ЕРКІН АЙНАЛЫМ ҮШІН БОСАТУ

128-бап. Тауарларды еркін айналым үшін босату кедендік режимінің мақсаты

Тауарларды еркін айналым үшін босату - Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды ұдайы пайдалану және тұтыну үшін арналған кедендік режим.

129-бап. Тауарларды еркін айналым үшін босатудың кедендік режимімен тауарларды орналастырудың шарттары

Тауарларды еркін айналым үшін босату:

- 1) кедендік баждар мен салықтарды төлеу;
- 2) тарифсіз реттеу шараларын сақтау;
- 3) осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен көзделген басқа да талаптардың орындалуы;
- 4) кедендік ресімдеуді аяқтау шарттары жағдайында жүзеге асырылады.

## 18-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ҚАЙТА ИМПОРТЫ

130-бап. Тауарлардың қайта импорты кедендік режимінің мақсаты

Тауарлардың қайта импорты - бұрын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілген тауарлар кедендік төлемдер мен салықтардан босатыла отырып, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша талаптарды қоспағанда тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан осы Кодекстің 131-бабымен белгіленген мерзімдерде қайта әкелінетін кедендік режим.

131-бап. Тауарларды кедендік режимімен орналастырудың шарттары

1. Тауарларды тауарлардың қайта импорты кедендік режимімен орналастыру үшін тауарлардың :

1) оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету кезінде қазақстандық тауарлар мәртебесі болуы;

2) олар әкетілген сәттен бастап үш жылдың ішінде тауарлардың қайта импорты кедендік режиміне мәлімделген болуы;

3) тасымалдаудың, сақтаудың немесе пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезінде табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан өзгеруін қоспағанда өзгермеген жағдайда болуы.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде коммерциялық мақсаттарға пайдалану, сондай-ақ олармен ұсақ жөндеу операцияларын, техникалық қызмет көрсетудің және тауарларды қалыпты ұстау үшін қажетті басқа да операцияларды қоса алғанда олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар жасау жөндеу бойынша операциялар оларды әкеткен сәттегі құнымен салыстырғанда тауарлардың құнының артуына әкелетін жағдайларды қоспағанда оларды тауарлар импортының кедендік режимімен орналастыруға кедергі келтірмейді. Бұл ретте әкету күнгі құн мен әкелген күнгі құнның арақатынасы жүктік кедендік декларацияда көрсетілетін тауарлардың статистикалық құнының негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

3. Тауарлардың экспорты кедендік режиміне сәйкес әкетілген тауарлардың қайта импорты кедендік режимімен орналастырылатын тауарлардың жағдайының өзгермегендігі, оларды әкету фактісі, әкетілген күні құжаттамалы түрде расталған б о л у ы т и і с .

4. Тауарлардың қайта импорты кедендік режимімен тауарларды орналастыруға осы баптың 1-тармағының талаптарының сақталуы шартымен, сондай-ақ және егер кері әкетілген тауарлардың бөлігі ғана әкелінетін жағдайда жол беріледі.

#### 132-бап. Әкетулік кедендік баждарды қайтару

1. Егер, тауарларға қатысты әкету кезінде кедендік шекарадан өткен сәтте оларда ақау болғандығы не олар өзге тұрғыда сыртқы экономикалық мәмілелердің шарттарына сәйкес келмегені анықталса, сондай-ақ сыртқы экономикалық мәміле аталған тұлғаға қатысты емес жағдаяттар бойынша аяқталмаған және осы себептер бойынша мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтық мұрагерлік жағдайларын қоспағанда тауарларды әкеткен сол адамның тауарларды әкелуі;

2) тауарларды пайдалану ақауларын, немесе тауарларды қайтаруға әкеп соқтыратын өзге де жағдайларды анықтау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде пайдаланылмауы ж ә н е ж ө н д е л м е у і ;

3) тауарларды кеден органдары бірегейлендіре алатындай;

4) тауарлардың оларды әкету кезінде кедендік шекарадан өткен күннен кейінгі

күннен бастап алты айдың ішінде қайта импортталуы шарттары сақталуы кезінде тауарлар берушіге не ол нұсқаған өзге тұлғаға қайтарылған жағдайларда тауарлардың қайта импорты кезінде қайта импорттауды жүргізген тұлғаға кеден органы бұрын төленген кедендік баждарды қайтарады.

2. Әкетулік кедендік баждарды қайтару осы Кодекстің 46-тарауымен белгіленген тәртіппен қайта импорттауды жүргізуші тұлғаға жүргізіледі.

133-бап. Кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Тауарлардың қайта импорты режимімен тауарларды орналастырған тұлға осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайды қоспағанда кедендік режимнің шарттарының сақталмағандығы үшін жауаптылықта болады.

## 19 - Т А Р А У .      К Е Д Е Н      Қ О Й М А С Ы

134-бап. Кеден қоймасы кедендік режимінің мақсаты

Кеден қоймасы - әкелінген тауарларды кедендік баждар, салықтар алмастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан кеден қоймасы мәртебесі бар арнайы үй-жайларда немесе арнайы аумақтарда кедендік бақылаумен сақтау үшін арналған к е д е н д і к р е ж и м .

135-бап. Тауарларды кеден қоймасы кедендік режимімен орналастырудың ш а р т т а р ы

1. Кеден қоймасының кедендік режимімен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тауарларды қоспағанда кез келген тауар орналастырыла алады.

2. Басқа тауарларға зиян келтіруі мүмкін немесе сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін тауарлар мұндай тауарларды сақтау жағдайына сәйкес жабдықталған кеден қоймаларына орналастырылуы тиіс.

136-бап. Тауарларды кеден қоймасында сақтаудың мерзімі

1. Тауарларды сақтаудың мерзімін тауарларды кеден қоймасына орналастырған тұлға белгілейді, бірақ үш жылдан аспауы керек.

2. Оларды сақтау, тұтыну және сату үшін шектеулі жарамдылық мерзімі бар тауарлар өзге кедендік режимге мәлімделуі және көрсетілген мерзімдер аяқталғанға дейін алпыс күнтізбелік күннен кешіктірілмей кеден қоймасынан әкетілуі тиіс.

137-бап. Кеден қоймасындағы жарамсыз болған, бүлінген және  
з а қ ы м д а л ғ а н т а у а р л а р

Кеден қоймасында оларды сақтау кезеңінде жеңуге болмайтын күштердің әсері салдарынан жарамсыз болған, бүлінген немесе зақымдалған тауарлар декларант тандаған, егер олар жарамсыз, бүлінген немесе зақымданған жағдайларда әкелінгендегідей кедендік режиммен орналастыруға жатады.

138-бап. Кеден қоймасы кедендік режимінің қолданылуының аяқталуы

1. Кеден қоймасы кедендік режимі тауарларды өзге де кедендік режиммен орналастырумен аяқталады. Кеден қоймасының кедендік режимімен орналастырылған тауарлар толық немесе ішінара өзге кедендік режимге мәлімделе алады.

2. Өзге кедендік режиммен орналастырылған тауарлар үш тәуліктің ішінде кеден қ о й м а с ы н а н ә к е т у г е ж а т а д ы .

3. Бұрын тауарларды уақытша әкелудің кедендік режимімен орналастырылған тауарларды оларды осы режимге сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағында одан әрі пайдалану мақсатымен кеден қоймасынан босату кезінде уақытша әкелу мерзімі ішінде жаңартылады. Көрсетілген тауарларды еркін айналым үшін босату кезінде төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың сомасын есептеу осы Кодекстің 40-тарауына сәйкес жүргізіледі.

139-бап. Кеден қоймалары мен олардың үлгілері

1. Кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес тауарларды сақтау үшін арналған кез келген арнайы белгіленген және жайластырылған үй-жай немесе орын кеден қ о й м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кеден қоймасы тауарларға қатысты өкілеттікке ие кез келген тұлғаның пайдалануы үшін қолжетімді ашық үлгідегі және қойма иесінің немесе мұндай қойманы құру кезінде иесі айқындаған жекелеген тұлғалардың тауарларын сақтау үшін арналған жабық үлгідегі болуы мүмкін.

3. Ашық және жабық үлгідегі кеден қоймалары тауарлардың сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін және басқа тауарларға зиян келтіруге қабілетті жекелеген санаттарын сақтау үшін пайдаланыла алады.

4. Кеден органдары құрған кеден қоймалары ашық үлгідегі қоймалар болып т а б ы л а д ы .

140-бап. Кеден қоймаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Кеден қоймасын құруға арналған үй-жай немесе орын сәйкес келуі, сондай-ақ мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) кеден қоймасы иесінің меншігінде орналасуы немесе олар үш жылдан кем емес мерзімге жалға алуы;

2) іргелес түсіру алаңдарын қоса (бір мекен-жай бойынша бір аумақта олардың орналасу шарты кезінде бір немесе бірнеше қойма үй-жайлары және алаңдары) кеден қоймасының аумағы өн бойына белгіленуі және қоршалуы және көлік құралдарының қауіпсіз қозғалуын қамтамасыз ететін қатты жамылғы болуы тиіс. Қойманың аумағын қоршау темірбетоннан, бетоннан, кірпіштен, металлконструкциядан үздіксіз конструкциядан немесе осы материалдардан конструкциядан және биіктігі 2,2 метрден кем емес болуы тиіс;

3) кеден қоймасының аумағында қойманың бөлігі болып табылмайтын құрылыстар мен ғимараттар орналаспауы тиіс;

4) техникалық ақаусыз кірме жолдарының, сондай-ақ ашық қарау алаңдарының болуы;

5) өрт қауіпсіздігіне қарсы талаптарға сәйкес келуі;

6) санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуі;

7) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін қажетті түсіру-тиеу техникасының болуы;

8) сақтауға орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына

сәйкес келетін сертификацияланған салмақтық жабдықтың болуы.

2. Өтініште және осы баппен айқындалған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің өзгеруі жағдайында кеден қоймасының иесі өзгерістерді енгізу күнінен бастап отыз күнтізбелік күннің аяқталуынан кешіктірмей тиісті өзгерістер туралы кеден органын хабардар етеді.

3. Кеден қоймалары олардың жұмыс істеуінің бүкіл мерзімі бойы белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

141-бап. Кеден қоймасы иесінің міндеттері

Кеден қоймасының иесі:

1) кеден бақылауын қамтамасыз ету үшін қажетті қойманы тиісті жолмен жайғастыруға;

2) сақтауда орналасқан тауарлар мен көлік құралдарын кеден бақылауынан басқа қоймадан алып қою мүмкіндігін болдырмау;

3) кеден бақылауының аймағы болып табылатын аумақ қоймасына жалған немесе қоймада кеден органының жұмыс уақытынан тыс келген тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруды қамтамасыз ету;

4) кеден бақылауының аймағы болып табылатын оған жалғас аумақта немесе кеден қоймасында орналасқан тауарлар мен көлік құралдарын сақтауды қамтамасыз ету;

5) кеден бақылауын жүзеге асыруға жәрдем көрсету;

6) осы Кодекстің 142-бабымен белгіленген тәртіппен сақталатын тауарлар мен олардың айналымы туралы есептілікті салық органдарына беруге және есепке алуды жүргізу ;

7) кеден органдарының рұқсатынсыз сақталатын тауарлар мен көлік құралдарына бөгде тұлғалардың (қойма қызметкерлері болып табылмайтын және тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие емес) енуіне мүмкін еместігін қамтамасыз ету;

8) кеден қоймасын құруға арналған лицензиялардың шарттарын сақтау

және кеден органдары жауапты лауазымды тұлғаларының сақталатын тауарлар мен көлік құралдарына енуді қамтамасыз етуді қоса кеден органдарының талаптарын сақтау және осы тұлғаларға кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу үшін кеден қоймасында өтеусіз үй-жайлар, жабдықтар және байланыс құралдарын беру;

9) сақтаудың ерекше шарттарын сақтауды талап ететін тауарларды сақтау жағдайында тауарларды сақтаудың арнаулы шарттарын орындауды қамтамасыз ету;

10) осы Кодекстің 143-бабының 2-тармағымен көзделген жағдайларда кедендік баждарды, салықтарды төлеуге міндетті.

142-бап. Кеден қоймасы арқылы айналатын тауарлар туралы есеп пен есептілік

1. Кеден қоймасының кедендік режиміне сәйкес кеден қоймасы арқылы айналатын тауарлар есебін жүргізуге жатады.

2. Тауарларды кеден қоймасына орналастыру кезінде қойманың иесі қойманың есеп құжаттарында мынадай мәліметтерді:

1) тауардың қоймаға орналастырған күнін;

2) тауардың атауын;

3) орындардың саны мен орамдағы салмағын (кг);

4) тауарға ілеспе құжаттың нөмірін;

5) жүктік кедендік декларацияның нөмірін және босатылған күнін тіркеуі тиіс.

3. Кеден қоймаларының иелері кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген нысанда және тәртіппен кеден органдарына кеден қоймасында сақталудағы тауарлар туралы есеп беруі тиіс.

Бұл ретте, есепке алу жүйесіне:

1) есепке алу кітабы ;



2) есепке алудың кедендік құжаты енгізіледі.

Кедендік декларация кедендік есеп құжаты болып табылуы мүмкін.

4. Есеп кітабы есептің автоматтандырылған жүйесінен тәуелсіз белгіленген нысанға с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

5. Кеден органы кеден қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдарына түгендеу ж ү р г і з у г е қ ұ қ ы л ы .

6. Кеден қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдарының есебі құжаты бес жыл с а қ т а л а д ы .

143-бап. Кеден қоймасы арқылы айналатын тауарларға қатысты кедендік баждар мен салықтарды төлемегені үшін жауаптылық

1. Осы Кодексте өзгедей белгіленбесе тауарларды кеден қоймасының кедендік режимімен орналастырған тұлға кеден қоймасы арқылы айналатын тауарларға қатысты кедендік баждар мен салықтарды төлемегені үшін жауаптылықта болады.

2. Кеден қоймасының иесі кеден органы кеден қоймасының иесі болып табылатын жағдайларды қоспағанда тауарларды жоғалтқан не оларды кеден органының рұқсатынсыз берген жағдайда кедендік баждар мен салықтарды төлемегені үшін ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

144-бап. Кеден қоймасында сақтау кезінде тауарлармен жүргізілетін о п е р а ц и я л а р

1. Кеден қоймасының кедендік режимімен орналастырылған тауарлармен кеден о р г а н ы н ы ң р ұ қ с а т ы м е н :

1) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі - партияларды ұсақтау жөнелтулерді қалыптастыру, сорттау, орамдау, қайта орамдау, маркілеу (оның ішінде акциздік алым маркілерінің) операциялары, сондай-ақ тауарлардың тауарлық сапасын жақсарту үшін қажетті операциялар;

3) сынамалар мен үлгілер алу жөніндегі операциялар жүргізіле алады.

2. Кеден қоймасында тауарлармен жүргізілетін барлық операциялар бұл тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша жіктеу кодының өзгеруіне байланысты сипатын (сапасын) өзгертпеуі тиіс.

3. Тауарларды бір кеден қоймасынан екіншісіне ауыстыруға осы Кодекстің 13-тарауымен айқындалған тәртіппен кедендік бақылаумен жол беріледі. Бұл ретте, кеден қоймасы кедендік режимінің қолданылуы үзілмейді және тоқтатылмайды.

145-бап. Кеден қоймасы иесінің тауарларды кеден қоймасына

## орналастыруды тұлғалармен өзара қарым-қатынасы

1. Кеден қоймасы иесінің тауарларды кеден қоймасына орналастырушы тұлғалармен өзара қарым-қатынасы шарттық негізде құрылады.

2. Кеден органдарының тауарларды кеден қоймасына орналастырушы тұлғалармен тауарларды кеден органдары құрған кеден қоймаларында сақтау кезіндегі өзара қарым-қатынасы осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, кеден органдары тауарларды сақтауға қабылдауды тауарларды қоймаға орналастырушы тұлғаға орталық кеден органы айқындайтын және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген нысан бойынша құжат берумен куәландырылады.

3. Тауарларды кеден органы құрылтайшысы болып табылатын кеден қоймасында сақтау үшін осы Кодекстің 322-бабына сәйкес кедендік алым алынады.

146-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензия

1. Кеден қоймасын орталық кеден органының лицензиясын алғаннан кейін қазақстандық тұлға құрады.

2. Егер, кеден қоймасын орталық кеден органы шешімінің негізінде кеден органы құратын болса, кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу талап етілмейді.

3. Лицензиялауға байланысты және осы тараумен реттелмеген қатынастар лицензиялау туралы заңдармен реттеледі.

4. Кеден органы жұмыс істеп тұрған кеден қоймалары туралы ақпараттарды мерзімді жариялап тұруды қамтамасыз етеді.

147-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттар

1. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) тұлғаның нысан бойынша лицензия беру туралы өтініші;  
2) тіркеу құжаттарының нотариалдық расталған көшірмелері;  
3) өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуді растайтын құжаттар;

4) лицензия бергені үшін алымды төлегендігін растайтын құжаттар;  
5) тиісті үй-жайларға немесе орындарға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

6) кеден қоймасы ретінде мәлімделетін үй-жайлар мен аумақтардың жоспарлары, сызбалары;

7) лицензияны беру туралы өтінішті берген тұлғаның мөрімен расталған бар тиеу-түсіру техникасының және салмақтық жабдықтың тізбесі;

8) жабық үлгідегі кеден қоймасын құру кезінде тауарларды сақтауды жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі ұсынылады.

2. Өтініште және осы баптың 1-тармағының 5)-6)-тармақшаларында белгіленген құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде лицензиат өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей тиісті өзгертулер туралы кеден органын қ ұ л а қ т а н д ы р а д ы .

148-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын  
т о қ т а т а т ұ р у

1. Кеден қоймасының иесі осы Кодекспен белгіленген талаптарды және міндеттерді сақтамаған жағдайда, лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұру себебін көрсете отырып алты айға дейінгі мерзімге орталық кеден органының шешімі бойынша т о қ т а т ы л а т ұ р у ы м ү м к і н .

2. Лицензияның қолданылуы кеден қоймасы иесінің дәлелді жүгінуі бойынша т о қ т а т ы л а т ұ р у ы м ү м к і н .

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді осындай шешімді негіздеумен бұйрық нысанында орталық кеден органы қабылдайды.

4. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда тауарларды кеден қоймасына қоюға рұқсат етілмейді. Кеден қоймасына лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін қойылған тауарлар басқа кеден қоймасына кеден бақылауына орналастырылуы немесе өзге кедендік режиммен орналастырылуы тиіс.

5. Лицензияның қолданылуы ол бойынша оның қолданылуы тоқтата тұрылған себепті жойғаннан кейін лицензияның қолданылуын жаңғырту туралы шешімді қабылдау күнінен бастап орталық кеден органының бұйрығымен жаңғыртылады.

149-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияларды кері  
қ а й т а р ы п а л у

1. Лицензияларды орталық кеден органы:

1) егер толық және дұрыс ақпарат берілген жағдайда оның белгіленген тәртіптің негізінде мәлімдеушіге берілуі мүмкін болмаса, ол дұрыс емес мәліметтердің негізінде б е р і л г е н ;

2) лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаған;

3) олар бойынша лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептер жойылмаған жағдайларда кері қайтарып алуы мүмкін.

2. Кері қайтарып алу туралы шешім осындай шешімнің негіздемесімен

бірге орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Лицензияны кері қайтарып алу кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

4. Лицензия кері қайтарылып алынған жағдайда кеден қоймасының иесі кері қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей лицензияның түпнұсқасын кеден органына қайтаруға міндетті.

5. Кеден қоймасын құруға арналған лицензия беру туралы қайталама өтініш кері қайтарып алу үшін негіздеме болған себептердің жойылуы шартымен лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім шығарылған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін қаралуы мүмкін.

150-бап. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Кеден қоймасын құруға арналған лицензия:

1) кеден қоймасын құруға арналған лицензия кері қайтарылып алынған;

2) кеден қоймасы иесінің кеден органына жазбаша өтініш ұсынуымен кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған;

3) кеден қоймасын құруға арналған лицензиясы бар заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда орталық кеден органының шешімі бойынша өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. Кеден қоймасын құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім мұндай шешімнің себептері көрсетіле отырып орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде кеден қоймасының иесі он бес күнтізбелік күннің ішінде лицензияны орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

4. Кеден қоймасының қызметін көрсету жөніндегі қызмет тоқтатылған жағдайда, лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін кеден қоймасы кедендік режимімен орналастырылған тауарлар осы Кодекстің 13-тарауында белгіленген тәртіппен басқа кеден қоймасына ауыстырылуы мүмкін не аталған тауарларға қатысты кеден қоймасы кедендік режимінің қолданылуы лицензияның

қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде тоқтатылуы тиіс.

5. Кеден органы құрған кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі

қызметтің тоқтатылуына байланысты тауарларды беру кезінде аталған кеден органы тауарларды сақтауға орналастырған тұлғаға іс-жүзінде сақталған мерзімнің тауарларды сақтауға орналастыру кезінде белгіленген мерзімге қатынасына байланысты сақтау үшін кедендік алымдардың бөленген сомаларының бір бөлігін қайтарып береді.

6. Кеден органы құрған кеден қоймасының қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтің тоқтатылуына байланысты тұлғада пайда болған шығыстарды кеден органы өтемейді.

151-бап. Кеден қоймасы кедендік режимінің шарттарын орындамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды кеден қоймасының кедендік режимімен орналастырған тұлға, ал кеден қоймасындағы тауарларға қатысты билік ету құқығын басқа тұлғаға берген жағдайда - осы тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлға кеден қоймасы кедендік режимінің шарттарын орындамағаны үшін жауаптылықта болады.

20-ТАРАУ. БАЖСЫЗ САУДА ДҮКЕНІ

152-бап. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимін тағайындау

1. Бажсыз сауда дүкені - Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген шетелдік тауарлар немесе қазақстандық тауардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, кейін мұндай тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету шартымен қорғау және әкімшілдендіру сипатындағы тарифтік емес реттеу шараларын қолдану және кедендік баждар, салықтар алынбастан тікелей бажсыз сауда дүкендерінде жеке тұлғаларға сатылатын кедендік режим.

2. Тауарларды бажсыз сауда дүкендерінде сату Қазақстан Республикасының кеден аумағында Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы кедендік пункттерінде өткізумен кедендік бақылаумен жүргізіледі.

3. Бажсыз сауда дүкенінің аумағында сауда операцияларын, сондай-ақ тауарларды сақтауды қамтамасыз ету және сатуға тауарларды дайындау (қаттаманы ашу, ыжыстан босату және басқалары) жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған орындар б о л у ы т и і с .

Осы мақсаттар үшін бажсыз сауда дүкенінің аумағында:

1) сауда залы (сауда залдары);

2) бажсыз сауда дүкенінің қоймасы (қоймалары) болуы тиіс.

Сауда залы және бажсыз сауда дүкенінің қоймасы тек бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимі талаптарының шеңберінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген орындарды өзге мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат етілмейді.

### 153-бап. Тауарларды бажсыз сауда дүкені режимімен орналастырудың ш а р т т а р ы

1. Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық айналымнан алынған тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өзге де тауарларды қоспағанда кез келген тауарлар бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимімен орналастырыла алады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында сату шектелген тауарлар бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимімен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың сақталуы шартымен сатылады.

3. Бажсыз сауда дүкенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін

пайдаланылатын тауарлар бажсыз сауда дүкені кедендік режимімен орналастыруға жатпайды.

154-бап. Тауарларды бажсыз сауда дүкенінде сату

1. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимімен орналастырылған тауарларды сату міндетті түрде бақылау-фискальдық жады бар кассалық машиналарды қолдану арқылы Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жол жүретін жеке тұлғаларға жүзеге асырылады.

2. Бажсыз сауда дүкенінде сатылатын тауарлардың кеден органымен келісілген арнайы таңбалауының болуы және сату үшін алдын ала орамдалған болуы тиіс.

155-бап. Бажсыз сауда дүкеніне түсетін және онда сатылатын тауарлар туралы есеп пен есептілік

1. Бажсыз сауда дүкенінің кедендік режимімен орналастырылған тауарлар бажсыз сауда дүкені иесінің міндетті есебін жүргізуіне жатады.

2. Бажсыз сауда дүкеніне түсетін және онда сатылатын тауарлардың есебін жүргізудің нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды. Бұл ретте, тауарлардың есебі

міндетті

түрде:

- 1) есеп кітабын;
- 2) кедендік есеп құжатын жүргізу арқылы жүргізіледі.

Жүктік кедендік декларация кедендік есеп құжаты болып табылуы мүмкін.

3. Бажсыз сауда дүкені иесінің есеп кітабын жүргізуіне қосымша есептің басқа да, оның ішінде автоматтандырылған жүйелерін пайдалануына рұқсат етіледі.

4. Кеден органы бажсыз сауда дүкенінің кеден органы сауда залдарындағы, қосалқы үй-жайларындағы және қоймасындағы тауарларды түгендеуді жүргізуге құқылы.

156-бап. Бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Бажсыз сауда дүкенін құру үшін арналатын үй-жай мынадай талаптарға сәйкес келуі:

1) дүкен иесінің меншігінде болуы немесе оларға үш жылдан кем емес мерзімге жалға берілуі;

2) сауда залы жеке тұлғалар бұл адамдар Қазақстан Республикасының

кедендік шекарасы арқылы жол жүрген кезде әкететін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу үшін белгіленген орыннан тысқары жерде болуы;

3) өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі;

4) санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс.

157-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензия

1. Бажсыз сауда дүкені оның иесі орталық кеден органының лицензиясын алғаннан кейін ашылады.

2. Осы тараумен реттелмеген лицензиялаумен байланысты қатынастар лицензиялау туралы заңнамамен реттеледі.

158-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттар

1. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензияны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) тұлғаның белгіленген нысан бойынша лицензия беру туралы өтініші;

2) тіркеу құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері;

3) өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкес келуін растайтын құжаттар;

4) лицензияны бергендігі үшін алымның төлегендігін растайтын құжаттар;

5) тиісті үй-жайларға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;

6) бажсыз сауда дүкені ретінде мәлімделетін үй-жайлардың жоспарлары, сызбалары.

2. Осы баптың 1-тармағының 5), 6)-тармақшаларында белгіленген өтініште және құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, лицензиат кеден органын тиісті өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей х а б а р д а р е т е д і .

159-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензияның қолданылуын т о қ т а т а т ұ р у

1. Бажсыз сауда дүкені иесінің өз міндеттемелерін және бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын талаптарды орындамау жағдайына лицензия қызметі тоқтата тұру себебін көрсете отырып алты айға дейінгі мерзімге орталық кеден органының шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қызметін тоқтата тұру туралы шешімді осындай шешімді негіздеумен басшының бұйрығы түрінде орталық кеден органы қабылдайды.

3. Лицензия қызметі тиісті шешімді қабылдау күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Лицензияның қызметін тоқтата тұру кезінде тауарлардың үй-жайы бажсыз сауда дүкенінің кеден режиміне жол берілмейді. Лицензияның қызметін тоқтата тұруға дейін бажсыз сауда дүкенінің кеден режиміне орналастырылған тауарлар өзге кеден режиміне орналастырылуы тиіс.

4. Лицензияның қызметі ол бойынша оның қызметі тоқтатыла тұрған себептерді жойғаннан кейін лицензияны жаңғырту туралы шешімді қабылдау күнінен бастап орталық кеден органы басшысының бұйрығымен жаңғыртылады.

160-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензияны қайтарып алу

1. Лицензияны мына жағдайларда орталық кеден органы қайтарып алуы мүмкін:

1) егер толық және рас ақпаратты беру кезінде ол белгіленген тәртіп

негізінде өтініш берушіге ол берілмейтін, рас емес мәлімет негізінде ол берілген жағдайда;

2) лицензиядағы талаптарды лицензиаттың орындамауы;

3) ол бойынша лицензияның қызметі бұрын тоқтатыла тұрған себептерді жою.



2. Қайтарып алу туралы шешім осындай шешімді негіздеумен орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Лицензияны қайтарып алу қайтарып алу туралы шешімді қабылдау күнінен бастап қолданылады.

4. Лицензияны қайтарып алу кезінде бажсыз сауда дүкенінің иесі қайтарып алу туралы шешімді алу күнінен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей бажсыз сауда дүкенінің иесі лицензияны орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

5. Бажсыз сауда дүкенін құруға лицензияны беру туралы қайталама өтініш оны қайтарып алу үшін негіздеме болып қызмет ететін себептерді жою кезінде лицензияны қайтарып алу туралы шешімді шығару күнінен бастап екі жылдың аяқталуы бойынша қаралуы мүмкін.

#### 161-бап. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензияның қызметін тоқтату

1. Бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензия мына жағдайларда орталық кеден органының шешімі бойынша ез қызметін тоқтатады:

1) лицензияны қайтарып алу;

2) бажсыз сауда дүкені иесінің жазбаша өтінішін орталық кеден органына берумен бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату;

3) бажсыз сауда дүкенін құруға арналған лицензиясы бар заңды тұлғаны қайта құру немесе тарату.

2. Бажсыз сауда дүкенін құруға лицензияның қызметін тоқтату туралы шешім осындай тоқтатудың себебін көрсете отырып орталық кеден органы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3. Бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату, заңды тұлғаны қайта құру немесе тарату кезінде бажсыз сауда дүкенінің иесі он бес күндік мерзімде орталық кеден органына лицензияны қайтаруға міндетті.

4. Лицензияның қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдауға дейін бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату кезінде лицензияның қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдау күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде өзге кеден режиміне орналастыруға жатады.

5. Бажсыз сауда дүкенінің иесі бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату туралы хабарламаны алу күнінен бастап үш күндік мерзімде осы Кодекстің 154-бабымен көзделген тәртіпте қоймада орналасқан тауарлар туралы есепті кеден органына беруге міндетті.

6. Бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату кезінде кеден органы жеті күндік мерзімнен кешіктірмей тауарларды түгендеуді жүргізеді.

162-бап. Бажсыз сауда дүкені иесінің міндеттері мен жауаптылығы

1. Бажсыз сауда дүкенінің иесі:

1) бажсыз сауда дүкенінің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтауға;  
2) бажсыз сауда дүкенінің үй-жайында орналасқан тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде, кеден бақылауынан басқа бажсыз сауда дүкенінің кедендік режиміне орналастырылған тауарларды алып қоюдың мүмкіндігін болдырмау;

3) қоймаларда, қосалқы үй-жайларда орналасқан тауарларға бөгде тұлғалардың енуін болдырмау;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге кететін жеке тұлғаларға ғана сауда залдарына енуді қамтамасыз ету;

5) түсетін және сатылатын тауарлардың есебін жүргізуге және олар туралы кеден органдарына осы Кодекстің 155-бабында белгіленген тәртіппен есептілік ұсынуға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

2. Бажсыз сауда дүкенінің иесі шетелдік тауарларды жоғалтқан не осы тарауда белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес бажсыз сауда дүкенінде сатудың орнына оларды өзге мақсаттарға пайдаланған жағдайда, кедендік төлемдер мен салықтардың төлемеуі үшін жауаптылықта болады.

21-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕН АУМАҒЫНДА ҚАЙТА ӨНДЕУ

163-бап. Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік режимін тағайындау

1. Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеу - Қазақстан Республикасының кеден аумағында шетелдік тауарларды тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, кейін қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету арқылы кедендік баждар мен салықтарды өндіріп алуға пайдалануға арналған кедендік режим.

2. Осы тараумен белгіленген жағдайларда кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастырылған шетел тауарларын қазақстандық тауарлармен ауыстыруға жол беріледі.

164-бап. Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік режимімен

1. Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің кедендік режимімен тауарларды орналастыру :

1) уәкілетті мемлекеттік органның осы Кодекстің 168-бабында белгіленген тәртіппен кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысының ұсынылуы. Егер қайта өңдеудің мақсаты жөндеу болып табылса көрсетілген қорытындыны ұсыну талап етілмейді;

2) кедендік режим осы Кодекстің 171-бабына сәйкес шетелдіктерге балама тауарларды қайта өңдеудің нәтижесінде алынған қайта өңдеу өнімдерін әкетумен аяқталатын жағдайды қоспағанда, кеден органдарының қайта өңдеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірегейлендіруі шартымен рұқсат етіледі.

Егер тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша қайта өңдеудің кеден режиміне орналастыруға тыйым салынса, кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимін пайдалануға жол берілмейді.

3. Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимі осы Кодекстің 400-бабына сәйкес декларант ретінде көрінуі мүмкін тұлға жариялауы мүмкін.

4. Шетел тауарларын қайта өңдеу бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде қазақстандық тауарлар пайдаланылуы мүмкін.

165-бап. Қайта өңдеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірегейлендіру

1. Әкелінген тауарларды қайта өңдеу фактісін белгілеу мақсатында мынадай тәсілдердің біреуін пайдалана отырып қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірегейлендіру жүргізіледі:

1) уәкілетті орган берген қорытындыда көрсетілмеген тауарлардың өндірістік процесінде пайдалануды болдырмау мақсатында айқындалған технологиялық операцияларды орындайтын технологиялық желілердің телімдері, қойма үй-жайларында пломб түрінде кеден қамтамасыз етуін салу;

2) декларанттың, қайта өңдеушінің немесе кеден органдарының лауазымды тұлғаларының қайта өңдеуге арналған шығыс шетел және/немесе қазақстандық тауарлардың мөрді, мөртаңбаны, сандық және басқа да таңбалауды беруі;

3) өндірісте пайдаланылатын шикізат, материалдар және жинақтаушылар туралы мәліметті қоса қайта өңдеуге арналған тауарларды суреттеу;

4) қайта өңдеу үшін тауарлар масштабында суретке түсіру, бейнелеу;

5) қайта өңдеу өнімдері тауарларының алынған сынамасын, үлгілерін алдын-ала салыстыру ;

6) зауыт нөмірлері түріндегі (мысалы, қозғалтқыштар, шанақ бөлшектері және басқалары) тауарларды бар таңбалауды пайдалану.

2. Қайта өңдеу өнімдеріндегі тауарларды бірегейлендіру талап етілмейді, егер:  
1) қайта өңдеу үшін өндірістің тоқтаусыз циклына қатысты технологиялық процесс п а й д а л а н а д ы ;

2) қайта өңдеуші Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеудің сәйкес өнімдерін өндіруді болдырмайтын, бірегей технологиялық процесс пайдаланылады.

Көрсетілген технологиялық процестердің тізбесін тиісті уәкілетті мемлекеттік орган а й қ ы н д а й д ы .

#### 166-бап. Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар

Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар:

1) бірегейлендіру қайта өңдеудің міндетті шарты болып табылатын кезде шетел тауарлары қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірегейлендіруге мүмкіндік беретін қайта өңдеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын тауарларды өңдеуді немесе қайта өңдеуді;

2) оның кезінде әкелінетін тауарлардың негізгі сипаттамасы сақталатын монтаждауды, жинауды және айдауды қоса алғанда, тауарларды дайындауды;

3) оны қалпына келтіру тәртіпке келтіру, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда тауарды ж ө н д е у д і ;

4) қайта өңдеу процесінде егер тіптен бұл тауарлар толық немесе ішінара тұтынылса, өнімдер өндірісін қайта өңдеуге жәрдем ететін немесе оны жеңілдететін тауарлар шикізаты ретінде пайдалануды қамтиды. Аталған операция осы баптың 1)-3)-тармақшаларында көрсетілгендердің бірімен бір уақытта орындалуы тиіс.

#### 167-бап. Кеден аумағына тауарларды қайта өңдеудің мерзімдері

1. Кеден аумағына тауарларды қайта өңдеу осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын, бірақ кеден режиміне тауарларды орналастыру күнінен бастап үш жылдан астам емес мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өңдеу мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды және:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеуге әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін қажетті уақытты;

2) тауарларды қайта өңдеудің өндірістік процесінің ұзақтығын;

3) қайта өңдеу өнімдерін нақты әкету үшін қажетті уақытты қамтиды.

3. Үш жыл шегінде тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант бақылауды жүзеге асырушы кеден органына қайта өңдеу мерзімінің аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей қайта өңдеу мерзімін ұлғайтудың орындылығы туралы уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысын қосымшамен осындай ұзартудың қажеттілігі туралы өтінішті береді.

4. Қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алу күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайды.

5. Егер, мерзімді мұндай ұзартуды уәкілетті орган орынсыз деп таныған жағдайда, сондай-ақ декларант кедендік ережелерді бұзған жағдайда, қайта өңдеудің мерзімін ұзартудан бас тартылуы мүмкін.

6. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі жазбаша үлгіде өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

7. Қайта өңдеу мерзімін ұзартудан бас тарту жағдайында кеден аумағына қайта өңдеудің кеден режиміне орналастырылған тауарлар өзге кедендік режимге өтініш беруге жатады.

168-бап. Уәкілетті органның тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысы

1. Уәкілетті органның қорытындысын алу үшін декларант уәкілетті органға:

- 1) жазбаша өтінішті;
- 2) мемлекеттік тіркеу туралы нотариальды расталған куәліктің көшірмесін;
- 3) тауарлар қайта өңдеу мақсаты үшін әкелінетінін куәландыратын қайта өңдеуге шартты (келісім-шарт);
- 4) қайта өңдеуді жүзеге асыратын тұлғамен келісім-шартты;

5) жылдық өндіріс көлемдерін, қайта өңдеуге жоспарланған өнім көлемдерін, тауарларды қайта өңдеу құны мен олардың бағасы есебімен қайта өңдеу өнімдерін қайтаруға жағдайларды, сондай-ақ қызмет ететін технологиялық құжаттаманы көрсете отырып қайта өңдеу режимінің техникалық-экономикалық негіздемесін;

б) уәкілетті орган айқындайтын өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның қорытындысын алу үшін қажетті құжаттарды ұсыну, сондай-ақ аталған қорытындыны беру уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті органның қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) тауарлар мен қайта өңдеу өнімдерінің Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес атауы, жіктемесі, олардың мөлшері және құны;
- 2) қайта өңдеуге шарттың (келісім-шарттың) күні мен нөмірі,

тауарларды қайта өңдеудің өндірістік процесінің мерзімі;

3) қайта өңдеу өнімінің шығу нормасы;

4) қайта өңдеу сипаты;

5) бірегейлендіру тәсілдері;

6) қайта өңдеуді жүзеге асыратын декларант және тұлға туралы мәліметтер;

7) қалдықтар мен артық қалғандарды пайдалану мүмкіндігі.

Оларды әкетуге тарифтік емес реттеу шаралары және (немесе) кеден баждары қолданылатын қазақстандық тауарларды пайдалану жағдайында уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды кеден аумағында қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысында олардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес атаулары, тауарлардың жіктемесі, саны және құны көрсетілуі

т и і с .

Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындының нысанын тиісті уәкілетті органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

#### 169-бап. Қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасы

1. Шығу нормасы деп - абсолюттік мәндегі немесе проценттік қатынастағы қайта өңдеу процесінде пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процестерге сәйкес алынатын қайта өңдеу өнімдерінің саны.

2. Әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеу нәтижесінде қалыптасатын қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасын айқындау уәкілетті орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады.

#### 170-бап. Қайта өңдеу нәтижесінде алынған қалдықтар мен артық қалғандар

Қайта өңдеу нәтижесінде құралған артық қалғандар мен қайта өңделмеген әкелінген шетел тауарларының қалдықтары көрсетілген қалдықтар мен артық қалғандар оларды одан кейінгі пайдалану үшін жарамсыз болған жағдайды қоспағанда өзге кеден режиміне орналасуға жатады.

#### 171 - б а п . Балама тауарлар

1. Орталық кеден органының рұқсатымен тұлғаның дәлелді сұрау салуы бойынша кеден аумағына қайта өңдеуге кеден режиміне орналастырылған шетел тауарларын балама тауарлармен ауыстыруға жол беріледі.

2. Балама тауарлар ретінде өзінің сипаты, сапасы және техникалық сипаттамалары бойынша шетел тауарларымен сәйкес келетін қазақстандық тауарлар түсініледі.

3. Баламалы тауарларды қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдер осы тараудың ережелеріне сәйкес шетел тауарларын қайта өңдеу өнімдері ретінде қаралады.

4. Баламалы тауарлар шетел тауарларының мәртебесін, ал оларды ауыстырған тауарлар - қазақстандық тауарлар мәртебесін алады.

#### 172-бап. Тауарларды кеден аумағында қайта өңдеу кезінде тауарларды кедендік бақылаудың ерекшеліктері

1. Кеден аумағына тауарларды қайта өңдеудің кеден режиміне қолданғаны үшін бақылауды оның қызметі кеден аумағына тауарлар қайта өңдеу жүзеге асырылатын аймағында кеден органы жүзеге асырады.

2. Кеден аумағына тауарларды қайта өңдеудің кеден режиміне тауарларды орналастырған тұлға қайта өңдеу мерзімінің аяқталу күнінен бастап жиырма күнтізбелік күннің ішінде кеден органына кеден аумағына тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін пайдалану туралы толық есеп беруге міндетті. Есеп беру нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

3. Қайта өңдеу өнімдерін дайындау кезінде өндірістік процесс нәтижесінде құралатын өндірістік шығындар кедендік ресімдеуге жатпайды.

#### 173-бап. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің қызметін тоқтату

Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету әкелінген тауарларды немесе қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге нақты әкетуді растау шартымен осы Кодекстің 167-бабына сәйкес белгіленген қайта өңдеу мерзімдерінің аяқталуынан кешіктірмей қайта өңдеу үшін әкелінген тауарларды қайта экспорттау немесе қайта өңдеу өнімдерін әкету кезінде өз қызметін тоқтатады.

#### 174-бап. Қайта өңдеу өнімдеріне кедендік баждарды, салықтарды және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

Шетел тауарларын қайта өңдеу өнімдері әкетілетін кеден баждарынан босатылады. Көрсетілген өніммен тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

Еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне қайта өңдеу өнімдерін орналастыру жағдайында кеден баждары мен салықтар, сондай-ақ, тарифтік емес реттеу шаралары қайта өңдеу өнімдеріне қолданылмайды.

## 175-бап. Кеден аумағына қайта өңдеудің кеден режимін аяқтау

1. Осы Кодекстің 167-бабына сәйкес белгіленген кеден аумағына қайта өңдеу мерзімінің аяқталу күнінен кешіктірмей қайта өңдеу өнімдері Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі немесе өзге кеден режиміне мәлімделуі тиіс.

2. Қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілетін кедендік ресімдеу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Егер қайта өңдеу өнімдері бірнеше партиялармен кеден аумағынан тысқары әкетілсе, қайта өңдеу өнімдерінің санына сәйкестігін түпкілікті салыстыра тексеру қайта өңдеу өнімдерін әкетуден кейін мезгіл-мезгіл, бірақ бір айда үш реттен кем емес және тауарлардың соңғы партиясын әкету күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізілуі мүмкін.

4. Кедендік режимге тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимінде

мәлімделген шетелдік тауарлар, оның ішінде оларды қайта өңдеу өнімдері осы режимнің талаптарын сақтау кезінде өзге кедендік режимге орналастырылуы мүмкін. Көрсетілген кедендік режимнің қызмет ету мерзіміне кеден аумағына тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимінің қызметі осы Кодекске сәйкес аяқталады.

176-бап. Кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастырған тұлға кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

## 22-ТАРАУ. ЕРКІН АЙНАЛЫМ ҮШІН ТАУАРЛАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ

177-бап. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимін тағайындау

Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеу - шетел тауарлары еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне қайта өңдеу өнімдерін одан кейінгі орналастырумен тарифтік емес реттеу шараларын қолдану және кеден баждарын, салықтарды алмастан кеден бақылауымен кеден аумағына қайта өңдеу бойынша операциялар ұшырайды.

178-бап. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кеден режиміне



## тауарларды орналастырудың шарты

1. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кеден режиміне тауарларды орналастыруға :

1) осы Кодекстің 181-бабымен белгіленген тәртіпте еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің орындылығы туралы уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысын беру ;

2) кеден органдарының қайта өңдеу өнімдеріндегі шетелдік тауарларды бірегейлендіру ;

3) кедендік бақылаудан басқа, қайта өңдеу өнімдерін және тауарларды алып қою мүмкін еместігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, кеден заңнамасы талаптарын орындауды қамтамасыз ету, кеден бақылауын жүзеге асыру үшін жағдай жасау, тауарларға кеден органдарының енуін қамтамасыз ету, тауарларды есепке алу және олармен операцияларды жүргізу, сондай-ақ есептілік беру;

4) экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы жағдайдағы қайта өңдеу өнімдерін қалпына келтірудің мүмкін еместігі шарттарымен рұқсат етіледі.

2. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимі осы Кодекстің 401-бабына сәйкес декларант ретінде көрінуі мүмкін тұлға мәлімдеуі мүмкін.

3. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне өзге кеден режимдеріне бұрын орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізбесін айқындайды .

### 179-бап. Қайта өңдеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірегейлендіру

1. Әкелінген тауарларды қайта өңдеу фактісін белгілеу мақсатында мынадай тәсілдердің бірін немесе бірнешеуін пайдаланумен қайта өңдеу өнімдеріндегі шетел тауарларын бірегейлендіру жүргізіледі:

1) уәкілетті мемлекеттік орган берген қорытындыда көрсетілмеген тауарлардың өндірістік процесте пайдалануды болдырмау мақсатында белгілі технологиялық операцияларды орындайтын қойма үй-жайларында, технологиялық желілердің телімдерінде пломб түрінде кедендік қамтамасыз етуді салу;

2) декларанттың, қайта өңдеушінің немесе кеден органы лауазымды тұлғасының қайта өңдеуге арналған асығыс шетелдік және қазақстандық тауарларға мөрлерді, мөртаңбаларды, сандық және басқа таңбалауды беруі;

3) өндірісте пайдаланылатын шикізат, материалдар және жинақтаушылар туралы мәліметті қоса қайта өңдеуге арналған тауарларды суреттеу;

4) қайта өңдеуге тауарлар масштабындағы суретке түсіру, бейнелеу;

5) қайта өңдеу өнімдерімен алдын-ала алынған сынама, үлгілерді салыстыру;  
6) зауыт нөмірлері түріндегі (мысалы, қозғалтқыштар, шанақтың бөлшектері және басқалары) бар тауарлар таңбалауын пайдалану.

2. Егер, қайта өңдеу өнімдерінде тауарларды бірегейлендіру талап етілмесе:

1) қайта өңдеу үшін өндірістің тоқтаусыз циклына қатысты технологиялық процесс п а й д а л а н ы л а д ы ;

2) қайта өңдеуші Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеуге ұқсас өнімдер өндірісін болдырмайтын бірегей технологиялық процесті пайдаланады.

Көрсетілген технологиялық процестердің тізбесін тиісті уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы .

180-бап. Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар

Тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар:

1) бірегейлендіру қайта өңдеудің міндетті шарты болып табылатын кезде шетел тауарлары қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірегейлендіруге мүмкіндік беретін қайта өңдеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын тауарларды өңдеуді немесе қайта өңдеуді;

2) оның кезінде әкелінетін тауарлардың негізгі сипаттамасы сақталатын монтаждауды, жинауды және айдауды қоса алғанда, тауарларды дайындауды;

3) қайта өңдеу процесінде егер тіптен бұл тауарлар толық немесе ішінара тұтынылса, өнімдер өндірісін қайта өңдеуге жәрдем ететін немесе оны жеңілдететін тауарлар шикізаты ретінде пайдалануды қамтиды. Аталған операция осы баптың 1), 2) тармақшаларында көрсетілгендердің бірімен бір уақытта орындалуы тиіс.

181-бап. Уәкілетті органның тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысы

1. Уәкілетті органның тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысын алу үшін декларант уәкілетті мемлекеттік органға:

1 ) ж а з б а ш а ө т і н і ш т і ;

2) құрылтай және тіркеу құжаттарының нотариальды расталған көшірмелері;

3) тауарлар қайта өңдеу мақсаты үшін әкелетінін қуәландыратын қайта өңдеуге ш а р т т ы ( к е л і с і м - ш а р т ) ;

4) қайта өңдеуге жоспарланатын өнім көлемдерін, өндіріс көлемдерін, тауарлардың қайта өңдеу құнын және олардың бағасының есебімен қайта өңдеу өнімдерін қайтару шартын көрсете отырып қайта өңдеу режимінің техникалық-экономикалық н е г і з д е м е с і н ;

5) уәкілетті органдар белгілейтін өзге де мәліметтерді және

құжаттарды ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның қорытындысын алу үшін қажетті құжаттарды ұсыну, сондай-ақ аталған қорытындыны беру уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті органның қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) тауарлар мен қайта өңдеу өнімдерінің Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес атауы, жіктемесі, олардың мөлшері және құны;

2) қайта өңдеуге шарттың (келісім-шарттың) күні мен нөмірі, қайта өңдеудің мерзімі;

3) қайта өңдеу өнімінің шығу нормасы;

4) қайта өңдеу сипаты;

5) бірегейлендіру тәсілдері;

6) қайта өңдеуді жүзеге асыратын декларант және тұлға туралы мәліметтер.

Тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындының нысанын тиісті уәкілетті органмен келісім бойынша орталық кеден о р г а н ы б е л г і л е й д і .

3. Уәкілетті органның қорытындысы осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беріледі.

#### 182-бап. Қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасы

1. Шығу нормасы деп абсолюттік мәндегі немесе проценттік қатынастағы қайта өңдеу процесінде пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процеске сәйкес алынатын қайта өңдеу өнімдерінің саны түсініледі.

2. Тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеудің нәтижесінде пайда болған қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасын айқындау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

#### 183-бап. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің мерзімі

1. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеу осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын, бірақ кеден режиміне тауарларды орналастыру күнінен бастап бір жылдан астам емес мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өңдеу мерзімін кеден органы айқындайды және:

1) еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеуге әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуге қажетті уақытты;

2) уәкілетті орган белгілеген тауарларды қайта өңдеудің өндірістік процесінің ұзақтылығын;

3) еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне қайта өңдеу өнімдерін орналастыруға қажетті уақытты қамтиды.

3. Бір жыл шегінде тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант қайта өңдеу мерзімінің аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттардың қосымшасымен осындай ұзартудың қажеттілігі туралы өтінішті береді.

4. Қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алу күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайды.

5. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі жазбаша нысанда өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

6. Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кеден режиміне орналастырылған тауарлар қайта өңдеу мерзімін ұлғайтуда бас тарту жағдайында өзге кеден режиміне өтініш беруге жатады, ал қайта өңдеудің алынған өнімдері еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне орналастыруға жатады.

184-бап. Қайта өңдеу нәтижесінде алынған қалдықтар мен артық қалғандар

Ұқсатылмаған шетелдік тауарлардың қалдықтары, сондай-ақ, қайта өңдеу нәтижесінде құралған артық қалғандар көрсетілген қалдықтар мен артық қалғандар оларды одан кейінгі пайдалануға жарамсыз жағдайда ұқсатылған кездегі жағдайды қоспағанда бұл жағдайда Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген шетел тауарлары ретінде кедендік бақылауға және кедендік ресімдеуге жатады.

185-бап. Еркін айналым үшін қайта өңдеудің кедендік режимін аяқтау

Еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимі еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне қайта өңдеу өнімдерін орналастырумен аяқталады. Қайта өңдеу өнімдерін еркін айналым үшін шығару кезінде кедендік баждар, салықтар қайта өңдеу өнімдеріне қолданылатын ставкаларды ескеріп есептеледі. Қайта өңдеу өнімдерінің құны мен мөлшері еркін айналым үшін шығарудың кедендік режиміне олардың өтініш беру күніне айқындалады.

186-бап. Тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеу кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда,

тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне еркін айналым үшін орналастырған тұлға кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

## 23-ТАРАУ. КЕДЕН АУМАҒЫНАН ТЫС ТАУАРЛАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ

### 187-бап. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимін тағайындау

Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу - тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан кеден баждары мен салықтарынан толық немесе ішінара босатумен Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеу өнімдерін одан кейінгі әкелу және оларды қайта өңдеу мақсатымен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қазақстандық тауарларды пайдалануға және әкелуге арналған кедендік режим.

Осы тараумен белгіленген жағдайларда кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсатудың кеден режиміне орналастырылған қазақстандық тауарларды қайта өңдеу өнімдерін шетелдік тауарлармен ауыстыруға жол беріледі.

### 188-бап. Кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режиміне тауарларды орналастыру шарты

1. Кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режиміне тауарларды орналастыруға мына шарттар кезінде жол беріледі:

1) осы Кодекстің 191-бабымен айқындалған тәртіпте кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің орындылығы туралы уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысын беру.

Көрсетілген қорытындыны беру егер, қайта өңдеу мақсаты жөндеу болып табылса  
т а л а п е т і л м е й д і ;

2) осы Кодекстің 195-бабымен көзделген жағдайларды қоспағанда осы Кодекстің 193-194-баптарына сәйкес кеден органдарының қайта өңдеу өнімдеріндегі қазақстандық тауарларды бірегейлендіру;

3) әкетілетін кеден баждарын төлеуді қамтамасыз ету.

2. Кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режимі осы Кодекстің 400-бабына сәйкес декларант ретінде көрінуі мүмкін тұлға мәлімдеуі мүмкін.

3. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимі:

1) белгіленген шектеулерді, талаптарды немесе шарттарды міндетті сақтаумен ұштасқан кеден баждары немесе салықтардан босатумен еркін айналымға бұрын шығарылған тауарлар үшін - жөндеуге тауарларды әкетуді қоспағанда осындай шектеулер қызметі мерзімінің аяқталуына дейін;

2) егер тауарлар сатып алу-сату келісім-шарты бойынша қайта өңдеуге әкетілсе;

3) егер осы Кодекстің 193-194-баптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда,

қайта өңдеу өнімдері әкетілген тауарларды қайта өңдеу нәтижесінде құралғандығын анықтау мүмкін болмаса, пайдаланылмайды.

189-бап. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу бойынша  
о п е р а ц и я л а р

1. Тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар:

1) бірегейлендіру қайта өңдеудің міндетті шарты болып табылатын кезде шетел тауарлары қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірегейлендіруге мүмкіндік беретін қайта өңдеу өнімдеріндегі сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын тауарларды өңдеуді немесе қайта өңдеуді;

2) әкелінген тауарлардың негізгі сипаты сақталатын кездегі монтаждауды, жинауды және ыңғайлап қоюды қоса алғанда басқа тауарды дайындауды (өңдеу);

3) қайта өңдеу үшін бұзылған немесе тозған тауарларды ауыстыру немесе қалпына келтіру болатын кездегі оны қалпына келтіруді қоса алғанда тауарды жөндеу, рекламация бойынша ақауды жоюды қамтиды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу бойынша жекелеген операцияларға шектеулер белгілеуге қ ұ қ ы л ы .

190-бап. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің мерзімі

1. Кеден аумағынан тыс тауарларды өңдеу осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын, бірақ кеден режиміне тауарларды орналастырудың күнінен бастап екі жылдан кем емес мерзімде жүргізіледі.

2. Қайта өңдеу мерзімін кеден органы айқындайды және:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеуге қажетті уақытты;

2) уәкілетті орган белгілейтін тауарларды қайта өңдеудің өндірістік процесінің ұ з а қ т ы ғ ы н ;

3) Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеу өнімдерін нақты әкелу үшін қ а ж е т у а қ ы т т ы қ а м т и д ы .

3. Екі жыл шегінде тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы мәселені шешу үшін декларант қайта өңдеу мерзімінің аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттардың қосымшасымен осындай ұзартудың қажеттілігі туралы ө т і н і ш т і б е р е д і .

4. Қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы өтінішті қарау мерзімі өтінішті алу күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайды.

5. Тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұлғайту туралы кеден органының шешімі

жазбаша нысанда өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

6. Қайта өңдеу мерзімін ұлғайтуға бас тарту жағдайында кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар өзге кеден режиміне өтініш беруге жатады.

191-бап. Уәкілетті органның тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысы

1. Уәкілетті органның тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеудің орындылығы туралы қорытындысын алу үшін декларант уәкілетті органға:

1) жазбаша өтінішті;

2) мемлекеттік тіркеу туралы нотариальды расталған куәліктің көшірмесін;

3) тауарлар қайта өңдеу мақсаты үшін әкелетінін куәландыратын қайта өңдеуге арналған шартты (келісім-шарт);

4) қайта өңдеуді жүзеге асыратын тұлғамен келісім-шартты;

5) қайта өңдеуге жоспарланатын өнім көлемдерін, жылдық өндіріс көлемдерін, тауарлардың қайта өңдеу құнын және олардың бағасының есебімен қайта өңдеу өнімдерін қайтару шартын, сондай-ақ, қызмет ететін технологиялық құжаттаманы көрсете отырып қайта өңдеу режимінің техникалық-экономикалық негіздемесін;

б) уәкілетті орган айқындайтын өзге де мәліметтер мен құжаттарды

ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның қорытындысын алу үшін қажетті құжаттарды ұсыну, сондай-ақ аталған қорытындыны беру уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті органның қорытындысында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) тауарлар мен қайта өңдеу өнімдерінің Сыртқа экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес атауы, жіктемесі, олардың мөлшері және құны;

2) қайта өңдеуге арналған шарттың (келісім-шарттың) күні мен нөмірі, қайта өңдеудің мерзімі;

3) қайта өңдеу өнімінің шығу нормасы;

4) қайта өңдеудің сипаты;

5) бірегейлендірудің тәсілдері;

б) қайта өңдеуді жүзеге асыратын декларант және тұлға туралы мәліметтер.

Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің орындылығы туралы

қорытындының нысанын тиісті уәкілетті органмен келісім бойынша орталық кеден  
о р г а н ы б е л г і л е й д і .

#### 192-бап. Қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасы

1. Шығу нормасы деп абсолюттік мәндегі немесе проценттік қатынастағы қайта өңдеу процесінде пайдаланылатын тауарлар санының бір бірлігінен өндірістік процеске сәйкес алынатын қайта өңдеу өнімдерінің саны түсініледі.

2. Әкетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің нәтижесінде пайда болған қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормасын айқындау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 193-бап. Шетел тауарларымен қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру

Егер олар қайта өңдеу өнімдерімен өз сипаттауы, сапасы және техникалық сипаты бойынша сәйкес келсе, орталық кеден органының рұқсатымен тұлғаның дәлелді сұрау салуы бойынша шетел тауарларымен қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға жол беріледі.

#### 194-бап. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режимінде тауарларды жөндеу кезіндегі қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру тәртібі

1. Тауарларды жөндеу кезінде қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға қайта өңдеу өнімдерін ауыстыратын тауарлар кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне сәйкес жөндеуге арналған тауарларға қатынасы бойынша ұқсас немесе біртекті болып табылатын жағдайы кезінде жол беріледі. Бұл ретте, ауыстыратын тауарлар жаңа да бұрын пайдалануда болған да болуы мүмкін.

2. Мұндай жөндеу бастапқы өнімнен біраз айырмашылықтағы алынған өнімге сипат беретін кезде тауарларды жөндеу кезіндегі қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға жол б е р і л м е й д і .

3. Тауарларды жөндеу кезінде қайта өңдеу өнімдерін ауыстыру үшін негіз тауарларды жөндеуді жүзеге асыратын тұлғаның тиісті кепіл міндеттемелері мен шарт ( келісім-шарт) ережелері болып табылады.

#### 195-бап. Қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларды бірегейлендіру

1. Әкелінген тауарларды қайта өңдеу фактісін белгілеу мақсатында мынадай тәсілдердің бірін немесе бірнешеуін пайдаланумен қайта өңдеу өнімдеріндегі әкелінген тауарларға бірегейлендіру жүргізіледі:



1) декларанттың, қайта өңдеушінің немесе кеден органы лауазымды тұлғасының қайта өңдеуге әкетілетін шығыс тауарларға мөрлерді, мөртаңбаларды, сандық және басқа таңбалауды беруі;

2) қайта өңдеуге арналған тауарларды суреттеу;

3) қайта өңдеуге тауарлар масштабындағы суретке түсіру, бейнелеу;

4) қайта өңдеу өнімдерімен алдын-ала алынған сынама, үлгілерді салыстыру;

5) зауыт нөмірлері түріндегі (мысалы, қозғалтқыштар, шанақтың бөлшектері және басқалары) бар тауарлар таңбалауын пайдалану.

2. Егер, қайта өңдеу үшін өндірістің тоқтаусыз циклдарына жататын технологиялық процесс пайдаланылса қайта өңдеу өнімдеріндегі тауарларды бірегейлендіру талап етілмейді.

196-бап. Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу кеден режимімен орналастыруға тыйым салынатын тауарлар

Қайта өңдеудің нәтижесінде қайта өңдеу өнімдері ретінде:

Сыртқы экономикалық тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 2203-2206, 2208 болып жіктелетін алкогольдік ішімдіктерді;

Сыртқы экономикалық тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 2402-2403 болып жіктелетін темекі өнімдерін;

Сыртқы экономикалық тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 42 болып жіктелетін табиғи теріден жасалған бұйымдарды;

Сыртқы экономикалық тауар номенклатурасы бойынша тауарлық позицияларда 7113-7116 болып жіктелетін зергерлік бұйымдар, алтын және күміс істері зергерінің бұйымдарын тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кеден режимімен орналастыруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режимімен орналастыруға тыйым салынатын тауарлардың қосымша тізімін белгілеуге құқылы.

197-бап. Кеден баждарын, салықтарды қолдану

Кеден баждары мен салықтарын төлеуден толық босату егер, қайта өңдеу мақсаты әкетілген тауарлардың кепілді (өтеусіз) жөндеуі болса, қайта өңдеу өнімдеріне қатысты беріледі.

Кеден баждары мен салықтарын төлеуден жартылай босату егер, әкетілген тауардың өтеулі жөндеуі кезінде немесе қайта өңдеу бойынша басқа да операцияларды жүзеге асыру кезінде беріледі.

Есеп айырысу кезінде кедендік баждар мен салықтардың адвалорлық ставкалары

қолданылған жағдайда әкелінген қайта өңдеу өнімдері бойынша кедендік құнды айқындау үшін негіздеме ретінде тауарларды қайта өңдеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құны қабылданады.

Кедендік баждар мен салықтардың арнайы ставкаларын қолдану кезінде

тауарларды қайта өңдеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құнына пропорционалды болатын өлшеу бірліктерінде көрінетін қайта өңдеу өнімдерінің мөлшері есеп айырысу үшін негіздеме болып табылады.

Кедендік баждар мен салықтардың сомасы қайта өңдеу өнімдеріне қолданылатын кедендік баждар мен салықтардың ставкаларына сүйене отырып айқындалады.

198-бап. Әкелулік кедендік баждарды төлеуді қамтамасыз етудің қызметін тоқтату

1. Осы Кодекс ережелерінің сақталуы шартымен кеден баждары мен салықтарды қамтамасыз ету қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу кезінде өз қызметін тоқтатады.

2. Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеу өнімдерін қайтармау кезінде әкетілетін кеден баждары жалпы белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

199-бап. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу кезінде тауарларды кедендік бақылаудың ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін қолданғаны үшін бақылауды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу үшін тауарларды әкетудің кедендік ресімін жүзеге асырған кеден органы жүзеге асырады.

2. Кеден бақылауын жүзеге асыру мақсатында кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін қолданғаны үшін бақылауды жүзеге асыратын кеден органы Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін қолдануға қатысты барлық материалдар мен құжаттар тігілетін істі қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

3. Қайта өңдеу мерзімінің аяқталуынан бастап он күнтізбелік күн ішінде кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кеден режиміне тауарларды орналастырған тұлға кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін қолданғаны үшін бақылауды жүзеге асыратын кеден органына жүк кеден декларацияларының көшірмесін берумен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимін қолдану туралы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген нысан бойынша толық есеп беруді

200-бап. Оларды жою, жоғалту, табиғи жетіспеушілігі немесе органдар немесе шетел мемлекеті лауазымды тұлғасының заңсыз іс-әрекеттерінің себебі бойынша әкетілген қайта өңдеу өнімдерін немесе тауарларын қайта өңдеу үшін қайтармау

Белгіленген мерзімде әкетілген қайта өңдеу тауарларын немесе өнімдерін қайта өңдеу үшін қайтармау егер, авария салдарынан немесе жеңілмейтін күш іс-әрекеті қайта өңдеу өнімдерін немесе тауарларды жою немесе өтеусіз жоғалту, тасымалдау мен сақтаудың жақсы жағдайлары кезінде табиғи тозу немесе есептен шығуда олардың жетіспеушілігі немесе шетел мемлекеті мемлекеттік органдарының немесе лауазымды тұлғасының іс-әрекеті салдарынан иеленуден шығу фактісі шетелдегі Қазақстан Республикасының консульдық мекемесі растаған жағдайда, сондай-ақ кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен тауарлардың экспорт режиміне кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кеден режимі өзгерген жағдайда ғана мүмкін.

201-бап. Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік  
р е ж и м і н а я қ т а у

1. Осы Кодекстің 190-бабына сәйкес белгіленген кеден аумағынан тыс қайта өңдеу мерзімінің аяқталу күнінен кешіктірмей қайта өңдеу өнімдері Қазақстан Республикасының кеден аумағына немесе тауарлардың экспортының кеден режиміне орналастырылуы тиіс. Кедендік ресімдеу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

2. Экспорттың кедендік режиміне Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кеден режимін өзгертуге тауарларды немесе қайта өңдеу өнімдерін кеден органына іс жүзінде ұсынбастан рұқсат етіледі.

202-бап. Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеудің кедендік режиміне тауарларды орналастырған тұлға кедендік режим шарттарын сақтамағаны үшін және осы Кодекстің 197-198-баптарына сәйкес кедендік баждар мен салықтарды төлемегені үшін жауаптылықта болады.

24-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН УАҚЫТША ӘКЕЛУ

203-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік

режимін тағайындау

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу - Қазақстан

Республикасының кеден аумағынан тысқары тауарларды одан кейінгі әкетумен тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тауарларды, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан әкелінетін кеден баждарын, салықтарды төлеуден толық немесе ішінара босатыла отырып, Қазақстан Республикасының кеден аумағында шетел тауарлары мен көлік құралдары пайдаланылатын кедендік режим.

204-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кеден режиміне тауарларды орналастырудың шарты

1. Тауарлар:

1) тауарлардың бірегейлендірілуінің қамтамасыз етілуі;

2) белгіленген мерзімде тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкету туралы міндеттеменің ұсынылуы. Көрсетілген міндеттеменің нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды;

3) осы Кодекстің 206-бабына сәйкес кедендік баждар мен салықтардың төленуі шартымен тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне:

1) бірнеше даналардағы жарнама және/немесе көрсету мақсатында уақытша әкелуді қоспағанда шығыс материалдары мен үлгілер, шикізат, жартылай фабрикааттар, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдарды (олар уақытша әкелінген көлік құралдарына а р н а л м а ғ а н ж а ғ д а й д а ) ;

2) бірнеше даналардағы жарнама және/немесе көрсету мақсатында уақытша әкелуді қоспағанда алкоголь, темекі өнімдерін қоса алғанда тамақ өнімдерін, ішімдіктерді;

3) ө н д і р і с т і к қ а л д ы қ т а р д ы ;

4) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуге тыйым салынған тауарларды орналастыруға жол берілмейді.

205-бап. Уақытша әкелінген тауарларды пайдалану және иелік ету б о й ы н ш а ш е к т е у

1. Тауарларды уақытша әкелудің кедендік режимін аяқтауға дейін Қазақстан Республикасының кеден аумағына басқа қазақстандық тұлғаға уақытша әкелінген тауарды иелік ету құқығын беру және/немесе пайдалану не кез-келген басқа да иеліктен айыру бұл тұлға кедендік режимді мәлімдеген тұлғаның міндеттемені өзіне

қабылдауы шарты кезінде жол беріледі.

2. Уақытша әкелінген тауарлар тасудың (тасымалдаудың), сақтаудың немесе пайдаланудың (пайдаланудың) қалыпты жағдайлары кезінде табиғи тозу немесе есептен шығу салдарынан өзгеруін қоспағанда өзгеріссіз жағдайда қалуы тиіс. Оларды кері әкету кезінде кеден органының тауарларды бірегейлендіруді қамтамасыз ету шарты кезіндегі қалыпты жағдайдағы тауарларды қолдау үшін қажетті ұсақ жөндеу операцияларын, техникалық қызмет көрсетуді және басқа да операцияларды қоса, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операцияларды жасауға жол беріледі.

#### 206-бап. Кедендік баждарды, салықтарды қолдану

1. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуден толық босатумен уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг мәні қаржы лизингі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын сақтау шарты кезінде кеден баждары мен салықтарын толық төлеуден босатылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарымен көзделген тізбеге енгізілмеген тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуден жартылай босату қолданылады. Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарлардың орналасуы әрбір толық және толық емес күнтізбелік айы үшін кеден баждарын, салықтарды төлеуден жартылай босату кезінде егер, бұл тауарлар еркін айналым үшін шығарылса ол төлеуге жататын с о м а д а н ү ш п р о ц е н т төленеді.

4. Жартылай босату кезінде төлеуге жататын кеден баждары, салықтары сомасын есептеу кеден декларациясын қабылдау күніне келісім-шарттағы валютада жүргізіледі. Кедендік баждар, салықтар сомасын төлеу кезектілігін декларант айқындайды. Бұл ретте, кеден баждары, салықтары сомасын төлеудің нақты мерзімі осы соманы төлеу тиісті кезеңнің басталуына дейін жүргізілетінін ескеріп айқындалады.

5. Еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне уақытша әкелінген тауарларды орналастыру жағдайында кедендік баждар мен салықтарды төлеуден жартылай босату кезінде төленген кедендік баждар мен салықтардың сомасы еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режиміне сәйкес төлеуге жататын кедендік баждар мен салықтардың сомасы есептеледі.

6. Осы Кодекстің 205-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда осы баптың 3-тармағына сәйкес төленген кедендік баждар мен салықтардың сомасын уақытша әкелінген тауарларға қатысты құқық иесі болып табылатын тұлға төлеген болып с а н а л а д ы .

7. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуден жартылай босатумен уақытша әкелу кезінде алынатын кедендік баждар, салықтардың жалпы сомасы егер, тауарлар еркін айналым үшін шығарылса, уақытша әкелу режиміне тауарларды орналастыру сәтіне

төленуі тиіс кедендік баждар мен салықтардың сомасынан аспауы қажет.

8. Өзге кеден режимдеріне тауарларды орналастыру кезінде кедендік баждарды, салықтарды төлеуден жартылай босату кезінде төленген кедендік баждар, салықтардың сомасы қайтаруға жатпайды.

## 207-бап. Уақытша әкелу мерзімі

1. Уақытша әкелу мерзімін осындай әкелудің мақсаты мен жағдайына сәйкес кеден органы белгілейді, бірақ осы баппен көзделген жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелу күнінен бастап үш жылдан асуы мүмкін емес.

Декларанттың дәлелді өтініші бойынша уақытша әкелу мерзімін кеден органы ұзартуы мүмкін. Декларант тауарларды уақытша әкелудің мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін көрсетілген мерзімнің аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттардың қосымшасымен осындай ұзартудың қажеттілігі туралы өтінішті береді.

Тауарларды уақытша әкелудің мерзімдерін ұзарту кезінде кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар алынбайды, кеден декларациясы берілмейді.

2. Осы Кодекстің 205-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда уақытша әкелу мерзімі Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды нақты әкелу сәтінен бастап есептеледі.

3. Осы Кодекстің 206-бабында көрсетілген тізбеге енгізілген лизинг мәндері үшін уақытша әкелу мерзімі лизинг шартының қағидасына сәйкес белгіленеді.

Лизингтің көрсетілген мәндері үшін уақытша әкелу мерзімі кеден органдары қаржы лизингі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау шарты кезінде лизингтің шартына енгізілген берілген өзгерістер негізінде уақытша енгізілген лизинг мәніне тұлғаның жүгінуі кезінде өзгереді.

4. Шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің, сондай-ақ олармен бірге тұратын олардың отбасыларының мүшелерін қоса олардың қызметкерлерінің ресми және жеке пайдалануына әкелінетін тауарларға Қазақстан Республикасындағы оларды тіркеудің барлық мерзіміне Қазақстан Республикасына уақытша әкелуге жол беріледі.

## 208-бап. Уақытша әкелінген тауарларды кедендік бақылаудың ерекшелігі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кеден режимін қолданғаны үшін бақылауды уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы жүзеге асырады.

2. Үш айға және одан астам мерзімге басқа кеден органының қызмет аймағына

уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының қызметі аймағынан уақытша әкелінген тауарларды орналастыру жағдайында тауарды уақытша әкелетін тұлға басқа кеден органының қызмет аймағына оны әкету ынтасы туралы уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органын х а б а р л а н д ы р у ғ а м і н д е т т і .

Хабарландыру уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының қызмет аймағынан тыс тауарлардың орналасқан мерзімі және жеткізу орнын көрсете отырып еркін нысанда жазбаша жүргізіледі. Ұқсас хабарлама уақытша әкелінген тауарлардың орналасуы жүргізілетін қызмет аймағына кеден органына б е р і л е д і .

3. Тауарларды кедендік ресімдеу мен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкету аяқталғаннан кейін уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының қызмет аймағынан тыс уақытша әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кері әкетуді кедендік ресімдеген жағдайда, кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы бұл туралы уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органын х а б а р д а р е т е д і .

4. Осы Кодекстің 205-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда жаңа жүк кеден декларациясын ресімдеу сәтіне тауарлар орналасқан қызмет аймағына кеден органы уақытша әкелінген тауарларға қатысты құқық мирасқоры болып табылатын тұлға жүргізеді. Мұндай ресімдеудің шартты міндеті уақытша әкелінген тауарларға қатысты кеден баждары мен салықтар бойынша берешегі жоқтығы туралы, уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының растауы болып т а б ы л а д ы .

Жаңа жүк кеден декларациясын ресімдеу жүргізілген кеден органы бақылаудан алып тастау үшін уақытша әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына оның көшірмесін жібереді және одан кейін осындай бақылауды ө з д і г і н е н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

209-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу кеден режимінің қызметін аяқтау және тоқтата тұру

1. Кеден орган белгілеген уақытша әкелу мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс әкетілуі немесе осы Кодекске сәйкес өзге кеден режиміне мәлімделуі тиіс. Уақытша әкелінген тауарлар кері әкетілуі немесе бір немесе бірнеше партиялармен өзге кеден режиміне мәлімделуі тиіс.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі уақытша әкелінген тауарларды әкету жолымен аяқталған жағдайда, мұндай аяқтауды растау уақытша әкелінген тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан

тысқары жерлерге іс жүзінде әкетілгендігін растайтын тауарларды жеткізуді бақылау құжаты болып табылады.

3. Тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкелудің кеден режимі еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне тауарларды орналастырумен аяқталуы мүмкін. Бұл ретте, кеден баждары, салықтары сомасын есептеу келісім-шарт валютасында жүргізіледі. Еркін айналым үшін тауарларды шығару кезінде тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне тауарларды мәлімдеу күніне тауарлардың саны мен кедендік құны, ал кедендік баждардың, салықтардың ставкасы - еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режимі талаптарына сәйкес кеден декларациясын беру күніне қолданылады.

4. Тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимінің қызметі мыналарда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды алып қою немесе уақытша әкелінген тауарларға тыйым салу кезінде;

2) кеден қоймасының кедендік режимінің шарттарына сәйкес кеден қоймасына уақытша әкелінген тауарларды орналастыру кезінде тоқтатыла тұрады.

210-бап. Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимімен орналастырудың ерекшеліктері

Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимімен орналастырудың ерекшеліктері, уақытша әкелінген көлік құралдарын пайдалану мен билік ету жөніндегі шектеулер, кедендік баждарды қолдану, уақытша әкелудің мерзімдері, көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ерекшеліктері, сондай-ақ кедендік режимді аяқтау осы Кодекстің 34-тарауымен айқындалады.

211-бап. Уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын әкетпеу

Уақытша әкелінген тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде әкетпеу тек тауарлардың аварияның немесе тежеусіз күштер әсерінің салдарынан жойылуы немесе қайтарымсыз жоғалуы не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының немесе олардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің салдарынан иеліктен шығуы жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл фактілер бойынша декларант уәкілетті орган берген растау

құжатын ұсынуы тиіс.

212-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық



Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделетін жағдайды қоспағанда, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимімен орналастырған адам кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін және кедендік төлемдер мен салықтарды төлемеу үшін жауаптылықта болады.

## 25-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН УАҚЫТША ӘКЕТУ

### 213-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін тағайындау

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету - қазақстандық тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды одан кейінгі әкелумен тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан әкетілетін кедендік баждарды төлеуден толық немесе ішінара босатыла отырып пайдаланылатын кедендік режим.

### 214-бап. Тауарларды тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырудың шарттары

1. Тауарлар тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен:

1) тауарларды бірегейлендірудің қамтамасыз етілуі;

2) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекіткен нысан бойынша тауарлар мен көлік құралдарын кері әкелу туралы міндеттеме ұсыну;

3) кедендік баждардың осы Кодекстің 216-бабына сәйкес төленуі шартымен орналастырылады.

## 2. М ы н а л а р д ы :

1) жеке даналарда жарнамалық және/немесе көрсетулік мақсаттарда уақытша әкетуді қоспағанда, шығыстау материалдары мен үлгілерін, шикізаттарды, жартылай фабрикаттарды, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдарды (олар уақытша әкетілетін көлік құралдары үшін арналмаған жағдайда);

2) жеке даналарда жарнамалық және/немесе көрсетулік мақсаттарда уақытша әкетуді қоспағанда, алкоголь, темекі бұйымдарын қоса алғанда, тамақ өнімдерін, с у с ы н д а р д ы ;

3) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуге тыйым салынған тауарларды тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастыруға рұқсат етілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағының 1-тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді

жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органы растайтын баламалықты сақтаудың өлшемдері пайдаланылуға тиіс жай-күйдің өзгермеушілігін айқындауға арналған бастапқы және бөлінетін радиоактивті материалдарды уақытша әкету жағдайларына қолданылмайды.

215-бап. Уақытша әкетілген тауарларды пайдалану мен билік ету  
жөніндегі шектеулер

1. Тауарлар тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимі аяқталғанға дейін уақытша әкетілген тауарларға иелік ету құқығын басқа қазақстандық тұлғаға беру немесе кез келген басқа да иеліктен айырылу бұл қазақстандық тұлғаның өзіне тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін мәлімдеген тұлғаның міндеттемесін қабылдауы шартымен рұқсат етіледі.

2. Уақытша әкетілген тауарлар табиғи тозудың немесе тасымалдаудың (тасудың), сақтаудың немесе пайдаланудың (қолданудың) қалыпты жағдайлары кезіндегі кемудің салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда өзгеріссіз жай-күйде қалуы тиіс.

216-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кезінде кедендік  
баждарды қолдану

1. Кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып уақытша әкетілетін тауарлар санаттарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Осы баптың 1-тармағымен көзделмеген тауарлардың санатына қатысты, сондай-ақ кедендік баждар төлеуден толық босатудың шарттарын сақтамаған жағдайда, кедендік баждар төлеуден ішінара босату қолданылады. Кедендік баждар төлеуден ішінара босатылған кезде тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерде болған әрбір толық және толық емес күнтізбелік айы үшін егер тауарлар экспортталса төлеуге жататын соманың үш проценті төленеді.

3. Ішінара босатылған кезде төлеуге жататын кедендік баждардың сомасын есептеу келісім-шарт валютасында жүргізіледі. Кедендік баждардың сомалары тауарларды тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырған кезде немесе декларанттың таңдауы бойынша мерзімді түрде төленеді. Бұл ретте, кедендік баждардың сомаларын төлеудің нақты мерзімдері бұл сомаларды төлеу тиісті кезеңнің басына дейін жүргізілуі тиіс екендігін негізге ала отырып белгіленеді. Кедендік баждардың сомаларын кезең-кезеңмен төлеудің мақсаттары үшін шетелдік валютаны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеу төленетін күні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағам бойынша жүргізіледі.

4. Уақытша әкетілген тауарларды тауарлар экспортының кедендік режимімен

орналастырған жағдайда, кедендік баждар төлеуден ішінара босатылған кезде төленетін кедендік баждардың сомасы тауарлар экспортының кедендік режиміне сәйкес төлеуге жататын кедендік баждардың сомасына енгізіледі.

5. Осы Кодекстің 215-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, осы баптың 3-тармағына сәйкес төленген кедендік баждардың сомалары уақытша әкетілген тауарларға қатысты құқықты қабылдаушы болып табылатын тұлға төлеген болып с а н а л а д ы .

Уақытша әкету кезінде кедендік баждарды төлеуден ішінара босатыла отырып алынатын кедендік баждардың жалпы сомасы, егер тауарлар экспортталған болса тауарларды уақытша әкетудің режимімен орналастыру сәтінде төлеуге жататын кедендік баждардың сомасынан аспауы тиіс.

#### 217-бап. Уақытша әкетудің мерзімдері

Уақытша әкетудің мерзімдерін мұндай әкетудің мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес кеден органы белгілейді, алайда тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкеткен күннен бастап үш жылдан аспайды.

Декларанттың дәлелді өтініші бойынша уақытша әкету мерзімін кеден органы ұзартуы мүмкін. Декларант тауарларды уақытша әкелудің мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін көрсетілген мерзімнің аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей кеден органына растаушы құжаттардың қосымшасымен осындай ұзартудың қажеттілігі т у р а л ы ө т і н і ш т і б е р е д і .

Тауарларды уақытша әкетудің мерзімдерін ұзарту кезінде кедендік ресімдегені үшін кедендік алымдар алынбайды, кедендік декларация ұсынылмайды.

#### 218-бап. Уақытша әкетілген тауарларды кедендік бақылаудың е р е к ш е л і к т е р і

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимінің пайдаланылуын бақылауды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы жүзеге а с ы р а д ы .

2. Уақытша әкетілген тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асыратын кеден органы қызметінің аймағынан тыс уақытша әкетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта әкелуді кедендік ресімдеген жағдайда, кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы бұл туралы осы баптың 1-тармағында көрсетілген кеден органын хабардар етеді.

#### 219-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кедендік р е ж и м і н і ң а я қ т а л у ы

1. Уақытша әкетілген тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағына кері әкелуге жатады немесе кеден органы бекіткен уақытша әкету мерзімінің аяқталуынан кешіктірілмей өзге кеден режиміне мәлімделуі тиіс.

2. Уақытша әкетілген тауарларға меншік құқығын шетелдік тұлғаға берген жағдайда, уақытша әкетілген тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті түрде қайта әкелуге жататын жағдайларды қоспағанда, тауарларды уақытша әкетуді жүзеге асыратын тұлға тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін осы Кодексте белгіленген тәртіппен экспорттың кедендік режиміне өзгертілуге міндетті.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимі экспорттың кедендік режиміне өзгерген жағдайда, кедендік баждардың сомаларын есептеу келісім-шарттың валютасында жүргізіледі. Экспорт кезінде тауарлардың кедендік құны мен мөлшері тауарларды уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырған күніне, ал кедендік баждардың ставкалары - экспорттың кедендік режимінің талаптарына сәйкес кедендік декларация берілген күніне айқындалады.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимін тауарлар экспорты кедендік режиміне өзгертуге тауарларды кеден органына іс жүзінде ұсынусыз рұқсат етіледі.

220-бап. Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырудың ерекшеліктері

Көлік құралдарын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырудың шарттары, уақытша әкетілген тауарларды пайдалану мен билік ету жөніндегі шектеулер, кедендік баждарды қолдану, уақытша әкетудің мерзімдері, көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ерекшеліктері, сондай-ақ кедендік режимді аяқтау осы Кодекстің 34-тарауымен айқындалады.

221-бап. Уақытша әкетілген тауарлар мен көлік құралдарын қайтармау

Уақытша әкетілген тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде қайтармау тек тауарлардың аварияның немесе қарсы тұруға болмайтын күш әсерінің, не тауарлар болған мемлекет органдарының немесе мемлекеттің лауазымды адамдардың әрекеттерінің нәтижесінде иеліктен шығуы салдарынан жойылуы немесе қайтарымсыз жоғалуы жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл факт бойынша декларант шет елдердегі Қазақстан Республикасының

консулдық мекемелері растаған құжатты ұсынуы тиіс.

222-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кедендік режимін сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 420-бабының 3-тармағымен көзделетін жағдайды қоспағанда, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкетудің кедендік режимімен орналастырған адам кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін және кедендік төлемдерді төлемегені үшін жауаптылықта болады.

26 ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ЭКСПОРТЫ

223-бап. Тауарлардың экспорты кедендік режимін тағайындау

Тауарлардың экспорты - тауарлар Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге олардың осы аумақтан тыс тұрақты болуы немесе тұтынылуы мақсатында әкетілетін кедендік режим.

224-бап. Тауарларды тауарлар экспортының кедендік режимімен орналастырудың шарттары

Тауарлардың экспорты:

- 1) әкету кедендік баждарының төленуі;
- 2) тарифтік емес реттеу шараларының сақталуы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген талаптар мен шарттардың орындалуы шартымен жүзеге асырылады.

225-бап. Экспорт үшін шығару

1. Экспорт үшін шығарылған тауарлар іс жүзінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге шығарылуы тиіс. Бұл ретте, олар табиғи тозуы немесе тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлардағы кемуі салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда, кедендік декларацияны қабылдаған күнгі күйінде болуы тиіс.

2. Тауарларды өткізуші тұлға экспорт үшін шығарылған тауарларды

Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тысқары жерлерге әкетпеу кезінде жауаптылықта болады.

3. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкету осы Кодекстің 15-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

226-бап. Тауарлар экспортының кедендік режимін сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен және 225-баптың 2 тармағымен көзделетін жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік режиммен орналастырған тұлға тауарлар экспортының кедендік режимін сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

## 27-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ҚАЙТА ЭКСПОРТЫ

### 227-бап. Тауарлардың қайта экспорты кедендік режимін тағайындау

Тауарлардың қайта экспорты - бұрын Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар осы аумақтан әкелулік кедендік баждар мен салықтарды төлеместен немесе төленген сомаларды қайтара отырып, тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан әкетілетін кедендік режим.

### 228-бап. Тауарларды тауарлар қайта экспортының кедендік режимімен орналастыру шарттары

#### 1. Тауарлардың қайта экспорты:

1) уақытша сақтау орындарындағы тауарлардың белгілі бір кедендік режиммен орналастырғанға дейін әкетілуі;

2) бұрын осы Кодекстің 230-бабында көзделген шарттарды сақтай отырып, еркін айналым үшін шығарудың кеден режимінде ресімделген тауарлардың әкетілуі;

3) еркін айналым үшін тауарларды қайта өңдеу және бұрын кеден аумағына тауарларды қайта өңдеуге орналастырылған қайта өңдеу жөніндегі операцияларға жатпайтын шетелдік тауарларды әкету кедендік режимімен орналастырылу шартымен  
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Тауарлардың қайта экспорты Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған жағдайларда рұқсат етіледі. Қайта экспортталатын тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

3. Акциздік тауарлардың қайта экспорты әкелулік кедендік баждар мен салықтарды төлеудің не кедендік алып жүрудің қамтамасыз етілуі шартымен жүзеге асырылады. Әкелулік кедендік баждар мен салықтарды төлеудің қамтамасыз етілуін қайтару тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге іс жүзінде әкетілгені расталғаннан кейін жүзеге асырылады.

### 229-бап. Тауарлардың қайта экспорты кезінде кедендік баждарды, салықтарды қолдану

Арналған ретінде және тек қана қайта экспорт үшін мәлімделген, сондай-ақ осы Кодекстің 228-бабының 1-тармағының 1, 2-тармақшаларында көрсетілген уақытша сақтау орындарындағы тауарларға қатысты кедендік баждар мен салықтар төленбейді.

Қайта экспортталатын тауарларды әкету кезінде, мұндай тауарларды іс жүзінде әкетудің мерзімін бұза отырып не қайта экспорттың кедендік режимінің басқа да

талаптарын бұза отырып тауарларды іс жүзінде әкететін жағдайларды қоспағанда, әкетулік кедендік баждар мен салықтар төленбейді.

### 230-бап. Қайта экспорттың кедендік режимін еркін айналым үшін шығарылған тауарларға қолдану

Егер алушы тауарларды алған кезде оларда ақаулардың болғаны не олардың өзгедей түрде сыртқы экономикалық мәмілеге сәйкес келмегені және:

1) тауарлар олар шыққан күннен бастап алты айдың ішінде әкетіледі;

2) тауарларды кеден органдары бірегейлендіруі мүмкін;

3) тауарларды пайдалану ақауларды анықтау немесе тауарларды қайтаруға әкеп соқтыратын өзге де жағдаяттар үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тауарлар Қазақстан Республикасында пайдаланылмады деген шарттарды сақтаған жағдайда тауарлар жеткізушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға қайтарылғаны анықталса, тауарлардың еркін айналым үшін шығарылған тауарларға қатысты қайта экспорты р ұ қ с а т е т і л е д і .

2. Тауарлардың қайта экспорты кезінде осы баптың 1-тармағына сәйкес

кедендік баждардың, салықтардың төленген сомаларын қайтару жүргізіледі.

### 231-бап. Тауарлардың қайта экспорты кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Тауарларды қайта экспорттың кедендік режимімен орналастырған тұлға, осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кедендік режимнің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

### 28-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ТРАНЗИТІ

#### 232-бап. Тауарлар транзитінің кедендік режимін тағайындау

Тауарлардың транзиті - ол бойынша:

1) тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша кедендік бақылаумен олардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына келген жері мен олардың осы аумақтан әкетілген жерінің арасында кедендік баждар мен салықтарды төлеместен, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан өткізілетін;

2) қазақстандық тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік мемлекеттің аумағы бойынша олардың Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген жері мен олардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына келген жерінің арасында кедендік баждарды төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану өткізілетін кедендік режимі.

233-бап. Тауарларды тауарлар транзитінің кедендік режимімен  
орналастырудың шарттары

Тауарлар транзитінің кедендік режимімен:

- 1) бұл тауарлардың Қазақстан Республикасына әкелінуіне және Қазақстан Республикасынан әкетілуіне тыйым салынған тауарлардың тізбесіне енгізілмеуі;
- 2) бұл тауарлардың, егер оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілесе, транзиттің жолдары мен бағыттары бойынша тасымалданатын болуы;
- 3) тауарлардың кеден органы белгілеген әдеттегі жеткізу мерзіміне сәйкес көлік құралының, белгіленген жол бағытының мүмкіндіктерін және тасымалдаудың басқа жағдайларын негізге ала отырып тасымалдануы;
- 4) табиғи тозу немесе тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде кему салдарынан болған өзгерістерді қоспағанда, тауарлардың өзгеріссіз күйде жеткізілуі шартымен кез келген тауарлар орналастырылуы мүмкін.

234-бап. Қазақстан Республикасының кеден аумағы бойынша транзит

1. Шетелдік тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы

транзитінің тәртібі осы тарауда белгіленген ережелерді қоспағанда, осы Кодекстің 13 тарауына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі транзиті тек кедендік баждар мен салықтар төлеудің қамтамасыз етілуі шартымен ғана рұқсат етілетін тауарлардың тізбесін белгілейді.

235-бап. Жіберілетін кеден органына тапсырылуға тиісті тауарға арналған құжаттар

Жіберілетін кеден органына тапсырылуға тиісті тауарға арналған құжаттар өздері қатысты болып отырған тауарлар сияқты тәртіппен жеткізіледі.

236-бап. Қайта тиеу және Қазақстан Республикасының кеден аумағы бойынша өткізілетін тауарлармен жүргізілетін өзге де операциялар

1. Транзиттің кедендік режиміне сәйкес тасымалданатын тауарларды олар Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген көлік құралынан тауарлар бұл аумақтан тысқары жерлерге әкетілетін көлік құралына қайта тиеуге қызмет аймағында қайта тиеу жүзеге асырылатын кеден органының жазбаша рұқсатымен жол беріледі.



2. Транзиттік тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралы бұзылған жағдайда, мұндай тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

Уақытша сақтау осы Кодекспен белгіленген тауарларды уақытша сақтауға қойылатын шарттар мен талаптарды сақтай отырып, кеден органы ашқан уақытша сақтау қоймасында, ал ол болмағанда өзге уақытша сақтау орындарында жүзеге асырылады.

Уақытша сақтау мерзімі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті, бірақ тауарларды уақытша сақтаудың шекті мерзімінен көп емес уақытты негізге ала отырып тасымалдаушы айқындайды.

Қызмет аймағында уақытша сақтау жүзеге асырылатын кеден органы жөнелтетін және жіберетін кеден органдарын тауарларды жеткізудің мерзімін ұзарту мақсатында мерзімдер мен көлік құралының бұзылуы жағдаяттары туралы хабардар етеді.

3. Транзиттің кедендік режиміндегі тауарлармен жүргізілетін осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген операцияларды жүргізу тек егер мұндай операцияларды жасау тауарлар мен көлік құралдарының жойылуының, қайтарымсыз шығынының немесе елеулі түрде бүлінуінің нақты қаупінен туындаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

4. Тұлғаның сұрауы бойынша кеден органы тауарлармен бұл кеден органының белгіленген жұмыс уақытынан тыс жүктік операциялар жүргізуге рұқсат етуге құқылы.

#### 237-бап. Тауарлардың транзиті кедендік режимінің аяқталуы

##### 1. Тауарлар транзитінің кедендік режимі:

1) егер тасымалдаушы аварияның, өрттің немесе транзиттік тауарларды одан әрі өткізуді мүмкін емес не орынсыз ететін тежеусіз күштер әсерінің салдарынан осы Кодекстің 13-тарауының шарттары мен талаптарының орындалуын қамтамасыз ете алмаған;

2) тауарларға меншік иелері, оларды сатып алушылар болып табылатын не өзге сапада болатын тұлғалардың ниеттері өзгерген жағдайда, тауарларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге іс жүзінде әкетумен не оларды өзге кедендік режимдермен орналастырумен аяқталады.

#### 238-бап. Тауарлар транзитінің кедендік режимін қолданудың ерекшеліктері

1. Тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кеден аумағына келу орны мен оларды бұл аумақтан әкетілу орны сәйкес келетін жағдайларда, кедендік транзитке кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім

бойынша орталық кеден органы белгілейтін оңайлатылған тәртіппен рұқсат етіледі.

2. Егер тауарлар осы баптың 1-тармағында көрсетілген орында тауарлар әкелінген кезде пайдаланылатын көлік құралынан оларды әкету кезінде пайдаланылатын көлік құралына қайта тиелсе, тауарларды қайта тиеу мұндай жүк операциясын жүзеге асыру бұл тауарларға одан арғы кедендік бақылауды

жүзеге асырудың мүмкін болмайтындығына әкеп соқтыратын жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 235-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтердің ұсынылуы шартымен рұқсат етіледі.

239-бап. Халықаралық почта жөнелтімдерінің транзиті

Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша транзитпен өткізілетін халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік ресімдеу жүргізілмейді.

240-бап. Құбыр желісі көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарлардың транзиті

Құбыр желісі көлігі мен электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарлардың кедендік транзитін кедендік ресімдеу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағы бойынша құбыр желісі көлігімен өткізілетін транзиттік тауарлардың жай-күйінің Қазақстан Республикасында белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктерінің және тауарлардың өзіндік сипаттамаларының салдарынан өзгеруіне жол беріледі.

29-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ ЖОЮ

241-бап. Тауарларды жоюдың кедендік режимін тағайындау

Тауарларды жою - оның кезінде шетелдік тауарлар жойылатын, оның ішінде кедендік бақылаумен кедендік баждар мен салықтарды төлеместен, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан пайдалану үшін жарамсыз қалыпқа келтірілетін кедендік режим.

242-бап. Тауарларды тауарларды жоюдың кедендік режимімен орналастырудың шарттары

1. Тауарларды тауарларды жоюдың кедендік режимімен орналастыру онда жоюдың тәсілі көрсетілетін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган

қорытындысының негізінде кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

2. Тауарларды жоюдың кедендік режимімен орналастыруға:

1) қолдануға жарамсыз деп танылған дәрілік заттар мен тамақ өнімдерін қоспағанда , бұйымдар және/немесе материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін тауарларға, сондай-ақ адамның денсаулығына, қоршаған табиғи ортаға, жануарлар мен өсімдіктерге зиян келтіруі мүмкін бұйымдарға;

2) мәдени, археологиялық, тарихи құндылықтарға;

3) оларды жою індеттер мен эпизотиялардың жолын кесу мақсатында талап етілетін жағдайларды қоспағанда, жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің түрлеріне ;

4) кеден органдары кепілдік зат ретінде қабылдайтын тауарлар мен көлік құралдарына кепілдік қатынастар тоқтатылғанға дейін;

5) алынған тауарларға немесе тиым салынған тауарларға оның ішінде Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заттық айғақ болып табылатын тауарларға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де тауарларға рұқсат етілмейді .

3. Тауарларды жою аталған кедендік режимді мәлімдеген тұлғаның есебінен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының кеден және өзге де мемлекеттік органдары үшін қандай да бір шығыстарға әкеп соқтырмауы тиіс.

4. Егер жоюдың кедендік режиміне мәлімделген тауарлардың экономикалық

тиімді тәсілмен бастапқы жай-күйінде қалпына келтірілуі мүмкін болмаса, жоюға рұқсат етіледі.

5. Кеден қоймасында сақталатын тауарларға қатысты тауарларды жоюдың кедендік режимін тауарларды кеден қоймасына өткізген тұлғаның келісімі бойынша кеден қоймасының иесі мәлімдеуі мүмкін.

243-бап. Тауарларды жоюдың мерзімдері

Жою тәсілі мен оны жүргізу орнын негізге ала отырып тауарларды іс жүзінде жою үшін кеден органы белгілейтін мерзімдерде кедендік бақылаумен жүргізіледі.

244-бап. Тауарларды жоюдың тәртібі

1. Жою:

1) нәтижесінде тауарлар мен көлік құралдары толық жойылатын термиялық, химиялық, механикалық не өзге де ықпал ету (өртеу, қирату, көму және тағы басқа) ж о л м е н ;

2) мұндай бүлінулердің тауарлар мен көлік құралдарын кейін қалпына келтіру мен оларды пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаруы шартымен тесіктер, жарықтар жасауды,

өзге де тәсілдермен бүлдіруді қоса алғанда, бөлектеу, бөлшектеу, механикалық тұрғыдан бүлдіру жолымен жүргізіледі.

Уәкілетті органның тауарларды сақталу орындарынан алудың және оларды одан әрі пайдаланудың мүмкін еместігі туралы қорытындысының негізінде сақталу орындарынан алынуы және пайдаланылуы мүмкін болмайтын тауарларға қатысты жою жүргізілген болып саналады.

2. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі

пайдалану мүмкін болған жағдайда, жою режимін мәлімдеген тұлға арқылы олар кедендік бақылаудағы шетел тауарлары ретінде тиісті кеден режимімен орналастырылуы тиіс.

3. Кеден органы қалдықтарды кедендік ресімдеу орнын айқындайды.

Кеден органы қалдықтардың уақытша сақтау орындарына орналастырылуға жататындығын белгілеуге құқылы.

4. Тауарларды жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

245-бап. Тауарларды жоюдың кедендік режимі шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайды қоспағанда, тауарларды жоюдың кеден режимімен орналастырған тұлға кеден режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

30-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДАСЫ ҮШІН ТАУАРДАН БАС ТАРТУ

246-бап. Мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимін тағайындау

Мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тарту - тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, шетелдік тауарлар мемлекеттің меншігіне кедендік баждарды, салықтарды төлеместен, және тарифтік емес реттеу шараларын қолданумен өтеусіз берілетін кеден режимі.

247-бап. Тауарларды мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимімен орналастырудың шарттары

1. Мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тарту кеден органдары үшін қандай да бір шығыстарға әкеп соқтырмауы тиіс.

2. Тауарды мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимімен орналастырған тұлғаның кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін көрсетілген кедендік режимді басқаға өзгертуге құқығы жоқ.

3. Мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимімен:

1) қару-жаракты, олардың оқ-дәрілерін, әскери техниканы, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен олардың құралдарын;

2) әскерилендірілген ұйымдар жеке құрамының арнайы жабдықтарын және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық өнімдерді;

3) жарылғыш заттарды, жару құралдарын;

4) зымырандық-ғарыштық кешендерді, байланыс пен әскери мақсаттағы басқару жүйелерін және оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы;

5) зымырандық отынның барлық түрлерін, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен арнайы жабдықтарды;

6) әскери улаушы заттарды, олардан қорғану құралдарын және оларды

өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы;

7) уранды, басқа да бөлшектенетін материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды;

8) ғылымы-зерттеу және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ қару-жарак пен әскери техниканы жасау жөніндегі іргелі іздестірушілік зерттеулерінің нәтижелерін;

9) шифрлау техникасы мен оларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы;

10) есірткі құралдарын, психотроптық, күшті әсер ететін, улы заттарды, сондай-ақ прекурсорларды;

11) радиоактивті материалдардың қалдықтарын;

12) жарылғыш заттардың қалдықтарын;

13) өнеркәсіптік қалдықтарды;

14) энергияның электрлік, жылулық және өзге де түрлерін;

15) тұтыну мерзімі өткен тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтін тауарларды орналастыруға рұқсат етілмейді.

248-бап. Мемлекет пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимін аяқтау

1. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тартудың кедендік режимі осы Кодекспен айқындалған тәртіппен және жағдайларда кедендік ресімдеуді аяқтайды, бұл ретте, кедендік ресімдеуді аяқтаудан кейін көрсетілген кеден режимін өзгертуге жол

б е р і л м е й д і .

## 2. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартудың кеден режиміне

орналастырылған тауарларды кедендік ресімдеуді аяқтаудан кейін мұндай тауарлар осы Кодекстің 71-тарауына сәйкес мемлекеттік меншікке айналады.

### 249-бап. Қосымша ережелер

Тауарлар мемлекеттік меншікке айналған жағдайда, осы тараудың ережелеріне сәйкес кедендік баждар мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету өзінің қолданылуын тоқтатады.

### 250-бап. Мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимінің шарттарын орындамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделетін жағдайды қоспағанда, мемлекеттің пайдасы үшін тауардан бас тартудың кедендік режимін мәлімдеген адам кедендік режимнің шарттарын орындамағаны үшін жауаптылықта болады.

## 31-ТАРАУ. ЕРКІН КЕДЕН АЙМАҒЫ

### 251-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режимін тағайындау

Еркін кеден аймағы - бұл шетелдік және қазақстандық тауарлар тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптардан басқа, арнайы экономикалық аймақтың тиісті аумақтық шекараларында импортталатын тауарларға арналған акциз алуды қоспағанда, кедендік баждар, салықтар алынбастан, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан орналасатын және пайдаланылатын кедендік режим.

### 252-бап. Еркін кеден аймағының режимімен орналастыруға рұқсат етілетін тауарлар

Арнайы экономикалық аймақтың аумағына еркін кеден аймағының кедендік режимімен еркін экономикалық аймақ құрудың мақсаттарына жету үшін қажетті тауарларды орналастыруға рұқсат етіледі.

Еркін экономикалық аймақ құрудың мақсаттарына жету үшін қажетті тауарлардың тізбесі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бекітілген арнайы экономикалық аймақ туралы ережеде белгіленеді.

### 253-бап. Еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарлармен жүргізілетін операциялар

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарлармен мынадай операциялар жасауға рұқсат етіледі

:

1) осы тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі;

2) алкоголь өнімдерінің өндірісінде пайдаланылатын тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операцияларды қоспағанда, қайта өңдеу жөніндегі операциялар.

Арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы еркін кедендік аймақтың кедендік режимімен орналастырылған тауарлармен жүргізілетін операциялардың қосымша тізбесі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бекітілген арнайы экономикалық аймақ туралы ережемен айқындалады.

254-бап. Тауарлардың еркін кедендік аймақтың кедендік режимінде болу мерзімдері

Тауарлар арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуі шартымен еркін кедендік аймақтың кедендік режимімен мерзімі шектелместен болуы мүмкін.

Арнайы экономикалық аймақ таратылған жағдайда, бұрын еркін кедендік аймақтың кедендік режимімен орналастырылған тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген арнайы экономикалық аймақты таратудың рәсімдерін жүзеге асыру мерзімінің ішінде өзге кедендік режимге мәлімделуі тиіс.

255-бап. Арнайы экономикалық аймақтарда Қазақстан Республикасының кедендік заңдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Кеден органдары арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырады.

256-бап. Арнайы экономикалық аймақтардағы тауарлардың есебін жүргізу

Қызметін арнайы экономикалық аймақтарда жүзеге асыратын тұлғалар әкелінетін, әкетілетін, сақталатын, дайындалатын, өңделетін, сатып алынатын және сатылатын тауарлардың есебін жүргізеді және кеден органдарына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен олар туралы есептілік ұсынады.

257-бап. Кедендік баждар, салықтар алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

1. Шетелдік тауарларды еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырған кезде импортталатын тауарларға акциз алуды қоспағанда, кедендік баждар мен салықтар алынбайды және тауарлардың тарифтік емес реттеу шаралары

қолданылмайды. Көрсетілген тауарларды арнайы экономикалық аймақтың аумағынан Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелген кезде кедендік баждар мен салықтар алынады және тарифтік емес реттеу шаралары мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес қолданылады.

2. Қазақстандық тауарларды еркін кеден аймағының кедендік режимінің шарттары мен талаптарын сақтай отырып арнайы экономикалық аймақтың аумағына Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігінен әкелу, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағынан Қазақстан Республикасының қалған кеден аумағына әкету кезінде кедендік баждар мен салықтар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды. Көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкету таңдап алынған кеден режимінің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тауарлардың арнайы экономикалық аймақтың аумағынан шығарылуы тауарлардың шығарылуы туралы сертификатпен расталады.

Көрсетілген сертификат болмаған жағдайда тауар:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкету кезінде - қазақстандық ретінде әкетулік кедендік баждарды алу мен тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында;

2) Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде - шетелдік ретінде әкелулік кедендік баждарды алу, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында қаралады.

#### 258-бап. Тауарларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелінген және еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарлар кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

2. Еркін кеден аймағының кедендік режимі өзге кедендік режимге өзгертілген жағдайда, шетелдік тауарларды кедендік ресімдеу, тарифтік емес реттеу шараларын қолдану, кедендік баждар мен салықтарды төлеу таңдап алынған кедендік режимнің шарттары мен талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте тауарлардың кедендік құны тауардың еркін кеден аймағының кедендік режимінде болған уақыты ішіндегі тозуы ескеріле отырып айқындалады.

3. Еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарларды, кеден қоймасының кедендік режимі мен еркін қойманың кедендік режимін қоспағанда, оларды өзге кедендік режимде мәлімдеген кезде кедендік ресімдеу мұндай тауарларды еркін кеден аймағының кедендік режимімен кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органында жүргізіледі.



Егер бұрын еркін кеден аймағының кедендік режимімен ресімделген тауарлар өзге кеден органының қызмет аймағындағы кеден қоймасының кедендік режимі мен еркін қойманың кедендік режимімен мәлімделген жағдайда, тауарларды басқа арнайы экономикалық аймақтың аумағына шығару жүзеге асырылған жағдайда, онда мұндай тауарларды кедендік ресімдеу таңдап алынған кедендік ресімдеуге сәйкес қызмет аймағында кеден қоймалары немесе еркін қоймалар бар кеден органында жүргізіледі. Бұл ретте тауарларды өткізу тауарларды кедендік бақылаумен жеткізуге қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Бұрын еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырылған тауарларды бақылаудан алу үшін негіздеме:

- 1) кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының кедендік ресімдегені туралы жазбаша хабарламасы;
- 2) кеден қоймасының немесе еркін қойманың немесе еркін кеден

аймағының кеден режиміне сәйкес ресімделген, кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлі мөрімен расталған жүктік кедендік декларацияның көшірмесі болып табылады.

259-бап. Еркін кеден аймағы кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделетін жағдайды қоспағанда, тауарларды еркін кеден аймағының кедендік режимімен орналастырған тұлға кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу үшін жауаптылықта болады.

## 32-ТАРАУ. ЕРКІН ҚОЙМА

260-бап. Еркін қойманың кедендік режимін тағайындау

Еркін қойма - бұл шетелдік және қазақстандық тауарлар еркін қойма ретінде танылған тиісті үй-жайларда (орындарда) тауарлар қауіпсіздігі бойынша талаптарды қоспағанда тарифтік реттеу шараларын қолдана отырып, кедендік баждар, салықтар алынбастан орналасатын және пайдаланылатын кедендік режим.

261-бап. Еркін қоймаға орналастыруға рұқсат етілетін тауарлар

Еркін қоймаларға қайта өңдеуге және пайдалануға арналған тауарларды орналастыруға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі еркін қоймаларға орналастыруға тыйым салынатын тауарлардың тізбесін белгілеуі мүмкін.

262-бап. Еркін қоймалардағы тауарлармен жүргізілетін операциялар

1. Еркін қоймаларда мынадай операциялар жасауға рұқсат етіледі:

1) бұл тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша операциялар: тазалау, желдету, кептіру (оның ішінде жылу ағынын жасау арқылы), сақтаудың қолайлы температуралық режимін жасау (суыту, мұздату, жылыту), қорғанышты орамға орналастыру, қорғаныштық май мен консерванттар жағу, дат басудан қорғау үшін сырлау, алдын алу заттарын енгізу; тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау бойынша;

партияларды ұсақтау, жөнелтімдерді жасау, сұрыптау, орау, қайта орау, таңбалау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, толық жинақтаумен немесе жұмыс күйіне келтірумен байланысты қарапайым операциялар, ұтымды орналастыру мақсатында тауарлардың қойманың шегінде орнын ауыстыру, тауарларды көрсету стендтеріне орналастыру, т е с т і л е у ;

2) қайта өңдеу жөніндегі операциялар:

оның кезінде әкелінген тауарлардың негізгі сипаттамалары сақталатын құрастыруды, жинауды және қиыстыруды қоса алғанда, басқа тауарды дайындау (өңдеу), оның кезінде шетелдік тауарлар қайта өңдеудің міндетті шарты бірегейлендіру болып табылатын кезде әкелінген тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде бірегейлендіруге мүмкіндік беретін сипаттамаларды сақтай отырып жеке сипатын жоғалтатын тауардың өзін қайта өңдеу, оларды қалпына келтіруді қоса алғанда тауарларды жөндеу, оларды қайта өңдеу процесінің барысында толық немесе ішінара тұтына отырып, қайта өңдеу өнімдерін өндіруді жеңілдетуге арналған кейбір тауарларды пайдалану;

3) мыналарды:

тауарларды технологиялық жабдық пен оның қосалқы бөлшектері ретінде пайдалануды, тауарларды тиеу-түсіру техникасы, еркін қоймада пайдаланылатын өзге де техникалық құралдар ретінде пайдалануды, көрмелер өткізуді қамтитын операциялар.

2. Осы баптың 1-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген еркін қоймаға орналастырылған тауарлармен операциялар кеден органын құлақтандыра отырып жүргізіледі және Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша тауарлардың коды өзгермеуі тиіс.

Еркін қоймада уақытша сақталудағы тауарлармен осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген операциялар жүргізілуі мүмкін.

Еркін қоймада шетелдік тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар жүзеге асырылатын кезде қазақстандық тауарларды қайта өңдеу өнімдерін өндіру мақсаттары үшін қоспалар, қосымша құрамдас бөліктер ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету және кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі еркін қоймалардағы тауарлармен операциялар жүргізуге жекелеген тыйым салулар мен шектеулер белгілеуге құқылы.

263-бап. Тауарлардың еркін қоймаларда болу мерзімдері

Тауарлар еркін қойманың жұмыс істеуі шартымен еркін қоймаларда мерзімі шектелместен болуы мүмкін.

264-бап. Еркін қоймаларда Қазақстан Республикасының кедендік заңдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Кеден органдары еркін қоймалардағы тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асырады.

Кеден органдары кедендік бақылаудың Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын нысандарын қолданады.

Еркін қоймаларға орналастырылған, сондай-ақ еркін қоймалардан әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

265-бап. Еркін қоймалардағы тауарлардың есебін жүргізу

1. Еркін қоймалардың иелері әкелінетін, әкетілетін, сақталатын, дайындалатын, қайта өңделетін, сатып алынатын және сатылатын тауарлардың есебін жүргізеді және кеден органдарына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен олар туралы есептілік ұсынады. Еркін қоймалардың шектеріндегі тауарлармен болатын кез келген өзгерістер есептік құжаттарда көрініс табуы тиіс.

2. Еркін қоймада сақталатын, дайындалатын және қайта өңделетін

тауарлардың есебін жүргізу үшін, мұндай құжаттарда: тауарлардың атауы мен бірегейлендіру белгілерінің, олардың саны, тауарлар мен көлік құралдарының еркін қойма шегіндегі қозғалысы туралы мәліметтердің, олармен еркін қоймада болатын кез келген өзгерістердің көрініс табуы шартымен бухгалтерлік есеп пен есептілікті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізу үшін қолданылатын құжаттар пайдаланылады.

266-бап. Еркін қойма иесінің міндеттері

Еркін қойманың иесі:

1) осы Кодекстің 140-бабымен белгіленген біліктілік талаптарды сақтауға;

2) қоймадағы тауарлардың кедендік бақылаудан тыс алынбауын қамтамасыз етуге;

3) еркін қойманы құруға арналған лицензияның шарттарын сақтауға және кеден органдары лауазымды адамдарының еркін қоймадағы тауарларға кіруін қамтамасыз етуді, бұл адамдарға кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін еркін қоймадан үй-жайларды, жабдықтар мен байланыс құралдарын беруді қоса алғанда, кеден органдарының талаптарын орындауға міндетті.

267-бап. Кедендік баждар, салықтар алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

Шетелдік және қазақстандық тауарларды еркін қоймаларға орналастырған кезде кедендік баждар мен салықтар алынбайды және қауіпсіздік талаптарын қоспағанда тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды. Еркін қоймалардан Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде, қазақстандық тауарларды әкелуді қоспағанда, кедендік баждар мен салықтар алынады және тарифтік емес реттеу шаралары мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес қ о л д а н ы л а д ы .

Тауарларды еркін қоймалардан Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкету кезінде кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы тарифтік емес р е т т е у ш а р а л а р ы :

1 ) ш е т е л д і к ;

2) е р к і н қ о й м а л а р д а ө н д і р і л г е н ;

3) еркін қоймаларда қайта өңдеуге ұшыраған тауарларға қолданылмайды.

Тауарлардың еркін қоймалардан шығарылуы шығарылу тауарлардың шығарылуы туралы сертификатымен расталады. Көрсетілген сертификат болмаған жағдайда тауар:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге әкету кезінде -

қазақстандық ретінде әкетулік кедендік баждарды алу мен тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында;

2) Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде шетелдік ретінде әкелулік кедендік баждар мен салықтарды алу, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында қаралады.

268-бап. Еркін қойманың кедендік режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделетін жағдайды

қоспағанда, еркін қойманың кеден режимін мәлімдеуші тұлға кеден режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

269-бап. Еркін қойма қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

Еркін қойма қызметіне қойылатын біліктілік талаптары осы Кодекстің 140-бабына сәйкес белгіленеді.

270-бап. Еркін қойманы құруға арналған лицензия

1. Еркін қойма кеден органының лицензиясы алынғаннан кейін құрылады. Мұндай лицензия еркін қойманы құруға арналған алаңдардың меншік иесі немесе оларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында билік етуші болып табылатын қ а з а қ с т а н д ы қ т ұ л ғ а ғ а б е р і л е д і .

2. Лицензиялаумен байланысты және осы тараумен реттелмеген қатынастар лицензиялау туралы заңнамамен реттеледі.

3. Орталық кеден органы құрылған және жұмыс істеп тұрған еркін қоймалар туралы ақпаратты мерзімді түрде жариялауды қамтамасыз етеді.

4. Еркін қойманы құруға арналған лицензия басқа тұлғаға берілуге жатпайды.

271-бап. Еркін қойманы құруға арналған лицензия алу үшін қажетті құжаттар

1. Еркін қойманы құруға лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) тұлғаның лицензияны беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;
- 2) өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестілікті растайтын құжаттар;
- 3) құрылтай және тіркеу құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері;
- 4) лицензияны бергені үшін алым төлегендігін растайтын құжаттар;
- 5) тиісті үй-жайлар мен орындарға қатысты меншік немесе иелік ету және пайдалану құқығын растайтын құжаттар;
- 6) еркін қойма ретінде мәлімделетін үй-жайлардың жоспарлары, сызбалары.

2. Осы баптың 1-тармағының 5)-6) тармақшаларында белгіленген өтініште және құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, лицензиат кеден органын тиісті өзгерістер туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен к е ш і к т і р м е й х а б а р д а р е т е д і .

272-бап. Еркін қойманы құруға арналған лицензияның қолданылуын

1. Еркін қойманың иесі осы Кодекспен белгіленген талаптар мен міндеттіліктерді сақтамаған жағдайда, лицензияның қолданылуы орталық кеден органының шешімі бойынша тоқтата тұрудың себептері көрсетіле отырып алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның тоқтатыла тұруы туралы шешімді мұндай шешімнің негіздемесі бар басшының бұйрығы нысанында орталық кеден органы қабылдайды.

3. Лицензияның қолданылуы тиісті шешім қабылданған күннен бастап тоқтатыла тұрады. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде тауарларды еркін қоймаға орналастыруға рұқсат етілмейді. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін еркін қоймаға орналастырылған тауарлар кедендік бақылаумен өзге бос қоймаларға орналастырылуы немесе өзге кедендік режимге орналастырылуы тиіс.

4. Лицензияның қолданылуы ол бойынша оның қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін, орталық кеден органы лицензияның қолданылуын қайта жаңарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап жаңартылады.

273-бап. Еркін қойманы құруға арналған лицензияны кері қайтарып алу

1. Лицензияны орталық кеден органы:

1) егер толық және дұрыс ақпарат берілген жағдайда оның белгіленген тәртіптің негізінде мәлімдеушіге берілуі мүмкін болмаса, ол дұрыс емес мәліметтердің негізінде берілген ;

2) лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаған;

3) олар бойынша лицензияның қолданылуы бұрын тоқтатыла тұрған себептер жойылмаған жағдайларда кері қайтарып алуы мүмкін.

2. Кері қайтарып алу туралы шешім осындай шешімнің негіздемесімен

бірге орталық кеден органының бұйрығымен ресімделеді.

3. Лицензияны кері қайтарып алу кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап әрекет етеді.

4. Лицензия кері қайтарылып алынған жағдайда, еркін қойманың иесі кері қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей лицензияның түпнұсқасын орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

5. Еркін қойманы құруға арналған лицензия беру туралы қайталама өтініш кері қайтарып алу үшін негіздеме болған себептердің жойылуы шартымен лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім шығарылған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін қаралуы мүмкін.

274-бап. Еркін қойманы құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Еркін қойманы құруға арналған лицензия өзінің қолданылуын орталық кеден органының шешімі бойынша:

1) лицензия қайтарып алынған;

2) еркін қойма иесінің кеден органына жазбаша өтініш беруімен еркін қойманың қызметі тоқтатылған;

3) еркін қойма лицензиясының иесі болып табылатын заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда тоқтатады.

2. Еркін қойманы құруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім мұндай тоқтатудың себептері көрсетіле отырып орталық кеден органының б ұ й р ы ғ ы м е н р е с і м д е л е д і .

3. Еркін қойманың қызметі тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, еркін қойманың иесі он бес күндік мерзімде лицензияны орталық кеден органына қайтаруға міндетті.

4. Еркін қойманың қызметі тоқтатылған жағдайда, еркін қойманың кедендік режимімен орналастырылған тауарлар лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін осы Кодекстің 13-тарауында белгіленген тәртіппен басқа еркін қоймаға ауыстырылуы мүмкін, не еркін қойманың осы тауарларға қатысты кедендік режимінің қолданылуы лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен кейінгі отыз күнтізбелік күннің ішінде аяқталуы тиіс.

Егер еркін қоймада қайта өңдеу жөніндегі операцияларға ұшыраған тауарлар болған жағдайда, кеден органы осы тауарларды еркін қоймаға орналастырған тұлғаны оның таратылғандығы туралы хабардар етеді. Бұл ретте еркін қойманың осы тауарларға қатысты кедендік режимі қайта өңдеудің соңғы операциясы аяқталғанға дейін с а қ т а л а д ы .

### 33-ТАРАУ. АРНАУЛЫ КЕДЕН РЕЖИМІ

275-бап. Арнаулы кеден режимінің мақсаты

Арнаулы кеден режимі - тауарлардың жекелеген санаттары кеден баждары мен салықтары алынбастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданбастан Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін кеден режимі.

276-бап. Арнаулы кеден режимімен орналастырылатын тауарлар

1. Арнаулы кеден режимімен орналастыруға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін мынадай тауарлар жатады:

1) Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегінен тысқары жерлерге әкетілетін және елшіліктердің, консулдықтардың, халықаралық ұйымдардың жанындағы өкілдіктердің және шет елдердегі Қазақстан Республикасының өзге де ресми өкілдіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағында және оның шегінен тысқары жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасының әскери мекемелерінің арасында кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар;

3) көрсетілген көлік құралдарының қалыпты жұмыс істеуі мен оларға техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету, олардың экипажы мен жолаушыларының тіршілік ету қызметін қамтамасыз етуге арналған көліктің теңіз, әуе және темір жол түрлерінің көлік құралдарында өткізілетін борттық запастар мен кеме қорлары;

4) кедендік шекара арқылы өткізілетін және табиғи зілзалалар мен өзге де төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған тауарлар, оның ішінде төтенше оқиғалардың нәтижесінде зардап шеккен адамдарға тегін тарату үшін, не осы мақсаттарда коммерциялық емес қайырымдылық ұйымдарына беруге арналған тауарлар, авариялық-құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу мен авариялық-құтқару құрамаларының тіршілік ету қызметі үшін қажетті тауарлар;

5) бұл шикізаттың не өнеркәсіптік өнімнің мүмкін болатын сұранысын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін шикізаттың не өнеркәсіптік өнімдердің үлгілері. Бұл ретте үлгі тұрғысында мұндай зерттеулерді

(сертификациялауды) жүргізу үшін жеткілікті коммерциялық құндылығы жоқ шикізаттың не өнеркәсіптік өнімнің ең аз саны түсініледі.

277-бап. Арнаулы кеден режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

Осы Кодекстің 425-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда арнаулы кеден режимін мәлімдеген тұлға кеден режимінің шарттарын сақтамағаны үшін жауапкершілікте болады.

**7-БӨЛІМ. АРНАЙЫ КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР**

**34-ТАРАУ. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨТКІЗУ**

278-бап. Көлік құралдарына қолданылатын кедендік режимдер

Осы Кодекстің 287, 295-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін көлік құралдары (бостарын қоса алғанда) кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және



тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан уақытша әкелу мен уақытша әкетудің режимдеріне сәйкес осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіппен кедендік р е с і м д е у г е ж а т а д ы .

## 279-бап. Көлік құралдарын өткізудің тәртібі

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жол жүретін көлік құралдары тек Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын өткізу пункттері арқылы ғана өткізіледі және осы Кодексте көзделген кедендік рәсімдерді жүзеге асыру үшін оларда тоқтатылуға және тұруға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген көлік құралдарының тұру ұзақтығы ең қысқа болуы және кедендік рәсімдердің басталуы мен аяқталуы кеден органдарына байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, ұлттық темір жол компаниясымен келісім бойынша орталық кеден органы бекітетін темір жол көлігіне арналған автомобиль және су көлігі үшін бір тәулік уақыттан аспауы т и і с .

3. Көлік құралдарының өздерінің тұру орындарынан жөнелтілуі Қазақстан Республикасының кеден аумағына кіруі кезінде осы Кодекстің 11-тарауымен және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан шығу кезінде осы Кодекстің 15-тарауымен көзделген кедендік рәсімдер аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

## 280-бап. Көлік құралдарын уақытша әкелу мен уақытша әкетуді оңайлатылған тәртіппен кедендік рәсімдеу

1. Көлік құралдарын тасымалдаушы көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тікелей келген кезде, оларда көлік құралы мен жол жүру бағыты туралы мәліметтердің болуы шартымен кеден органына Қазақстан Республикасы бекітетін көлік саласындағы халықаралық шарттарында көзделген тасымалдаушының көліктік құжаттарын ұсыну жолымен д е к л а р а ц и я л а й д ы .

2. Көлік құралдарын уақытша әкелуді немесе уақытша әкетуді кедендік рәсімдеу тасымалдаушы ұсынған көліктік құжатқа кеден органының тиісті белгілерін қою ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

## 281-бап. Көлік құралдарын кедендік рәсімдеудің ерекшелігі

1. Бос автокөлік құралын уақытша әкелу кезінде кеден органы нысаны мен толтыру тәртібін кеден ісі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін "Шетелдік бос автокөлік құралын әкелудің куәлігі" деген

р е с і м д е у д і

ж ү р г і з е д і .

2. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан автокөлік құралын кері әкету кезінде кеден органына автокөлік құралын Қазақстан Республикасының кеден аумағына уақытша әкелгендігін растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

282-бап. Уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін көлік құралдарымен  
ж а с а л а т ы н      о п е р а ц и я л а р

1. Уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін көлік құралдарымен олар шетелдік мемлекеттің аумағында болған не Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылған кезде қажет болатын оларға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жөніндегі әдеттегі операцияларды жасауға рұқсат етіледі.

2. Уақытша әкетілетін көлік құралына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында есепке алынуға жататын көлік құралының бөліктерін ауыстырумен байланысты жөндеу жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жасалған келісімнің шарттарына сәйкес тегін жөндеуді жүзеге асыру не оның Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тысқары жерлерде орын алған аварияның немесе тежеусіз күштер әсерінің салдарынан зақымдануынан кейін көлік құралын қалпына келтіру үшін қажетті жөндеуді жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, ауыстырылған бөлік жалпы тәртіппен ресімделуге жатады. Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жасау кезінде ауыстырылған әуе кемелерінің бөлшектерін кедендік ресімдеудің ерекшеліктері көлік саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілмеген уақытша әкелінген көлік құралдарының ауыстырылған қосалқы бөлшектері мен жабдықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінбеген уақытша әкетілген көлік құралдарының ауыстырылған қосалқы бөлшектері мен жабдықтары осы Кодексте көзделген жалпы тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

4. Уақытша әкелінген көлік құралына меншік, иелену немесе билік ету құқығын қазақстандық тұлғаға, не уақытша әкетілген көлік құралын шетелдік тұлғаға берген жағдайда, көлік құралын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізуді жүзеге асырған тұлға тауарларды өткізу үшін көзделген тауарларға арналған тиісті кедендік режимге мәлімдеуге міндетті.

283-бап. Көлік құралдарын уақытша әкелу мен уақытша әкетудің  
м е р з і м д е р і

1. Уақытша әкелінген көлік құралын қайта әкету оларды жүзеге асыру үшін осы Кодекстің 87-бабында көзделген тауарлар мен көлік құралдарын жеткізудің мерзімдері

ескеріле отырып Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген тасымалдау операциялары аяқталғаннан кейін дереу жүзеге асырылуы тиіс.

Уақытша әкелінген көлік құралын оны әкелуді жүзеге асырған тұлғаға байланысты емес себептер бойынша белгіленген мерзімдерде әкету мүмкін болмайтын жағдайда, көлік құралын уақытша әкелудің мерзімін кеден органы көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағынан іс жүзінде әкету басталғанға дейін оны пайдалану құқығын берместен бір жылға дейін ұзарта алады. Көлік құралын уақытша әкелудің ұзартылуын ескергендегі жалпы мерзімі бір жылдан аспауы тиіс.

2. Уақытша әкелінген көлік құралын қайта әкету оны Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан іс жүзінде әкететін сәттен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

284-бап. Көлік құралдарын қайта әкелу және қайта әкету

1. Осы Кодекстің 284-бабында белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін уақытша әкетілген көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайтарылуы тиіс, ал уақытша әкелінген көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі не тауарлар үшін көзделген кедендік режимдердің біріне мәлімделуі тиіс.

Бұл ретте, тауарлар экспортының не тауарларды уақытша әкетудің кедендік режимін мәлімдеу уақытша әкетілген көлік құралы кеден органына іс жүзінде ұсынылмастан рұқсат етіледі.

2. Көлік құралдарын қайта әкету және қайта әкелу кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.

285-бап. Кедендік шекара арқылы халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылмайтын су кемелері мен әуе кемелерін өткізу

1. Оларды судың биологиялық ресурстарының кәсібі, теңіз түбі мен оның жер қойнауының минералдық және басқа да өлі ресурстарын барлау мен өндіру, лоцмандық желілеу, іздестіру, құтқару және тіркеу операциялары, теңізге батқан мүлікті көтеру, гидротехникалық, су асты-техникалық және осыған ұқсас басқа да жұмыстар, санитарлық, карантиндік және басқа да бақылау, теңіздік ортаны қорғау мен сақтау, теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін пайдалану мақсатында, оқу, спорт және мәдени мақсаттарда, сондай-ақ теңізде жүзу саудасымен байланысты өзге де мақсаттарда Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге уақытша әкетілетін су кемелері жеке тұлғалар өткізетін көлік құралдарын қоспағанда, оларды уақытша әкету мен қайта әкелу кезінде осы тараумен белгіленген тәртіпке сәйкес және

шарттарда кедендік шекара арқылы өткізіледі.

2. Әскери әуе кемелерін қоспағанда, тауарлар мен жолаушылардың халықаралық тасымалы үшін пайдаланылмайтын әуе кемелері оларды уақытша әкету мен қайта әкелу кезінде осы тарауда көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізіледі.

#### 286-бап. Көлік құралдарын тауар ретінде өткізу

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына оларды қазақстандық тұлғаға уақытша немесе тұрақты пайдалануға, иеленуге немесе қарауына берумен байланысты әкелінетін, Қазақстан Республикасының кеден аумағына оларды шетелдік тұлғаға уақытша немесе тұрақты пайдалануға, иеленуге немесе қарауына берумен байланысты әкетілетін көлік құралдары тауарларға қолданылатын кедендік режимдерге сәйкес кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуге жатады.

2. Оларды бір шетелдік тұлғадан екінші шетелдік тұлғаға уақытша немесе тұрақты пайдалануға, иеленуге немесе қарауына берумен байланысты Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы транзитпен өткізілетін көлік құралдары тауарлар транзитінің кедендік режимдерге сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауға жатады.

3. Қазақстан Республикасының аумағына ішкі тасымалдарды (Қазақстан Республикасының кедендік аумағындағы тиеу және түсіру не жолаушыларды отырғызу мен түсіру пункттерінің арасындағы тасымалдарды) жүзеге асыру үшін әкелінетін, сондай-ақ кедендік шекара арқылы қайта өңдеу мақсаттары үшін өткізілетін көлік құралдары тауарларға қолданылатын кедендік режимдерге сәйкес кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуге жатады.

#### 287-бап. Көлік құралдарын өткізу шарттарының сақталуы үшін жауаптылық

Қойылған талаптарды орындау тежеусіз күштердің әсеріне байланысты мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, оны тиісінше бастапқы әкелу немесе әкету кезінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы көлік құралын өткізуші тұлға көлік құралдарын уақытша әкелу мен уақытша әкетудің мерзімдерінің, сондай-ақ осы тарауда көзделген басқа да шарттардың сақталуы үшін жауаптылықта болады.

#### 35-ТАРАУ. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨТКІЗУІ

#### 288-бап. Осы тарауда қолданылатын ұғымдар

Осы тарауды қолданудың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өндірістік немесе өзге коммерциялық қызмет үшін арналмаған тауарлар - жеке тұлға пайда табу мақсатында пайдаланылмайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу сипатына, мерзімділігіне, санына және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де белгілеріне сәйкес келмейтін тауарлар;

2) жеткізіп салушысы бар жол жүгі - жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тікелей өткізетін тауарлар;

3) жеткізіп салушысы жоқ жол жүгі - тауарды өткізуші жеке тұлғамен жасалған тасымал шарты бойынша (жол жүктік түбіртек, тәртіптеме, коносамент және басқа құжаттар бойынша) тасымалдаушы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарлар;

4) көлік құралы - осы көлік құралын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін жеке тұлғаның меншігіндегі немесе уақытша иелігінде болып табылатын, қосалқы бөлшектерімен және әдеттегі керек-жарақтарымен және жабдықтарымен, оның кәдімгі бактарындағы жанар-жағар материалдарымен және отынымен бірге авто-, мото көлік құралы, тіркеме, су немесе әуе кемесі;

5) декларациялаудың конклюденттік нысаны - жеке тұлғаның өзінің қол жүгі мен жеткізіп салушысы бар жол жүгінде міндетті жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың жоқ екендігі туралы куәландыратын іс-әрекет жасауы.

#### 289-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды өткізуінің тәртібі

1. Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге тиым салынғандарды қоспағанда, өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен нормалар сақталған жағдайда, жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіппен өткізеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген салмақтық және құндық нормалардың шегінде оларға қатысты жеңілдікті тәртіп көзделмеген тауарларды жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы тарауда көзделген оңайлатылған тәртіппен өткізеді.

3. Олардың шетел мемлекеттерінде үздіксіз болу мерзімі алты айдан асатын Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріндегі жұмысы аяқталғаннан кейін жеке пайдалануға арналған тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары бүкіл жұмыс істеу кезеңі ішінде алған жалақы сомасының шегінде кедендік баждар төлеместен әкелуге құқығы бар.

4. Оларға қатысты Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен өткізу тәртібі көзделмеген тауарларға кедендік ресімдеудің осы Кодекспен белгіленген жалпы тәртібі қолданылады.

290-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды міндетті жазбаша декларациялауы

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін жеке тұлға міндетті жазбаша декларациялауға жататын тауарларды өткізу кезінде олар туралы мәлімдеу тауарлар осы Кодексте көзделген жалпы тәртіппен кедендік ресімдеуге жататын кездегі жағдайларды қоспағанда, жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру жолымен жүргізіледі.

2. Тауарларды міндетті жазбаша декларациялауға мынадай тауарлар жатады:

- 1) қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар;
- 2) есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары;
- 3) мемлекет үшін тарихи, көркем, ғылыми және мәдени құндылығы бар ескіліктің және өнердің әкелінетін заттары;
- 4) улы және күшті әсер ететін заттар;
- 5) радиациялық материалдар;
- 6) олардың Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылуы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тарапынан бақылауға жататын әкелінетін жоғары жиілікті радиоэлектрондық құрылғылар мен байланыс құралдары;
- 7) сирек коллекциялар және флора мен фаунаның үлгілері, олардың бөліктері мен олардан алынған өнімдер;
- 8) оларға қатысты Қазақстан Республикасының валюталық заңдарымен шектеулер немесе оларды Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің шарттары белгіленген валюта мен валюталық құндылықтар;
- 9) оларға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібін белгілеген жеке зергерлік бұйымдарды қоспағанда, қымбат бағалы металдар мен тастар ;
- 10) Қазақстан Республикасының аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан тыс әкелінетін акцизделетін тауарлар;
- 11) өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналған тауарлар;
- 12) өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналмаған, мөлшері немесе құны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нормалардан асатын тауарлар;
- 13) жеткізіп салушысы жоқ жол жүгінде өткізілетін тауарлар;
- 14) оларды әкелу және әкету кезінде тауарларды жеңілдікпен өткізу көзделмеген уақытша әкелінетін (әкелінетін) тауарлар;
- 15) көлік құралдары ;

16) жеке тұлғаның шетелдік мемлекеттен Қазақстан Республикасына, не Қазақстан Республикасынан шетелдік мемлекетке тұрғылықты тұруға қоныс аударуына байланысты Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар.

3. Жолаушылардың кедендік декларациясының нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

4. Он алты жасқа толмаған адам өткізетін тауарларды жазбаша декларациялауды оны ертіп жүрген адам жүзеге асырады.

5. Жеткізіп салушысы жоқ жол жүгінде өткізілетін тауарларға қатысты жолаушылардың кедендік декларациясы тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу кезінде және бір мезгілде тауарларды кеден органына көрсете отырып оларды әкету кезінде тауарларды кеден органына көрсеткен күннен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде берілуі тиіс.

6. Жеткізіп салушысы жоқ жол жүгіндегі тауарларды өткізуші адам немесе тауарларды өткізуші адамның сенім хаты бойынша әрекет ететін кез келген басқа адам декларациялай алады. Тауарларды декларациялаушы адам кеден органына мәлімделетін мәліметтердің сенімділігі үшін жауаптылықта болады.

7. Он алты жасқа толмаған адамның жеткізіп салушысы жоқ жол жүгіндегі тауарларын оның ата-аналары немесе қамқоршылары, не ата-аналарының немесе қамқоршыларының сенімхаттары бойынша әрекет ететін адамдар декларациялауға жатады.

## 291-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі және уақытша әкелуі

1. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын жеке тұлғалар өздерінің шетелдік мемлекетте уақытша болуы мерзіміне кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкете алады.

2. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде тұрғылықты тұратын жеке тұлғалар өздерінің Қазақстан Республикасында уақытша болуы мерзіміне кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкеле алады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік аумағына жеке тұлғалар уақытша әкелетін тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелудің шектеулі мерзімдерін белгілеуі

м ү м к і н .

4. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлар аталған тауарлардың өткізілуіне қатысты ауызша декларациялау көзделетін жағдайларды қоспағанда, жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру жолымен жазбаша нысанда декларацияланады.

5. Уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін тауарлар табиғи тозудың немесе кемудің салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда өзгеріссіз күйде қайта әкетуге және қайта әкелуге жатады.

6. Тауарлар кез келген кеден органы арқылы қайта әкетілуі және қайта әкелінуі м ү м к і н .

7. Қайта әкетілетін және қайта әкелінетін тауарлар әкету және әкелу кезінде тиісінше ресімделген жолаушылардың кедендік декларациясында бұл тауарлар туралы мәліметтердің болуы шартымен кедендік төлемдерден, салықтардан және тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан босатылады.

292-бап. Жеке тұлғалардың көлік құралдарын уақытша әкелуі және у а қ ы т ш а ә к е т у і

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын жеке тұлғалар өздеріне тиісті не оларға уақытша пайдалануға, билік етуге берілген, Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралына кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкетуге және қайта әкелуге құқылы.

2. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде тұрғылықты тұратын жеке тұлғалар өздеріне тиісті не оларға уақытша пайдалануға, билік етуге берілген, шетелдік мемлекеттерде тіркелген көлік құралын кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан уақытша әкелуге және қайта әкетуге құқылы.

3. Көлік құралдарын жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкетудің мерзімі көлік құралын әкетуді шетелдік мемлекетте жүзеге асыратын адамның уақытша келу мерзімінен аспауы тиіс.

Көлік құралдарын жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелудің мерзімі кез-келген жүйелі он екі айлық кезеңде жиынтықты алты айдан аспауы тиіс.

Көлік құралын оны әкелуді жүзеге асырған тұлғаға байланысты емес себептер бойынша белгіленген мерзімдерде әкету мүмкін болмайтын жағдайда, көлік құралын уақытша әкелудің мерзімін кеден органы көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағынан іс жүзінде әкету басталғанға дейін оны пайдалану құқығын берместен бір айға ұзарта алады.

4. Уақытша әкелінген көлік құралдары белгіленген мерзімдер біткенше Қазақстан



Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетілуі, не осы Кодекспен көзделген тауарларға арналған кеден режимдерінің біріне мәлімделуі тиіс.

5. Көлік құралдары кез келген кеден органы арқылы қайта әкетілуі және қайта әкелінуі мүмкін.

6. Бұрын уақытша әкелінген көлік құралын әкету кезінде "Көлік құралын қайта әкету туралы міндеттеме" ол арқылы көлік құралын әкету жүзеге асырылатын кеден органында қалады.

7. Осы баптың 4-тармағының шарттары орындалған жағдайда, көлік құралын тауарлар үшін көзделген кедендік режимде ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы немесе ол арқылы көлік құралының әкетілуі жүзеге асырылатын кеден органы "Көлік құрамын қайта әкету туралы міндеттемені" ресімдеген кеден органын көлік құралын кедендік ресімдеудің не Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетудің фактісі туралы хабардар етеді.

293-бап. Жеңілдетілген тәртіппен жеке тұлғалардың уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін көлік құралдарын мәлімдеуі

1. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінетін және уақытша әкетілетін көлік құралдарын декларациялау жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру және кеден органына көлік құралын бірегейлендіретін, меншік немесе аталған көлік құралын иелену құқығын растайтын құжаттарды, сондай-ақ оны өткізетін адам тұрғылықты тұратын елді растайтын құжаттарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

2. Көлік құралын уақытша әкелуді декларациялау кезінде кеден органдары нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін көлік құралын қайта әкету туралы міндеттемені ресімдеуді жүргізеді.

3. Жеңілдетілген тәртіппен уақытша әкелінген көлік құралдарын осы Кодекспен көзделген тауарларға арналған кеден режимдерінің бірін мәлімдеместен иеліктен айыру, басқа адамдарға пайдалануға немесе билік етуге беру мүмкін емес.

## 36-ТАРАУ. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ТӘРТІППЕН ТАУАРЛАРДЫ ӨТКІЗУІ

294-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізуі

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібі осы бапта көзделген шараларды қоспағанда, кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатуды және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбауды көздейді.

2. Жеңілдетілген тәртіппен өткізілетін тауарларды декларациялауды жеке тұлғалар өздері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жол жүруі кезінде осы Кодекстің 290-бабында көзделген жағдайды қоспағанда, тауарларды бір мезгілде ауызша немесе конклюденттік нысанда кеден органына ұсына отырып жүзеге асырады.

Он алты жасқа жетпеген тұлға өткізетін тауарларды мәлімдеудің нысанын таңдауды оны ауыстыратын тұлға жүргізеді.

3. Тауарларды жеткізіп салушысы жоқ жол жүгінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу кезінде өткізудің жеңілдетілген тәртібін қолданудың міндетті шарты жеке тұлғаның Қазақстан Республикасына келуі туралы жолаушылардың кедендік декларациясын кеден органына ұсыну болып табылады.

4. Жеке тұлға ауызша мәлімдеу кезінде жазбаша мәлімдеуге жататын тауарлардың қол жүгінде немесе ілеспелі жолжүкте жоқтығы туралы мәлімдейді.

5. Жеке тұлға өзінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін міндетті жазбаша декларациялауға жатпайтын тауарларды жазбаша декларациялауға құқылы.

6. Тауарларды конклюденттік нысанда декларациялау мүмкіндіктері мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жеке тұлғалар өтуге арналған, адам тауарларды декларациялау үшін саналы таңдау жасай алатындай түрде арнайы белгіленген орындар жайластырылады. Осындай орындарды жайғастыруға талаптар кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

7. Жеке тұлғаның қол жүгінде немесе жеткізіп салушысы бар жол жүгінде жазбаша декларациялауға жататын тауарлары жоқ адамдардың өтуіне арналған арнайы белгіленген орын арқылы өтуі кеден органына көрсетілген адамда жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың жоқ екендігі туралы мәлімдеме ретінде қаралады.

8. Ерекше жағдайларда орталық кеден органы мәлімдеудің конклюденттік нысанын қолдануға шектеулерді белгілеуге құқылы. Мұндай шешім Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынған тауарлар әкетілуі мүмкін немесе әкетіле алатын мемлекеттердің ерекшеліктерінен, тұлғалар санатынан Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін қандай-да бір ерекшеліктерді, өткізу пунктінде қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып қабылданады.

9. Осы Кодекстің 290-бабының 2-тармағының 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген тауарлар тиісті уәкілетті органдардың Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген рұқсат ету құжаттарының болуы шартымен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізіледі.

10. Жеңілдетілген тәртіппен өткізілетін тауарлар ішінара кедендік тексеруге жатады

11. Кеден органы тауарларды өткізуші адамнан олардың негізінде жеңілдіктер берілген шарттарға сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынуды талап етуге құқылы.

12. Жеке тұлғалар тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізген жағдайда, кеден органдары бұл Қазақстан Республикасының кедендік заңдарын сақтау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, кеден рәсімдерінен көлік құралынан шықпастан өту мүмкіндігін б е р е д і .

295-бап. Жеке тұлғалардың тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізуі

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің оңайлатылған тәртібі кедендік төлемдерден, салықтардан босатпастан және тарифтік емес реттеу шарларын қолданбастан осы Кодекспен белгіленген тауарларды кедендік ресімдеудің жалпы тәртібімен көзделетін кедендік рәсімдерді қолданудан босатуды б і л д і р е д і .

2. Оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларды декларациялау жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру, сондай-ақ тауарларды өткізуші адамның жеке басын, тауардың құнын, шығарылған елін, тарифтік емес реттеу шараларының сақталғандығын растайтын құжаттарды ұсыну жолымен тауарларды бір мезгілде кеден органына көрсете отырып жүргізіледі.

3. Оңайлатылған тәртіппен декларациялау кезінде тауарлардың кедендік құны тауарлық чектерде, шоттарда және тауарлардың бөлшек саудасы кезінде пайдаланылатын басқа да құжаттарда көрсетілген тауарлардың құны туралы мәліметтердің негізінде айқындалады.

4. Тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына жеткізіп салушысы жоқ жол жүгінде әкелген жағдайда, кедендік құнға тауарларды әуежайға, теңіз портына немесе тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келетін өзге де орындарға жеткізу жөніндегі шығыстар кіреді.

5. Тауарлардың құнын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, кеден органы жолаушылардың кедендік декларациясында мәлімделген тауарлардың кедендік құнын кедендік төлемдер мен салықтар есептеуге негіз ретінде қабылдайды.

6. Мәлімделген кедендік құн сенімді болып табылмайтындығына негіздемелер болған жағдайда, кеден органы тауарлардың кедендік құнын осы Кодекстің 41-тарауына сәйкес өз бетінше белгілей алады.

7. Оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларға қатысты тауарларды осы Кодекстің 315-бабында көзделген тәртіппен өткізу кезінде төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтар қолданылады.

8. Егер оларда аталған тауарлар шығарылған ел туралы ақпарат болған жағдайда, этикеткалар, таңба-жапсырмалар, бұйымдардың төлқұжаттары және тауарларға қоса

берілетін басқа да құжаттар тауарлардың шығарылған елін растайтын құжаттар бола  
а л а д ы .

9. Оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарларға тауарлардың шығарылған елін растайтын құжаттар болмаған кезде осы Кодекспен белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

10. Кедендік төлемдер мен салықтарды жеке тұлғалар тікелей тауарларды декларациялау кезінде төлейді. Бұл ретте, кеден органының лауазымды адамы нысанын , толтыру тәртібін және есебін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын кедендік кіріс ордерін р е с і м д е у д і жүргізеді.

11. Егер әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу жеке тұлғалардың кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мүмкіндігінің болмауынан немесе тарифтік емес реттеу шараларының сақталғандығын растайтын құжаттардың жоқтығынан жедел аяқтау мүмкін болмаса, оларды тасымалдаушы адамның тілегі бойынша тауарлар:

1) қайтадан Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегінен тысқары жерлерге ж е д е л ә к е т і л у і ;

2) уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы;

3) жіберілетін кеден органында кейін кедендік ресімдеу үшін тауарларды жеткізудің ішкі кедендік транзит рәсімдері жөніндегі шарттарын сақтай отырып жеткізілуі мүмкін.

12. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы оңайлатылған тәртіппен өткізілетін тауарлар тек тауарларды еркін айналым үшін шығару, тауарлардың экспорты немесе тауарлардың транзиті режимдерімен мәлімделеді.

13. Жеке тұлға тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы өткізудің оңайлатылған тәртібін қолданудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда осы Кодекске сәйкес тауарларды кедендік шекара арқылы өткізудің жалпы тәртібі қолданылады.

## 37-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЧТА ЖӨНЕЛТІМДЕРІНДЕ Ө Т К І З У

296-бап. Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар

Осы тарауда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) халықаралық почта жөнелтімдері - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін почта жөнелтімдері;

2) халықаралық почта қызметтерін көрсететін ұйым - почта байланысы туралы Қазақстан Республикасының заңдарына және Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес почта байланысы қызметтерін көрсетуші заңды тұлға;

3) халықаралық почта алмасу орны - функциясына олар бойынша кедендік ресімдеу

жүргізілетін халықаралық ілеспе құжаттарда ресімдеу арқылы келетін және жіберілетін халықаралық почтаны өңдеу кіретін почта байланысының бөлімшесі.

297-бап. Халықаралық почта жөнелтімдеріне жататын жалпы ережелер

1. Осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтімдерінде өткізілетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің тәртібін реттейді.

2. Халықаралық почта жөнелтімдеріне мынадай түрлері жатады:

1) хаттар - жай, құндылығы жарияланған тапсырысты;

2) почта кәртішкелері - жай, тапсырысты;

3) бандерольдер мен "БМ" арнайы қапшықтары - жай, тапсырысты;

4) секограммалар - жай, тапсырысты;

5) шағын пакеттер - тапсырысты;

6) сәлемдемелер - кәдімгі, құндылығы жарияланған;

7) экспресс-почтаның халықаралық жөнелтімдері (жеделдетілген қабылдау, өңдеу, халықаралық почта жөнелтімін Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес EMS жүйесі бойынша жеткізу).

3. Халықаралық почта жөнелтімдерін жіберу Дүниежүзілік почта одағының

актілерімен көзделген құжаттармен қоса жүруі тиіс.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық почта қызметтерін көрсететін ұйымы орталық кеден органымен келісім бойынша халықаралық почта алмасу орнын белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының халықаралық почта қызметтерін көрсететін ұйымы шарттық негізде халықаралық почта алмасу орындарындағы кеден органдарын кедендік бақылауды жүзеге асыруға арналған қызметтік үй-жайлармен, қамтамасыз етуі тиіс.

298-бап. Тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерінде өткізудің ерекшеліктері

1. Халықаралық почта жөнелтімдерінде:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуге және осы аумақтан әкетуге тыйым салынған;

2) оларды салу Дүниежүзілік почта одағының актілеріне сәйкес тыйым салынған тауарларды салуға рұқсат етілмейді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінуі немесе тиісінше осы аумақтан әкетілуі шектелген

тауарларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

3. Жеке тұлғаның мекен-жайына жіберілетін және өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызмет үшін арналмаған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарттар мен шектер сақталған жағдайда, кедендік төлемдер мен салықтар төлеуден босатыла отырып, және оларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан өткізіледі.

4. Почта байланысының ұйымдары зағиптарға арналған откриткаларды, хаттарды, әдебиеттерді қоспағанда, халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік тексеру мен кедендік тексеріс жүргізу үшін көрсетеді.

5. Халықаралық почта жөнелтімдерін Қазақстан Республикасының почта байланысы ұйымы кеден органдарының рұқсатынсыз оларды алушыларға бере алмайды не Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге жөнелте а л м а й д ы .

6. Бағалылығы жарияланған хаттар ілеспе құжаттарын кедендік ресімдеместен жөнелтімдердің өзіне белгілер соғу жолымен кедендік бақылауға жатады.

7. Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды алуды кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

8. Қазақстан Республикасының почта байланысы ұйымы халықаралық почта жөнелтімдерін жоғалтқаны үшін, оларды алушыға кеден органдарының рұқсатынсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

#### 299-бап. Халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік ресімдеу

1. Халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік ресімдеу құжаттар мен мәліметтерді тексеруден, техникалық бақылау құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын кедендік қараудан, ал қажет болған жағдайда, почта байланысы ұйымы операторларының оралымдарды тексеру столында аша отырып және кеден органының лауазымды адамына ішіндегілерді көрсете отырып кедендік тексеруден басталады.

2. Оларға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібін көздеген тауарларды кедендік ресімдеуді қызметінің аймағында халықаралық почта алмасу орны орналасқан кеден органы жүзеге асырады.

3. Оларға қатысты жүктік кедендік декларация ұсынылатын тауарларды кедендік ресімдеуді қызметінің аймағында жеткізудің ақырғы пункті не халықаралық почта жөнелтімінің бастапқы пункті болып табылатын почта байланысының бөлімшесі орналасқан кеден органы жүзеге асырады.

4. Экспресс-почтаның халықаралық жөнелтімдері ең қысқа мерзімдерде басымдықты тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады.

5. Аудио-бейне жазбалар мен магниттік және өзге де тасушылардағы ақпараттарды кедендік ресімдеу жөнелтушінің ЭЕМ-нің түрі мен оларды пайдалана отырып жазба жүргізілген операциялық жүйе туралы мәліметтері болған жағдайда, техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай мәліметтер болмаған жағдайда, алушыға аталған ақпаратты ашу мүмкіндігі беріледі. Ашу мүмкін болмайтын жағдайда ақпараттар тасушы жөнелтушіге қайтарылады.

6. Қайтыс болғандардың мәйітін кедендік ресімдеу медициналық мекеменің құжаты мен уәкілетті органдар берген қайтыс болғандығын растау туралы құжаттары болған жағдайда, оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі. Мәйіті бар ыдысты кеден органының лауазымды адамы өзге салымдардың жоқтығы туралы міндетті түрде белгі соға отырып

п л о м б ы л а й д ы .

7. Мемлекеттік наградаларды (ордендер, медальдар, белгілер, атаулы заттар) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы салуға тек мұндай тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерінде өткізетін адамның меншік құқығын растайтын марапаттау туралы құжаттар бойынша ғана рұқсат етіледі.

### 300-бап. Халықаралық почта жөнелтімдерін декларациялау

1. Егер Дүниежүзілік почта одағының актілерімен көзделген және халықаралық почта жөнелтімдерімен қоса жүретін құжаттарда кеден органдары кедендік мақсаттар үшін талап ететін барлық мәліметтер болса, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік декларация ұсыну талап етілмейді.

2 . Е г е р :

1) халықаралық почта жөнелтімдерін заңды тұлғалар салса;  
2) егер тауарлардың құны жеке тұлғалар тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерінде өткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген н о р м а л а р д а н а с с а ;

3) Қазақстан Республикасының кеден аумағынан, не Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы жеке тұлғаның мекен-жайына жеке тұлғалар салған тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарлардың тиістілігін айқындаудың өлшемдеріне сәйкес өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналса халықаралық почта жөнелтімдерін жүктік кедендік декларация беру жолымен д е к л а р а ц и я л а у т а л а п е т і л е д і .

### 301-бап. Халықаралық почта жөнелтімдерін кедендік бақылау

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтімдерінде өткізілетін барлық тауарлар кедендік бақылауда болады.

2. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына халықаралық почта

жөнелтімдерінде салу кезінде кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен сәттен басталады және тауарларды шығару сәтінде аяқталады.

3. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге халықаралық почта жөнелтімдерінде салу кезінде кедендік бақылау тауарларды кеден органдарына көрсету сәтінен басталады және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен сәтінде аяқталады.

4. Халықаралық почта жөнелтімдерінің жеткізудің соңғы пункті болып табылатын почта байланысы бөлімшесіне жеткізілуін бақылауды кеден органдары кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және Қазақстан Республикасы почта байланысының уәкілетті ұйымымен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

5. Халықаралық почта жөнелтілімдерін қарау мен кедендік тексеруді жүргізу кезінде, кеден органдары кедендік бақылаудың техникалық құралдарын ең кеп д ә р е ж е д е п а й д а л а н а д ы .

6. Халықаралық почта алмасу орнына бүлінген түрде, салмағы сәйкес

келмей, ішіндегісі бүлінген немесе қажетті ілеспе құжаттарынсыз келіп түскен халықаралық почта жөнелтілімдері кедендік тексеруге Қазақстан Республикасы почта байланысы ұйымының ресімделген актісі қоса беріле отырып ұсынылады.

7. Халықаралық почта жөнелтімін кедендік тексеру кезінде анықталған санының сәйкес келмеуі кезінде және ішіндегілерінің сәйкес келмеуі кезінде кеден органының лауазымды адамы почта байланысы ұйымының қызметкерімен бірлесіп, кедендік тексерудің актісін жасайды.

### 38-ТАРАУ. ШЕТЕЛДІК ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТАУАРЛАРДЫ ӨТКІЗУІ

302-бап. Осы тараудың қолданылу саласы

Осы тарау дипломатиялық, консулдық және шетел мемлекеттерінің өзге де ресми өкілдіктері, халықаралық ұйымдар, осы өкілдіктер мен ұйымдардың жеке құрамы, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бекіткен халықаралық шарттарына сәйкес кеден жеңілдіктерін пайдаланатын шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының мүлкіне және жеке жүгіне қатысты кеден бақылауының тәртібін реттейді.

303-бап. Осы Тарауда пайдаланатын негізгі ұғымдар



Осы тарауда қолданылатын негізгі ұғымдар:

- 1) дипломатиялық өкілдік - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекетінің өкілдігі;
- 2) консулдық мекеме - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген кез-келген бас консулдық, вице-консулдық немесе консулдық агенттік;
- 3) дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлері - өкілдіктің басшысы және өкілдіктің жеке құрамының мүшелері;
- 4) дипломатиялық өкілдіктің жеке құрамының мүшелері - өкілдіктің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші жеке құрамының мүшелері;
- 5) консулдық лауазымды тұлға - бұл салада консулдық функцияларды атқару тапсырылған консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда тұлға;
- 6) консулдық мекеменің қызметкерлері - консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер (әкімшілік-техникалық міндеттерді атқаратын адамдар) және қызмет көрсетуші жеке құрамның қызметкерлері;
- 7) дипломатиялық өкілдіктерге теңестірілген өкілдіктер - жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың өкілдіктері;
- 8) дипломатиялық почта - мемлекет пен оның шетелдегі дипломатиялық, консулдық өкілдіктері арасындағы байланыс түрі;
- 9) консулдық сағдиян - консулдық мекемелердің байланыс түрлерінің бірі;
- 10) дипломатиялық курьер - Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы дипломатиялық почтаны өткізуге уәкілетті тұлға;
- 11) консулдық курьер - Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы консулдық сағдиянды өткізуге уәкілетті тұлға.

304-бап. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің тауарларды өткізуі

Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері тауарларды бұл үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кедендік ресімдегені үшін, сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кеден қоймаларында сақтауды жүзеге асыру кезіндегі кеден алымдарын қоспағанда, өкілдіктердің ресми пайдалануына арналған тауарларды кеден төлемдері мен салықтарды төлеуден босата отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан Қазақстан Республикасына әкелуі және Қазақстан Республикасынан әкетуі мүмкін.

305-бап. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі басшысы мен өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің тауарларды

1. Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің басшысы және өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамының мүшелері, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олармен бірге тұратын отбасы мүшелері бастапқы жайғасуға қажет тауарларды қоса алғанда, өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды Қазақстан Республикасына бұл үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кедендік ресімдегені үшін, сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кеден қоймаларында сақтауды жүзеге асыру кезіндегі кеден алымдарын қоспағанда, өкілдіктердің ресми пайдалануына арналған тауарларды кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден босата отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан әкеле алады және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

2. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі басшысының, өкілдіктің дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің, сондай-ақ егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке теңдеме жүгі, егер онда өзінің пайдалануына арналмаған тауарлар не әкелуіне немесе әкетілуіне тыйым салынған не Қазақстан Республикасының карантиндік ережелерімен реттелетін тауарлар бар екеніне елеулі негіздер болмаса, кедендік тексеруден босатылады. Мұндай тексеру тек қана осы адамның немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізілуге тиіс.

306-бап. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігінің  
әкімшілік-техникалық жеке құрамы мүшелерінің тауарларды  
ө т к і з у і

Шетел мемлекеті дипломатиялық өкілдігінің әкімшілік-техникалық жеке құрамының мүшелері және егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олармен бірге тұратын отбасы мүшелері жайғасуға арналған тауарларды қоса алғанда, өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды Қазақстан Республикасына бұл үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кедендік ресімдегені үшін, сондай-ақ

тауарларды уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдарының кеден қоймаларында сақтауды жүзеге асыру кезіндегі кеден алымдарын қоспағанда, өкілдіктердің ресми пайдалануына арналған тауарларды кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден босата отырып және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан әкеле алады және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

307-бап. Шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігінің қызмет көрсетуі жеке құрамы мүшелерінің тауарларды өткізуі

Шетел мемлекетімен бекітілген халықаралық шарттың негізінде осы Кодекспен кеден жеңілдігі берілген шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамы мүшелеріне әрбір жеке шетел мемлекетіне қатысты өзара сыпайылық қағидасын негізге ала отырып, осы дипломатиялық өкілдіктің қызмет көрсеткіші құрамының қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелеріне де қолданылуы мүмкін.

308-бап. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелері мен олардың қызметкерлерінің тауарларды өткізуі

1. Шетел мемлекеттерінің консулдық мекемелеріне, консулдық өкілдік басшысын қоса алғанда консулдық лауазымды адамдарға және консулдық қызметкерлерге, сондай-ақ егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олардың отбасы мүшелеріне шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық жеке құрам мүшелері үшін осы Кодекспен көзделген кеден жеңілдіктері беріледі.

2. Шетел мемлекетімен консулдық мекеменің қызмет көрсетуші жеке құрамы қызметкерлеріне, сондай-ақ егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олардың отбасы мүшелеріне арналған бекітілген халықаралық шарттың негізінде, әрбір жеке шетел мемлекетіне қатысты өзара сыпайылық қағидасын негізге ала отырып, шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдігінің қызмет көрсетуші жеке құрамы мүшелеріне осы Кодекспен берілетін кеден жеңілдіктері қолданылуы мүмкін.

309-бап. Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почтасы мен консулдық сағдиянын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуі

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін шетел мемлекеттерінің дипломатиялық почтасын кеден органдарына ашуға да, ұстап қалуға да жатпайды және тек сыртқы қарауға ғана ұшырайды. Дипломатиялық почтаны құрайтын барлық орындардың олардың сипатын көрсететін көзге көрінерлік сыртқы белгілері болуы тиіс және оларда тек дипломатиялық құжаттар мен айрықша ресми пайдалануға арналған заттар болуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін шетел мемлекеттерінің консулдық сағдия кеден органдарына ашуға да, ұстап қалуға да

жатпайды және тек сырттай қарауға ұшырайды. Консулдық сағдиянды құрайтын барлық орындардың олардың сипатын көрсететін көзге көрінерлік сыртқы белгілері болуы тиіс және оларда тек ресми хат-хабарлар мен құжаттар немесе айрықша ресми пайдалануға арналған заттар болуы тиіс.

Алайда, консулдық сағдиянда айрықша ресми пайдалануға арналмаған заттар бар деп есептеуге елеулі негіздер болған жағдайда, кеден органы кеден органының лауазымды адамдарының қатысуымен шетел мемлекеті ұсынған уәкілетті тұлғалардың сағдиянды ашуын талап етуге құқығы бар. Егер, ұсынатын мемлекеттің өкіметі ашудан бас тартқан жағдайда, консулдық сағдиян жөнелтілген жеріне қайтарылады.

3. Дипломатиялық почта және консулдық сағдиян келуіне рұқсат берілген порт немесе әуежайға бағытталған кеменің немесе азаматтық ұшақтың командиріне сеніп тапсырылуы мүмкін. Кеменің немесе азаматтық ұшақтың командирі почта мен сағдиянды құрайтын орындардың санын көрсетілген ресми құжатпен жабдықталуы тиіс, бірақ ол дипломатиялық немесе консулдық курьер болып есептелмейді.

4. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме өз қызметкерлерінің бірін тікелей және кедергісіз кеменің немесе ұшақтың командирінен почтаны немесе сағдиянды қабылдауға жіберуі мүмкін.

5. Егер дипломатиялық почта немесе консулдық сағдиян тікелей басқа кеден органының қызметі аймағындағы өкілдікке немесе мекемеге шетел мемлекетінің автокөлік құралымен жеткізілсе, онда мұндай почтаны және сағдиянды шекаралық кеден органы ресімдейді.

### 310-бап. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлердің тауарларды өткізуі

1. Шетелдік дипломатиялық және консулдық курьерлер кеден органдарының осыған белгіленген орындарынан тыс немесе жұмыс уақытынан тыс кеден операцияларын жасау кезінде, сондай-ақ тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан уақытша сақтау қоймалары немесе кеден органдарының кеден қоймаларында тауарларды сақтауды жүзеге асыру кезінде төлеуге тиісті тауарларды кедендік ресімдегені үшін кеден алымдарын қоспағанда, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден босатыла отырып, өздерінің жеке пайдалануына арналған тауарларды Қазақстан Республикасына әкеліп және Қазақстан Республикасынан әкете алады.

2. Дипломатиялық және консулдық курьер мәртебесі мен дипломатиялық почта және консулдық сағдиянды құрайтын орындардың санын көрсетіп, ресми курьерлік парақпен жабдықталады. Курьерлік параққа почта мен сағдиянды жіберуші мекеме қол қояды және мөр басады.

3. Дипломатиялық почта және консулдық сағдиян осы дипломатиялық почта немесе

консулдық сағдиянды ғана тасымалдауға белгіленген және курьерлік ресми паракпен жарактанған уақытша дипломатиялық немесе консулдық курьерге сеніп тапсырылуы м ү м к і н .

4. Уақытша дипломатиялық немесе консулдық курьерге осы баптың 1-тармағында көзделген кеден жеңілдіктері беріледі. Мұндай жеңілдіктер осы дипломатиялық почта мен консулдық сағдиянды мақсаты бойынша жеткізген сәттен бастап тоқтатылады.

311-бап. Шетел мемлекеттерінің өкілдері мен делегациялары мүшелерінің тауарларды өткізуі

Шетел мемлекеттерінің өкілдеріне, парламент және үкімет делегацияларының мүшелеріне, сондай-ақ өзара сыпайылық негізде Қазақстан Республикасына мемлекетаралық келіссөздерге халықаралық конференциялар мен кеңестерге қатысу үшін немесе басқа да ресми тапсырмалармен келетін шет мемлекеттер делегацияларының қызметкерлеріне осы Кодексте көзделген шетел мемлекетінің дипломатиялық өкілдік жеке құрамының мүшелеріне арналған кеден жеңілдіктері беріледі. Мұндай жеңілдіктер осы адамдарға еріп жүретін отбасы мүшелеріне де беріледі.

312-бап. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы транзитпен өтетін шетел мемлекеттері дипломатиялық жеке құрамы мүшелерінің, консулдық лауазымды тұлғалардың, өкілдіктердің және делегациялар мүшелерінің тауарларды өткізуі

1. Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдігінің мүшелері мен консулдық лауазымды тұлғаларына, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өтетін транзитпен сол мақсаттар үшін осы Кодекстің жоғарыда көрсетілген бабында аталған адамдарға осы Кодексте шетел мемлекеті өкілдігінің дипломатиялық жеке құрамының мүшелері үшін көзделген кеден жеңілдіктері беріледі.

2. Егер әкелу немесе әкету заңнамалармен тыйым салынған не Қазақстан Республикасының карантинді ережелерімен реттелетін тауарлары бар деп есептеуге негіздер болмаса, жоғарыда аталған тұлғалардың, сондай-ақ олармен тұратын отбасы мүшелерінің жүктері кедендік тексеруден босатылады. Тауарларды мұндай тексеру тек қана осы адамның немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізілуге тиіс.

313-бап. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктердің, консулдық мекемелер мен олардың қызметкерлерінің өткізетін тауарларын ресімдеу тәртібі

## 1. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктердің, консулдық

мекемелердің ресми пайдалануына арналған тауарлары таңдалған кеден режиміне сәйкес жүк кеден декларациясын кеден органына беру жолымен кедендік ресімдеуге жатады.

2. Дипломатиялық өкілдік қызметкерлері және оған теңестірілген адамдардың, консулдық мекеменің қызметкерлерінің, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің қоса жүрмейтін жеке жүктері таңдалған кеден режиміне сәйкес кеден декларациясын кеден органына беру жолымен кедендік ресімдеуге жатады.

314-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік ресімдеудің ерекшелігі

1. Қазақстан Республикасында тіркелген тұлғалардың ресми және жеке пайдалануға арналған тауарлардың мына санаттары:

- 1) көлік құралдарының барлық түрлері;
- 2) дербес компьютерлер және оларға жабдықтар;
- 3) сателлиталық жабдықтармен теле-радио-видео аппаратура;
- 4) слайдтар мен фильмдер шығаратын кинокамералар және кинопроекторлар;
- 5) барлық түрлі жиһаздар;
- 6) құны 100 айлық есептік көрсеткіштен жоғары электрлік тұрмыстық аспаптар, спорттық жабдықтар, музыкалық аспаптар;

7) бағалы металдар мен асыл тастардан жеке зергерлік сәндеуіштер Қазақстан Республикасында оларды тіркеу мерзімі аяқталуы бойынша кейінгі осы тауарларды әкетумен тиісті кеден режимінде кеден органдарында міндетті кедендік ресімдеуге және есепке алуға жатады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдіктері жоқ басқа тұлғаға жоғарыда аталған тауарлар үшін мүліктік меншік құқығын беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық тиесілі кедендік төлемдер және салықтарды төлеумен кеден органдарында міндетті қайта ресімдеуге жатады.

3. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктер, консулдық мекемелер ресми пайдалану үшін тоқсан сайын тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан - 5000 дана әртүрлі темекі өнімдерін (сигар, сигарет және тағы басқалары), 100 литр шарап және ликер-арақ өнімдерін Қазақстан Республикасына әкеле алады.

4. Мәдени-тарихи құндылықтары бар шетел тауарлары және оларға құжаттар кедендік ресімдеу мен бақылау үшін кеден органына беріледі.

5. Мәдени-тарихи құндылықтары бар және Қазақстан Республикасында сатып алынған тауарлар Қазақстан Республикасының уәкілетті органы рұқсатының негізінде ғана Қазақстан Республикасының аумағынан тыс әкетілуі мүмкін.

## 8-БӨЛІМ. КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ САЛЫҚТАР

### 39-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 315-бап. Кедендік төлемдер және салықтар

1. Қазақстан Республикасында мынадай кедендік төлемдер әрекет етеді:

- 1) кеден баждары;
- 2) демпингке қарсы баждар;
- 3) қорғау баждары;
- 4) өтемақылық баждар;
- 5) кеден алымдары;
- 6) алымдар.

2. Төлеушілер кедендік төлемдерді есептеу, төлеу және өндіріп алу тәртібі, сондай-ақ кедендік жеңілдіктер осы Кодексте айқындалады.

3. Демпингке қарсы, қорғау және өтемақылық баждарды қолдану, есептеу мен төлеудің тәртібі тауарлардың импорты кезіндегі демпингке қарсы шаралар, ішкі рынокті қорғау шаралары туралы және субсидиялар және өтемақылық шаралар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. Төлеушілер салықтарды есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамаларына сәйкес анықталады.

5. Жеке тұлғалар тауарларын жеңілдетілген тәртіппен өткізу кезінде

кедендік төлемдер және салықтар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі мүмкін.

#### 316-бап. Кедендік төлемдер ставкаларының түрлері

Кедендік төлемдердің ставкалары мынадай түрлерге:

- 1) салық салынатын тауарлардың кеден құны процентімен есептелетін - адвалорлық;
- 2) салық салынатын тауарлардың бірлігі үшін белгіленген мөлшерде есептелінетін - ерекшелікті;
- 3) кедендік төлемдердің аталған екі түрін ұштастыратын - құрамдас болып бөлінеді.

#### 317-бап. Кеден баждары

1. Кеден баждары кеден режимдерінде тауарларды декларациялау кезінде төленеді, орналастыру жағдайы Қазақстан Республикасының Кедендік тарифіне сәйкес кедендік баждарды төлеуді белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік тарифі - бұл Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес жүйеленген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын кеден баждары ставкаларының тізбесі.

3. Кеден баждарының ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткеннен соң күшіне енеді.

318-бап. Кеден алымдары

1. Кеден алымдарына:

- 1) кедендік ресімдеу үшін кеден алымы;
- 2) кедендік сүйемелдеу үшін кеден алымы;
- 3) алдын ала шешім қабылдағаны үшін кеден алымы;
- 4) тауарларды сақтағаны үшін кеден алымы жатады.

2. Көрсетілген іс-әрекеттерді орындағаны үшін кеден органдары шығыстарының құны кеден алымдарының мөлшерлерін анықтау үшін негіз болып табылады.

319-бап. Кедендік ресімдеу үшін кеден алымы

1. Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеу кезінде

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік ресімдеу үшін кеден алымы алынады.

2. Кеден органдарының осыған белгіленген орындарынан тыс және (немесе) жұмыс уақытынан тыс тауарларды кедендік ресімдеу үшін екі есе мөлшерде кеден алымы алынады.

320-бап. Кедендік сүйемелдеу үшін кеден алымы

Кеден органдары тауарларды кедендік сүйемелдегені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кеден алымдарын алады.

321-бап. Алдын-ала шешім қабылдағаны үшін кеден алымы

Тауарды жіктеуге, оның кедендік құнының әдіснамасына және шыққан еліне қатысты алдын ала шешім қабылдағаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кеден алымы алынады.





### 327-бап. Кедендік төлемдер мен салықтардың ставкасын қолдану

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу мақсаттары үшін осы Кодекстің 329-бабының 1-тармағындағы және 413-бабындағы жағдайларды қоспағанда, кеден органы кеден декларациясын қабылдаған күнге қолданылатын ставкалар қолданылады.

2. Кедендік баждарды, салықтарды есептеу мақсаттары үшін 315-баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Кедендік тарифіне және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлар кодына және тауарлардың атауына сәйкес келетін ставкалар қолданылады.

### 328-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу мақсаттары үшін шетел валютасын қайта есептеу

Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу, соның ішінде тауарлардың кеден құнын айқындау мақсаттары үшін шетел валютасын қайта есептеу жүргізу талап етілген жағдайларда, кеден органы кеден декларациясын қабылдаған күнге немесе төленуі тауарлардың кедендік ресімдеуімен байланысты емес кеден төлемдері үшін төлем күні Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасына шетел валютасының Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі ресми бағамы қолданылады.

### 329-бап. Кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасау кезінде кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу

1. Кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасай отырып, Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген немесе осы аумақтан әкетілген тауарларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтар тиісінше:

1) Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткен күнге;  
2) егер мұндай күн белгілеу мүмкін болмаса, онда бұзушылық ашылған күнге қолданылған кедендік төлемдер мен салықтардың ставкалары ескеріліп есептеледі.

Кедендік төлемдер мен салықтарды салуға арналған базасы кедендік төлемдер мен салықтардың ставкасын қолданған күні айқындалады.

2. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден толық немесе бөлшектеп босатуына байланысты өзге де мақсаттарда шартты жіберілген тауарларды пайдалану кезінде, төлеуге тиісті кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу үшін кеден органы кеден декларациясын қабылдаған күнде қолданылған кедендік төлемдер мен салықтардың с т а в к а с ы қ о л д а н ы л а д ы .

3. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мерзімінің бұзылуы болған кезде,

кедендік төлемдер мен салықтарды есептеу осы Кодекстің 375-бабына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды уақтылы төлемегені үшін өсімақы есептей отырып жүргізіледі.

## 41-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ КЕДЕН ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ

### 330-бап. Тауарлардың кеден құны

Тауарлардың кеден құны - Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін осы тарауға сәйкес анықталатын мынадай мақсаттарда:

- 1) тауарға кедендік төлемдер мен салықтарды салу;
- 2) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік реттеудің өзге шараларын қолдану мақсатында қолданылатын тауардың құны.

### 331-бап. Әкетілетін тауарлардың кеден құнын айқындау

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс әкетілетін тауарлардың кеден құны экспортқа сату кезінде іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын мәміле бағасының негізінде анықталады.

2. Тауардың кедендік құнын анықтау кезінде мәміле бағасына егер олар бұрын енгізілмесе, мынадай шығыстар:

1) әуежайға, портқа немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарды әкететін өзгелей орынға дейін тауарларды жеткізу бойынша шығыстар:

көлікпен тасымалдау құны;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта жүктеу және ауыстырып тиеу бойынша шығыстар;

2) сақтандыру құны;

3) сатушы тартқан шығыстар;

комиссиондық және брокерлік сыйақылар;

егер Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес олар бағаланатын тауарлармен біртұтас ретінде қаралса, контейнерлердің немесе басқа көп айналымды ыдыстардың құны;

бума материалдарының құнын қоса алғанда, орама және орау бойынша жұмыстардың құны;

4) егер мұндай роялти және алымдар іс жүзінде төленген немесе төлеуге тиісті бағаға қосылмаса, сатушы бағаланатын тауарлардың шарты ретінде тікелей немесе жанама төлеуге жататын бағаланатын тауарлармен байланысты лицензиялар бергені үшін роялти және алымдар;

5) сатушыға тікелей немесе жанама кейіннен қайта сатудан түсетін кірістің бір бөлігі;

б) егер олар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды әкету кезінде сатушыға өтемақыға жатпаса, Қазақстан Республикасының кеден аумағында өндіріліп алынатын салықтар енгізіледі.

3. Мәміле бағасынан тауардың кедендік құнын анықтау кезінде олар құжаттай расталған жағдайда мынадай төлемдер мен шығыстар алынып тасталады:

1) жабдықтарды монтаждау, жинау, реттеуге жұмсалатын шығыстар немесе мұндай жабдықты Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкеткеннен кейін техникалық көмек көрсету;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкеткеннен кейін тауарларды жеткізу жөніндегі шығыстар;

3) Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды өткізгеннен кейін оларды жеткізіп берудің сақтандыру құны.

4. Мәміле бағасы болмаған кезде, әкетілетін тауарлардың кеден құны әкетілетін тауардың өндірісіне немесе сатып алынуына, сақтау және тасымалдауына байланысты шығындар туралы экспорттаушы сатушының бухгалтерлік құжаттамасының көшірмесін декларант бергені ескеріліп

айқындалады. Бұл ретте, осы баптың 1-тармағында санамаланған шығыстар да ескеріледі.

5. Әкетілетін тауардың мәлімделген кеден құнын растайтын мәліметтер болмаған жағдайда, мұндай тауарлардың кеден құны ұқсас немесе біртектес тауарлар бойынша кеден органында бар мәліметтер, оның ішінде тәуелсіз сараптаманың қорытындыларын пайдаланып берілген ақпараттар негізінде айқындалады.

332-бап. Әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құны Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің кедендік бағалауының жалпы қағидаттарына негізделеді (бұдан әрі ТСБК/ДСҰ).

333-бап. Кеден құнын айқындау әдістері

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау төмендегі әдістерді қолдану жолымен жүргізіледі:

- 1) әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;
- 2) ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;
- 3) біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша;
- 4) құнды шегеру;
- 5) құнды қосу;
- 6) резерв.

2. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша әдіс кеден құнын айқындаудың негізгі әдісі болып табылады.

3. Негізгі әдісті пайдалану мүмкін болмаған жағдайда аталған әдістердің әрқайсысы рет-ретімен қолданылады. Бұл ретте, егер алдыңғы әдісті қолдану арқылы кеден құнын айқындау мүмкін болмаса, онда келесі әдіс қолданылады. Декларанттың өтініші бойынша құнды шегеру және қосу әдістері керісінше ретпен қолданылады.

4. Егер кеден құны осы баптың 1-тармағында санамаланған бір әдістің көмегімен айқындалса, онда кейінгі әдістер қолданылмайды.

### 334-бап. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміленің бағасы бойынша кеден құнын белгілеу әдісі

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауардың кеден құны Қазақстан Республикасына экспортқа сату кезінде оған іс жүзінде төленген немесе төленуге тиісті баға болып табылады.

2. Кеден құнын белгілеу кезінде мәміле бағасына, егер бұрын қосылмаған болса, мынадай шығыстар енгізіледі:

1) тауарды әуежайға, портқа жеткізу жөніндегі немесе тауарды Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы басқа жерге әкелу шығыстары;  
т а с ы м а л д а у к ұ н ы ;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және басқа көлікке ауыстыру шығыстары;

2) с а қ т а н д ы р у к ұ н ы ;

3) с а т ы п а л у ш ы әкелген шығыстар;

тауарларды сатып алу жөніндегі комиссиялық төлемді қоспағанда комиссиялық және делдалдық с ы й а қ ы л а р ;

егер олар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес бағаланатын тауарлармен біртұтас ретінде қаралатын болса, контейнерлердің немесе көп айналымға түсетін ыдыстардың құны;

орама материалдары мен орап-қаттау жөніндегі жұмыстардың құнын қосқандағы о р а п - қ а т т а у к ұ н ы ;

4) әкетілуге арналып бағаланатын тауарларды өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе арзандатылған баға бойынша сатып алушыға тікелей немесе жанама түрде берілсе, мынадай тауарлар мен қызметтер құнының тиісті бөлігі:

бағаланатын тауарлардың құрамдас бөлігі болып табылатын шикізаттар, материалдар, бөлшектер, жартылай өнімдер және басқа да жинақтаушы бұйымдар;

бағаланатын тауарларды өндіру кезінде жұмсалған құрал-саймандар, мөрлер, қалыптар мен басқа да осы тәріздес заттар;

бағаланатын тауарларды өндіру кезінде жұмсалған материалдар (жағар материалдар , отын және басқалары) ;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде жасалған және бағаланатын тауарлар өндірген кезде тікелей қажетті инженерлік талдамалар, тәжірибе-конструкторлық, дизайн, көркем безендіру, нобайлар мен сызбалар құнының тиісті бөлігі ;

5) бағаланатын тауарларды сату шарттары ретінде сатып алушы тікелей немесе жанама түрде төлеуге тиісті бағаланатын тауарларға байланысты лицензия беру үшін роялти және алымдар, егер мұндай роялти және алымдар нақты төленген немесе төлеуге тиісті бағаға қосылмаса ;

б) бағаланатын тауарларды кейіннен кез-келген қайта сату, беру немесе пайдаланудан сатушының тікелей немесе жанама түрде тапқан кірісінің бір бөлігінің шамасы .

3. Әр түрлі атаудағы тауарларды бір топтамамен жеткізген кезде әрбір әкелінген тауарлардың және тауарлардың барлық топтамасы үшін айқындалған кеден құнына кіруге жататын шығыстарды айқындау әр тауардың құнының тауарлар партиясының құнына қатысты айқындалатын мөлшерге барабар жүзеге асырылады.

4. Кеден құнын айқындау кезінде импортталатын тауарлар үшін іс жүзінде төленген және төлеуге жататын бағасынан олар бөлінген шарты кезіндегі төлемдер мен шығыстар енгізілмейді :

1) монтаж, жинау, орнату жабдықтарды реттеу немесе мұндай жабдықтарды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелгеннен кейінгі техникалық көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстар ;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелгеннен кейін жеткізу бойынша шығыстар ;

3) импорт елінде төленетін кеден баждары мен салықтар.

5. Әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша әдіс тауардың кедендік құнын анықтау үшін мынадай жағдайларда пайдаланылмайды, егер:

1) мыналарды қоспағанда, бағаланатын тауарларға сатып алушының иелік ету немесе пайдалану құқықтарына қатысты шектеулер бар ;

Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген шектеулерді ;  
тауарлар қайта сатылуы мүмкін географиялық аймақтың шектеулерін ;  
тауар құнына елеулі түрде әсер етпейтін шектеулерді ;

2) сатып алу-сату белгілері жоқ мынадай мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасына экспорт үшін тауар сатылды :  
тауарды тегін жеткізу ;

импорттаушыға меншік құқығына өтпестен Қазақстан Республикасына сату үшін тауарды жеткізуді көздейтін консигнация шарттарына тауарды жеткізу ;

Қазақстан Республикасының аумағындағы өздерінің филиалдарының (

өкілдіктерінің) мекен-жайына шетел заңды тұлғасының тауарларды жеткізуі;  
баспа-бас айырбас немесе өзге де өтемақылық мәміле шеңберінде тауарларды  
ж е т к і з у ;

мүліктік жалдау (лизинг) шарты бойынша тауарларды жеткізу;  
уақытша орналасу мақсатында тауарларды жеткізу;  
оларды коммерциялық емес пайдаға асыру мақсатында өндірістің қалдықтарын  
Қазақстан Республикасының аумағына әкелу;  
сатушының кепілдік міндеттемесі есебіне тауарларды жеткізу;  
тауардың сатып алу-сату фактісі жоқ өзгелей жеткізулер.

3) сату немесе мәміленің бағасы ықпалын есептеп шығару мүмкін емес шарттарды  
с а қ т а у ғ а б а й л а н ы с т ы б о л с а ;

4) кеден құны мәлімденген кезде декларант пайдаланған деректер құжатпен  
дәлелденбесе не сандық жағынан айқындалмаса және дұрыс болмаса;

5) мәмілеге қатысушылар өзара тәуелді тұлғалар болып табылады және мәміле  
бойынша құн осы баптың талаптарына сәйкес кеден құнын анықтау үшін негіз ретінде  
қолайлы болып табылмайды. Бұл ретте, өзара тәуелді адамдар деп мынадай белгілердің  
бірін сәйкес келетін тұлғалар ұғынылады:

мәмілеге қатысушылардың бірі немесе мәмілеге қатысушылардың біреуінің  
лауазымды адамы, сонымен бірге мәмілеге басқа бір қатысушының лауазымды адамы  
б о л с а ;

мәмілеге қатысушылар кәсіпорынды бірлесіп иеленушілер болса;  
мәмілеге қатысушылар еңбек қатынастарымен байланысты болса;

қандай да бір тұлға мәмілеге қатысушылардың әрқайсысының айналымында жүрген  
дауыс беретін акцияларды немесе мәмілеге қатысушылардың әрқайсысының жарғылық  
капиталындағы салымдарды (пайларды) тікелей немесе жанама иеленсе не бес немесе  
одан да көп проценттері бақылауында болса;

мәмілеге қатысушының екеуі де үшінші адамның тікелей не жанама бақылауында  
б о л с а ;

мәмілеге қатысушылар үшінші адамды бірлесіп тікелей немесе жанама түрде  
б а қ ы л а й т ы н б о л с а ;

мәмілеге қатысушылардың бірі мәмілеге екінші қатысушының тікелей немесе  
ж а н а м а б а қ ы л а у ы н д а б о л с а ;

мәмілеге қатысушылар немесе олардың лауазымды адамдары жақын туысқандар  
б о л с а .

6. Мәмілеге қатысушылардың өзара тәуелділік фактісі мәміле бағасын жарамсыз  
деп есептеуге жеткілікті негіз болып табылмайды. Мұндай жағдайда кеден органы  
мәмілеге септігін тигізетін жағдайды зерделеуі керек және егер өзара тәуелділік бағаға  
ықпал етпеген болса, оның бағасы тауардың кедендік құнын анықтау үшін  
п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

7. Егер кеден органы мәмілеге қатысушылардың өзара тәуелділігі тауар бағасына ықпал етті деп топшылауға негіз болған жағдайда, осы себеп бойынша декларантқа ұсыным (декларанттың өтініші бойынша жазбаша түрде) беріледі. Бұл ретте, декларантқа мәмілеге қатысушылардың өзара тәуелділігі тауардың бағасына әсер етпегенін растайтын қосымша қажетті ақпарат беру үшін мүмкіндік беріледі.

8. Декларанттың бастамасы бойынша тауардың кеден құнын белгілеу негізіне, егер декларант шамамен сол уақытта белгіленген мыналардың:

1) Қазақстан Республикасына экспорттау кезінде өзара тәуелді болып табылмайтын қатысушылар арасындағы ұқсас немесе біртектес тауарлармен мәміле жөніндегі қ ұ н н ы н ң ;

2) құнды шегеру әдісі бойынша белгіленген ұқсас немесе біртектес тауарлардың к е д е н қ ұ н ы н ы н ң ;

3) құнды қосу әдісі бойынша белгіленген ұқсас немесе біртектес тауарлардың кеден құнының біреуіне жақын екендігін дәлелдесе, мәміле құны қабылдануы мүмкін.

9. Салыстыру үшін декларант ұсынған бағалар мыналардағы:

1) коммерциялық деңгейдегі (көтерме, бөлшек саудадағы);  
2) с а н ы н д а ғ ы ;

3) осы баптың 2) тармағында санамаланған элементтердегі (шығыстардағы);

4) егер сатушы өзара тәуелді тұлғамен жасасқан мәміле кезінде мұндай шығыстарды жүргізбесе, өзара тәуелді емес тұлғалар арасындағы мәміле кезінде туындайтын сатушының өзге де шығыстарындағы айырмашылықтар ескеріле отырып т ү з е т і л е д і .

10. Салыстыру үшін декларант берген ұқсас немесе біртектес тауарлардың бағасы тауарлардың кеден құнын айқындау үшін мәміле бойынша бағаның орнына п а й д а л а н ы л м а й д ы .

335-бап. Ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кеден қ ұ н ы н а н ы қ т а у ә д і с і

1. Ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша бағалау әдісін пайдаланған кезде тауардың кеден құнын белгілеу үшін негіз ретінде, осы бапта көрсетілген шарттар сақтала отырып, ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы қ а б ы л д а н а д ы .

2. Бағаланатын тауарлармен барлық жағдайларда да бірдей ұқсас тауарлар, соның ішінде мына төмендегі белгілер бойынша ұқсас тауарлар деп ұғынылады:

1) т а б и ғ и с и п а т т а м а л а р ы ;

2) р ы н о к т а ғ ы с а п а с ы м е н т а н ы м д ы л ы ғ ы .

3. Кедендік бағалау әдісін пайдаланған кезде осы баптың негізінде:

1) егер олар тауарлар бағаланатын елде шығарылмаған болса, тауарлар бағаланатын



тауарлармен ұқсас деп есептелмейді;

2) бағаланатын тауарларды өндіруші емес, басқа тұлға өндірген тауарлар, бағаланатын тауарларды өндіруші тұлға өндірген ұқсас тауарлар болмаған жағдайда ғана назарға алынады;

3) тауарлар, егер олардың жобалануы, оларға арналған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, олардың көркемдік безендірілуі, дизайны, нобайлары немесе сызбалары: сатып алушыға сатушы өндірумен және Қазақстан Республикасына экспортқа сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген құны бойынша берілген болса;

Қазақстан Республикасында шығарылған болса, соған байланысты олардың құны осы Кодекстің 335-бабының 2-тармағы 4) тармақшасының бесінші абзацы негізінде бағаланатын тауарлардың кедендік құнына енгізілмеген болса ұқсас деп саналмайды.

4. Сыртқы түрі бойынша азын-аулақ өзгешеліктер, егер мұндай тауарлар осы баптың талаптарына сай келсе, тауарларды ұқсас деп қараудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

5. Кеден құнын айқындау үшін ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы негізге алынады, егер бұл тауарлар:

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін сатылса;

2) бағаланатын тауарлармен бір уақытта немесе бағаланатын тауарлар әкелінгенге дейін тоқсан күнтізбелік күннен бұрын емес әкелінсе;

3) шамамен сол мөлшерде немесе сол коммерциялық деңгейде әкелінсе (көтерме немесе бөлшек саудада).

6. Егер тауарларды сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде келу жағдайы орын алмаса, бұл айырмашылықтарды ескере отырып, бағаларды түзетіп басқа мөлшерде және басқа коммерциялық деңгейде әкелінген ұқсас тауарлардың құны пайдаланылуы мүмкін.

7. Осы Кодекстің 335-бабының 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстардың құны ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша белгіленетін арақашықтық және көлік түрлерінің айырмашылығынан бағаланатын тауарлардың мұндай шығыстарының құнынан айтарлықтай ерекшеленетін болса, ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша белгіленетін кеден құны тиісті түрде түзетілуі керек.

8. Осы баптың 6, 7-тармақтарында көзделген түзетулер дұрыс және құжаттармен расталған мәліметтер негізінде жүргізілуі тиіс.

9. Егер осы әдісті қолданған кезде ұқсас тауарлармен жасалатын мәміленің бір бағасынан артық баға анықталса, онда әкелетін тауарлардың кеден құнын анықтау үшін осы бағалардың ең төмені қолданылады.

336-бап. Біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кеден

## құнын белгілеу әдісі

1. Біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша бағалау әдісін пайдаланған кезде тауардың кеден құнын белгілеу үшін негіз ретінде осы бапта көзделген шарттарды сақтаған кезде әкелінетін тауарлармен біртектес тауарлар жөніндегі мәміле бағасы қабылданады.

2. Олар барлық жағынан бірдей болмаса да, сипаттамасы ұқсас және құрамы ұқсас болғандықтан біртектес тауарлар деп ұғынылады, оларға бағаланатын тауарлар функциясын атқаруға және коммерциялық тұрғыда бір-бірін алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас құрауыштардан тұрады.

3. Тауарлардың біртектестілігін анықтаған кезде олардың мына төмендегі белгілері ескеріледі:

1) сапасы, тауар белгісінің болуы;

2) нарықтағы танымдылығы.

4. Біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша кеден құнын белгілеу әдісін пайдаланған кезде осы Кодекстің 336-бабының 4-7-тармақтарының ережелері қолданылады.

5. Кедендік бағалаудың осы әдісін пайдаланған кезде:

1) егер тауарлар бағаланатын тауарлар өндірілген елде өндірілмесе, бағаланатын тауарлармен біртекті болып саналмайды;

2) бағаланатын тауарларды өндіруші емес, басқа тұлға өндірген тауарлар, егер бағаланатын тауарларды өндіруші тұлға өндірген біртекті тауарлар болмаған жағдайда ғана назарға алынады;

3) тауарлар, егер оларды жобалау, оларға арналған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, олардың көркемдік безендірілуі, дизайны, нобайлары мен сызбалары: сатушыға сатып алушы өндіруге және Қазақстан Республикасына экспортқа сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген құны бойынша берілген болса;

Қазақстан Республикасында шығарылған болса, соған байланысты олардың құны осы Кодекстің 335-бабының 2-бабының 4) тармағының бесінші абзацы негізінде бағаланатын тауарлардың кедендік құнына енгізілмеген болса, біртекті деп саналмайды.

## 337-бап. Құнды шегеру негізінде кеден құнын айқындау әдісі

1. Егер бағаланатын ұқсас немесе біртектес тауарлар шығу жағдайын өзгертпестен бастапқы сатылатын болса, құнды шегеру негізінде бағалау әдісі бойынша тауардың кеден құнын айқындау жүргізіледі.

2. Тауардың кеден құнын айқындау үшін негіз ретінде құнды шегеру әдісін

пайдалану кезінде бағаланатын ұқсас немесе біртектес тауарлар сатушымен өзара қатысты болып табылмайтын тұлғаларға бағаланатын тауарлар импортымен бір уақытта немесе бір уақытқа жуық мерзімде барынша жиынтық мөлшерде сатылады.

3. Бұл ретте сату бағаланатын тауарларды әкелумен бір уақытта, ал мұндай мерзімдерде сату болмаған кезде - бағаланатын тауарлардың әкелуінің неғұрлым жақын күніне, бірақ бағаланатын тауарларды әкелу сәтінен тоқсан күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы қажет.

4. Тауар бірлігінің бағасынан мынадай құрауыштар шегеріледі:

1) әдетте төленетін немесе төлеуге келісілген комиссиялық сыйақылар немесе әкелінетін тауарлардың сол класын немесе түрін Қазақстан Республикасында сатуға байланысты пайда түсіру және жалпы шығыстарды жабу мақсатында әдетте есептелетін үстеме ақылар;

2) Қазақстан Республикасына тауарларды әкелуге және (немесе) сатуға байланысты Қазақстан Республикасында төлеуге тиісті әкелу бажы, салықтар және өзге де төлемдер сомасы;

3) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тасымалдау, сақтандыру, тиеу және түсіру жұмыстарына Қазақстан Республикасында төленетін қарапайым шығыстар.

5. Өнеркәсіптің жекелеген саласында өндірілген тауарлардың тобына не разрядына жататын және ұқсас немесе біртектес, бірақ олармен толмайтын тауарларды қосып алатын тауарлар сол класты немесе түрлі тауарлар білдіреді.

6. Әкелген сәттегі жағдайда бағаланатын, ұқсас немесе біртектес тауарларды сату жағдайлары болмаған кезде декларанттың өтініші бойынша қосылған құнды шегеріп осы баптың 2-4-тармақтарының ережелерін сақтау кезінде қайта өңдеуге өткен тауар бірлігінің бағасы қолданылуы мүмкін.

338-бап. Құнды қосу негізінде кеден құнын айқындау әдісі

Кеден құнын айқындау үшін негіз ретінде құнды қосу негізінде бағалау әдісін пайдаланған кезде:

1) бағаланатын тауарды өндіруге байланысты дайындаушы әкелген материалдар мен шығындар құнын;

2) сол класты немесе түрлі тауарларды және Қазақстан Республикасына жеткізу кезінде экспорт елінде өндірілген бағаланатын тауарларды сату кезінде бағаға әдетте қосылатын пайда және жалпы шығыстар сомасы;

3) осы Кодекстің 334-бабының 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында санамаланған шығыстарға құнды қосу жолымен есептелген тауардың бағасы қолданылады.

339-бап. Кеден құнын айқындаудың резерв әдісі

1. Резерв әдісі негізінде тауардың кеден құны ТСБК/ДСҰ қағидаттары мен жалпы ережелеріне сәйкес кедендік бағалау бойынша осы Кодекстің 334-338-баптарында сипатталған әдістерді неғұрлым икемді қолдану жолымен анықталады.

2. Кеден құнын айқындау үшін резерв әдісін қолдану кезінде:

- 1) әлемдік бағалар бойынша ақпараттық анықтамаларды;
- 2) статистикалық деректерді, жалпы қабылданған комиссиялық мөлшерлерді, жеңілдіктерді, пайдаларды, көлікке тарифтерді және өзге мәліметтерді пайдалануға ж о л б е р і л е д і .

Бұл ретте бағаланатын тауарлардың коммерциялық деңгейін және (немесе) санын ескере отырып, деректерді тиісті түзету міндетті.

3. Тауардың кеден құнын айқындау үшін резерв әдісін пайдалану кезінде кеден органдарында бар ақпарат, сондай-ақ тәуелсіз сараптаумен ұсынылған ақпарат п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

4. Осы баптың ережелеріне сәйкес резерв әдісі бойынша кеден құны:

- 1) экспорт елінің ішкі рыногіндегі тауардың бағасы;
- 2) екі баламалы құннан неғұрлым жоғары кедендік мақсат үшін пайдалануды к ө з д е й т і н ж ү й е ;
- 3) экспорт елінен үшінші елге жеткізілетін тауардың бағасы;
- 4) Қазақстан Республикасының ішкі рыногіндегі тауардың бағасының отандық т а у а р л а р ғ а ;
- 5) тауардың еркін белгіленген немесе сенімді расталмаған құны;
- 6) осы Кодекстің 338-бабында көзделмеген шығындарды есептеу негізінде айқындалатын ұқсас немесе біртектес тауарлардың құны;
- 7) ең төмен кедендік құнның негізінде айқындалмайды.

340-бап. Тауардың кеден құнын айқындау және бақылау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізілетін тауарлардың кеден құнын осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес декларант мәлімдейді.

2. Тауарлардың кеден құнын анықтаудың дұрыстығын бақылауды тауарды ресімдеуді, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізілген тәуелсіз сараптауды пайдалана отырып жүргізетін кеден органы жүзеге асырады. Кеден бақылауын жүзеге асыру кезінде осы тауар үшін төленген немесе төлеуге тиісті бағаны бағалаудың таңдап алынған әдісінің дұрыстығы, сондай-ақ мәлімдеген кеден құнының құрылымы мен шамасын анықтаудың дұрыстығы а н ы қ т а л а д ы .

3. Кеден құны декларациясын тексеруді жүзеге асыратын кеден органы декларанттың жеке бастамасы, тапсырмасы немесе өтініші бойынша мәлімделген кеден

құны туралы қандай-да дерек жазуға, аталған декларацияға өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізуге құқығы жоқ.

4. Жекелеген кеден режимдерін қолдану және өзгерту кезінде тауарлардың кеден құнын айқындаудың ерекшеліктері осы Кодекстің 6-бөлімінде көзделген.

5. Оңайлатылған тәртіпті қолдана отырып жеке тұлғалардың өткізген тауарларына қатысты тауарлардың кеден құны осы Кодекстің 295-бабына сәйкес айқындалады.

341-бап. Мәлімделген кеден құнын растау үшін құжаттарды беру

1. Кеден құны бойынша мәлімделген мәліметтерді растау үшін декларант мына құжаттарды беруге міндетті:

1) осы Кодекстің 342-бабының 5-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кеден құнының декларациясын;

2) шарт (келісім-шарт) және оған қосымша келісімдер, тауарлардың кеден құнын анықтауға әсер етуі мүмкін мәліметтерді;

3) шот-фактураны (инвойс) немесе шот-проформаны (сатып алу-сату мәмілесінен бөлек мәміле үшін);

4) егер кеден декларациясын беру күнінде мәміле бойынша төлем шарттары бойынша ол үшін төлем толығымен немесе жартылай жүзеге асырылса, тауардың құнын растайтын төлем құжаттарын;

5) егер тасымалдау және сақтандыру бойынша шығыстарды жеткізу шарттары бойынша сатып алушы жүзеге асыратын болса, көлік және сақтандыру құжаттарын;

б) тасымалдағаны үшін шотты және көлік шығыстары шот-фактураға

енгізілмеген, бірақ сатып алушы әкелген жағдайларда көлік шығыстары туралы ресми расталған анықтаманы;

7) егер декларант оны бере алса, жіберуші елдің кеден декларациясының көшірмесін беруге міндетті.

2. Егер мәлімделген кеден құнын растау үшін осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, декларант бұл үшін қажетті мына қосымша құжаттарды:

1) тауарды өткізген тұлғаның құрылтайшы құжаттарын;

2) мәмілеге қатысы бар үшінші тұлғамен келісім-шартты;

3) сатушы пайдасына үшінші тұлғаның төлемге есебін;

4) бағаланатын тауармен мәмілеге қатысы бар комиссиялық, делдалдық қызмет көрсетулерге шоттарды;

5) тауардың құнын растайтын бухгалтерлік құжаттамадан көшірмені;

6) лицензиялық немесе авторлық келісімді;

7) қоймалық түбіртектерді;

- 8) жеткізуге тапсырыстарды;
- 9) дайындаушы фирманың каталогтерін, ерекшеліктерін, баға прейскурантын (прайс парақтарын);
- 10) бағаланатын тауарға дайындаушы фирманың калькуляциясын;

11) кеден құны декларациясында мәлімделген мәліметтерді растау үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да құжаттарды бере алады.

#### 342-бап. Тауардың кеден құнын мәлімдеу шарты

1. Тауарлардың кеден құнын кеден құнының декларациясын толтыра отырып тауарларды декларациялау кезінде кеден органына декларант мәлімдейді. Кеден құнының декларациясын толтыру нысаны мен тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

2. Декларант мәлімдеген кеден құны және ол айқындауға жататын оларға берілген мәлімет сенімді, шамасы айқындалған және құжатты расталған ақпаратқа негізделуі қ а ж е т .

3. Кеден құнының декларациясы осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, "еркін айналым үшін тауарларды шығару" кеден режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелетін барлық тауарларға толтырылады.

4. Кеден құнының декларациясы егер:

1) бір келісім-шарт шеңберінде бірнеше жеткізулерді, сондай-ақ түрлі келісім-шарттар бойынша бір алушының мекен-жайына бір тауарды бір жіберушінің қайталап жіберуін қоспағанда, тауарлардың әкелінген партиясының кеден құны 900 айлық есептік көрсеткішке бара-бар сомадан

аспаса;

2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін жеке тұлғалардың тауарларына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма мен шарттар сақталса толтырылмайды.

Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда, кеден құны кеден декларациясында мәлімделеді.

#### 343-бап. Тауарлардың кеден құнын түзету

1. Тауарлардың кеден құнын түзету егер:

1) кеден құнын кедендік ресімдеу және бақылау барысында:

осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, олардың растауына

құжатта көрсетілген тауарлардың кеден құнының мөлшері және/немесе құрылымы декларант мәлімдеген тауарлардың кеден құнын айқындау әдісімен сәйкес келмеуі анықталған;

кеден құны декларациясының нысандарында мәлімделген кеден құнының мөлшеріне әсер еткен техникалық ақаулар анықталған;

осы Кодекстің 347-бабына сәйкес декларанттың пайдалануына тауарды беру мақсатында шартты кеден құнын қолдану қажеттігі анықталған;

2) тауар шығарылғаннан, соның ішінде шартты кеден құнын қолданғаннан кейін: декларант берген қосымша ақпарат негізінде тауардың түпкілікті кеден құнын айқындау кезінде, не кеден органы жүзеге асырған тауардың кеден құнын қабылдау кезінде;

кеден құнының мөлшері және/немесе құрылымына әсер ететін тауарды мағлұмдау кезінде орны бар техникалық ақаулар анықталған;

3) кейінгі тексеруді жүргізу барысында анықталған сенімсіз мағлұмдау қолға түскен (кеден органында сақталатын құжаттар пакетіне кейінгі бақылау кезіндегідей және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың сыртқы экономикалық қызметіне тексеру жүргізу кезінде);

сыртқы сауда келісім-шартының (шартының) ережелерінің саны және/немесе сапасы бойынша әкелінген немесе әкетілген тауардың ауытқуларына байланысты кеден декларациясын қабылдаған күнде орны бар тауарлардың нақты құнының мәлімделген кеден құнына сәйкес келмеуі анықталған;

4) трансферттік баға пайда болуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға байланысты мәміле бағасы өзгерген жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

## 2. Тауар санының сәйкес келмейтінін растайтын құжаттар:

1) экспорттаушы/импорттаушымен келісілген кедендік төлемдер мен салық салынбайтын тауарлар бойынша экспорттаушы/импорттаушының өкілінің қатысуымен саны бойынша кінәрат-талап (қабылдау актісі) және кеден органының жете қарау актісі;

2) қалған тауарлар бойынша тәуелсіз сараптаманың қорытындысы (актісі) және кеден органының жете қарау актісі болып табылады.

3. Кеден құнын мәлімдеген сәтке дейін жоғалу немесе бұзылу фактісі, декларант мәлімдеген құнның шот-фактурада көрсетілген мөлшерге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, егер мәлімделген құн жоғалған немесе бұзылған тиісті көлеммен мөлшерге шот-фактурада ерекшеленсе, кеден құнын түзетуге әкеп соқтырмайды. Жоғалу немесе бұзылу фактісін растайтын құжаттар:

1) егер әкелінетін тауарларға кедендік төлемдер және салық салынған жағдайда, тауардың сақталуы үшін мәміле бойынша жауапты тұлғамен келісілген (экспорттаушы/импорттаушы, тасымалдаушы, сақтандырушы) тауардың жоғалуы немесе бұзылуы бойынша тәуелсіз сараптама қорытындысы (акті), сондай-ақ кінәрат-талап;

2) қалған жағдайларда, тауардың сақталуы үшін мәміле бойынша жауапты тұлғамен келісілген (экспорттаушы/импорттаушы, тасымалдаушы, сақтандырушы) тауардың жоғалуы немесе бұзылуы бойынша кінәрат-талап;

3) кеден органының жете қарау актісі болып табылады.

Шартта келісілген немесе баға туралы келісімде айтылған франшиза сомасының шегіне кірмейтін мөлшердің саны және сапасы бойынша ауытқу бағаны төмендету үшін негіз ретінде кеден органы болып танылмайды.

4. Трансферттік баға белгілеуді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға байланысты мәміле бағасын өзгерткен жағдайда, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын есептеу туралы шешімі тауар мәмілесінің бағасын түзетуді растайтын құжаттар болып табылады.

5. Есептелген және нақты төленген төлемдер мен салықтар арасындағы айырмашылықты төлеуге жататын кедендік төлемдер және салықтарды есептеумен еркін айналыс үшін тауарды шығарғаннан кейін түзету өндірісі кезінде берешектерді төлеген күнде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржыландырудың ресми ставкасы бойынша өсімақы есептеледі. Өсімақы кеден декларациясын кедендік ресімдеуге қабылданған күннен бастап есептеледі.

Кеден құнын түзету декларанттың бастамасы бойынша жүргізілген жағдайларда, өсімақы есептелмейді. Бұл ретте кеден органдарына тексеру жүргізу кезінде қолға түскен кеден құнының мәлімделген мөлшеріне сәйкес келмеуі бойынша кеден құнын түзету декларанттың бастамасы бойынша жүргізілген болып қаралады.

6. Кеден құнын түзету нысаны кеден құны және (немесе) кедендік төлемдер және (немесе) салықтар түзетілетін тауарларға ғана толтырылады. Кеден құнын түзетуді толтырудың нысаны мен тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді. Көрсетілген кеден құнын түзетудің нысаны кеден декларациясының ажыратылмас бөлігі болып табылады.

7. Кедендік ресімдеуге құжаттарды қабылдағаннан кейін кеден органы жүргізетін барлық декларант мәлімдеген кеден құнын түзетулер тауарларды кеден бағалауы ретінде қаралады және белгіленген тәртіппен декларант шағымдануы мүмкін.

344-бап. Тауарлардың кеден құны туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау

Тауардың кеден құнын мәлімдеген кезде декларант беретін, коммерциялық құпияны құраушы ретінде айқындалатын немесе құпия болып табылатын ақпаратты кеден орган тек қана кеден мақсаттарында пайдалана алады және осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделгеннен басқа жағдайларда декларанттың арнайы рұқсатынсыз үшінші жаққа, оның ішінде өзге мемлекеттік органдарға бере алмайды.



345-бап. Кеден құнын айқындау кезіндегі декларанттың құқықтары мен міндеттері

1. Декларанттың:

1) кеден құнын айқындау үшін берген мәліметтерінің дұрыстығына кеден органында күмән туындаған жағдайда олардың дұрыстығын дәлелдеуге;

2) мәлімделген кеден құнын нақтылау қажеттігі туған жағдайда, кеден органы жүзеге асырған тауардың кеден бағасына сәйкес кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз еткен кезде мәлімделген тауарды алуға құқығы бар. Кедендік төлемдер мен салықтар салынбайтын тауарлардың мәлімделген кеден құнын анықтау қажет болған жағдайда кеден органы белгілеген мерзімде қажетті құжаттарды беру жөнінде міндеттемелерді тапсырса, мәлімделген тауарды алуға құқығы бар;

3) кеден органынан тауарлардың мәлімделген кеден құнын кеден органы қабылдамауы мүмкін еместігі себебін түсіндіруді жазбаша сұратуға;

4) тауардың кеден құнын анықтауға қатысты кеден органының шешімімен

келіспеген жағдайда, бұл шешімге осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым беруге құқығы бар.

2. Декларант:

1) кеден құнын мәлімдеуге және кеден құнын айқындауға қатысты дұрыс, сандық жағынан анықталған және құжатпен дәлелденген ақпаратқа негізделген мәліметтерді беруге;

2) мәлімделген кеден құнын дәлелдеу қажет болған жағдайда кеден органының талап етуі бойынша оған дәлелдеу үшін қажетті деректерді беруге;

3) өзі мәлімдеген кеден құнын нақтылауға не кеден органына қосымша ақпарат беруге байланысты туындайтын барлық қосымша шығындарды мойнына алуға міндетті.

346-бап. Кеден құнын айқындау жөніндегі кеден органының құқықтары мен міндеттері

1. Тауарға кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органының:

1) декларант ұсынған құжаттар мен мәліметтер негізінде, сондай-ақ кеден құнын айқындау кезінде пайдаланылатын ондағы бар ақпараттың негізінде декларант таңдаған кеден құнын анықтау әдісін пайдалануға жол беру және декларант мәлімдеген тауарлардың кеден құнын айқындау дұрыстығы туралы шешім қабылдауға;

2) егер декларант берген құжаттар мен мәліметтер мәлімделген кеден құнына қатысты шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса декларанттан қосымша құжаттар және мәліметтерге жазбаша сұрау салуға және оларды ұсыну үшін жеткілікті мерзім

белгілеуге құқығы бар. Бұл ретте қосымша құжаттарды беруді талап ету жүк кеден декларациясын тіркеу және тауарлар шығарудан бас тарту үшін негіз болып т а б ы л м а й д ы ;

3) декларант мәлімдеген кеден құнының дұрыстығын айқындайтын құжаттар мен мәліметтер болмаған кезде не декларант берген мәліметтер дұрыс емес немесе жеткіліксіз деп ұйғаруға негіз болған кезде, өзінде бар мәліметтер негізінде (оның ішінде ұқсас немесе біртектес тауарлар бойынша бағалау ақпараты) осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылатын түзетулер енгізе отырып, осы Кодексте белгіленген тауарлардың кеден құнын анықтаудың әдістерін дәйекті түрде қолдана отырып, мәлімдеген тауардың құнын дербес белгілеуге құқығы бар.

2. Кеден органы декларанттың жазбаша сұрау салуы бойынша:

1) оны кеден органы айқындаған жағдайда, тауарлардың кеден құнын айқындау құрылымы және әдістері туралы ақпаратты;

2) декларант мәлімдеген кеден құнын кеден органы қабылдамауы мүмкін емес себебін түсіндіруді жазбаша беруге міндетті.

### 347-бап. Тауардың шартты кеден бағасы

1. Кеден құнын айқындайтын құжаттардың болмауына байланысты әдісін қолдану мүмкін болмаған әкелінетін тауарлармен мәміленің бағасы бойынша тауарлардың кеден құнын анықтау әдісін пайдалану мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ тауарлардың және кеден құнын айқындаудың қалған әдістеріне сәйкес декларант мәлімдеген кеден құнын нақтылаудағы қажеттілік болған жағдайда кеден органында бар бағалы ақпаратты ескере отырып, декларант кеден органы жүзеге асырған тауардың шартты кеден бағасына сәйкес кеден баждары мен салықтарды төлеумен қамтамасыз етуді беру шартымен мағлұмдалатын тауарды шартты шығаруды жүргізуге құқығы бар.

2. Кеден органдарындағы бар бағалық ақпаратты қалыптастыру кезінде сенімді, сандық жағынан анықталған және құжатпен расталған ақпараттың негізінде, сондай-ақ тәуелсіз сараптау нәтижелері бойынша ұсынылған ақпараттың негізінде ресімделген жүк кеден декларацияларының статистикалық деректері пайдаланылады.

3. Кедендік төлемдер және салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің әрекет ету мерзімі растайтын құжаттар ретінде төлем құжаттарын беруі мүмкін және мәміле шарттары бойынша төлеу мерзімі көрсетілген мерзімнен асқан жағдайларды қоспағанда, алпыс күнтізбелік күнді құрайды.

4. Мәлімделген кеден құнын растайтын құжаттарды декларант бергеннен кейін кеден құнын түзету нысанын толтыра отырып, 45-тарауға сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде саналатын соманы қайтарып алу ( немесе есепке алу) жүзеге асырылады.

5. Мәлімделген кеден құнын растайтын қажетті құжаттарды белгіленген

мерзім ішінде бермеу кезінде, тауардың шартты бағасы қолданылып есептелген кедендік төлемдер мен салықтар сомасы тауардың кеден құнына қатысты түпкілікті шешім болып табылатын кеден құнын түзету нысанын кеден органы лауазымды тұлғасының толтыруы жолымен бюджет кірісіне аударылады.

#### 42-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕРДІ ТӨЛЕУДІҢ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

##### 348-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеушілер

Кедендік төлемдердің төлеушілері декларант, сондай-ақ кеден органдары осы Кодексте көзделген заңды мәні бар әрекет жасайтын мүддедегі тұлғалар болып табылады.

##### 349-бап. Кеден баждарын төлеу мерзімі

1. Кеден баждарын кеден баждарын төлеудің мерзімін өзгерту, жағдайын қоспағанда, кеден декларациясы қабылданғанға дейін немесе қабылданған күні төленеді.

2. Егер кеден декларациясы осы Кодекстің 407-бабына сәйкес

айқындалған мерзімде берілмесе, онда кеден баждары мен салықтарын төлеу мерзімдері кеден декларациясын беру мерзімі аяқталған күннен бастап өтіп кетеді.

3. Кеден баждарын салудан босатуға байланысты өзге де мақсаттарда шартты шығарылған тауарларды пайдалану кезінде кеден баждарын төлеу мерзімі тұлға тауарларды пайдалану және иелік ету бойынша шектеулерді бұзған күн болып есептеледі. Егер бұзған күнді белгілеу мүмкін болмаса, кеден баждарын төлеу мерзімі көрсетілген тауарлардың шартты шыққан күні болып есептеледі.

##### 350-бап. Кеден алымдарын төлеу мерзімі

1. Кедендік ресімдеу үшін кеден алымы:

1) кеден декларациясын қабылдағанға дейін немесе қабылдаған күні төленеді;

2) егер кеден декларациясы Кодекстің 407-бабына сәйкес айқындалатын мерзімдерде берілмесе, онда кеден декларациясын беру мерзімі өткен күннен бастап төлеу мерзімдері өтіп кетеді.

3) кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын салудан босатылуына байланысты өзге де мақсаттарда шартты шығарылған тауарларды пайдалану кезінде көрсетілген алымдарды төлеу мерзімі тұлғаның тауарларды пайдалану және иелік ету бойынша

шектеулерді бұзған күні болып есептеледі. Егер бұзған күнді белгілеу мүмкін болмаса, төлеу мерзімі көрсетілген тауарлардың шартты шыққан күні болып есептеледі.

2. Кедендік сүйемелдегені үшін кеден алымы кедендік сүйемелдеу туралы кеден органы шешім қабылдағаннан кейін, бірақ кедендік сүйемелдеуді ұйымдастыру басталғаннан кешіктірмей төленеді.

3. Алдын ала шешім қабылдауға кеден алымдары алдын-ала шешім қабылдау үшін осы Кодексте белгіленген құжаттар мен қажетті мәліметтерді кеден органдары қабылдаған күнге дейін немесе қабылдаған күні төленеді.

4. Кеден органдары құрған кеден қоймаларында және уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтағаны үшін кеден алымы осындай қоймалардың аумағынан тауарларды әкеткен күні төленеді.

### 351-бап. Алымдарды төлеу мерзімі

Лицензиялар және кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алымдар кеден органдары лицензияларды және кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын ресімдегені үшін осы Кодексте белгіленген құжаттар мен қажетті мәліметтерді қабылдағанға дейін немесе қабылдаған күні төленеді.

### 352-бап. Кеден төлемдерін төлеудің тәртібі

1. Кеден төлемдері қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәртіппен төленеді.

2. Кеден төлемдерін төлеуді төлеуші не кеден төлемдері енгізілетін төлеушіні көрсете отырып, үшінші тұлға жүзеге асыруы мүмкін. Кеден төлемдері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

3. Шетел валютасын қайта есептеу үшін Қазақстан Республикасының

Ұлттық банкі белгілеген Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына шетел валютасының ресми бағаны:

1) кеден декларациясын қабылдаған күніне;

2) төлеу тауарларды кедендік ресімдеуге байланысты емес кеден төлемдері үшін төлеу және кеден декларациясын кеден органына беру күніне сәйкес қолданылады.

4. Кеден төлемдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп кеден ісі мәселесі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік бюджетке аударылады.

### 353-бап. Талап ескіру мерзімі

Кеден төлемдері мен салықтарының сомасын қайтарып алу немесе есепке

алу туралы төлеушілердің талаптарына талап ескіру мерзімі бес жылға белгіленеді.

354-бап. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге бақылау

Өндіріп алу кеден органдарына жүктелген кеден төлемдері бюджетке енгізудің уақтылығы мен есептеудің дұрыстығы үшін бақылауды кеден органдары жүзеге асырады.

43-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ЖЕҢІЛДІКТЕР

355-бап. Кедендік жеңілдіктер

1. Кедендік жеңілдіктер ретінде Қазақстан Республикасының кеден шекара арқылы алып өтетін тауарларға қатысты кедендік төлемдерден босату түріндегі жеңілдіктер, сондай-ақ тарифтік преференциялар ұғынылады.

2. Кедендік жеңілдіктер осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен беріледі және осы Кодекстің 356, 357-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес сипатта бола алмайды.

3. Кедендік жеңілдіктерді Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен беруге тыйым салынады.

356-бап. Кеден төлемдерін салудан босату

1. Кеден бажын салудан мыналар босатылады:

1) жүктерді, теңдеме жүктер мен жолаушыларды үнемі халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары, сондай-ақ материалдық-техникалық жабдықтау және жасақтау заттары, отын азық-түлік және жол жүру кезінде, аралық аялдама мекендерінде оларды пайдалануға қажетті немесе осы көлік құралдарының авариясын (ақауын) жою үшін шетелдерден алынған басқа да мүлік;

2) теңіз кәсіпшілігін жүргізетін қазақстандық немесе қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдар жалдаған (кіреге алған) кемелердің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының кеден аймағынан тысқары жерге әкетілетін материалдық-техникалық жабдықтау және жасақтау заттары, отын, азық-түлік және басқа мүлік, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасына әкелетін кәсіпшілік ө н і м д е р і ;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық және шетел валютасы (нумизматиялық мақсаттарда пайдаланылатыннан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздар;

4) Қазақстан Республикасының кеден аумағына ізгілік көмек ретінде әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін акцизделетіндерден б а с қ а т а у а р л а р ;

5) техникалық жәрдем көрсетуді қоса, мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық

ұйымдар тарапынан өтеусіз көмек ретінде, қайырымдылық мақсатында Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін арнаулы медициналық мақсатқа арналған жеңіл автомобильдерді қоспағанда акцизделетіндерден басқа тауарлар;

б) шетел инвестициялары туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес кеден бажын салудан босатылған тауарлар;

7) ақша белгілерінің өндірісі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және оның бөлімшелері әкелетін шикізат;

8) кеден баждарын салудан босату көзделген кеден режимдері шегінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауарларды бажсыз әкелу мен әкету нормалары бойынша Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарлар;

10) миграция туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден баждарын салудан босатылған тауарлар;

11) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен сәйкес белгіленген мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар;

12) ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесіне орай Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау үшін өткізілетін бітімгершілік немесе өзге де жаттығулар шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарлар;

13) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметшілерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және әкетілетін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес босатылатын тауарлар.

14) осы Кодекстің 289-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкерлері әкелетін тауарлар;

15) акцизделетін өнімдерді таңбалау үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына шетелдік өнімдерінің акцизделетін таңбалар ретінде әкелінетін, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан кейінгі экспорттауға арналған;

2. Кедендік ресімделгені үшін кеден алымдарын салудан:

1) осы баптың 1-тармағындағы 1)-5), 7), 9)-12)-тармақшаларында санамаланған тауарлар;

2) кеден органдарының осыған белгіленген орындарынан тыс немесе жұмыс уақытынан тыс тауарларды кедендік ресімдеуге кеден алымын қоспағанда, осы

Кодекстің 38-тарауының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарлар ;

3) мемлекет пайдасына тауарлардан бас тарту кеден режиміне мәлімделген тауарлар босатылады .

3. Осы бапта көрсетілген тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден баждары мен кеден алымдарын салудан босату үшін құжаттарды берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

### 357-бап. Тарифтік преференциялар

1. Тарифтік преференциялардан кеден бажынан босату не ставкасын төмендету немесе тауарларды преференцияларды әкелуге (әкетуге) квота белгілеу нысанында мемлекеттерге немесе мемлекеттер тобына Қазақстан Республикасы ұсынған сыртқы экономикалық қызмет саласындағы арнайы преференциясы ұғынылады.

Тарифтік преференциялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша беріледі .

2. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және кеден одағы не еркін сауда аймағын Қазақстан Республикасымен құрылатын мемлекеттерде шығатын тауарлар, сондай-ақ белгіленген мемлекеттерге Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін және Қазақстан Республикасынан шығатын, кеден баждарын салудан босатылады .

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасының ұлттық преференция жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекеттерден шығарылатын тауарлар төмендетілген ставка бойынша кеден бажы салынады. Осындай мемлекеттер мен тауарлардың тізбесін, сондай-ақ кеден бажының төмендетілген ставкасының деңгейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

4. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасының ұлттық преференция жүйесін пайдаланатын неғұрлым дамыған мемлекеттерден шығарылатын тауарлар кеден бажын салудан босатылады. Мемлекеттер мен тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

5. Осы бапта көзделген тарифтік преференциялар осы Кодекстің 8-тарауында көзделген шарттарды сақтау кезінде беріледі.

### 44-ТАРАУ. КЕДЕН БАЖДАРЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

358-бап. Кеден баждарын төлеудің мерзімдері өзгеруінің ұғымы және

1. Кеден төлемдерін төлеу мерзімінің өзгерту деп осы Кодекспен белгіленген кеден баждарын төлеу мерзімін кешірек мерзімге, бірақ кеден органының жүк кеден декларациясын тіркеу күнінен бастап үш айға астам емес мерзімге көшіру танылады. Кеден баждарын төлеу мерзімінің өзгеруі мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу нысанында жүргізіледі.

Бұл ретте, кеден баждарын төлеудің мерзімін ұзарту, ал қажетті сома бөлшектеп төленуі қажет кеден баждарын төлеу мерзімін қосымша кезеңге ұзарту бөліп төлеу болып табылады.

2. Кеден баждарын төлеу мерзімінің өзгеруі туралы шешімді кеден басқармалары және кедендер қабылдайды.

3. Өндірістік өңдеуге арналған кеден органдары акцизделетіндерді қоспағанда, импортталатын шикізаттар мен материалдарға кеден бажын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін береді.

4. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі төлеуге тиісті кеден бажының барлық сомасына не оның бөлігіне қатысты берілуі мүмкін.

5. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі осы Кодекстің 45-тарауында көзделген тәртіпте кеден баждарын төлеумен қамтамасыз ету шарты кезінде беріледі.

6. Кеден төлемдерін төлеу жөніндегі берешегі бар немесе кеден баждарын төлеуден жалтаратын, сондай-ақ оларға қатысты банкроттық рәсімдеу қозғалған тұлғаларға кеден баждарын төлеу жөніндегі мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі берілмейді.

### 359-бап. Өндірістік қайта өңдеу

Осы тауардың мақсаттары үшін шикізаттар мен материалдарды өндірістік қайта өңдеуден бірінші төрт белгінің кез-келген деңгейде пайдаланылған шикізаттар мен материалдардан ерекшеленетін Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша сыныптама кодын өнімді (тауарды) алу үшін өндірісте пайдалану ұғынылады. Бірінші төрт белгінің кез-келген деңгейде өнімнің (тауардың) сыныптама кодының өзгеруіне қарамастан өндірістік қайта өңдеуге:

1) жай жинау операциялары (тойтарма, пісіру, жапсыру, жинақтау және басқа да ұқсас операциялар);

2) қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының азық-түлік тамақтарын қайта өңдеуі;

3) сату және тасымалдауға тауарларды дайындау бойынша операциялар (партияларды уату, жіберілімді қалыптастыру, сұрыптау, қаттап-орау, қайта орау);

4) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатураның коды бойынша бірінші төрт белгіден кез-келген деңгейде шығысты құрайтыннан ерекшеленетін



алынған өнімге сипаттама берместен тауарларды, компоненттерді қосу жатпайды.

360-бап. Кеден баждарын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру үшін негіздеме

1. Кеден бажын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі әкелінетін шикізаттар мен материалдарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына төлеушінің жазбаша өтініші негізінде беріледі. Бұл ретте, өтініште кеден бажын төлеуді қамтамасыз ету туралы мәлімет болады.

2. Өтінішпен бірге төлеуші мынадай құжаттарды:

1) сыртқы экономикалық қызметке қатысушының есептік карточкасын;

2) әкелінетін шикізаттарға және (немесе материалдарға) жеткізуге сыртқы экономикалық келісім-шарт (шарт);

3) заңды тұлғаның бірінші басшысы мен бас бухгалтері куәландырған әкелінген тауарларды шикізаттар мен материалдар ретінде пайдалана отырып, өндірістің технологиялық сызбасын (өндірістің фрагментін);

4) егер, әкелінетін шикізат пен (немесе) материалдарды ұқсату лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтің лицензияланатын түріне жатса, шикізат пен материалдарды ұқсату құқығына нотариальды куәландырылған лицензия көшірмесін береді.

3. Кеден баждарын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру үшін кеден органдары өндірістік қуатты тексеру жүргізуге құқығы бар.

361-бап. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру туралы ш е ш і м

1. Кеден бажын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру туралы шешім не оны беруден бас тарту туралы шешім төлеушінің өтінішін және осы Кодекстің 360-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен к е ш і к т і р м е й қ а б ы л д а н а д ы .

2. Шешім екі данада жазбаша түрде жасалады және тиісті кеден органының бастығы, немесе оның орнын ауыстыратын адамның қолы қойылады. Шешімнің бірінші данасы кеден органында қалады. Шешімнің екінші данасын кеден органы шешім қабылдаған күннен бастап келесі күннің аяқталуынан кешіктірмей төлеушіге ж і б е р е д і .

3. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) шешімнің тіркеу нөмірі;

2) кеден бажын төлеу мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру мерзімі;

3) төлеушінің өтінішінде көрсетілген кеден бажын төлеуді қамтамасыз етудің тәсілі;

4) әкелінетін шикізат және (немесе) материалдарды жеткізуге сыртқы экономикалық келісім-шарттың күні, нөмірі, осындай келісім-шарт бойынша шикізат пен (немесе) материалдарды алушының атауы;

5) кеден бажын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу

мерзімі берілгенге қатысты шикізат және (немесе) материалдардың атауы және саны;

б) оған қатысты мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі берілетін кеден бажының мөлшері.

4. Кеден бажын төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беруден бас тарту туралы шешім мұндай бас тартудың уәжі болуы қажет.

362-бап. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімі берген соманы өтеу мерзімі

1. Кеден бажын төлеу мерзімдерінің өзгеруі кезінде кеден бажын өтеуді төлеуші немесе үшінші тұлға тиісінше:

1) мерзімі ұзартылған мерзімнің соңғы күні аяқталуынан кешіктірмей төлеу мерзіміне ұзарту беру кезінде;

2) төлеушімен бірлесіп кеден органы бекіткен кесте бойынша бөліп төлеу мерзімі берілген кезде төлеуші жүргізеді.

2. Кеден бажының сомасы уақытылы өтемеген жағдайда, кеден органдары осы Кодекстің 47-тарауында көзделген тәртіпте кеден бажының барлық сомасын өндіріп алуға шаралар қолданады.

363-бап. Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру туралы кеден органдарының шешімдерінің іс-әрекетін тоқтатуы

Мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу мерзімін беру туралы шешімдердің іс-әрекеті:

1) мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеудегі белгіленген іс-әрекет мерзімінің аяқталуы бойынша;

2) кеден бажының барлық сомасын мерзімінен бұрын өтеуі кезінде;

3) өндірістік қайта өңдеусіз тауарларды өткізу кезінде тоқтатылады.

## 45-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕР МЕН САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

364-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеумен қамтамасыз етудің жалпы шарттары

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету:

- 1) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес тұлғаны кеден тасымалдаушысы ретінде қызметке біліктілік талаптарының сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін;
- 2) осы Кодекстің 82-бабына сәйкес ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау кезінде;
- 3) осы Кодекстің 102-бабына сәйкес алушының қоймаларда тауарларын уақытша сақтау кезінде;
- 4) осы Кодекстің 164-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды ұқсату кезінде;
- 5) осы Кодекстің 188-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсату кезінде;
- 6) осы Кодекстің 228-бабына сәйкес акцизделетін тауарларды қайта экспорттау кезінде;
- 7) осы Кодекстің 234-бабына сәйкес тауарлардың транзиті кезінде;
- 8) осы Кодекстің 347-бабына сәйкес кеден төлемдері мен салықтар

салынатын тауарларды шарты кедендік бағалау кезінде;

- 9) осы Кодекстің 358-бабына сәйкес кеден баждарын төлеу мерзімінің өзгеруі кезінде;
- 10) осы Кодекстің 406-бабына сәйкес кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту кезінде;
- 11) осы Кодекстің 426-бабына сәйкес кеден делдалы ретінде қызметке біліктілік талаптарына сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін қолданылады.

2. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету кеден режиміне кіретін тауарлардың шығарылымына дейін не осы баптың 1-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырғанға дейін жүргізіледі.

3. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді төлеуші болмаса үшінші тұлға жүргізеді.

365-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің түрлері

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету:

- 1) тауарлар мен көлік құралдарына кепіл;
- 2) уәкілетті банктің кепілдеме;
- 3) тиесілі соманы кеден органының депозитіне енгізу;
- 4) сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) түрінде берілуі мүмкін.

2. Тұлға осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің кез-келген түрін таңдауға құқылы.

3. Кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз етуді қолдану тәртібі

орталық кеден органымен кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша анықталады.

366-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету сомасын айқындау

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету сомасының мөлшері:

1) мына тауарлар мен көлік құралдарына қатысты еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режимін мәлімдеу кезіндегі ретінде:

ішкі кеден транзитінің рәсімі бойынша өткізілген;

алушының қоймасында уақытша сақтауға рұқсат берілген;

кеден аумағына тауарларды ұқсатудың кеден режиміне орналастырылған;

тауарларды қайта экспорттау кеден режиміне орналастырылған;

тауарлар транзитінің кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізу үшін әкелінген;

шартты кеден бағалауы қолданылатынға кеден құнын айқындау кезінде;

олар бойынша кеден бажын төлеу бойынша мерзімі өзгертілген;

олар бойынша кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту жүргізілген;

2) мына тауарларға қатысты тауарлар экспортының кеден режимін мәлімдеу кезіндегі ретінде:

кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсатудың кеден режиміне орналастырылған;

тауарлар транзитінің кеден режиміне сәйкес шетел мемлекетінің кеден

аумағы арқылы өткізу үшін әкетілген төлеуге тиесілі кедендік төлемдер мен салықтардың сомасынан кем болуы мүмкін емес.

2. Тұлғаны кеден тасымалдаушысы ретінде қызметке біліктілік талаптарының сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін қажетті қамтамасыз ету сомасының мөлшері осы Кодекстің 71-бабына сәйкес анықталады;

3. Кеден делдалы ретінде қызметке біліктілік талабына сәйкестілікті қамтамасыз ету үшін қажетті қамтамасыз ету сомасының мөлшері осы Кодекстің 426-бабына сәйкес айқындалады.

367-бап. Тауарлар мен мүліктің кепілі

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету мақсатындағы кепіл, мыналарды қоспағанда:

1) азаматтық айналымнан алынған мүлік;

2) Қазақстан Республикасына әкелуге болмаса Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлар;

- 3) электр, жылу және энергияның өзге де түрлері;
- 4) тез бұзылатын тауарлар;
- 5) мүліктік құқықтар;
- 6) Қазақстан Республикасының шегінде болып табылатын мүлік;

7) өткізу мүмкіндігі шектелген тауарлар және көлік құралдары үшінші тұлғалардың мүліктік құқығынан бос кез-келген тауарлар мен мүлік болуы мүмкін.

2. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету мақсатында кепіл заты болып рыноктық құн оны сату бойынша шығыстарды қоса оларды төлеу кепіл мәнімен қамтамасыз етілетін кеден төлемдері мен салықтар бойынша міндеттеменің мөлшерінен төмен болмауы мүмкін емес.

3. Егер, кеден органы өзге шешім қабылдамаса, кепіл кезінде кепіл

заты кепіл берушіде қалады.

Кепіл беруші оны қамтамасыз етуде кепіл ресімделген салық төлеуші қабылдаған міндеттемені орындауға дейін кепіл затына иелік етуге құқылы емес.

4. Кепілді ресімдеу азаматтық заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Кепіл затын өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

368-бап. Уәкілетті банктің кепілдемесі

1. Кедендік төлемдер мен салықтар төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ресімделген уәкілетті банктердің кепілдемелерін қабылдайды.

2. Уәкілетті банктің кепілдемесін беру, кепілгер міндеттемесін орындау мен кепілдіктің тоқтауына байланысты құқық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

369-бап. Қазақстан Республикасы кеден органының депозиттік шотына сома енгізу

1. Кедендік төлемдер мен салықтар төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органының депозиттік есебіне (бұдан әрі - депозит) ақша енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе шетел валютасында жүргізіледі.

2. Кеден органында валюталық шот болмаған жағдайда, депозитті енгізу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

3. Кедендік төлемдер мен салықтар сомасын төлеуге жататын депозитпен

қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалмауы кезінде міндеттемені орындамау туралы растау күнінен кейінгі күннен кешіктірмей депозит сомасынан мемлекеттік бюджетке аударылады.

4. Осы Кодекстің 373-бабына сәйкес қайтаруға жататын төленген сома депозитпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау кезінде немесе төлеушінің өтініші бойынша алдағы кедендік төлемдер мен салықтар есебіне не кеден органының алдындағы басқа міндеттемелер бойынша кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету үшін есептеледі.

370-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды қамтамасыз ету ретінде сақтандыру шартын қолдану

1. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету ретінде кеден органдары Сақтандыру ұйымдарының тізіліміне енгізілген сақтандыру ұйымдарымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жасалған сақтандыру шарттарын қабылдайды.

2. Тізілімге сақтандыру ұйымдарын енгізу, оларды Тізілімнен шығару тәртібі мен шартын, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін кеден ісі мәселесі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.

## 46-ТАРАУ. КЕДЕН ТӨЛЕМДЕРІ МЕН САЛЫҚТАРДЫ ҚАЙТАРУ

371-бап. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кеден төлемдері мен салықтарын қайтару

1. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кеден төлемдері мен салықтар сомасы осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес төлеуге тиісті сомадан мөлшері асатын нақты төленген немесе өндіріп алынған кедендік төлемдер мен салықтар сомасы болып табылады.

2. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кеден төлемдері мен салықтардың сомасы төлеушінің өтініші бойынша қайтаруға жатады. Өтініш төленген күннен бастап бес жылдан кешіктірмей тауарларға кедендік ресімдеу немесе заңды мәні бар әрекет жасаған кеден органына беріледі.

3. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын қайтару туралы өтінішпен бір уақытта мынадай құжаттар:

- 1) соманы төлеуді растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- 2) ол бойынша кеден төлемдері мен салықтар есептелген және енгізілген кеден органы ресімдеген кеден декларациясының көшірмесі. Кеден декларациясын ресімдеу

жағдайында

беріледі;

3) оларды жүзеге асыру үшін кедендік төлемдер енгізілген заңды мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезде кеден органы ресімдеген басқа да құжаттардың көшірмелері берілуі қажет. Кедендік төлемдерді төлеу кеден декларациясын ресімдеместен жүргізілген жағдайларда беріледі.

4. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдер мен салықтардың сомасын қайтару туралы өтінішті қараудың мерзімі барлық қажетті құжаттарды қайтару және беру туралы өтінішті берген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауы қажет.

5. Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтар фактісін тапқан жағдайда, кеден органы осындай фактіні тапқан күннен бастап бір айдан кешіктірмей салық төлеушіге артық өндіріп алынған немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы туралы хабарлауға міндетті.

6. Осы баптың 4-тармағында белгіленген мерзімді бұзу кезінде қайтару мерзімінің әрбір бұзылған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік ресми ставкасы мөлшерінде өсімақы есептеледі.

7. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдер

мен салықтарды қайтару артық төленген немесе артық өндіріліп алынған сома мөлшерінде басқа кедендік төлемдер, салықтар мен оларға өсімақылар бойынша төлеушіде берешек болмаған кезде жүзеге асырылады.

8. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдер мен салықтарды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірге кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

372-бап. Кедендік төлемдер мен салықтарды қайтарудың өзге де жағдайлары

1. Кеден баждары мен салықтарын қайтару:

1) кеден декларациясын кері қайтару алу;

2) неғұрлым қолайлы жағдай жасайтын ұлт немесе тарифтік артықшылықтар режимін қалпына келтіру;

3) кеден режимдерінің шарты Қазақстан Республикасының кеден аумағының шегінен шетел тауарларын әкету кезінде не оларды жою, болмаса мемлекет пайдасынан бас тарту немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта өңдеуге қазақстандық тауарлар не өнімдер әкелу кезінде кеден баждары мен салықтардың төленген сомасын қайтаруды көздеген;

4) егер қайта таңдалған кеден режимі ішінде (еркін айналым немесе экспорт үшін

тауарларды шығарудың кеден режимі) тауарлар орналастыру кезінде төлеуге тиісті кеден баждары мен салықтар сомасы бастапқы кеден режимі кезінде төленген кеден баждары мен салықтар сомасынан кем болмаса, еркін айналым немесе экспорт үшін тауарларды шығарудың кеден режиміне бұрын мәлімделген кеден режимін өзгерткен жағдайларда да жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларда, кеден бажы мен салықтарды қайтару артық төленген немесе артық өндіріліп алынған кедендік төлемдерді қайтаруға қолданылатын осы Кодекстің 371-бабына сәйкес жүргізіледі.

### 373 - бап. Депозитті қайтару

1. Депозитті қайтару депозитпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау шарты кезінде жүзеге асырылады. Депозитті нақты қайтаруды өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде төлеушінің жазбаша өтініші бойынша кеден органы жүргізеді.

2. Депозитті қайтару туралы өтініш міндеттемені орындаған күннен кейін, бірақ міндеттеменің орындалу күнінен кейінгі күннен бастап бес жылдан кешіктірмей кеден органына беріледі.

3. Депозитті оның шотына немесе кассасына депозит сомасы енгізілген кеден органы не осы кеден органы таратылған жағдайда, оның құқықтық мұрагері қайтарады. Егер төлеушінің өтінішінде төлемнің өзге және төлем жүргізілген сол валютада алдын-ала келісілмесе оның кеден органының шотына аудару жүргізілген төлеушінің шотына депозитті қайтару жүргізіледі.

4. Депозитті қайтару депозит сомасының мөлшерінде кедендік төлемдер,

салықтар және өсімақыларды төлеу бойынша төлеушіде берешек болған кезде жүзеге асырылмайды.

5. Депозитті қайтарған кезде ол бойынша сыйақы төленбейді, сомасы индекстелмейді және банктік қызметтер көрсеткені үшін тарифтер аударылатын қаражат есебінен төленеді.

6. Осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарының ережелері уақытша демпингке қарсы, қорғау өтемақылық баждарын қайтаруға да қолданылады.

### 47-ТАРАУ. БЕРЕШЕКТІ ЖӘНЕ ӨСІМАҚЫНЫ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ

#### 374-бап. Берешекті және өсімақыны мәжбүрлеп өндіріп алудың жалпы ережелері

1. Белгіленген мерзімде кедендік төлемдер мен салықтарды төлемеу немесе толық төлемеу жағдайында, берешек құралады. Берешекті осы тарауда айқындалған тәртіпте кеден органдары төлеушілерден өндіріп алады.



2. Кеден органдары берешектерді өндіріп алу үшін мынадай:

1) осы Кодекстің 376-бабында көзделген тәртіпте төлеушінің хабарламасы;

2) осы Кодекстің 377-бабымен көзделген тәртіпте қайтаруға жататын артық төленген немесе артық өндіріп алынған сома есебінен немесе депозит есебінен берешекті өндіріп алу;

3) берешекті өтеуді қамтамасыз етудің мынадай тәсілдерін қолдану:  
берешек сомасына өсімақы есептеу;

төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;  
төлеушінің мүлкіне иелік етуін шектеу туралы шешім енгізу;

4) мынадай тәртіпте мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану:

төлеушінің банктік шоттарындағы ақша есебінен;

төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен;

төлеушінің дебиторлары есебінен;

төлеушінің иелік ету шектелген мүлкін сату есебінен іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген іс-әрекеттер берешек сомасына өсімақы есептеуді қоспағанда, тізбектеліп қолданылады.

### 375-бап. Берешек сомасына өсімақы есептеу

1. Берешек туындаған кезде төлеуші осы Кодекстің 377-бабына сәйкес берешекті өтеу жағдайларын қоспағанда, өсімақы төлейді.

2. Өсімақы әрбір мерзімі өткен күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселік мөлшерінде төлеу күнін қоса алғанда, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу мерзімдері өткен күннен кейінгі күннен бастап кедендік төлемдер мен салықтарды төлеудің әрбір мерзімі өткен күні үшін есептеледі.

Өсімақы кедендік төлемдер мен салықтарды мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершіліктің өзге де шараларын қолдануға қарамастан есептеледі және төленеді.

3. Өсімақыны төлеу, өндіріп алу және қайтару кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу, өндіріп алу және қайтаруда қолданылатын осы Кодексте көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

376-бап. Берешекті және өсімақыны өтеу туралы хабарлама

1. Берешекті және өсімақыны өтеу туралы хабарлама белгіленген мерзімде төленбеген кедендік төлемдер, салықтар мен өсімақылар туралы, сондай-ақ осы хабарламамен белгіленген мерзімде кедендік төлемдер, салықтар мен өсімақылардың төленбеген сомасы туралы төлеушіге жіберілген кеден органының жазбаша х а б а р л а м а с ы н а н т ұ р а д ы .

Хабарламада оның ресімделуі үшін негіздеме, сондай-ақ төлеушінің хабарламаны орындамау жағдайында қолданылатын осы Кодекстің 374-бабында көзделген іс-әрекеттер туралы да мәлімет болуы қажет.

2. Хабарлама оны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға қарамастан төлеушіге жіберілуі қажет.

3. Хабарлама берешектің туындау фактісін белгілеу күнінен бастап бір айдан кешіктірмей төлеушіге жіберілуі тиіс.

4. Хабарлама төлеушіге жеке қолын қойғызып немесе хабарламаны алу фактісі мен күнін растайтын өзге тәсілмен тапсырылуы қажет. Төлеуші хабарлама алудан жалтарған жағдайда, хабарлама келесі күннен кешіктірмей почта арқылы тапсырысты хатпен жіберіледі. Хабарлама тапсырысты хатпен жіберілген күннен бастап жеті жұмыс күн өтуі бойынша алынды деп саналады.

5. Хабарламаға шағымдануды төлеуші осы Кодекстің 72-тарауымен көзделген тәртіпте және мерзімде жүргізеді.

6. Хабарламадағы талаптарды орындау мерзімі төлеушінің осындай хабарламаны шағымдану жағдайларын қоспағанда төлеушіге хабарламаны тапсыру күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтінді құрайды.

7. Шағымдану жағдайларын қоспағанда осы баптың 6-тармағымен көзделген мерзімде хабарламадағы талаптарды орындамау кезінде кеден органдары осы Кодекстің 374-бабына сәйкес іс-әрекеттерді қабылдайды.

8. Хабарлама нысанын Қазақстан Республикасының орталық кеден органы б е л г і л е й д і .

377-бап. Кеден органының есебінен артық төленген немесе өндіріп алынған сома есебінен не депозит есебінен берешекті өндіріп а л у

1. Хабарламадағы талаптарды орындамаған кезде кеден органы қайтаруға тиісті артық төленген немесе артық өндіріп алынған сома есебінен не депозит есебінен берешекті өндіріп алуға құқылы.

2. Кеден органы осы бапқа сәйкес өндіріп алынған берешек пен өсімақылар туралы өндіріп алу күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеушіге жазбаша хабарлайды.

3. Артық төленген немесе артық өндіріліп алынған сома есебінен берешекті өтеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша кеден ісі

мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылады .

378-бап. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

1. Кеден органының шотында немесе берешекті өтеу үшін депозиттің артық төленген немесе өндіріп алынған соманың жетіспеушілігі кезінде төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы кеден органының иелік етуі қойылады .

2. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру берешек пен өсімақыны өтеу бойынша операциялардан басқа төлеушінің барлық шығыс операцияларына таралады .

3. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы иелік ету Қазақстан Республикасының салық заңнамаларында белгілеген нысан бойынша қойылады және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның оны алу күнінен бастап күшіне енеді.

4. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы иелік ету банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымның сөзсіз орындауына жатады .

5. Төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы иелік ету банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себебін жою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей осындай иелік етуді шығарған кеден органы жояды .

379-бап. Берешек пен өсімақыны төлеу есебінен төлеушінің мүлкіне иелік етуді шектеу туралы шешімді шығару

1. Төлеуші берешекті және өсімақыны өтемеген жағдайда, төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы иелік етудің күшіне ену күнінен бастап он жұмыс күнінің ішінде төлеушінің мүлкіне иелік етуде шектеу жүргізіледі .

2. Төлеушінің мүлкін иелік етуде шектеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының салық заңнамаларында белгіленген нысан бойынша кеден органы қояды .

3. Төлеушінің мүлкіне иелік етуді шектеу туралы шешім оның теңгермелік және рыноктық құны бағаны айқындау тәсіліне байланысты берешек пен өсімақы сомасына сәйкес келетін меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығына жататын мүлікке қатысты қойылады .

Қаржы лизингі мен кепілді қоса жалға берілген төлеушінің мүлкіне иелік етуді шектеу туралы шешім қойылған кезде оны жоюға дейін және осы мүлікке қатысты шешімді кеден органының қою сәтінен бастап жалға беруші мен кепіл ұстаушыға осындай мүлікке меншік құқығын беруге тыйым салынады.

4. Осындай шешімнің негізінде кеден органы мүлікті иелену, пайдалану және иелік ету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескере отырып Қазақстан Республикасының салық заңнамаларында белгіленген нысанда шектелген мүлікті иелік етудің тізімдеме актісі жасалады.

Шектелген мүлікті иелік етудің тізімдемесі төлеушінің бухгалтерлік есепке алу деректері негізінде айқындалатын оның бағасын көрсете отырып немесе Бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдар актісіне сәйкес өткізілетін тәуелсіз бағалаумен жүргізіледі және екі данада жасалған актімен ресімделеді.

5. Кеден органы мүліктің тізімдеме актісін және мүлікті иелік етуді шектеу туралы шешімді бір данадан төлеушіге тапсыруға міндетті.

6. Мүлікті иелік етуді шектеу туралы шешімді мүлікті иелік етуді шектеу себебін жою күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей осындай шешім шығарған кеден о р г а н ы ж о я д ы .

### 380-бап. Төлеушінің банк шоттарында орналасқан ақша есебінен кеден төлемдері мен салықтарын өндіріп алу

1. Төлеушінің мүлікті иелік етуді шектеу туралы шешім қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде төлеушінің берешегін өтемеу кезінде кеден органдары даусыз тәртіпте төлеушінің банк шоттарынан ақшаны өндіріп алу туралы шешімді қояды.

2. Даусыз өндіріп алу туралы шешім қажетті ақшаны мемлекеттік бюджетке аудару және төлеушінің шотынан есептен шығаруға кеден органының инкассалық иелік етуі, төлеушінің шоты ашылған банкке жіберу нысанында қабылданады.

3. Көрсетілген банкте олар ашқан төлеушінің басқа банк шоттарына кеден органы қойған инкассалық иелік ету төлеушінің бір банк шотынан берешекті өндіріп алу туралы кеден органы инкассалық иелік етуін банктің орындауы кезінде банк егер, мұндай инкассалық иелік етулерді берешек түріне және сол сомаға кеден органы қойса, кеден органының инкассалық иелік ету фактісін растайтын төлем құжатының қосымшасымен орындаусыз кеден органына қайтарылады.

4. Даусыз тәртіпте берешекті және өсімақыны өндіріп алу шетел валютасындағы және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы шоттардан жүргізіледі. Шетел валютасындағы шоттардан берешекті өндіріп алу өндіріп алу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі олар бойынша кеден төлемдері, салықтар мен өсімақыларды төлеуге жататын сомаға тең сомада жүргізіледі.

5. Кеден органының инкассалық иелік етуін орындауды банк Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырады.

381-бап. Қолма-қол ақша есебінен берешек сомасын және өсімақыны  
ө н д і р і п а л у

1. Қолма-қол ақша есебінен берешекті және өсімақыны өндіріп алу банк шотында ақша болмаған жағдайда жүргізіледі.

2. Қолма-қол ақша есебінен берешекті және өсімақыны өндіріп алу төлеушідегі бухгалтерлік (кассалық) құжаттар бойынша көрсетілген шетел валютасында және қолма-қол ақшаны кеден органының алуы деп танылады.

3. Қолма-қол ақшаны алу Қазақстан Республикасының салық заңнамаларында белгіленген нысан бойынша алу туралы актімен ресімделеді.

4. Төлеушіден алынған қолма-қол ақша алынған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетке аударуға жатады.

382-бап. Дебиторлық шоттарынан төлеушінің берешегін және өсімақысын  
ө н д і р і п а л у

1. Банк шоттарындағы ақша және төлеушінің қолма-қол ақшасы болмаған жағдайда кеден органы пайда болған берешек пен өсімақының шегінде өндіріп алуды төлеушінің алдында берешегі бар үшінші тұлғалардың (бұдан әрі - дебиторлар) ақшасына айналдыруға құқығы бар. Бұл ретте, дебиторларға шарттарға сәйкес ағымдағы сәтке дебиторлық берешек сомасы ретінде төлеуші алдындағы дебиторлар деп танылатын сома шегінде төлеушінің төленбеген кеден төлемдері, салықтар, өсімдер мен айыппұлдар сомасын өтеу есебіне олардың банк шоттарынан ақшаға өндіріп алуды жүгіну туралы хабарлама жіберіледі.

Хабарламаны алған сәтінен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей дебитор хабарламаны жіберген кеден органына хабарламаны алу күніне төлеушімен бірге жасалған өзара есеп-айырысулардың салыстыра тексеру актісін беруге міндетті.

2. Төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп-айырысуларды салыстыра тексеру актісі мынадай мәліметтерді:

- 1) төлеуші мен оның дебиторының атауын, олардың тіркеу нөмірін;
- 2) төлеуші мен оның дебиторы есепте тұратын кеден органының атауын;
- 3) төлеуші мен оның дебиторының банк шоттарының деректемелерін;
- 4) төлеуші алдындағы дебитор берешегінің сомасын;
- 5) төлеуші мен оның дебиторының заңды деректемелерін, мөрі мен қолын;
- 6) салыстыра тексеру актісін жасау күнін қамтуы тиіс.

3. Өзара есеп-айырысуларды салыстыра тексеру актісінің негізінде кеден органы

дебитордың банк шотына төлеушінің берешегін және өсімақысын өндіріп алу туралы инкассалық иелік етуді дебитордың банк шотына қояды.

4. Дебитор төлеушінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банк немесе ұйым осы Кодекстің 380-бабында айқындалған талаптарға сәйкес төлеушінің берешек сомасы мен өсімақысын өндіріп алу туралы кеден органы қойған инкассалық иелік етуді орындауға міндетті.

5. Осы баптың ережелеріне сәйкес ресімделген өзара есеп-айырысудың салыстыра тексеру актісі жоқ болған кезде кеден органы хабарламаны тапсыру сәтінен бастап тоқсан жұмыс күнінің ішінде кеден органы дебитордың банк шотына берешекті және өсімақыны өндіріп алу туралы инкассалық иелік етуді қоюға міндетті.

383-бап. Төлеушінің шектелген мүлкіне иелік етудегі сату есебінен берешекті және өсімақыны өндіріп алу

1. Кеден органдары төлеушінің келісімінсіз оның банк шоттарында ақша, қолма-қол ақша және оның дебиторының банк шоттарында ақша болмаған жағдайда берешек және өсімақы шегінде төлеушінің шектелген мүлкіне иелік етуді өндіріп алуға жүгінуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Төлеуші шектеуден алып тастауға дейін шектелген мүліктің сақталуын және тиісті күтуді қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда, төлеуші аукционға иелік етуі шектелген мүлікті дайындау бойынша шығыстарды өтеуге міндетті және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес көрсетілген мүлікке қатысты заңсыз іс-әрекет үшін жауап береді.

3. Шектелген мүлікті иелік етуді сату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Егер төлеушінің шектелген иелік ету мүлкін сатудан кейін берешек өтелмесе, кеден органы берешектің барлығы туралы, сондай-ақ осы Кодекспен көзделген өндіріп алудың қабылданған шаралары туралы төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органына ақпаратты жібереді.

384-бап. Берешек пен өсімақыны өтеу тәртібі

Берешек пен өсімақыны өтеу кезектілігі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалады.

9-БӨЛІМ. КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУ

48-ТАРАУ. КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУГЕ ЖАТАТЫН НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

385-бап. Осы тарауды қолдану саласы

Осы тараумен көзделген ережелер, талаптар мен шарттар Қазақстан

Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден мақсаты үшін кеден құжаттарын ресімдеумен байланысты барлық кеден операцияларына таралады.

### 386-бап. Кеден ресімдеуін жүргізудің тәртібі

1. Кедендік ресімдеу осы Кодекспен айқындалатын және оларға сәйкес

кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен қабылданатын тәртіппен жүргізіледі.

2. Кедендік ресімдеуді оңайлату және жеделдету мақсатында халықаралық шарттарға сәйкес кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын басқа мемлекеттердің кедендік құжаттары қолданылуы мүмкін.

387-бап. Кедендік ресімдеуді жүргізу технологиясы

1. Кедендік ресімдеуді жүргізудің тәртібі мен технологиясы мыналарға байланысты қаралады:

1) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың санаттары;

2) осындай өткізу үшін пайдаланылатын көлік түрі;

3) тауарларды өткізетін тұлғалар.

2. Кеден рәсімдері тауарлардың шыққан, жіберу және нысаналы еліне қарамастан бірдей қолданылады.

388-бап. Кедендік ресімдеудің басталуы мен аяқталуы

1. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды кеден органына беру сәтінен, ал осы Кодекспен көзделген жағдайларда - тұлғаның кедендік ресімдеуді жүзеге асыру ниеті туралы куәландыратын өзге іс-әрекеттерді жасау немесе ауызша өтінішінен басталады.

2. Ветеринариялық, фитосанитарлық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлеріне қатысты кедендік ресімдеу осындай бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдармен келіскеннен кейін ғана аяқталуы мүмкін.

3. Кедендік ресімдеу кеден рәсімдерін тауарларға қолдану, кеден режиміне тауарларды орналастыру, сондай-ақ, кеден төлемдері мен салықтарын есептеу және өндіріп алу үшін осы Кодекске сәйкес қажетті кеден операциялары жасалғаннан кейін аяқталады.

389-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеу

бойынша операцияларды жасаудың орны мен уақыты

1. Негізгі кедендік ресімдеу тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу және оларды белгілі кедендік режимге орналастыру бойынша іс-әрекет деп түсініледі.

2. Тауарларды негізгі кедендік ресімдеу бойынша кедендік операциялар кеден органдарының орналасқан жерінде және олардың жұмыс уақытында жасалады.

3. Декларанттың дәлелді сұрау салуы бойынша тауарларды негізгі кедендік ресімдеу бойынша кедендік операциялар осы Кодекстің 20-22-баптарына сәйкес кеден органдарының орналасқан жерінен тыс және жұмыс уақытынан тыс жасалуы мүмкін.

4. Алушы тіркелген кеден органы қызметінің аумағынан тыс тауарларды негізгі кедендік ресімдеуді жүзеге асыру кезінде тауарларды жіберуші немесе олардың құрылымдық бөлімшелері, декларант басқа кеден органының қызмет аумағында кеден операцияларын жасау туралы хабарлама беруге міндетті.

Хабарлама хабарламаны беру сәтінен бастап төрт сағаттан аспайтын мерзімде кеден органында тіркеуге жатады. Хабарламаны тіркеу нысаны мен тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден о р г а н ы б е л г і л е й д і .

### 390-бап. Құжаттар мен мәліметтер

1. Осы Кодекспен айқындалған тұлғалар кедендік ресімдеудің өндірісі кезінде кеден органдарына кедендік мақсат үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді беруге міндетті.

2. Кеден органдары орындалуына бақылау кеден органдарына жүктелген заңнама талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті сол құжаттар мен мәліметтерді ғана т а л а п е т у г е қ ұ қ ы л ы .

Кеден мақсаты үшін қажетті құжаттардың тізбесі және оларды беру мерзімі осы К о д е к с п е н б е л г і л е н е д і .

3. Кеден органдары кедендік ресімдеу кезінде кеден органдарының шешімдерін қабылдауға әсер ететін негізгі деректердің құжаттардағы мазмұнына әсер етпейтін қате басулар, техникалық және грамматикалық қателердің болуынан құжаттарды қабылдауда б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы е м е с .

4. Кеден органдарына кеден мақсаты үшін қажетті құжаттар электрондық түрде берілуі мүмкін. Бұл құжаттарды беру мен сақтау шартын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

### 391-бап. Кедендік ресімдеу кезінде өкілетті тұлғалардың және олардың ө к і л д е р і н і ң қ а т ы с у ы

1. Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар және



олардың өкілдері кедендік ресімдеу кезінде қатысуға құқылы.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар және олардың өкілдері кеден органының дәлелді талап етуі бойынша кедендік ресімдеу кезінде қатысуы және оның өндірісінде кеден органдарының лауазымды тұлғаларының жәрдем көрсетуі міндетті.

### 392-бап. Кедендік ресімдеу жүргізілетін тіл

Кеден мақсаты үшін құжаттарды толтыруды қоса кедендік ресімдеу осы Кодекспен көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі.

Кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы кеден органдарының лауазымды тұлғалары білетін шетел тілдерінде жасалған құжаттар мен мәліметтердің кеден мақсаты үшін қабылдауы және пайдалануы мүмкін өзге жағдайларды айқындауға құқылы.

### 393-бап. Тауарлармен жүк және өзге де операциялар

Тауарлармен жүктік және өзге операциялар егер, осы Кодекс пен өзге көзделмесе, кеден органдарының рұқсатымен ғана жүргізілуі мүмкін және кеден органы үшін қандай-да бір қосымша шығындарға алып келмеуі керек.

### 394-бап. Оларға қатысты кедендік ресімдеу аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және иелік ету

Ешкім осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда оларға қатысты кедендік ресімдеу аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалануға және иелік етуге қ ұ қ ы л ы е м е с .

### 395-бап. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу

1. Кеден бақылауындағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кеден органының рұқсатымен тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғалар, олардың өкілдері және оны жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік бақылаудың басқа да органдары ала алады.

2. Сынамалар мен үлгілер осы сынамалар мен үлгілерді зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерлерде алынады. Кеден бақылауындағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу туралы орталық кеден органы белгілейтін нысан б о й ы н ш а а к т ж а с а л а д ы .

3. Тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғалар және олардың өкілдері кеден органы және мемлекеттік бақылаудың басқа да органдарының лауазымды тұлғалары тауарлардың сынамасы мен үлгілерін алу кезінде қатысуы мүмкін. Кеден органының

лауазымды тұлғалары мемлекеттік бақылаудың басқа органдары, сондай-ақ тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғалар және олардың өкілдері сынамалар мен үлгілерді алу кезінде қ а т ы с а д ы .

Көрсетілген тұлғалар және олардың өкілдері кеден органдарының лауазымды тұлғаларына олардың тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуы кезінде жәрдем көрсетуге, оның ішінде өз есебінен сынамалар мен үлгілер алу үшін қажетті жүк және өзге операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

4. Кеден органдары басқа уәкілетті органдар алған тауарлардың үлгілері мен сынамаларына өткізілген зерттеу нәтижелері туралы құлақтандырылуы тиіс.

5. Кеден органдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу нәтижесінде тұлғада туындайтын қандай-да бір шығыстарды өтемейді.

6. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу тәртібін, оларды зерттеу мерзімі мен тәртібін кеден ісі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық к е д е н о р г а н ы б е л г і л е й д і .

#### 49-ТАРАУ. КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУГЕ ЖАТАТЫН ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

##### 396-бап. Тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік ресімдеудің б а с ы м т ә р т і б і

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу және зілзала, аварияларды, апаттарды, сондай-ақ, тез бұзылатын тауарларды, тірі жануарларды, радиоактивтік материалдарды, жарылғыш заттарды, жүктердің - экспрессі, ізгілік және техникалық көмекті, бұқаралық ақпаратты мақсаты үшін хабарламалар мен материалдар және осындай тауарларды жою үшін қажетті тауарларды осы аумақтан әкету кезінде кедендік ресімдеу басым тәртіпте жүргізіледі.

2. Жүк экспрессі деп кеден делдалы ретінде қызмет атқаруға лицензиясы бар, мамандандырылған жүк-экспедициялық ұйымдарымен алушыға дейін жеткізу мақсатымен жетпіс екі сағат ішінде көліктің кез-келген түрімен өткізілетін тауарлар т ү с і н і л е д і .

3. Кедендік ресімдеудің басым тәртібі кеден органына толық кеден декларациясын кеден органына одан кейінгі берумен уақытша кеден декларациясы ретінде қаралатын өтініш және тауар ілеспе құжаттарын беру қаралады.

Өтініште тауарларды жіберушілер мен алушылар, жіберу елдері және тауарлардың нысандары, тауарлардың атауы, суреттеуі, саны, брутто салмағы және құны туралы, тауарларды пайдалану мақсаты туралы, сондай-ақ мәлімделетін тауарларды орналастыру болжанатын олардың кеден режимі туралы мәлімет, кеден мақсаты үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді, кеден декларациясының белгіленген мерзімін беру туралы м і н д е т т е м е б о л у ы т и і с .

4. Толық кеден декларациясы тауардың шартты шығу күнінен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей кеден органына беріледі.

Кедендік ресімдеу кезінде декларанттың өтініші және тауар ілеспе құжаттарын кеден органында тіркеу күніне іс-әрекет еткен нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

Кеден төлемдерімен және салықтарымен салық салынатын тауарлар кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шарты кезінде ғана басым тәртіппен ресімделеді.

5. Авариялық жағдай туындау кезінде электроэнергиясының жеткізілімдері кезінде уақытша кеден декларациясын авариялық жағдай туындау сәтінен бастап үш сөтке ішінде кеден органына берілетін диспетчерлік өтініш қаралады.

### 397-бап. Кеден ресімдеуінің арнаулы оңайлатылған рәсімдері

1. Кедендік ресімдеудің арнаулы оңайлатылған рәсімін оларға қатысты ең көбірек мейлінше кедендік қолайлылық режимі белгіленген тұлғалар үшін кеден органдары белгілейді.

Кедендік ресімдеудің арнаулы оңайлатылған рәсімі мыналардан тұрады:  
осы тұлғалардың объектілерінде кедендік ресімдеу өткізу;  
осындай уақыт ішінде мұндай тауарлар кеден шекарасы арқылы өткізілген белгілі мерзім үшін тауарларға бірыңғай кеден декларациясын беру;  
оларды бірегейлендіру үшін қажетті мәліметтердің ең аз көлемін беру кезінде тауарларды шығару.

Кедендік ресімдеудің арнаулы оңайлатылған рәсімін қолдану тәртібін

кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

2. Кедендік ресімдеудің арнаулы оңайлатылған рәсімдері кеден төлемдері мен салықтарын төлеудің толықтығы мен уақтылығы, тарифтік емес реттеу шараларын, сондай-ақ кеден режимдерінің шарттары мен талаптарын сақтау бөлігінде кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және осы Кодекспен белгіленген талаптар мен шарттарды сақтаудан тұлғаларды босатпайды.

### 50-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ МӘЛІМДЕУ

#### 398-бап. Мәлімдеуге жататын тауарлар

Тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы олардың өткізілуі, кеден режимінің өзгеруі кезінде сот шешімі бойынша мемлекет меншігіне

айналдырылғаннан басқа жағдайларда кеден органдарының мәлімдеуіне жатады.

### 399 - бап. Мәлімдеу орны

Тауарларды мәлімдеу егер, Қазақстан Республикасының кеден

заңнамасымен өзге белгіленбесе, тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органында жүргізіледі.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бұл кеден бақылауының тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті шара болып табылатын жағдайда ғана тауарлардың жекелеген санаттарын мәлімдеу үшін кеден органы айқындағандарды белгілеуге құқылы.

400-бап. Декларант

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуші мына тұлғалар:

- 1) қазақстандық тұлғалар;
- 2) жеке тұлғалар (оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен өткен кезде);
- 3) осы Кодекстің 38-тарауына сәйкес кеден жеңілдіктерін пайдаланатын шетелдік тұлғалар;

4) кеден органдарының уақытша әкелу, транзит, сондай-ақ осындай өкілдіктің өз мұқтажы үшін әкелінетін тауарлардың еркін айналымы үшін шығаруда өтініш кезінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетел ұйымдардың өкілдіктері декларант болуы мүмкін.

### 401 - бап. Декларант құқығы

Тауарларды мәлімдеу және кедендік ресімдеу кезінде өзге кеден операцияларын жасау кезінде декларант мыналарға:

1) кеден мақсаты үшін қажетті құжаттар мен кеден декларациясын беруге дейін кеден органының рұқсатымен Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды қарауға және өлшеуге; сыныптамалар мен үлгілерді алуға;

Тауарлардың сыныптамалары мен үлгілеріне жеке кеден декларациясы олар

тауарларға кеден декларациясында көрсетілуі тиіс шарт кезінде берілмейді;

2) кеден органдары лауазымды тұлғаларының кеден бақылауын өткізуі кезінде олардың сыныптамалар мен үлгілерді алуы кезінде қатысуына;

3) кеден органдары алған сыныптамалар мен үлгілерді өткізілген зерттеу нәтижелермен танысуға;

4) осы Кодекспен белгіленген тәртіпте оның құқығы бұзылған кезде, кеден органдарының шешіміне, кеден органдары лауазымды тұлғасының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға.

402-бап. Декларанттың міндеттері

Декларант тауарларды мәлімдеу кезінде мыналарға:

1) тауарлар мен көлік құралдарына мәлімдеу жүргізуге;

2) кеден органының талабы бойынша мәлімделетін тауарлар мен көлік құралдарын көрсетуге;

3) кеден органына кеден мақсаты үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді беруге;

4) осы Кодекстің 8-бөліміне сәйкес оларды төлеуді қамтамасыз етуге немесе кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге;

5) Кеден Кодексімен көзделген кеден органдарының өзге талаптарын орындауға міндетті.

403-бап. Декларанттың жауапкершілігі

Декларант мыналарға:

кеден декларациясында және өзге берілетін құжаттарда көрсетілген мәліметтердің жалғандығы үшін;

осы Кодекспен көзделген жағдайларды қоспағанда кеден төлемдері мен салықтарын төлемегені үшін;

осы Кодекстің 404-бабымен көзделген құжаттардың түпнұсқасын уақтылы ұсынбағаны үшін жауапкершілікте болады.

2. Кеден органына кеден декларациясын бермегені үшін тауарларды өткізетін тұлға немесе шарт бойынша осы тұлғаның уәкілетті кеден брокері жауапты болады.

#### 4 0 4 - б а п . М ә л і м д е у н ы с а н ы

1. Мәлімдеу тауарлар туралы дәл мәліметтер, олардың кеден режимі және кедендік мақсат үшін қажетті басқа да мәліметтер туралы белгіленген нысан (жазбаша, ауызша, конклюденттік, электрондық) бойынша кеден органына өтінішті беру жолымен жүргізіледі.

2. Тауарларды мәлімдеудің электрондық нысанын қолданудың нысаны және тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

3. Кеден декларациясында көрсетуге жататын мәліметтер тізбесі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын қолдану және кеден статистикасын қолдану, кеден төлемдері мен салықтарын есептеу және өндіріп алу мақсаты үшін қажетті тек сол мәліметтермен ғана шектеледі.

405-бап. Кеден декларациясы

1. Тауарларды мәлімдеу кезінде кеден декларацияларының мынадай түрлері қолданылады:

- 1) жүк кеден декларациясы;
- 2) кеден құнының декларациясы;
- 3) жолаушы кеден декларациясы.

2. Жүк кеден декларациясы - декларант беретін және тауарлар мен көлік құралдары туралы, олардың кеден режимі және кеден мақсаты үшін қажетті басқа да мәліметтер туралы мәлімет бар құжат.

Кеден жүк декларациясы, егер мына жағдайларда:

- 1) тауардың мәлімделетін партиясының кеден құны тоқсан айлық есептік көрсеткіштен асса;
- 2) тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары белгіленсе;
- 3) осы Кодекспен көзделген өзге жағдайларда беріледі.

Жүк кеден декларациясы алдын-ала мәлімдеу кезінде, сондай-ақ уақытша, толық емес немесе мерзімдік кеден декларациясы ретінде қолданылуы мүмкін.

Уақытша, толық емес немесе мерзімдік кеден декларациясы ретінде жүк кеден декларациясын қолдану жағдайлары осы Кодекстің 413-416-баптарымен көзделген тәртіппен белгіленеді.

Жүк кеден декларациясы ретінде пайдалануға еркін нысанда жасалған және (немесе) сәйкестендіру және тауарларды шығару үшін қажетті мәліметтер бар орталық кеден органы айқындайтын көлік, коммерциялық немесе өзге құжаттарда өтінішке жол беріледі.

3. Кеден құнының декларациясы - осы Кодекспен көзделген тәртіппен жүк кеден декларациясымен бір уақытта кеден органына декларант беретін және белгілі кеден режиміне орналастырылған тауарлардың кеден құны туралы мәлімет бар құжат.

4. Жүк кеден декларациясы - осы Кодекспен көзделген оңайлатылған немесе жеңілдетілген тәртіппен қолданумен тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін жеке тұлғаның кеден органына толтыратын және беретін құжаты.

5. Кеден декларацияларының нысандарын және оларды толтыру тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

#### 406-бап. Жүк кеден декларациясын беру мерзімі

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкелінетін тауарларға жүк кеден декларациясы осы баптың 3-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда кеден органына нысаналы тауарларды беру күнінен бастап қоса есептегенде он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

Егер жүк кеден декларациясын беру мерзімінің аяқталуы кеден органының жұмыс емес күніне келсе, осы мерзімнің аяқталу күні деп кеден органының одан кейінгі келесі жұмыс күні саналады.

2. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс әкетілетін тауарларға жүк кеден декларациясы оларды нақты әкетуге дейін беріледі.

3. Декларанттың дәлелді жүгінуі бойынша кеден органы декларацияны беру мерзімін ұзартады. Жүк кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту әкелінетін тауарларға кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шарты кезінде кедендік ресімдеу жүргізілетін кеден органында жүзеге асырылады.

4. Кеден декларациясын беру мерзімін ұзарту тауарларды уақытша сақтау мерзімін бұзуға алып келмейді.

#### 407-бап. Есепке алу мақсатында құжаттарды беру

1. Кеден органдарындағы есептік тіркеу және сыртқы экономикалық қызметке қатысушының санатын растайтын құжат сыртқы экономикалық қызметке қатысушы ретінде тіркеуге тұрғызу кезінде ресімделетін сыртқы экономикалық қызметке қатысушының есеп карточкасы болып табылады.

2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының есептік карточкасын кеден органы мынадай құжаттарды беру кезінде бір жұмыс күні ішінде береді:

1) заңды тұлғалар:

заңды тұлғаны немесе оның құрылымдық бөлімшесін мемлекеттік тіркеу туралы нотариальды куәландырылған куәлік;

статистикалық басқарма беретін статистикалық карточка көшірмелері;

заңды тұлғаның банктік шотын ашу туралы банктен анықтама;

салық органы берген салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;

2) оларды мәлімдеу кезінде жүк кедендік декларация қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыруға ниеттенген жеке тұлғалар:

жеке тұлғаның жеке куәлігі;

салық органы берген салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;

егер жеке тұлғаның банкте шоты болса, банктік шотты ашу туралы банктен

а н ы қ т а м а .

3. Есепке алу үшін берілетін құжаттардағы мәліметтер өзгерген кезде декларант өзгертілген мәліметтерді растайтын құжатты он бес күнтізбелік күн ішінде сыртқы экономикалық қызметтің есептік карточкасын берген кеден органына беруге міндетті.

#### 408-бап. Тауарларды мәлімдеу кезінде құжаттарды беру

1. Жүк кеден декларациясын беру осы баппен көзделген кеден мақсаты үшін қажетті құжаттарды және оның электрондық көшірмесін кеден органына берумен ілесе ж ү р у і т и і с .

Жүк кеден декларациясының электрондық көшірмесінің құрылымын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден о р г а н ы б е л г і л е й д і .

2. Декларант егер құжат түпнұсқасы тауарларды шығару туралы шешімді қабылдау үшін міндетті болып табылса, кеден декларациясын тексеру мерзімінің ішінде тиісті құжаттың түпнұсқасын беру туралы міндеттемені салық органына берумен көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмесін беруі мүмкін.

Жекелеген құжаттардың түпнұсқалары декларанттың дәлелді өтініші бойынша көрсетілген мерзімде берілмейтін жағдайда кеден органдары оларды қабылдау үшін қажетті, бірақ кеден декларациясын тіркеуден кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде осындай құжаттардың түпнұсқаларын одан кейінгі берумен олардың көшірмесін беруге рұқсат етеді. Декларант белгіленген мерзімдерде құжаттардың түпнұсқаларын немесе құжаттардың бұрын берілген көшірмелерінде рас емес мәліметтердегі рас емес өтініште бермегені үшін жауапкершілікте болады.

Егер, кеден органына тауарлардың одан кейінгі партияларын кедендік ресімдеу жүргізілетін олар бойынша құжаттардың түпнұсқалары бұрын берілген жағдайда, онда осындай құжаттардың көшірмелерін беру жеткілікті.

3. Егер, кеден органының істерінде тауарларды шығару туралы шешім қабылдау үшін міндетті құжаттардың түпнұсқалары қалған жағдайда, онда декларант үшін кеден органы осы құжаттардың көшірмелерінде түпнұсқа қалатын кеден органын көрсете отырып жазба жүргізіледі. Бұл жазба кеден органы лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік м ө р і м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

4. Келісім-шарттардың, шот-фактуралардың (инвойстардың), көлік құжаттарының, кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді растайтын құжаттардың түпнұсқалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиялары тауарларды шығарғаннан кейін декларантқа қайтаруға жатады.

Бұл ретте, осы құжаттардың түпнұсқасымен бірге кедендік ресімдеу мақсаты үшін декларант куәландырған көшірме берілуі тиіс.

5. Кеден декларациясын беру оның негізінде кеден декларациясы толтырылатын



және мыналарды растайтын құжаттарды кеден органына берумен жүргізіледі:

1) өз атынан кеден декларациясын беруге декларанттың өкілеттігі:  
декларанттың штатында орналасқан жеке тұлғаға сенімхат;  
немесе брокерлік қызмет көрсетуге шарт және кедендік ресімдеу бойынша  
маманның біліктілік аттестаты;

2) кедендік ресімдеуге жататын тауарлардың меншік, иелік ету немесе пайдалану  
құқығы:

кедендік ресімдеуге жатпайтын тауарларға иелік ету немесе пайдалану құқығына  
сатып алу-сатуға немесе айырбасқа сыртқы сауда келісім-шарты (шарт), келісім немесе  
өзге құжат;

3) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу:  
көлік құжаттары;

4) тауарлардың кедендік құны:  
осы Кодекстің 41-тарауына сәйкес тауарлардың кеден құнын айқындау және  
мәлімдеу үшін көзделген шот-фактура (инвойс), шот-проформа, спецификация және  
өзге де құжаттар;

5) тауарлардың шығуы:  
осы Кодекстің 47, 48-баптарына сәйкес тауарлардың шығуы туралы декларация, не  
тауарлардың шығуы туралы сертификат;

б) кеден төлемдері мен салықтарын төлеу бойынша жеңілдіктің бар

екендігі және кеден режимінің шартына қарамастан кеден төлемдері мен  
салықтарды төлеуді қамтамасыз ету немесе төлеу:

қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлемнің орындалуы туралы банктің  
белгісімен төлемдік тапсырма;

немесе қолма-қол ақшамен төлеу кезінде - банктің, кеден органының  
кіріс кассалық ордеріне түбіртек;

немесе уәкілетті банктің кепілдігі;

немесе кепіл туралы шарт;

немесе сақтандыру шарты;

немесе осы Кодекстің 365-бабының 1-тармағымен көзделген өзге де  
құжаттар;

осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын төлеу  
бойынша жеңілдіктерді беруді растайтын құжаттар;

кеден төлемін, қосылған құн салығын төлеу бойынша мерзімін ұзартуды  
(кейінге қалдыру) беруді растайтын құжаттар;

7) нысаналы орнына тауарларды жеткізу:

осы Кодекстің 13-тарауымен көзделген жеткізуді бақылаудың құжаты;

немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес

өзге де құжаттар;

8) валюталық бақылау саласындағы талаптарды сақтауды растау:

валюталық заңнамаға сәйкес талап етілетін құжаттар;

9) кеден режимдерінде мәлімделгеніне карамастан тауарларды әкелу кезінде стандарттардың міндетті талаптарына сәйкестігін растау:

фитосанитарлық (карантиндік) сертификат, ветеринарлық сертификат. Көрсетілген сертификаттар оларға сертификаттар беру міндетті тауарлар үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері белгіленген жағдайларда ғана беріледі;

10) сыртқы экономикалық қызметке қатынасушының санатын растау:

сыртқы экономикалық қызметке қатынасушының есепке алу карточкасы.

6. Таңдалған кеден режимдеріне сәйкес берілген құжаттардың тізбесі осы Кодекстің 409-бабымен айқындалған.

409-бап. Кеден режимдерінің таңдалған талаптарына сәйкес құжаттарды беру

Кеден режимдерінің таңдалған талаптарына сәйкес осы Кодекстің 408-бабында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттар беріледі:

1) еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кеден режимі: сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш; уәкілетті органдардың тиісті рұқсаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен көзделген жағдайлардағы өзге де құжаттар:

лицензия - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға және квоталауға жататын тауарлар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнім үшін;

2) тауарлар экспортының кеден режимі:

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен көзделген жағдайлардағы уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары және өзге де құжаттары:

лицензия - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға және квоталауға жататын тауарлар үшін;

3) тауарлар реимпортының кеден режимі:

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды әкетуді растайтын кеден декларациясы ;

сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш;

әкелінетін кеден баждарын қайтаруды қамтамасыз ету үшін әкетілетін кеден баждарын төлеуді растайтын құжат;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарларға рұқсат;

4) тауарлар транзитінің кеден режимі:

осы Кодекспен көзделген жағдайларда кеден мөрлері мен пломбаларына тауарларды жеткізу үшін көлік құралын (контейнерді) жіберуді растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарлар транзитіне рұқсат;

5) кеден қоймасының кеден режимі:

тауарларды сақтауға кеден қоймасының иесімен шарт;

6) бажсыз сауда дүкенінің кеден режимі:

сәйкестілік сертификаты немесе өтініш - заңнамамен белгіленген

тәртіпте уәкілетті орган таныған шетел сертификаты, өнімнің қауіпсіздігіне декларация;

7) кеден аумағына тауарларды ұқсатудың кеден режимі:

тауарларды ұқсатудың орындылығы туралы Қазақстан Республикасы уәкілетті органының қорытындысы;

8) еркін айналым үшін тауарларды ұқсатудың кеден режимі:

тауарларды ұқсатудың орындылығы туралы Қазақстан Республикасы уәкілетті органының қорытындысы;

9) кеден аумағынан тыс тауарларды ұқсатудың кеден режимі:

тауарларды ұқсатудың орындылығы туралы Қазақстан Республикасы уәкілетті органының қорытындысы;

10) уақытша әкелудің кеден режимі:

тауарларды әкету туралы міндеттеме;

сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш;

11) тауарларды уақытша әкетудің кеден режимі:

тауарларды әкелу туралы міндеттеме;

12) еркін кеден аймағының кеден режимі:

сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш;

13) еркін қойманың кеден режимі:

тауарларды сақтауға еркін қойма иесімен шарт;

мәлімделетін тауарларды пайдаланумен ұқсату бойынша операцияларды өткізу мүмкіндігін растайтын кәсіпорынның технологиялық құжаттамасы;

сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш;

14) тауарлардың реэкспортына кеден режимі:

Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелу кезінде ресімделген кеден декларациясы немесе уақытша сақтау орындарында орналасқан тауарларды мәлімдеу кезінде қысқаша декларация;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарларға рұқсат;

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар көрсетілген рұқсаты болуы кезінде реэкспортқа жол берілетін жағдайларда тауарлар реэкспортына тауарлардың шыққан еліне уәкілетті органның рұқсаты;

15) тауарларды жоюдың кеден режимі:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органның қорытындысы;

16) мемлекет пайдасына тауардан бас тартудың кеден режимі:

сәйкестілік сертификаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар үшін сертификат беру міндетті тауарларға қауіпсіздік өніміне декларация-өтініш;

17) арнаулы кеден режимі:

осы Кодекстің 277-бабының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар бойынша уәкілетті орган растаған тауарлардың тізбесі;

осы Кодекстің 277-бабының 3)-тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша көлік ұйымы растаған тауарлар тізбесі;

осы Кодекстің 277-бабының 4)-тармақшасында көрсетілген мақсат үшін тауарлардың арналуын көрсете отырып тауар ілеспе құжаттары;

осы Кодекстің 277-бабының 5)-тармақшасында көрсетілген мақсатта тауарларды әкету туралы уәкілетті органның растауы.

## 410-бап. Жүк кеден декларациясын қабылдау және тіркеу

1. Белгіленген тәртіпте толтырылған жүк кеден декларациясын (оның электрондық көшірмесімен бірге), сондай-ақ кеден мақсаты үшін құжаттарды декларант кеден о р г а н ы н а б е р е д і .

2. Кеден мақсаты үшін қажетті жүк кеден декларациясы мен құжаттарды кеден органдарына қабылдаудың күні мен уақыты кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен ресімделетін қоса берілген құжаттардың тізімінде кеден органы лауазымды тұлғасының жеке номерлік мөрімен куәландырылады және көрсетіледі. Куәландырылғаннан кейін тізімдеме декларантқа қайтарылады.

3. Кеден органы мына жағдайлардан басқа, жүк кеден декларациясын тіркеуде бас т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы е м е с :

1) декларацияны декларант болып табылмайтын тұлға берсе;  
2) декларацияда осы Кодекстің 405-бабының 5-тармағымен көзделген талап етілетін мәліметтер көрсетілмесе;

3) кеден декларациясына тиісті жолмен қол қойылмаса немесе куәландырмаса немесе белгіленген нысан бойынша емес жасалса;

4) мәлімделетін тауарларға қатысты кеден баждары мен салықтарының мерзімін беру немесе мерзімін ұзарту, сондай-ақ есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеу кезіндегі жағдайларды қоспағанда оларды төлеу қамтамасыз етілмеген немесе кеден төлемдері мен салықтары төленбесе;

5) ол туралы мәліметтер жүк кеден декларациясының арнаулы бағанында көрсетілген барлық құжаттар берілмесе.

4. Кеден декларациясын тіркеу немесе тіркеуден бас тарту жүк кеден декларациясын қабылдау сәтінен бастап екі сағаттан кем емес мерзімде жүргізіледі.

5. Кеден декларациясын тіркеуден бас тарту жағдайында кеден органының лауазымды тұлғасы берілген қосымшалармен бірге және кеден декларациясын тіркеуден бас тарту парағын толтырады, көрсетілген парақты жүк кеден декларациясын берген тұлғаға бас тартуды береді.

Кеден декларациясында бас тарту парағын ресімдеу нысаны мен тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден о р г а н ы б е л г і л е й д і .

6. Қабылданған жүк кеден декларациясы тіркелген уақыттан бастап заңды күші бар қ ұ ж а т б о л ы п т а б ы л а д ы .

411-бап. Кеден декларациясында көрсетілген мәліметтерді өзгерту, толықтыру және кеден декларациясын кері шақыртып алу

1. Кеден органының рұқсатымен және декларанттың жазбаша дәлелді себебі бойынша жүк кеден декларациясында көрсетілген мәліметтер өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін, ал кеден органы қабылдаған кеден декларациясы кері шақыртып алынуы мүмкін.

2. Жүк кеден декларациясында көрсетілген мәліметтерді өзгертуге және толықтыруға тауарларды қарауды бастамаған немесе кеден декларациясын тексеруді аяқтамаған кеден органы декларанттың жүгінуін алу сәті шартында кеден органы рұқсат етеді.

3. Кеден декларациясын өзгерту немесе толықтыру оның қызмет саласын кеңейте немесе қысқарта алмайды, кеден органы қабылдаған декларацияда көрсетілуі тиісті басқа тауарлар туралы мәліметтер өтінішке алып келмейді.

4. Қате деректерді сызу немесе тиісті мәліметтердің үстінен жазу жолымен декларанттың ауызша өтініші бойынша кедендік ресімдеу кезінде кеден органдарының шешімдерін қабылдауға әсер ететін деректер негізінде жүк кеден декларациясындағы өзгермейтін қате жазуларды, техникалық немесе грамматикалық қателерді (үш жағдайдан астам емес) түзетуге жол беріледі. Әрбір мұндай түзету уәкілетті тұлғаның қол қоюымен және декларанттың мөрімен куәландырады.

5. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары тұлғаның бастамасы, тапсырмасы немесе сұрау салуы бойынша кеден органдарының құзыретіне жататын сол мәліметтерді жүк кеден декларациясына енгізуді қоспағанда жүк кеден декларациясында көрсетілген мәліметтерді өзгертуге немесе толықтыруға, жүк кеден декларациясын толтыруға құқылы емес.

6. Декларанттың дәлелді жүгінуі бойынша жүк кеден декларациясы олардың тауарды шығаруына дейін кері шақыртып алынуы мүмкін. Кеден органы декларацияны кері шақырту кезінде тауарлардың уақытша, алдын-ала, мерзімдік, толық емес рәсімін пайдалану жағдайларын қоспағанда кері шақыртып алуға рұқсатты беру күнінен бастап он бес күнтізбелік күннен аспауы тиіс жаңа кеден декларациясын беру үшін мерзім белгілейді. Декларацияны кері шақыртып алу кеден баждарын, салықтарды төлеу мерзімін ұзартпайды.

7. Кері шақырылып алынатын декларация Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс оларды әкетудің мақсаты үшін тауарларға берілген жағдайда, жүк кеден декларациясы Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тыс оларды нақты әкетуге дейін кері шақыртып алынуы мүмкін. Осы тауарларға жаңа жүк кеден декларациясын беру үшін мерзім белгіленбейді.

Бұл ретте, кері шақыртып алынған жүк кеден декларациясы күшін жоюға жатады.

8. Осы баптың 3-тармағымен көзделген талаптарды орындау шарты кезінде тауарларды шығару күнінен бастап бір ай ішінде орталық кеден органының шешімімен айрықша жағдайларда декларанттың дәлелді сұрау салуы бойынша жүк кеден

декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

## 51-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ МӘЛІМДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

### 412-бап. Алдын-ала мәлімдеу

1. Жүк кеден декларациясы егер, декларант тауарлардың кедендік ресімдеуі үшін қажетті құжаттарды берсе, кеден органына оларды нысаналы беруге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей тауарларға қатысты берілуі мүмкін. Кеден төлемдері, салықтар кеден органына кеден декларациясын берумен дейін немесе біруақытта төленеді.

2. Егер кеден мақсаты үшін тауарларды ілестіретін көлік немесе коммерциялық құжаттар пайдаланылса, кеден органы декларант куәландырған осы құжаттардың көшірмелерін немесе осы құжаттардан мәліметті қабылдайды және тауарлар келгеннен кейін құжаттардың түпнұсқаларындағы бар көрсетілген құжаттармен салыстырады.

3. Жүк кеден декларациясы егер, тауарлар оны тіркеу күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде алдын-ала декларациясын қабылдаған жүк кеден органына берілмесе, күшін жояды.

4. Тауарларды алдын-ала мәлімдеу кезінде кеден декларациясын кеден органының тіркеу күніне қолданылатын нормативтік құқықтық актілер пайдаланылады.

5. Бұрын мәлімделгеннен (бұрын берілген тауар ілеспе құжаттарының көшірмелері негізінде) өзге құндық, сандық немесе салмақтық көрсеткіштер өзгерген жағдайда құнның, санның немесе салмақтың (коммерциялық актілер, Сауда-өнеркәсіп палаталарының актілері) өзгеруін растайтын құжаттар міндетті түрде беріледі.

6. Егер, тауарлар келгеннен кейін бұрын мәлімделген құндық, сандық немесе салмақтық көрсеткіштерге сәйкессіздік табылса, декларант осы Кодекспен көзделген тәртіппен алдын-ала декларацияны кері шақыртып алуға құқылы.

7. Алдын-ала мәлімдеу рәсімін пайдалану кезінде кеден органының арнайы рұқсаты талап етілмейді. Тауарларды алдын-ала мәлімдеудің рәсімін қолдану кезінде кеден декларациясын толтыру тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді.

### 413-бап. Уақытша кеден декларациясы

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды әкету кезінде уақытша кеден декларациясын беру жолымен тауарларды мәлімдеуге жол беріледі.

2. Уақытша кедендік декларацияда белгілі уақыт кезеңінің ішінде тауарлардың шамаланған санын өткізу туралы ниет етуін ескеріп мәліметтерді көрсетуге жол беріледі. Тауар құнын декларант сатып алу-сатудың сыртқы сауда мәмілесінің бағасын

ескеріп көрсетуі мүмкін. Егер, келісім-шартта (шартта) тауардың кесімді (дәл, түпкілікті) бағасы жоқ және оны айқындау шарты ғана белгіленсе, сондай-ақ егер, кеден декларациясын беру күніне өткізілетін тауардың сапасы мен саны туралы дәл ақпарат жоқ болса, онда тауарды шартты бағалау үшін кеден органының иелігіндегі өткізілетін тауардың бағалық ақпаратының шартты бағасы немесе келісім-шартта тіркелген алдын-ала белгіленген баға пайдаланылады.

Уақытша кеден декларациясын толтыру және оны пайдаланумен кедендік ресімдеу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды. Бұл кеден рәсімі кезінде, кеден органының уақытша кеден жүк декларациясын тіркеу күніне қолданылатын нормативтік құқықтық актілер қолданылады.

3. Уақытша кедендік декларация жоспарланатын жеткізудің алдыңғы айына бір ай ішінде кеден органына беріледі.

4. Кедендік төлемдер, салықтар кеден органына уақытша кеден декларациясын беруге дейін немесе бір уақытта төленеді.

5. Декларант тауарлардың уақытша кедендік декларациясында мәлімделген жеткізуден кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде толық және тиісті жолмен толтырылған кеден декларациясын беруге міндетті. Көрсетілген мерзім коносаментті, қабылдау-тапсыру актісін немесе бағасы мен санын айқындау үшін пайдаланылатын басқа құжатты ресімдеу күнінен бастап, бірақ уақытша кеден декларациясын кедендік ресімдеу күнінен бастап алпыс күнтізбелік күннен астам е м е с т е е с е п т е л е д і .

6. Уақытша кеден декларациясының мәлімделген санынан, бірақ он проценттен астамға емес тауарлардың нақты санынан асуына жол беріледі.

7. Кеден төлемдері мен салықтарын қосып төлеу немесе артық төленген кеден баждарын, салықтарын қайтару уақытша кеден декларациясына сәйкес осы Кодекстің 8 -бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

414-бап. Құбыр өткізу және электр беру желілерін пайдаланумен тауарларды әкету кезінде уақытша кедендік декларацияны берудің ерекшеліктері

1. Электр энергиясы үшін уақытша кедендік декларация жоспарланатын жеткізудің алдағы тоқсанына - бір ай ішінде кеден органына беріледі.

2. Декларант тауарлардың уақытша кедендік декларациясында мәлімделген жеткізуден кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде толық және тиісті жолмен толтырылған кеден декларациясын беруге міндетті. Көрсетілген мерзім көлік құжаттарын ресімдеу күнінен бастап есептеледі. Табиғи газ бен электр энергиясы үшін толық кеден декларациясын беру мерзімі жеткізу айының соңғы күнінен бастап



е с е п т е л е д і .

Толық кедендік декларацияны берудің жалпы мерзімі уақытша кедендік декларацияда көрсетілген тауарларды жеткізудің айы аяқталуы күнінен бастап үш ай дан а с п а у ы т и і с .

#### 415-бап. Мерзімдік кеден декларациясы

1. Кеден органы бір және сол тұлғаның бір және сол тауарларды кеден шекарасы арқылы тұрақты өткізуі кезінде уақыттың белгілі кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарларға бір кеден декларациясын беруге рұқсат етуі мүмкін.

2. Тауарлар, егер олар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тоғыз белгі деңгейінде бірдей біліктілік коды болатын бір және солар қ а р а с т ы р ы л а д ы .

3. Тауарлар егер, бір және сол тұлға бір күнтізбелік ай ішінде бір және сол тауарды жеткізудің үш және одан да астамын жүргізсе, бір және сол тұлға Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тұрақты өткізілетіні ретінде қаралады.

4. Біртұтас партия ретінде кеден мақсаты үшін жеке жеткізулердің санына қарамастан бір сыртқы сауда шарты бойынша бір күнтізбелік ай ішінде бір және сол өткізу пункті арқылы өткізілетін бір және сол тауарлар қаралады.

5. Кезеңдік мәлімдеу рәсімін қолданумен тауарларды кедендік ресімдеу кезінде мерзімдік кеден декларациясын кеден органының тіркеу күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері қолданылады.

6. Кезеңдік мәлімдеу жеткізудің алдағы айына айдағы кезеңдік кеден декларациясын беру жолымен жүргізіледі. Бұл ретте, кезеңдік кедендік декларация тауарлардың біртұтас партиясына толтырылады.

7. Кезеңдік мәлімдеу рәсімін қолданумен тауарларды өткізу жүргізілген күнтізбелік айдың аяқталуынан кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей әкелінген немесе әкетілген тауарлардың нақты санын ескере отырып толтырылған толық кедендік д е к л а р а ц и я б е р і л е д і .

8. Кезеңдік жүк кедендік декларациясында мәлімделген көлемдерден өзгеше көлемдердегі тауарларды әкелу жағдайында толық кедендік декларация әкелінген тауарлардың нақты санын ескере отырып толтырылады. Бұл ретте, кезеңдік жүк кедендік декларация келесі айға осындай өзгерістерді ескере отырып толтырылады.

9. Кезеңдік мәлімдеу рәсімін қолданумен тауарларды кедендік ресімдеу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

416-бап. Кедендік мәлімдеуге рәсімді пайдалануға рұқсатты беру тәртібі

1. Кезеңдік мәлімдеудің рәсімін пайдалануға рұқсатты (бұдан әрі - рұқсат) алу үшін мүдделі тұлға кеден органына мынадай мәліметтерді көрсете отырып тауарларды өткізетін тұлғаның басшысы қол қойған еркін нысанда органына мынадай мәліметтерді көрсете отырып тауарларды өткізетін тұлғаның басшысы қол қойған еркін нысандағы ө т і н і ш б е р і л е д і :

1) тоғыз белгі деңгейіндегі Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы бойынша біліктілік кодын көрсете отырып тауарлардың атауы;

2) бір күнтізбелік ай ішінде тауарларды өткізудің болжанатын жиілігі мен көлемі;

3) тауарлардың шыққан елі;

4) сыртқы сауда шартының немесе оның негізінде тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін өзге құжат деректемелері (күні мен нөмірі);

5) тауарлардың шамамен кедендік құны;

6) әкелу кезінде тауарларды жіберушінің, әкету кезінде тауарларды алушының а т а у ы ;

7) әкету кезінде - ол арқылы тауарларды әкету жүзеге асырылатын өткізудің кеден п у н к т і .

2. Өтінішті алу сәтінен бастап үш күннен аспайтын мерзімде кеден органы өтінішті қарайды. Кеден органы басшысының рұқсатымен көрсетілген мерзім он күнтізбелік кү н г е ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

3. Әкелінетін тауарларға қатысты рұқсат тауарлардың жіктемесіне қатысты алдын-ала шешімді қабылдау шарты кезінде беріледі.

4 . Р ұ қ с а т б е р і л м е й д і :

1) тауарлардың болжанатын өткізуі кезеңдік мәлімдеу рәсімін пайдалану талаптарына жауап бермейтін жағдайда;

2) сот тәртібімен кеден ережелерін бұзғаны үшін жазаға ұшыраған тұлғаларға;

3) кеден төлемдері мен салықтарын төлеу бойынша берешегі бар тұлғаларға.

5. Рұқсат кеден органының депозиттік шотына кеден төлемдері мен салықтарды төлеудің алдын-ала сомасының түсу сәтінен бастап қолданылатын деп саналады.

6. Рұқсат сыртқы сауда шартының немесе оның негізінде тауарларды

кедендік ресімдеу жүргізілетін өзге құжаттың қолданылу мерзіміне беріледі.

7. Рұқсат мынадай жағдайларда кері қайтарылуы немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұруы мүмкін:

1) олар бойынша істерді соттар қарайтын кеден ережелерін бұзуларды тұлғаның жасауы;

2) кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешектің тұлғада туындауы, сондай-ақ кеден органының депозитіне ай сайынғы кеден төлемдері мен салықтар сомасын енгізу;

3) осы Кодекспен белгіленген кезеңдік мәлімдеу рәсімін пайдалану талаптарын сақтамау.

## 52-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫ ШЫҒАРУ

417-бап. Тауарларды шығару үшін негіздемелер

Мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) тауарларды кедендік ресімдеу мен тексеру кезінде кеден органдары анықтаған жолсыздықтар жойылған, ал жолсыздықтың объектісі болып табылатын тауарлар алуға немесе тәркілеуге жатпайтын не Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заттай айғақ ретінде одан әрі талап етілуі мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар анықталмаса;

2) кеден органына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тауарларды шығару үшін қажетті лицензиялар, сертификаттар, рұқсаттар ұсынылса;

3) тұлғалар осы Кодекске сәйкес тауарларды таңдап алған кедендік

режимге орналастыру немесе тиісті кедендік рәсімді қолдану үшін қажетті талаптар мен шарттарды сақтаса;

4) тауарларға қатысты кедендік төлемдер, салықтар төленсе не осы Кодекстің 42, 45-тарауына сәйкес олардың төлемі қамтамасыз етілсе кеден органдары тауарларды шығаруды жүзеге асырады.

418-бап. Тауарларды шығарудың мерзімдері

Кеден органдары тауарлар шығаруды жүргізеді не құжаттарды тексеру және тексеру өткізу аяқталғаннан кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде тауарларды шығарудан бас тартады.

419-бап. Құжаттарды, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін зерттеу не сарапшының қорытындысын алу қажет болған жағдайда тауарларды шығару

1. Егер, кеден органдары кедендік декларацияда немесе кеден органдарына ұсынылған өзге де құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында тауарлардың сынамаларын немесе үлгілерін, егжей-тегжейлі техникалық құжаттаманы зерттеу немесе сараптама жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдаса, тауарларды шығару декларант кедендік сараптамалар жүргізудің нәтижелері бойынша қосымша есептелуі мүмкін кедендік төлемдердің, салықтардың төленуін қамтамасыз етуі шартымен кедендік сараптамалардың нәтижелерін алғанға дейін жүргізіледі.

2. Тауарларды шығару тек кеден органдары тауарларға тарифтік емес реттеу

шаралары қолданылуы мүмкін болатындығын көрсететін белгілерді анықтаған және декларант олардың сақталғандығын растайтын айғақтар ұсынбағанда ғана жүргізілмейді.

420-бап. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері анықталған жағдайда тауарлар шығару

Кеден ісі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері анықталған жағдайда тауарларды шығару кеден органы басшысының шешімі бойынша жолсыздықтың объектісі болып табылатын тауарлардың тәркілеуге жатпауы, одан әрі заттай айғақтар ретінде талап етілуінің мүмкін болмауы және істі қараудың нәтижелері бойынша есептелуі мүмкін кедендік төлемдердің, салықтардың, сондай-ақ айыппұлдардың не іс бойынша өзге де жазалау шараларының төленуінің қамтамасыз етілуі шартымен іс бойынша іс жүргізу немесе оны қарау аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы мүмкін.

## 53 - Т А Р А У .            К Е Д Е Н            Д Е Л Д А Л Ы

### 421 - б а п .            К е д е н            д е л д а л ы

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасында мекен-жайы бар, кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған орталық кеден органының лицензиясын алған заңды тұлға кеден делдалы болады.

Кеден делдалы өз қызметін Қазақстан Республикасының кеден заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

### 422-бап.            К е д е н            д е л д а л ы н ы ң            қ ы з м е т і

1. Кеден делдалының қызметі өз атынан кедендік ресімдеу, алдын ала операциялар жөніндегі іс-әрекеттерді жасаудан және өкілдік беруші тұлғаның есебінен және оның тапсыруы бойынша басқа да кеден ісі саласында бітістірушілік функцияларды орындаудан тұрады.

2. Кеден делдалының функциясына:

- 1) тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау;
- 2) кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтер ұсыну;
- 3) кеден органына декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарын ұсыну;
- 4) Қазақстан Республикасының кедендік және салықтық заңдарында декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты көзделген кедендік

төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету;

5) декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлға ретінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау үшін қажетті іс-әрекеттер жасау к і р е д і .

Көрсетілген функцияларды кеден делдалы тек жиынтықта ғана орындай алады. Кеден делдалының көрсетілген функцияларды не операцияларды бір функцияның шектерінде ішінара орындауына рұқсат етілмейді.

3. Кеден делдалының өкілдік беруші тұлғамен өзара қарым-қатынасы осы Кодекске сәйкес жазбаша шарттың негізінде құрылады. Өкілдік беруші тұлға кеден делдалына осы баптың 2-тармағында көрсетілген кеден ісі саласындағы функцияларды тек жинақтылықта ғана орындауға тапсырма бере алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей белгіленбесе, оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін кеден делдалы, оларға қатысты ең болмағанда бір заңды мәні бар әрекет жасаса негізінен тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуге өкілдік беруші тұлға қатыспайды.

4. Кеден делдалы мен өкілдік беруші тұлғаның арасында кедендік ресімдеу жөніндегі әрекеттерді жүргізу кезінде жасалған шартты өзгерту немесе бұзу кеден делдалын жауапкершіліктен босатпайды.

5. Кеден делдалы мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

6. Кедендік операцияларды жасау кезінде кеден делдалы үшін осы Кодекске сәйкес декларант немесе өзге де тұлғалар кедендік операцияларды жасау кезінде белгіленетіндерден және қойылатындардан төмен жағдайлар белгіленбеуі немесе неғұрлым қатаң талаптар қойылмауы тиіс.

#### 423-бап. Кеден делдалының қызмет сапасын шектеу

1. Кеден делдалы өз қызметінің саласын сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына, көліктің және аймақтың түрлеріне сәйкес тауарлардың белгілі бір санаттарымен шектеуге құқылы. Бұл шектеулер кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияда көрсетіледі.

2. Қызметін көрсетілген шектеулердің шегінен тыс жүзеге асыруға рұқсат етілмейді .

#### 424-бап. Кеден делдалының құқықтары

1. Кеден делдалы оны өз мүдделерін кеден органдарымен өзара қарым-қатынаста білдіруге уәкілеттілендіретін тұлға сияқты сол құқықтар мен сол міндеттерге ие болады .

2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде кеден делдалы:

1) кеден органдарының лауазымды адамдары мұндай тауарларды кедендік ресімдеу мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуы кезінде қатысуға;

2) кеден органының рұқсатымен және кеден органы лауазымды адамының қатысуымен тауарлар мен көлік құралдарын тексеруді жүргізуге, оларды өлшеуге және мөлшерін өзгедей анықтауға, сондай-ақ тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуға. Егер көрсетілген операциялар кедендік ресімдеу басталғанға дейін жасалса Қазақстан Республикасының аумағынан әкететін тауарларға қатысты мұндай рұқсат талап е т і л м е й д і ;

3) кеден органы жүргізген тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу зерттеулерінің (сараптамаларының) нәтижелерімен танысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қаражатының есебінен немесе өкілдік беруді тұлғаның қаражаты есебінен тауарлардың алынған сынамалары мен үлгілеріне зерттеу (сараптама) жүргізуге не осындай зерттеудің (сараптаманың) жүргізілуін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

5) кеден органының келісімімен кедендік бақылау аймағына ену құқығы бар өз қызметкерлерінің тізімін бекітуге және аталған аймақтарда кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларды жасау үшін қажетті қызметтік үй-жайларды иеленуге;

6) осы Кодекске сәйкес кеден органдарының кеден мәселелері жөніндегі ақпаратын және к о н с у л ь т а ц и я л а р ы н а л у ғ а ;

7) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен олар кедендік мақсаттар үшін осы Кодекстің 26-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қажетті ақпараттарды автоматтандырылған өңдеу, деректерді электрондық жолмен беру үшін пайдаланатын кеден органдарының ақпараттық желілеріне қол жеткізуге;

8) өкілдік беруші тұлғадан кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар не жасырын ақпарат болып табылатын ақпаратты талап етуге және осы Кодексте белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін мерзімдерде осындай құ ж а т т а р м е н м ә л і м е т т е р д і а л у ғ а ;

9) алдын ала операциялар, кедендік рәсімдер мен кедендік режимдер кезінде кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету бөлігінде өкілдік беруші тұлға үшін кеден органдарының алдында кепілге алушы немесе төлеуші ретінде болуға ;

10) өкілдік беруші тұлғамен шарт жасасудың шарты ретінде осы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес міндеттерін орындауын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеуге;

11) осы Кодексте белгіленген тәртіппен кеден органдарының шешімдеріне, кеден

органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы.

## 425-бап. Кеден делдалының міндеттері мен жауаптылығы

### 1. Кеден делдалының міндеттері:

1) осы Кодекспен және кеден ісі саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу;

2) кеден органының талабы бойынша декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарын ұсыну;

3) кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтер ұсыну;

4) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарына қатысты есепті және есептілікті жүргізу;

5) кеден органдарын анықталған кедендік бірегейлендіру құралдарының кез келген өзгерісі, жойылуы, бүлінуі немесе жоғалуы, ыдыс пен орамның бүлінуі, тауарлардың олар туралы көліктік, коммерциялық және өзге де құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келмеуі, әртүрлі құжаттардағы тауарлар туралы мәліметтердің сәйкес келмеуі және кеден ісіне қатысы бар осыған ұқсас жағдаяттар туралы уақытылы хабардар ету;

6) кеден делдалының штатында тұратын кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың осы Кодекспен көзделген талаптарды сақтауына бақылау жасау;

7) кеден органына кеден делдалының штатында тұратын кедендік ресімдеу жөніндегі мамандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы тұлғалардың жеке нөмірлік мөрлері мен қолдарының үлгілерін ұсыну болып табылады.

8) осы Кодекстің 45-тарауына сәйкес өткен күнтізбелік жыл үшін кеден делдалы ресімдеген тауарларға қатысты есептелген кеден төлемдері мен салықтардың орташа тоқсандық сомасының жиырма бес проценттен кем емес, бірақ 1000-еселік белгіленген айлық есептік көрсеткіштен кем емес сомасына кеден төлемдері мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету.

2. Кеден делдалы қызметінің әрбір жылының аяқталуы бойынша орталық кеден органы кеден делдалы міндеттемелерін қамтамасыз ету сомасын қайта есептеу туралы шешім қабылдайды.

3. Кеден делдалы өз қызметін жүзеге асыру кезінде декларанттың барлық міндеттерін орындайды және өзі тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өз бетінше өткізетіні сияқты толық көлемдегі жауаптылықта болады.

4. Кеден делдалының кедендік ресімдеу, алдын ала операциялар және өзге де кедендік рәсімдер кезіндегі міндеттері мен жауаптылығы осы Кодекспен және

Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы тауарларды кедендік режиммен орналастыру немесе кедендік рәсім үшін қажетті өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен белгіленетін талаптармен және шарттармен келісіледі. Мұндай операцияларды жасау фактісі кеден делдалына кедендік режимді қолданудың аяқталуымен байланысты операцияларды жасау жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы Кодекске және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тек тауарларды өткізетін тұлғаға жүктеледі.

5. Кедендік декларацияны бергенге дейін немесе онымен бір мезгілде осы Кодекске сәйкес төлеуге жататын кедендік төлемдердің төленуі үшін кеден делдалы өкілдік беруші тұлғамен бірге тең жауаптылықта болады.

6. Кеден делдалының кеден органдарының алдындағы міндеттері мен жауаптылығы өкілдік беруші тұлғамен жасалған шартпен шектелуі мүмкін емес.

7. Кеден делдалының құқықтары, міндеттері жауапкершілігі барлық кеден делдалдары үшін бірдей болып табылады. Жекелеген кеден делдалдары үшін жеке сипаты бар жеңілдіктер, ерекше (эксклюзивтік) құқықтар және өзге де артықшылықтар беруге тиым салынады.

#### 426-бап. Кеден делдалы ретіндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Заңды тұлға кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру үшін мынадай біліктілік талаптарына жауап беруі тиіс:

1) штатында кедендік ресімдеу жөніндегі маманның белгіленген тәртіппен біліктілік аттестатын алған кедендік ресімдеу жөніндегі маманның болуы;

2) кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен қосылған бағдарламалық өнімдердің болуы;

3) өткен жыл үшін кеден делдалы ресімдеген немесе кедендік төлемдер мен салықтарды осы Кодекстің 45-бабына сәйкес кеден делдалы ресімдейтін, бірақ 10000 еселенген белгіленген айлық есептік көрсеткіштен төмен емес, тауарларға қатысты есептелген кедендік төлемдер мен салықтардың орта тоқсандық сомасынан жиырма бес проценттен кем емес сомаға төлеуді қамтамасыз етудің болуы.

#### 427-бап. Кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия

1. Заңды тұлға орталық кеден органының осындай қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясын алғаннан кейін кеден делдалы ретіндегі қызметін бастай алады.

2. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) заңды тұлғаның белгіленген нысан бойынша өтініші;



2) өтініште көрсетілген мәліметтерді және өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар, атап айтқанда: тіркеу құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері; осы Кодекстің 426-бабымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестілікті растайтын құжаттар;

3) лицензия бергені үшін алым төлегендігін растайтын құжаттар.

3. Осы Кодекспен реттелмеген лицензиялармен байланысты қатынастар лицензиялау туралы заңдармен реттеледі.

428-бап. Кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

1. Кеден делдалы кеден делдалы ретіндегі қызметке қойылатын талаптар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда, сондай-ақ кеден делдалы өз құқықтарын теріс пайдаланатындығына жеткілікті негіздемелер болған жағдайда, лицензияның қолданылуы орталық кеден органының шешімі бойынша тоқтата тұрудың себептері көрсетіле отырып, алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді орталық кеден

органы мұндай шешімді негіздей отырып бұйрық нысанында өздігінен не кеден органының ұсынысының негізінде қабылдайды.

3. Лицензияның қолданылуы тиісті шешім қабылданған күннен бастап тоқтатыла тұрады.

4. Лицензияның қолданылуы олар бойынша қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін, орталық кеден органы лицензияның қолданылуын жаңғырту туралы шешім қабылдаған күннен бастап жаңғыртылады.

5. Лицензияның қолданылуы кеден делдалының дәлелді жүгінуі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

429-бап. Кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны қайтарып алу

1. Орталық кеден органы лицензияны:

1) егер толық және сенімді ақпарат ұсынылған жағдайда белгіленген тәртіптің негізінде ол өтініш берушіге берілуі мүмкін болмаса, ол сенімсіз мәліметтердің негізінде берілген;

2) біліктілік аттестаты жоқ маманның, біліктілік аттестаты қайтарып алынған маманның немесе біліктілік аттестатының қолданылуы соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не бұл қызметпен айналысу құқығынан айырылған маманның

қызметтерін

пайдаланған;

3) олар бойынша бұрын лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылмаған жағдайларда қайтарып алуы мүмкін.

2. Қайтарып алу туралы шешім орталық кеден органының бұйрығымен

мұндай шешімді негіздей отырып не кеден органының дәлелді ұсынысының негізінде ресімделеді.

3. Лицензияның қайтарып алуы қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап қолданылады.

4. Лицензияны қайтарып алған жағдайда кеден делдалы қайтарып алу туралы шешімді алған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей оны орталық кеден органына беруге міндетті.

5. Кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия беру туралы қайта өтініш оны қайтарып алуға негіз болған себептердің жойылуы шартымен лицензияны қайтарып алу туралы шешім шығарылған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін қаралуы мүмкін.

430-бап. Кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуын тоқтату

1. Лицензия өзінің қолданылуын:

1) лицензия қайтарып алынған;

2) кеден делдалы ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) кеден делдалы орталық кеден органына жазбаша нысандағы тиісті өтінішін ұсына отырып кедендік қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтатқан жағдайларда тоқтатады.

2. Кеден делдалы ретіндегі қызметті тоқтатқан жағдайда, заңды тұлға өзі кеден делдалы ретіндегі қызметті тоқтатқанға дейін қабылдаған барлық міндеттемелерді орындауға міндетті.

3. Кеден делдалы ретіндегі қызметті тоқтату туралы шешім заңды тұлғаның кеден делдалы ретіндегі қызметін тоқтатуының себептері көрсетіле отырып орталық кеден органының бұйрығымен ресімделеді.

Заңды тұлғаның кеден делдалы ретіндегі қызметі лицензиясын қайтарып алумен байланысты тоқтатылған жағдайда, қызметін тоқтату туралы жеке бұйрық шығарылмайды.

Заңды тұлғаның кеден делдалы ретіндегі қызметі тоқтатылған жағдайда, лицензия он бес күннің ішінде орталық кеден органына қайтарылуға жатады.

#### 431-бап. Кеден делдалы қызметіне қосымша ережелер

1. Лицензияға енгізілмейтін, лицензия алуға арналған өтініште көрсетілген кеден делдалы туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, кеден делдалы өзгерістер жүрген сәттен бастап бір айлық мерзімде бұл туралы орталық кеден органына хабардар етуге міндетті.

2. Кеден делдалының лицензияда көрсетілген атауы, мекен-жайы өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Орталық кеден органы кеден делдалы тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде белгіленген тәртіппен жаңа лицензия беру жолы мен лицензияны қ а й т а р е с і м д е й д і .

3. Кеден делдалы лицензияда көрсетілген қызметтің шектеулі саласын кеңейту туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны алудың белгіленген тәртібіне сәйкес жаңа лицензия алу қажет. Бұрын берілген лицензияның қолданылуы жаңа лицензия берілген с ә т т е н б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

4. Лицензия жоғалған жағдайда кеден делдалының өтініш білдірген күнінен бастап он күннің ішінде телнұсқа алуға құқығы бар. Бұл ретте қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленген тәртіппен және мөлшерде лицензиялық алым төленеді.

5. Кеден органдарының лицензиялаумен байланысты шешімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

6. Кеден делдалдары мен өкілдік беруші тұлғалардың арасындағы қатынастар тоқтаған жағдайда, лицензияларды қайтарып алу және тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

#### 432-бап. Кеден делдалдарының тізілімі

Орталық кеден органы кеден делдалдарының тізілімін жүргізеді және оның ай сайын жариялануын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жариялануын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

#### 433-бап. Кедендік ресімдеу жөніндегі маман

1. Орталық кеден органының біліктілік аттестаты бар маманның кеден делдалының атынан кеден құжаттарын ресімдеу жөніндегі істерді жүргізуге құқығы бар.

Кеден делдалы мен кедендік ресімдеу жөніндегі маманның арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалатын жеке еңбек шартының негізінде құрылады. Кедендік ресімдеу жөніндегі маман кеден делдалымен жеке еңбек

шартын жасасқан сәттен бастап кеден делдалының атынан кедендік ресімдеу жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы. Мұндай шарт бұзылған жағдайда, кеден делдалы үш күннің ішінде орталық кеден органын хабардар етуге міндетті.

2. Екі және одан да көп заңды тұлғалардың штатында бір мезгілде бір маманның кедендік ресімдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруына рұқсат етілмейді.

3. Кеден делдалы кеден органдарының алдында маманның кедендік құжаттарды ресімдеу жөніндегі міндеттерін шектей алмайды.

4. Өтініштерді қараудың және біліктілік аттестатын берудің тәртібін, кедендік ресімдеу жөніндегі маманға жүргізілетін аттестация тәртібін, оларға қойылатын талаптарды кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды. Орталық кеден органы кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың тізілімін жүргізеді.

#### 434-бап. Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын тоқтата тұру және қайтарып алу

1. Аттестаттың қолданылуын екі ай мерзімге орталық кеден органы тоқтата тұруы мүмкін:

1) кеден ісінің құқықтық реттелуі елеулі түрде өзгерген жағдайда, бір айлық мерзімде маман жаңа талаптарға өз білімдерін растамаған жағдайда;

2) егер маманның ұсынылатын талаптарға сәйкестігін растау мақсатында аттестация өткізу кезінде бір айлық мерзімде маман аттестациядан өтпесе.

2. Аттестаттың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді орталық кеден органы бұйрық нысанында қабылдайды және оны қабылдау күнінен бастап қолданылады.

3. Аттестаттың қолданылуы бұйрық түрінде ресімделген орталық кеден органдарының шешімі бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша тоқтатыла тұрған, - орталық кеден органы белгілеген тәртіппен аттестациядан өткеннен кейін қайта жаңғыртылады.

4. Кеден ісін құқықтық реттеудің елеулі өзгерістері туралы және көрсетілген негіздеме бойынша аттестаттардың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді орталық кеден органы қабылдайды және жариялауға жатады.

5. Аттестаттың қолданылуын тоқтата тұру үшін негіздеме болып табылатын маманның жолсыздықтарды анықтаған кеден органы бұл туралы орталық кеден органына кешіктірмей хабарлайды.

6. Егер аттестат өтініш беруші ұсынған аттестат беру туралы шешім қабылдау үшін елеулі мәні бар толық емес немесе күмәнді мәліметтер негізінде берілсе, сондай-ақ егер аттестат өтініш берушіге беру тәртібін бұза отырып берілсе орталық кеден органы кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын қайтарып алуы мүмкін.

7. Біліктілік аттестатын беру туралы қайталап берілген өтініш ол қайтарып алынған

немесе жарамсыз деп танылған күннен бастап алты ай өткен соң, осыған негіз болған себептер жойылған жағдайда қаралуы мүмкін.

8. Біліктілік аттестатын қайтарып алу, жарамсыз деп тану немесе қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ш а ғ ы м д а н у ғ а б о л а д ы .

435-бап. Кеден делдалы мен оның қызметкерлерінің өкілдік беруші тұлғадан алынған ақпаратқа қатысы

Кеден делдалы мен оның қызметкерлерінің өкілдік беруші тұлғадан алған ақпараты тек кеден мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

Өкілдік беруші тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне заңсыз залал келтіруге жол берілмейді.

Өкілдік беруші тұлғаның коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын, сондай-ақ жасырын ақпаратын кеден делдалы мен оның қызметкерлерінің өз мақсаттарында жариялауы, пайдалануы, үшінші тұлғаларға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына беру осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мүмкін болмайды.

## 10-БӨЛІМ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ САНАТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

### 54-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ САНАТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ

436-бап. Осы бөлімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы бөлімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) контрафактылы тауарлар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалатын, құқық иеленушінің құқықтары бұзыла отырып кедендік шекара арқылы құрылған және (немесе) өткізілген, санаткерлік меншік объектілері бар тауарлар;

2) құқық иеленуші - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санаткерлік меншік объектілерін пайдаланудың ерекше құқығына ие тұлға;

3) шығаруды тоқтату - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, таңдап алынған кедендік режимге сәйкес олар контрафактылы тауарлар болып табылатын тауарларды шығару туралы шешім қабылданған мерзімді кеден органдарының ұзартуы;

4) санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды тізбесі - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалатын санаткерлік меншік объектілері бар т а у а р л а р д ы ң т і з і м і .

437-бап. Кеден органдарының санаткерлік меншік объектілерінің  
құқығын қорғау

Кеден органдары өз құзыры шегінде осы Кодексте белгіленген тәртіппен санаткерлік меншік объектілерінің құқығын иеленуін қорғау бойынша шараларды қабылдайды.

438-бап. Орталық кеден органының санаткерлік меншік объектілері бар  
тауарлардың тізілімі

1. Орталық кеден органы кедендік бақылау мақсатында санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізілімін (бұдан әрі - тізілім) жүргізеді және оның мерзімді жариялануын қамтамасыз етеді.

2. Тізілімді жүргізудің және кеден органдарына жеткізудің тәртібі және өтініш берушіні орталық кеден органы анықтайды.

439-бап. Санаткерлік меншік объектілері бар тауарды тізілімге  
енгізудің және мұндай тауарды тізілімнен шығарудың тәртібі

1. Тізілімге енгізуді санаткерлік меншік объектілеріне құқығы бар тұлғаның өтініші бойынша орталық кеден органы жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу кезінде жеткілікті негіздеме бар деп санайтын немесе санаткерлік меншікке оның құқығы бұзылуы мүмкін құқық иесі немесе құқық иесінің мүддесін білдіретін өзге тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші), санаткерлік меншік құқығын қорғау туралы орталық кеден органына өтініш беруге құқылы.

3. Өтініште мынадай мәліметтер бар болуы тиіс:

1) санаткерлік меншік объектілерінің құқығын қорғау туралы өтініш берушінің өтінімі;

2) өтініш беруші туралы мәлімет;

3) санаткерлік меншік объектісін қорғау туралы, құқық иесінің пікірінше оған оның құқығын қорғауда кеден органдарының жәрдемі қажет деп санайтын мерзім туралы ақпарат; санаткерлік меншік объектісі бар тауарлардың сипаттамасы; заңды экспорттаушылар мен импорттаушылар туралы ақпарат; кеден органдарына контрафактылы тауарларды ашуға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер;

4) декларанттың және өзге тұлғаның зиянының орнын толтыру туралы өтініш берушінің міндеттемесі, егер тауарлар контрафактылы болып табылмайды деп белгіленсе, оларға қатысты контрафактылы болып табылады деп саналатын санаткерлік

меншік объектісі бар тауарларды шығаруды тоқтатуға байланысты туындауы мүмкін кеден органдарының шығындары;

5) санаткерлік меншік құқығының бар-жоғы және тиесілігі туралы мәлімет.

4. Өтінішке санаткерлік меншік құқығының бар-жоғы және тиесілігін растайтын құжат (куәлік, санаткерлік меншіктің осы объектісін пайдалану құқығына арналған рұқсат немесе лицензиялық шарт немесе өзге құжаттар) және өтініш берушінің жауапкершілігін сақтандыру шартын, оның мүддесін білдіретін құқық иесі тұлғасына берілген сенімхат.

Бұл орайда сақтандыру сомасы 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аз болмауы тиіс.

Мүмкіндігінше бір мезгілде өтініш бере отырып санаткерлік меншік объектісі бар тауардың және контрафактылы тауардың үлгілерін ұсынады.

5. Орталық кеден органы өтініш түскен күннен бастап отыз күннен аспайтын мерзімде оны қарайды және санаткерлік меншік объектісі бар тауарды тізілімге енгізу туралы шешім қабылдайды. Негіздеме жеткілікті болған жағдайда орталық кеден органы өтінішті қарау мерзімін ұзартуға, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

6. Көрсетілген өтініште не оған қоса берілген құжатта мәліметтер өзгерген жағдайда өтініш беруші орталық кеден органына он бес күндік мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

7. Санаткерлік меншік объектісі бар тауарлар:

1) санаткерлік меншік объектісіне өтініш берушінің өтінімі бойынша;

2) тізілімге енгізу кезінде толық емес және жалған мәліметтер ұсынылған жағдайда;

3) өтініште көрсетілген мәліметтердің өзгертілгендігі туралы белгіленген мерзімде хабарланбаған жағдайда;

4) санаткерлік меншік объектісіне арналған құқықтың әрекеті тоқтатылған жағдайда;

5) өтініш беруші осы бөлімнің ережелерін сақтамаған жағдайда тізілімнен шығарылуы мүмкін.

8. Орталық кеден органы тауарлардың тізілімнен шығарылғандығы туралы өтініш берушіге үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

9. Санаткерлік меншік объектісіне арналған құқық тоқтатылған жағдайда құқық иесі бұл туралы үш жұмыс күні ішінде орталық кеден органына хабарлауға міндетті.

440-бап. Құқық қорғау мерзімі

Құқық иесінің құқық қорғау мерзімін кеден органы өтініш беруші көрсеткен мерзімді, ескере отырып санаткерлік меншік объектісін құрайтын тауарды тізілімге

енгізу туралы шешім қабылдаған кезде, бірақ көрсетілген тауар тізілімге енгізілген күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімге

орталық кеден органы белгілейді.

Көрсетілген мерзімді орталық кеден органы өтініші берушінің ол туралы өтініші бар болған жағдайда ұзартады.

Құқық қорғаудың жалпы мерзімі санаткерлік меншік объектісіне арналған құқық әрекетінің мерзімінен ұзақ болмауы тиіс.

## 55-ТАРАУ. САНАТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІ БАР ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУДІҢ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

441-бап. Санаткерлік меншік объектісі бар тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу. Мұндай тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау

1. Санаткерлік меншік объектісі бар тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу осы Кодекске және санаткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Санаткерлік меншік объектісі бар тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау осы Кодекспен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

442-бап. Санаткерлік меншік объектісі бар тауарларды шығаруды  
т о қ т а т а т ұ р у

1. Егер тізілімге енгізілген тауарларды кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде тауарлар контрафактілі болып табылды деген белгілерін кеден органы ашса, ондай тауарлар тоқтатыла тұрады.

2. Он жұмыс күніне дейінгі мерзіммен шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының басшысы не оның орнын алмастырушы қабылдайды. Өтініш берушінің өтінімі бойынша көрсетілген мерзім он жұмыс күнінен артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.

3. Кеден органы санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей тоқтата тұру және оның себептері туралы өтініш берушіні және декларантты хабардар етеді, сондай-ақ өтініш берушінің атауы мен мекен-жайын декларантқа хабарлайды, ал өтініш берушіге - декларанттың мекен-жайын хабарлайды.

443-бап. Кеден органдарының шығындарын қайтару



Кеден органдарының шығындарын қайтару:

- 1) декларантпен - тауарларды контрафактілі деп танылған жағдайда;
- 2) өтініш берушімен - санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды өтініш берушінің құқығын бұзбаған деп танылған жағдайда жүргізіледі.

444-бап. Ақпараттарды ұсыну. Сынамалар мен үлгілер алу

1. Кеден органы тауарлардың контрафактілі белгілері анықталғандығы туралы, оларға қатысты шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданғандығы туралы ақпаратты өтініш берушіге және декларантқа ұсынады.

2. Осы бапқа сәйкес өтініш берушінің немесе декларанттың алған ақпараты құпия болып табылады және осы Кодекс және Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда ол жария етілмеуі, үшінші адамға берілмеуі тиіс.

3. Кеден органының рұқсатымен өтініш игеруші және декларант не олардың өкілдері контрафактілі белгілері бойынша шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кедендік бақылаумен алуға және оларға зерттеулер жүргізуге құқылы.

445-бап. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді жою

1. Егер шығаруды тоқтата тұру туралы шешімнің әрекеті мынадай мерзім ішінде:

1) кеден органына шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді жою туралы өтініш берушіден өтініш түссе;

2) санаткерлік меншік объектісі осы Кодекстің 439-бабына сәйкес тауарлардың тізілімінен алынып тасталса;

3) егер өтініш беруші санаткерлік меншік объектісі бар тауарларды шығаруды тоқтата тұру мерзімінде әкімшілік немесе сот өндірісін қозғау туралы, ұсталған тауарларды әкелу немесе әкету фактілеріне байланысты санаткерлік меншікке арналған құқықты бұзғандығы туралы дәлелдемелер ұсынбаса шығаруды тоқтата тұру туралы шешім жоюға жатады.

Көрсетілген жағдайларда осы Кодексте анықталған тәртіппен тез арада кедендік ресімдеуге және шығаруға жатады.

2. Шығаруды тоқтата тұру туралы шешімді жоюды осындай шешім қабылдаған кеден органының бастығы не оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

3. Тауарларды шығару санаткерлік меншік объектісіне арналған оның құқығын қорғау туралы Қазақстан Республикасының уәкілетті заң органдарына құқық иесінің өтініш білдіруіне кедергі бола алмайды.

446-бап. Оларға қатысты кеден органы шығаруды тоқтата тұрған санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды беру

Сот ісін жүзеге асырумен байланысты оларға қатысты кеден органы шығаруды тоқтата тұрған санаткерлік меншік объектілері бар тауарлар заттай айғақ ретінде танысу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге шешімді қабылдау үшін сот органдарына беріледі.

447-бап. Кеден органдарының санаткерлік меншік құқығын қорғау жөніндегі шаралар қолданылмайтын санаткерлік меншік объектілері

Санаткерлік меншік объектісі бар және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты санаткерлік меншік құқығын қорғау бойынша шаралар кеден органдарымен қабылданбайды:

1) жеке тұлғаларға немесе халықаралық почтамен жіберілетін

тауарларға, егер мұндай тауарлар коммерциялық мақсаттарға арналмаса және Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінсе немесе кедендік баждан, салықтан толық босатылып осы аумақтан әкетілсе, егер осы Кодекспен өзге жағдайлар белгіленбесе;

2) тауарлардың транзитті кеден режиміне сәйкес.

11-БӨЛІМ. КЕДЕНДІК СТАТИСТИКА. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

56-ТАРАУ. КЕДЕНДІК СТАТИСТИКАНЫ ЖҮРГІЗУ

448-бап. Сыртқы сауданың кедендік статистикасы

1. Қазақстан Республикасының экспорты мен импорты туралы деректердің есебінің толықтығын және шынайылығын, Қазақстан Республикасының сыртқы саудадағы жағдайын, қарқынын және бағытын талдауды, кедендік төлемдер мен салықтардың мемлекеттік бюджетке түсуін бақылауды, валюталық бақылауды, төлем балансын жасауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары сыртқы сауданың кедендік статистикасын қалыптастырады, сондай-ақ заңдарға сәйкес кедендік статистиканың деректерін ұсынады және жариялайды.

Кеден істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік статистиканың деректерін халықаралық ұйымдарға ұсынады.

## 2. Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының кедендік статистикасы осы

Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

3. Сыртқы сауданың кедендік статистикасы Қазақстан Республикасының және оның сыртқы сауда әріптестерінің өзара сауда-саттық деректерін салыстыруды қамтамасыз ететін әдістемеге сәйкес жүргізіледі.

### 449-бап. Арнаулы кедендік статистика

Кеден органдарына жүктелген міндеттерді шешу мақсатында бұл органдар арнаулы кедендік статистиканы жүргізеді.

### 450-бап. Статистикалық мақсаттарға арналып пайдаланылатын құжаттар мен деректер

Статистикалық мақсаттарға арналып пайдаланылатын құжаттар мен деректер кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау өндірісінің тәртібі туралы осы Кодекстің ережелеріне сәйкес ұсынылады. Статистикалық мақсаттар үшін ұсынылған ақпараттарға осы Кодекстің 26-бабының әрекеті қолданылады.

## 57-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

### 451-бап. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды қолдану және оларды қамтамасыз ету құралдары

1. Осы Кодексте көзделген кедендік операциялар ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды, оның ішінде ақпаратты берудің электрондық тәсілдеріне негізделгендерді, сондай-ақ осы тарауға сәйкес оларды қамтамасыз ету құралдарын пайдалана отырып, жүзеге асырылады.

2. Ақпараттық жүйелерді және ақпараттық технологияларды енгізу тиісті халықаралық стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

### 3. К е д е н і с і н д е :

- 1) кеден органдары даярлайтын, шығаратын және сатып алатын;
- 2) кеден ісі саласындағы міндеттерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі ақпараттық жебе, ақпараттық технологиялар және оларды қамтамасыз ету құралдары қолданылады.

Бұл орайда кеден органына бағдарламалық құрал-жабдықтар ұсынатын тұлғалардың олардың бағдарламалық құрал-жабдықтарының көмегімен жасалатын ақпараттық ресурстарға қатынауға құқығы жоқ.

4. Кеден органдары даярлайтын, шығаратын және сатып алатын ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтары мемлекеттік меншікте болады және олардың құзырының және

билігінің шегінде иелік ету құқығы көрсетілген өнімге қатысты жүзеге асырылатын кеден органы мүлкінің құрамына енгізіледі.

5. Кеден ісі саласындағы мәселелерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтарын кеден органдарының пайдалануына байланысты қатынастар шарттық негізде құрылады.

6. Кеден ісі саласындағы мәселелерді шешуге қатысатын тұлғалардың меншігіндегі кеден ісінде қолданылатын ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтары кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілеттік мемлекеттік орган белгілейтін талаптарға сәйкес келуі тиіс және кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органдары пайдаланатын ұқсас өніммен үйлесімді болуы тиіс. Ақпараттық жүйелердің, ақпараттық технологиялардың және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтарының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді кеден органдары жүзеге асырады. Бұл орайда, көрсетілген тексерулерді жүргізуге байланысты шығындарды төлеу оны жүргізу туралы өтініш білдірген тұлғаға жүктеледі.

7. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтарын кедендік мақсаттар үшін пайдалану мүмкіндігі, бұл өнімді қолданудың тәртібі мен шарттарын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы анықтайды.

452-бап. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтарын сертификаттау

1. Ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен сертификаттауға жатады.

2. Сертификатталмаған ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құрал-жабдықтарды пайдалануға, сондай-ақ сертификатталмаған жүйелерден алынған ақпараттарды пайдалануға байланысты қатер жүктелетін адамдар тобы Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталады.

453-бап. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары

1. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары кеден операцияларын жасау кезінде берілетін құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ оларды жасау үшін қажетті құжаттарды қалыптастырады.

Кеден органдарының ақпараттық ресурстары деп кеден органдарының ақпараттық жүйелерінде құрылатын, өңделетін және жинақталатын деректер базасын және

ақпараттың басқа массивін енгізетін құжатталған ақпараттың ұйымдастырылған жиынтығы түсініледі.

2. Кеден органдарының ақпараттық ресурстары мемлекеттік меншік болып табылады, мүлік құрамына енгізіледі және олардың құзыретіне сәйкес кеден органдарының иелігінде болады.

3. Берілуі осы Кодексте немесе олар айқындаған тәртіпте көзделген құжаттарда, оның ішінде кедендік декларация кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жағдайларда оларды қуаттау туралы талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге талаптарды сақтау кезінде ақпаратты алмасудың электрондық тәсілдері арқылы берілуі мүмкін.

4. Осы баптың ережелері ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша құжатталған ақпаратты міндетті беру негізінде мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру жағдайына таралмайды.

#### 454-бап. Ақпараттық ресурстарды пайдалану

1. Кеден органдарының иелігінде орналасқан ақпараттық ресурстар Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес ақпаратқа ену шектелген жағдайды қоспағанда ашық және жалпы енуге мүмкіндікте болады.

2. Кеден органдары пайдалану үшін ашық ақпараттық ресурстардың тізбесін, сондай-ақ оған ену деңгейін жариялауды жүзеге асырады.

3. Ақпаратқа ену шектелмеген жағдайда тұлға, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдар кеден органдарының ақпараттық ресурстарынан оны алуға құқығы бар және олардың алдында сұралатын ақпаратты алу қажеттілігін негіздеуге міндетті емес.

4. Кеден органдарының иелігінде орналасқан ақпараттық ресурстарды пайдалану тәртібі осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### 455-бап. Ақпаратты, ақпараттық процестер мен ақпараттандыруға қатысатын субъектілер құқықтарын қорғау

1. Ақпараттық процестерде және ақпараттандыруда қатысатын субъектілердің құқықтарын, ақпаратты қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сертификациялауға жататын ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды камтамасыз етудің құралдарымен сәйкес келетін ақпаратты қорғаудың арнайы

бағдарламалық-техникалық құралдарын енгізумен және пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

3. Ақпаратты қорғау құралымен қамтамасыз етілетін ақпаратты қорғау деңгейі ақпараттың санатына сәйкес келуі тиіс. Белгілі санаттағы ақпаратты қорғау деңгейінің сәйкестігі олардың иелігінде ақпараттық ресурстар орналасқан кеден органдары қамтамасыз етеді.

4. Ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану және ақпаратты қорғауға талаптарды сақтауға бақылау кеден ісі мәселелері бойында уәкілетті мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

456-бап. Халықаралық ақпараттық алмасуға кеден органдарының қатысуы  
Кеден органдары мен кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган кеден органдарымен халықаралық ақпараттық алмасуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасы айқындайтын тәртіпте және жағдайда өзге де органдармен және шетелдік мемлекеттердің ұйымдарымен және мемлекеттік ұйымдармен өз құзыреті шегінде қатысады.

## 12-БӨЛІМ. КЕДЕНДІК АУДИТ

### 58-ТАРАУ. КЕДЕНДІК АУДИТ НЕГІЗДЕРІ

#### 457-бап. Негізгі ұғымдар

Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) кедендік аудит - Қазақстан Республикасының заңнама талаптары мен халықаралық шарттарға жүргізілген кеден операцияларының сәйкестілігін кеден аудиторлары мен кедендік аудиторлық ұйымдарының тәуелсіз бағасы;

2) кедендік аудитор - Біліктілік комиссиясы аттестациядан өткізген және "кедендік аудитор" деген біліктілік беру туралы куәлік алған жеке тұлға;

3) кедендік аудиторлық ұйым - ашық үлгідегі акционерлік қоғамдарды, өндірістік кооперативтерді және мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, кез-келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы кедендік аудитты жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым;

4) кедендік аудиттің стандарттары - кедендік аудит жүргізу тәртібіне

қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттар;

5) кедендік аудитордың аудиторлық қорытындысы - кедендік аудиттің стандарттары негізінде жасалған, кедендік аудитордың кеден операцияларының

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келетіндігі туралы және кеден органдарына ұсынылған мәліметтердің сенімділігі туралы пікірін білдіретін құжат.

458-бап. Кедендік аудиттің негізгі қағидаттары

Кедендік аудиттің негізгі қағидаттары:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) объективтілік;
- 3) кәсіптік құзыреттілік;
- 4) құпиялылық болып табылады.

459-бап. Кедендік аудиттің міндеттері

Кедендік аудит мынадай міндеттерді шешуге:

- 1) кеден ісі саласындағы туындайтын қатерлерді талдау және бағалау;
- 2) сыртқы экономикалық келісім-шарттарды және құжаттарды бағалау;
- 3) жүргізілген кеден операцияларының Қазақстан Республикасы

заңдарының және халықаралық шарттар талаптарына сәйкестігін бағалауға бағытталған.

59-ТАРАУ. КЕДЕН АУДИТІН ӨТКІЗУ

460-бап. Кедендік аудиторлардың палатасы

1. Кедендік аудиторлардың палатасы коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Кедендік аудиторлардың палатасын кеден аудиторлары және кедендік аудиторлық ұйымдар қалыптастырады.

3. Кедендік аудиторлардың палатасы оның мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын жарғының негізінде әрекет етеді.

4. Кедендік аудиторлар палатасының мынадай өкілеттіктері бар:

- 1) кедендік аудиттің дамуына және жетілдірілуіне жәрдемдеседі;
- 2) кедендік аудиттің стандарттарын әзірлейді;

3) кедендік аудиторлар арасындағы кеден аудиті мәселелері бойынша дауларын қарайды;

4) кеден аудиторлары мен кедендік аудиторлық ұйымдарды Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен және кеден аудитін жүзеге асырумен байланысты әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етеді;

5) кеден аудиторлары мен кедендік аудиторлық ұйымдардың жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытындылайды және таратады;

6) кеден аудиторлары мен кедендік аудиторлық ұйымдардың мүдделерін мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарда білдіреді;

7) кеден аудиторларына үміткерлерді аттестациялауға оқыту мен дайындауды,

кеден аудиторларының біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

8) Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

461-бап. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу және аттестация бойынша біліктілік талаптары

1. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізуді Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу жөніндегі біліктілік комиссиясы жүргізеді.

2. Аттестацияға жоғары білімі және экономикалық, қаржылық, кедендік, есеп-талдау, бақылау-тексеру немесе құқықтық мамандықтар бойынша үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар жіберіледі.

3. Кеден аудиторларына үміткерлер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша кеден аудиторларын аттестациядан өткізу бойынша Біліктілік комиссиясы бекіткен бағдарлама бойынша біліктілік емтихандарын тапсыруы тиіс.

4. Аттестациядан өткен адамдар "кедендік аудитор" деген біліктілік беру туралы куәлік алады.

5. Аттестациядан өтпеген тұлғалар алты айдан кейін ғана қайта аттестациядан өтуге жіберіледі.

462-бап. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу жөніндегі біліктілік комиссиясы

1. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу жөніндегі біліктілік комиссиясы кедендік аудиторлар және кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен мемлекеттік органдар өкілдерінің тең санынан құрылады.

2. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу жөніндегі біліктілік комиссиясының төрағасы кеден аудитімен айналысатын оның мүшелерінен кеден аудиторы сайланады.

3. Кедендік аудиторларды аттестациядан өткізу жөніндегі біліктілік комиссиясы кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Кедендік аудиторлардың палатасы бекіткен Ереже негізінде қызмет етеді.

463-бап. Кеден аудиторы біліктілік куәлігінің күшін жоюы

1. Кеден аудиторының біліктілік куәлігі мына жағдайларда:

1) кеден аудиторларына үміткерлерді аттестацияға жіберу үшін



Біліктілік комиссиясына берілген мәліметтердің рас еместігін белгілеу;

2) кеден аудиторының қабілетсіздігін тану;

3) кеден аудиторының әдейі жалған немесе білікті емес аудиторлық қорытындыны беруі;

4) кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде кеден аудиті стандарттарының негізгі талаптарын сақтамау және өзге заңдарды бұзушылығы күшін жояды.

2. Біліктілік комиссиясы кеден аудиторының біліктілік куәлігінің күшін жояды.

Біліктілік комиссиясы кеден аудитін жүзеге асыруға лицензия берген мемлекеттік органға кеден аудиторының біліктілік куәлігін жою туралы хабарлайды.

3. Кеден аудиторы сот тәртібімен Біліктілік комиссиясының шешіміне шағымдануға құқылы.

464-бап. Кедендік аудитті лицензиялау

1. Кедендік аудиторлар мен кедендік аудиторлық ұйымдарға лицензияларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген уәкілетті мемлекеттік орган береді.

2. Кедендік аудитті жүзеге асыруға лицензия тұрақты болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

3. Кедендік аудитті жүзеге асыруға лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

465-бап. Кедендік аудитті жүзеге асыру

1. Кедендік аудитор, кедендік аудиторлық ұйым және аудиттік

субъектінің арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарттардың негізінде құрылады.

2. Кедендік аудитті жүргізу кедендік аудиттің стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Кедендік аудиттің нәтижелері бойынша кедендік аудитордың аудиторлық қорытындысы жасалады. Аудиторлық қорытындыны ұсынудың нысаны мен тәртібі кедендік аудитордың стандарттарымен белгіленеді.

4. Кедендік аудиттің стандарттарын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

466-бап. Кедендік аудиторлар мен кедендік аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Кедендік аудиторлар мен кедендік аудиторлық ұйымдар:

- 1) кедендік аудитті жүргізудің әдістерін өз бетімен белгілеуге;
- 2) коммерциялық құжаттар мен сыртқы экономикалық операцияларға жататын басқа да ақпараттарды алуға;
- 3) кеден органының рұқсатымен кедендік бақылауды жүргізу кезінде қатысуға;
- 4) кедендік аудитті жүргізуге қатысуға шарттық негізде басқа да мамандарды тартуға;
- 5) аудиттелетін субъект кедендік аудитті жүргізуге арналған келісімнің шарттарын бұзған жағдайда кедендік аудиттер жүргізуден бас тартуға құқылы.

## 2. Кедендік аудиторлар мен кедендік аудиторлық ұйымдар:

- 1) кедендік аудитті өткізудің мүмкін еместігі туралы хабарлауға;
- 2) кедендік аудитті жүргізу кезінде алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) кедендік аудиттің қорытындылары бойынша аудиттік қорытынды жасауға;
- 4) кедендік аудитті жүргізу кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

## 467-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары мен міндеттері

### 1. Аудиттелетін субъект:

- 1) кедендік аудитордан немесе кедендік аудиторлық ұйымдардан кедендік аудитті жүргізуге қатысты талаптар туралы толық ақпарат алуға;
- 2) кедендік аудитордан немесе кедендік аудиторлық ұйымдардан ұсынымдар, кедендік операциялардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес еместігін анықтау туралы ақпарат алуға;
- 3) кеден мәселелері бойынша дауларды шешу кезінде кедендік аудитордың қорытындысын пайдалануға;
- 4) олар шарттың жағдайларын бұзған жағдайда, кедендік аудитордың немесе кедендік аудиторлық ұйымдардың қызметтерінен бас тартуға құқылы.

### 2. Аудиттелетін субъект:

- 1) кедендік аудиторға немесе кедендік аудиторлық ұйымдарға қажетті құжаттар мен ақпарат беруге, ауызша және жазбаша нысанда түсініктер беруге;
- 2) кедендік аудитке жататын мәселелердің шеңберін шектеу мақсатында кедендік аудитордың немесе кедендік аудиторлық ұйымдардың қызметіне араласпауға міндетті.

## 468-бап. Кеден аудиторлары мен кедендік аудиторлық ұйымдардың

Заңдарды, сондай-ақ шарт жағдайын бұзғаны үшін кеден аудиторлары мен

кедендік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

469-бап. Аудиттелетін субъектінің жауапкершілігі

1. Аудиттелетін субъект кеден аудитін жүргізу үшін кеден аудиторы немесе кеден аудиторлық ұйымына берілген құжаттар мен басқа да мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін жауапкершілік береді.

2. Аудиттелетін субъектіге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу кеден аудиті барысында анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен көзделген шаралар қабылданады.

13-БӨЛІМ. КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ

60-ТАРАУ. КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР ЖӘНЕ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАҒАНЫ ҮШІН

ЖАУАПКЕРШІЛІК. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ТЕРГЕУ ЖҮРГІЗУІ

470-бап. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік

Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес туындайды.

471-бап. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізу

Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізу "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

472-бап. Кеден ісі саласындағы қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік

Кеден ісі саласындағы қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес туындайды.

473-бап. Кеден органдарының тергеу жүргізуі

Кеден органдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің олардың тергеуге жатқызылған қылмыстары туралы істер бойынша тергеуді жүргізеді.

Қылмыс белгілері болуы кезінде кеден органы Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу нормаларына сәйкес кеден органдарының құзыретіне жататын тергеуді жүргізеді.

3. АРНАЙЫ БӨЛІК

14-БӨЛІМ. КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ

## 61-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ

### 474-бап. Кедендік әкімшіліктендірудің жалпы ережелері

Кедендік әкімшіліктендіру осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден органдары жүзеге асыратын ұйымдастырушылық, құқықтық, рәсімдік және өзге де іс-әрекеттердің жиынтығынан тұрады.

### 475-бап. Кедендік әкімшіліктендіру

Кедендік әкімшіліктендіру кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге қызметке қатынасушылардың Қазақстан Республикасы заңының орындалуына кеден органдарының бақылауы түрінде жүзеге асырылады.

## 62-ТАРАУ. КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ

### 476-бап. Кедендік бақылауды жүргізу

Кедендік бақылауды кеден органдарының лауазымды адамдары:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына;
- 2) оларды ұсыну осы Кодекспен көзделген тауарлар мен көлік құралдары туралы кедендік декларацияға, құжаттар мен мәліметтерге;
- 3) кеден делдалы ретіндегі тұлғалардың, кедендік тасымалдаушылардың, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдердің шеңберінде және уақытша сақтау бойынша кеден қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырушылардың қызметіне;
- 4) тауарларды пайдалануға және билік етуге белгіленген шектеулердің сақталуына;
- 5) кедендік төлемдер мен салықтарды есептеуге және төлеуге қатысты жүргізеді.

### 477-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары

1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткен сәттен бастап:

1) осы Кодекстің 14-бабына сәйкес шартты шығаруды қоспағанда еркін айналым ү ш і н ш ы ғ а р ы л ғ а н ғ а ;

2 ) ж о й ы л ғ а н ғ а ;

3) мемлекеттің пайдасы үшін бас тартқанға не оларды мемлекеттік меншікке а й н а л д ы р ғ а н ғ а ;

4) тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тысқары жерлерге іс жүзінде шығарғанға дейін кедендік бақылауда б о л а д ы .

2. Қазақстандық тауарлар мен көлік құралдары оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге шығару кезінде кедендік декларацияны берген

немесе тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге шығаруды жүзеге асыруға тікелей бағытталған өзге де әрекеттер жасаған сәттен бастап Қазақстан

Республикасының кедендік шекарасын кесіп өткенге дейін кедендік бақылауда болады.

3. Кеден органдары тұлғалардың қазақстандық тауарлар мен көлік құралдарын не оларды қайта өңдеу өнімдерін осы Кодексте көзделген тәртіппен кедендік режимдердің шарттарына сәйкес қайта әкелу туралы міндеттемелерін орындауына кеден бақылауын жүзеге асырады.

478-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылау

Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттармен кедендік бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

479-бап. Кедендік бақылауды жүргізудің қағидаты

Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдары іріктеулік қағидатты негізге алады және Қазақстан Республикасы кедендік заңдарының нормаларын сақталуды қамтамасыз ету үшін жеткілікті нысандармен шектеледі.

480-бап. Кедендік бақылаудың аймақтары

1. Тауарлар мен көлік құралдарын, олардың сақталуы мен кедендік қадағалаумен өткізілуін қарау және (немесе) кедендік тексеру жолымен кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы бойында, кедендік ресімдеу, алдын ала операцияларды жүргізу орындарында, тауарларды қайта тиеу, оларды қарау мен кедендік тексеру орындарында, кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын уақытша сақтау, тұру орындарында, кеден қоймаларында, арнайы экономикалық аймақ аумағында, еркін қоймаларда, бажсыз сауда дүкендерінде, кеден органдары орналасқан орындарда кедендік бақылау аймақтары құрылады.

2. Кедендік бақылау аймақтары оларда кедендік бақылауға жататын тауарлар жүйелі түрде болған жағдайларда тұрақты немесе тауарларды олар анықталған және осындай операцияларды жүргізу кезіне құрылған орында қарауды жүзеге асырудың қажеттілігі жағдайында уақытша болуы мүмкін.

3. Кедендік бақылау аймақтарын құру мен белгілеудің тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган келісімімен орталық кеден органы айқындайды.

4. Осындай аймақтардың шекаралары арқылы және олардың шектерінде өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметті, тауарларды, көлік құралдарын және өзге мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын қоса алғанда, адамдарды өткізу тек кеден органының рұқсатымен және оның бақылауымен ғана рұқсат етіледі.

481-бап. Кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер  
ұ с ы н у д ы ң м і н д е т т і л і г і

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші не оны бақылау кеден органдарына жүктелетін қызметті жүзеге асырушы тұлғалар осы органдарға кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ауызша және (немесе) жазбаша және (немесе) электронды нысанда  
ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

2. Кеден органы кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ауызша және (немесе) жазбаша және (немесе) электронды түрде сұратуға құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар кеден органына құжаттар мен мәліметтерді тез арада, ал оларды басқа тұлғалардан алу қажет болатын жағдайларда, -  
о т ы з к ү н н е н к е ш і к т і р м е й ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

4. Кедендік бақылауды жүргізу үшін кеден органдары банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардан, экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер бойынша жүзеге асырылатын ақша операциялары туралы мәліметтері мен анықтамаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына  
с ә й к е с а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

5. Тауарлар мен көлік құралдары шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында кеден органдары коммерциялық құжаттарды, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің құжаттарын, оның ішінде бұл тауарлармен және көлік құралдарымен сыртқы экономикалық қызметке жататын, ал Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты және сондай-ақ кейінгі операцияларға жататын электронды түрдегі ақпаратты декларанттан немесе тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын операцияларға тікелей немесе жанама түрде қатысы бар немесе көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге иелік етуші  
к е з к е л г е н т ұ л ғ а д а н с ұ р а т у ғ а н е м е с е а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, салық қызметі органдары және өзге де бақылаушы органдары, банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, ұйымдарды тіркеуді жүзеге асыратын органдар, нотариустар кеден органдарының сұрау салуы бойынша кеден органдарын Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен кедендік бақылау үшін қажетті мәліметтер туралы хабардар етуге міндетті.

7. Кедендік бақылау үшін қажетті құжаттарды тұлғалар осы Кодекстің 477-бабына

сәйкес кеден бақылауымен тауарлар мен көлік құралдарының орналасуының аяқталу сәтінен бастап бес жылдан кем емес уақыт сақтауы тиіс. Кеден делдалдары мен кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғалар құжаттарды ол кезең ішінде бұл тауарлармен кедендік операциялар жүргізілген жылдан кейін бес жыл бойы сақтауы тиіс.

482-бап. Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен  
с а р а п ш ы л а р т а р т у

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден бақылауын өткізуге жәрдем көрсету үшін шарттық негізде мемлекеттік және өзге де ұйымдардың мамандарын және сарапшыларды тартуға құқылы.

2. Мемлекеттік және өзге органдардан тартылған мамандар мен сарапшылар белгіленген мәліметтер құпиясын сақтауға міндетті.

483-бап. Кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары

1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жатады.

2. Кеден органдары көлік құралдарын тоқтатуға, сондай-ақ шетелдік кемелер мен басқа мемлекеттердің аумағындағы кемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан кеден органының рұқсатынсыз аттанып кеткен су және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтаруға құқылы.

484-бап. Кедендік бақылаудың іріктеушілігі

1. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын белгіленген н ы с а н д а р д ы п а й д а л а н а д ы .

2. Кедендік бақылау нысанын іріктеу кезінде осы Кодекстің 66-бабында көзделген қауіптерді бағалау мен басқару пайдаланылады. Кедендік бақылаудың басқа нысандарын қолданбау не олардан босату тұлғаның осы Кодекстің ережелерін сақтау міндеттілігінен босатылатындығын білдірмеуі тиіс.

3. Қажет болған жағдайда, кеден органдары осы Кодекстің 520-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылаудың осы Кодексте белгіленген барлық нысандарын пайдалана алады.

485-бап. Кедендік бақылауды жүргізу орны

Кедендік бақылау кедендік бақылау аймағында, сондай-ақ кеден органдары айқындаған тауарлар, көлік құралдары және олар туралы оның ішінде электронды түрдегі мәліметтері бар құжаттар орналасқан басқа да орындарда жүзеге асырылуы мүмкін.

486-бап. Кедендік декларация мен өзге де құжаттарды тексерудің және тауарларды кедендік ресімдеу кезінде кедендік қараудың мерзімдері

1. Кедендік ресімдеу, алдын ала операциялар және өзге де кедендік рәсімдер кезінде кеден органдары кедендік декларацияның рәсімделуінің дұрыстығына және ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының кедендік заңдарымен белгіленген талаптарға сәйкестігіне көз жеткізу үшін қажетті іс-әрекеттерді жүргізеді.

2. Кедендік декларацияны, құжаттарды тексеруді және тауарлар мен көлік құралдарын қарауды, ал тауарларды алдын ала, уақытша декларациялау кезінде - кедендік декларация мен құжаттарды тексеруді кеден органдары тауарларды шығару үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылған жағдайда, кеден органы кедендік декларацияны тіркеген күннен бастап екі күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

3. Көрсетілген мерзімді кедендік декларацияны қабылдаған сәттен бастап он күнге дейін, ал тауарларды су көлігімен тасымалдау кезінде жиырма күнге дейін ұзарту декларантқа оның талап етуі бойынша тапсырылатын кеден органы басшысының жазбаша рұқсатымен рұқсат етіледі.

4. Тауарлар шығарылғанға дейін кеден органдары тауарлардың атауының, шығу тегінің, саны мен құнының кедендік декларацияда және кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін белгілеу үшін қажетті операцияларды жүргізеді. Егер кеден органдарына тауарлардың олар туралы мәліметтерге сәйкестігін белгілеу үшін қажетті операцияларды жүргізуге мүмкіндік бермейтін бір тауарлар партиясында алуан түрдегі және атаулардағы тауарлар көрсетілсе, және мұндай тауарларға қатысты оларды жеке орау орындарына бөлу жүргізілмесе, тауарлардың орамдарына таңбалау мен орам және таңбалау туралы мәліметтер қойылмаса және тауарларға арналған коммерциялық және көліктік құжаттарда таңбалау көрсетілмесе мұндай тауарларды кедендік тексеру мерзімі кеден

органы басшысының жазбаша рұқсатымен қажет болған жағдайда, тауарлар партиясын жекелеген тауарларға бөлу үшін қажетті уақытқа ұзартылады.

5. Басқа мемлекеттік органдар бақылауға жататын тауарларға кедендік тексеруді жүргізсе, кеден органдары мұндай әрекеттерді үйлестіру және оларды бір уақытта жүргізуді қамтамасыз етеді.

63-ТАРАУ. КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘРТІБІ



487-бап. Кедендік бақылаудың нысандары

Кедендік бақылаудың нысандары:

1) кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру;

2) ауызша сауалнама;

3) түсініктер алу;

4) кедендік қадағалау (көзбен шолып қарау, оның ішінде кеден органы

қызметкерлерінің кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдалуын, оларға жүктік және өзге де операциялардың жасалуын техникалық құралдарды қолдана отырып тексеруі);

5) тауарлар мен көлік құралдарын қарау;

6) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеру;

7) жеке тексеру;

8) тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау не осы Кодексте және Қазақстан Республикасының салықтық заңдарында көзделген жағдайларда, оларға бірегейлендірген белгілер соғу;

9) тауарлар мен көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілігі жүйесін тексеру;

10) тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу;

11) үй-жайлар мен аумақтарды тексеру болып табылады.

488-бап. Кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру

1. Кеден органдары құжаттардың түпнұсқалылығын және мәліметтердің дұрыстығын белгілеу мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде ұсынылған кедендік декларацияны, құжаттарды және мәліметтерді тексереді.

2. Кеден органына кедендік ресімдеу кезінде ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын тексеру оларды басқа көздерден алынған ақпаратпен салыстыру, арнаулы кедендік статистиканың мәліметтерін талдау, мәліметтерді бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып өңдеу жолымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен тиым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

3. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органы кедендік декларациядағы ақпараттарды тексеру мақсатында жазбаша түрде тұлғалардан қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

4. Кеден органдарының іріктеп тексеру негізінде құжаттар мен мәліметтерді тексеруіне рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүргізу, алдын ала операциялар мен өзге де кедендік рәсімдер кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары көрсетілген тұлғалардың түсініктерін жазбаша түрде ресімдеусіз тұлғаларға ауызша сауалнама жүргізуге қ ұ қ ы л ы .

490 - бап . Түсініктер алу

Түсініктер алу - кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларды өткізуші тұлғалардан, декларанттардан, және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін мәні бар жағдаяттар туралы мәліметтерге ие өзге де адамдардан қажетті ақпараттар алуы.

Түсінік жазбаша түрде ресімделеді. Адамды түсінік алу үшін шақыру туралы хабарламаға кеден органының басшысы қол қояды. Адамды түсінік алу үшін шақыру туралы құлақтандыру құралы мен түсінік алу орнын кеден органының кедендік бақылауды жүргізуге лауазымды тұлғасы белгілейді.

491-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын қарау

1. Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде халықаралық почта жөнелтімдерін, жеке тұлғалардың қол жүгін қарауы кедендік бақылаудағы тауарлардың сипаты, шығу тегі, жай-күйі, мөлшері туралы, тауарларда, көлік құралдарында және олардың жүктік үй-жайларында кедендік пломбалардың, мөрлердің және бірегейлендірудің басқа да қойылған құралдарының бар екендігі туралы мәліметтердің растауын алу үшін жүзеге асырылады.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын қарау - егер мұндай қарау көлік құралы мен оның жүктік үй-жайларын ашумен және тауарлардың орамдарын бұзумен байланысты болмаса, кедендік бақылау мақсаттары үшін тауарларды, жеке тұлғалардың қол жүгін, көлік құралдарын, жүктік ыдыстарды, кедендік пломбалардың, мөрлердің және тауарларды бірегейлендірудің өзге құралдарының бар-жоқтығын сырттай көзбен ш о л ы п қ а р а у .

3. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау аймағында қарау көрсетілген адамдар қарау кезінде қатысуға тілек білдіретін жағдайларды қоспағанда, декларанттың, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдардың және олардың өкілдерінің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын қараудың нәтижелері бойынша кеден органдарының лауазымды адамдары, егер мұндай қараудың нәтижелері кеден мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін болса, белгіленген нысан бойынша акт жасайды.

Кеден органының қызметкерлері тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамның талабы бойынша акт жасауға міндетті. Кедендік қарау жүргізілгендігі туралы актінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға тапсырылады.

#### 492-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеру

1. Кедендік тексеру - тауарлардың орамдарын немесе көлік құралының жүктік үй-жайын не ыдыстарды, контейнерлерді және тауарлар бар немесе болуы мүмкін өзге де орындарды ашумен байланысты тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден органдары лауазымды тұлғаларының іс-әрекеті.

Кедендік тексеру тауарларды кеден мақсаттары үшін бірегейлендіру, мәлімделетін мәліметтердің растығын белгілеу не осындай ақпаратты тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзу туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ кедендік бақылауды іріктеулік тексерудің негізінде жүргізу мақсатында жүргізіледі.

2. Декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері өздерінің бастамасы бойынша осы баптың 3-тармағымен белгіленген жағдайды қоспағанда тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеру кезінде қатысуға құқылы.

3. Тұлғалар кеден органы лауазымды адамдарының талабы бойынша тексеру кезінде қатысуға және кеден органының лауазымды адамдарына қажетті жәрдем көрсетуге міндетті. Тасымалдаушы арнайы уәкілеттендірген өкіл болмаған жағдайда, мұндай адам көлік құралын басқаратын жеке тұлға болып табылады.

4. Кеден органы декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері болмағанда, мынадай жағдайларда:

1) көрсетілген адамдар тауарлар мен көлік құралдары ұсынылғаннан кейін он күн өткен соң келмеген жағдайда;

2) мемлекеттің қауіпсіздігіне, адамның, жан-жануарлар мен өсімдіктердің, қоршаған ортаның өмірі мен денсаулығына Қазақстан Республикасы халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігіне қауіп болған жағдайда және кейінге қалдыруды күтпейтін басқа да жағдаяттарда;

3) тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерінде салу кезінде;

4) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік режимді бұза отырып Қазақстан Республикасының кедендік аумағында қалдырған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарына кедендік тексеру жүргізуге құқылы.

Тауарлар мен көлік құралдарын көрсетілген жағдайларда кедендік тексеру екі куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі және кедендік тексерудің кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекіткен нысаны бойынша актімен ресімделеді.

5. Егер кедендік тексеруге кедендік декларацияда көрсетілген тауарлардың бөлігі бір атаудың тауарлары ретінде ұшыраған болса, онда мұндай тексерудің нәтижелері кедендік декларацияда көрсетілген барлық тауарларға таратылады.

6. Кедендік тексерудің нәтижелері бойынша екі данада акт жасалады. Кедендік тексерудің жүргізілгендігі туралы актіде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) кедендік тексеруді жүргізген кеден органының лауазымды тұлғалары мен оны жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

2) декларанттың, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамның қатысуынсыз кедендік тексеру жүргізудің себептері;

3) кедендік тексерудің нәтижелері.

Актінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға не оның өкіліне тапсырылады.

#### 493 - бап . Жеке тексеру

1. Кедендік бақылаудың ерекше нысаны ретіндегі жеке тексеру Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін не кедендік бақылау аймағындағы немесе халықаралық әуежайдың транзит аймағындағы жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу объектілері болып табылатын тауарларды өзінде жасырып, бермей тұр деп санауға жеткілікті негіз болған жағдайда, кеден органы бастығының немесе оның орынбасарының жазбаша шешімі бойынша жүргізіледі.

Жеке тексеруді жүргізумен байланысты рәсім мен жеке тексеруді жүргізу туралы шешімнің нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді. Бұл ретте жеке тексеруді жүргізу тәртібі шешімде жеке тұлғаның құқықтары мен жеке тексеруді жүргізудің тәртібі көрсетілуі тиіс .

2. Жеке тексеру басталардың алдында кеден органының лауазымды адамы жеке тұлғаға кеден органы бастығының немесе оның орнындағы адамның жеке тексеруді жүргізу туралы шешімін көрсетуге, жеке тұлғаны оның мұндай тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға және жасырған тауарларын өз еркімен беру туралы ұсыныс жасауға міндетті.

3. Кеден органы лауазымды адамының жеке тексеруді жүргізу кезіндегі іс-әрекеті жеке тұлғаның намысы мен беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

4. Өзіне қатысты жеке тексеру жүргізіліп отырған жеке тұлғаның:

1) жеке тексеруді жүргізу басталғанға дейін жүргізу тәртібімен және жеке тексеруді жүргізу туралы шешіммен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу объектілері болып табылатын өзінде жасырған тауарларын өз еркімен беруге;

3) жеке тексеруді жүргізетін кеден органының лауазымды адамдарына мәлімдеме

жасап, оны жеке тексеруді жүргізу тәртібі туралы хаттамаға міндетті түрде енгізуге;

4) жеке тексеруді жүргізу нәтижелерімен және іс жүргізу құжаттарымен танысуға;

5) осы Кодекске сәйкес кеден органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағым  
ж а с а у ғ а ;

6) адвокаттың қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

5. Жеке тексеру жүргізуден жеке тұлға бас тартқан кезде, Қазақстан Республикасының кеден шекарасын кесіп өтуден бас тартуға құқылы. Негіз болған кезде және Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен көзделген тәртіппен осы  
т ұ л ғ а т о қ т а т ы л у ы м ү м к і н .

6. Өзіне жеке тексеру жүргізілген жеке тұлғаға жеке тексерудің жүргізілгені туралы хаттаманың көшірмесі, тауарлардың алынып қойғаны туралы акті беріледі.

7. Жеке тексеруді кеден органының тексеруден өтуімен бір жыныстағы лауазымды адамдары сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін оқшауланған үй-жайда жүргізеді. Бұл үй-жайға басқа жеке тұлғалардың енуіне және олардың тарапынан жеке тексерудің жүргізілуін байқау мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс. Тексерілетін адамның дене мүшелерін тексеруді қажет болған жағдайда, арнайы медициналық техниканы пайдалана отырып маман  
д ә р і г е р жү р г і з е д і .

Маман дәрігер Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда жеке қарауды жүргізу туралы кеден органы басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға шешімнің орындалуынан жалтаруға құқылы емес.

8. Жеке тексерудің жүргізілгендігі туралы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекіткен нысан бойынша  
х а т т а м а ж а с а л а д ы .

Хаттамаға жеке тексеруді жүргізген кеден органының лауазымды адамы, оған қатысты тексеру жүргізілген жеке тұлға, куәгерлер, ал тексеру жүргізген кезде - дәрігер  
қ о л д а р ы н қ о я д ы .

494-бап. Тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау, оларға  
бірегейлендірілген белгілер соғу

1. Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда кедендік бақылауды кеден органдары тауарларда (орамдарда) арнаулы таңбалардың, бірегейлендірілген белгілердің немесе оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелудің заңдылығын растау үшін пайдаланылатын тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің бар-жоқтығын тексеру жолымен жүзеге асырады.

2. Тауарларда арнаулы таңбалардың, бірегейлендірілген белгілердің немесе тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болмауы егер өзінен мұндай тауарлар

табылған адам, декларант не өзге де мүдделі адам керісінше дәлелдемесе, тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына кедендік ресімдеу мен тауарлар шығаруды жүргізбестен әкелгендігі фактісін растау ретінде қаралады.

#### 495-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу және олар бойынша есептілік жүйесін тексеру

1. Кедендік бақылаудың нысаны ретіндегі тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу және олар бойынша есептілік жүйесін тексеру мынадай жағдайларда:

1) тұлғаның осы Кодекстің ережелеріне сәйкес кедендік ресімдеудің оңайлатылған рәсімдерін қолдануы туралы өтініші жағдайында;

2) мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын тәртіппен есепке алынатын кезде тауарлар шартты түрде шығарылған жағдайда;

3) қызметін кедендік делдалдар, кедендік тасымалдаушылар ретінде жүзеге асыратын, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдердің шеңберінде және уақытша сақтау бойынша кедендік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарды тексеру кезінде;

4) кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тексеру кезінде қолданылуы мүмкін.

2. Осы бапта көрсетілмеген жағдайларда, есеп пен есептілік жүйесін тексеру сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті тексеруді пайдаланумен кедендік бақылауды жүргізу кезінде жүргізілуі мүмкін.

#### 496-бап. Тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу

1. Шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын, тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген тауарларды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары осы Кодекске сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау кезінде тұлғалар беретін мәліметтердің негізінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен және нысандарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын пайдаланатын тұлғалар және осы Кодексте белгіленген өзге де тұлғалар олардың есебін жүргізуге және кеден органдарына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен есептілік ұсынуға міндетті.

#### 497-бап. Үй-жайлар мен аумақтарды қарау

1. Кеден бақылауын жүргізу мақсатында кеден органының лауазымды тұлғалары қызметтік куәлікті көрсету кезінде және кеден органы басшысының жазбаша рұқсат етуі негізінде кеден бақылауына жататын тауарлар мен көлік құралдары, кеден бақылауы үшін қажетті құжаттар болатын не болуы мүмкін аумақ пен үй-жайларға енуге құқығы бар не Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден бақылауында орналасқан тауарларға қатысты қызметті ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Кеден органдарының лауазымды адамдарының енуін қамтамасыз етуден бас тартқан жағдайда, тұрғын үй-жайларын қоспағанда, аумаққа және үй-жайға екі куәгердің қатысуымен қарсылықтың жолын кесу мен жабық үй-жайларды ашу арқылы кіруге құқылы. Үй-жайларға қарсылықтың жолын кесу мен жабық үй-жайларды ашу арқылы кірудің барлық жағдайлары туралы кеден органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етеді. Кеден органдарының лауазымды адамдарының осы аумақ пен үй-жайларына енуге қарсылық көрсеткен тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының жекелеген объектілерге енуінің өзге тәртібі белгіленсе, кеден органдарының лауазымды адамдары көрсетілген объектілерге осы заңнама актілерінде белгіленген тәртіппен енуге құқылы.

4. Кедендік бақылаудағы, оның ішінде шартты түрде шығарылған тауарлардың бар-жоқтығын растау мақсатында жүргізілетін үй-жайлар мен аумақтарды қарау уақытша сақтау қоймаларында, кеден қоймаларында, бажсыз сауда дүкенінің үй-жайларында, сондай-ақ оларда осы Кодекспен көзделген кедендік рәсімдердің немесе кедендік режимдердің шарттарына сәйкес тауарлар болуы тиіс тұлғаларда жүргізіледі. Үй-жайлар мен аумақтарды қарау тауарлардың жоғалғандығы, олардың иеліктен айырылғандығы не осы Кодекспен белгіленген талаптар мен шарттарды бұза отырып өзге де тәсілмен билік етілуі туралы ақпарат болған жағдайда, осындай ақпаратты тексеру үшін, сондай-ақ іріктеулік тексерудің негізінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілмеген тұлғалардың үй-жайлары мен аумақтарын қарауды кеден органдары осындай үй-жайларда немесе аумақтарда Қазақстан Республикасының кедендік аумағына осы Кодекспен көзделген тәртіпті бұза отырып әкелінген тауарлардың бар екендігі туралы ақпарат болған жағдайда, осындай ақпаратты тексеру үшін жүргізеді. Қараудың нәтижелері бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекіткен нысан бойынша акт жасалады, екінші данасы өзінде тексеру жүргізілген т ұ л ғ а ғ а б е р і л е д і .

6. Осы Кодекстің 97, 112, 140, 156, 266-баптарымен белгіленген біліктілік талаптары мен шарттарына сәйкестігіне үй-жайларды және аумақтарды қарауды кеден

органдары жүзеге асырады және ол бойынша орталық кеден органы айқындайтын нысан бойынша қорытынды жасалады.

## 64-ТАРАУ. КЕДЕНДІК САРАПТАМА

### 498-бап. Кедендік сараптаманы тағайындау

1. Кедендік сараптаманың мақсаты Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың сандық және сапалық құрамын анықтау үшін, Сыртқы экономикалық қатынастың тауарлық номенклатурасына сәйкес дұрыс жіктеу үшін зерттеулерді жүргізу болып табылады.

2. Кедендік сараптаманы кеден органдары:

1) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде;

2) алдын ала шешім қабылдау;

3) кеден ісі саласында бұзушылықтарды анықтау кезінде тағайындауы мүмкін.

3. Тауарлар, кедендік және өзге де құжаттардағы тауарлар туралы мәліметтер, кедендік бірегейлендірудің белгілері кедендік сараптамалардың объектілері болып табылады.

4. Кедендік сараптаманы кедендік зертханалардың сарапшылары жүргізеді. Кеден сараптамасын жүргізу үшін:

1) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың сатысында кедендік сараптамаға жолдама;

2) кеден ісі және анықтау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша - кедендік сараптама тағайындау туралы қаулы негіз болып табылады.

Қаулыда немесе жолдамада:

1) кедендік сараптама жүргізу үшін негіздеме;

2) кедендік сараптама жүргізілуі тиіс кеден зертхананың атауы;

3) сарапшының алдына қойылған мәселелер;

4) сарапшының қарауына берілетін материалдар көрсетіледі.

5. Кеден сараптамасын тағайындаған кеден органының лауазымды адамы декларантты кедендік сараптама тағайындау туралы қаулымен немесе жолдамамен таныстыруға, осы Кодекстің 396, 397-баптарында көзделген құқықтар және міндеттерді түсіндіруге міндетті. Қаулыда немесе жолдамада танысқандығы туралы белгі соғылады және декларант қол қояды.

### 499-бап. Кедендік сараптаманы жүргізудің тәртібі

1. Кедендік сараптама егер бұл зерттеу сипаты бойынша не зерттеу



өзектісін сараптауға жеткізу мүмкін болмауына байланысты зертхананың үй-жайында да, одан тысқары жерлерде де өткізіледі. Сарапшы кеден зертханасы бастығының жазбаша өкімі бойынша ғана кедендік сараптаманы жүргізуге кіріседі.

2. Кедендік сараптаманың нәтижесі бойынша сарапшының қорытындысы беріледі.

3. Кедендік сараптаманы кеден зертханаларында жүргізу тәртібін және қорытынды нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекітеді.

500-бап. Сарапшының құқықтары мен міндеттері

1. Сарапшы:

1) кедендік сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша материалдар беру туралы қолдау хат беруге;

2) өзінің құзыретіне енбейтін сұрақтарға жауап беруден бас тартуға;

3) қорытындыға олар бойынша сұрақтар қойылмаған іс үшін мәні бар жағдайлар туралы қорытындыларын енгізуге;

4) кедендік сараптама мәселелері жөнінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға консультациялар беруге құқылы.

2. Сарапшы:

1) кедендік сараптамаға жататын материалдармен танысуға;

2) кедендік сараптамаға ұсынылған тауарлардың сынамалары мен үлгілеріне зерттеу жүргізуге және зерттеулердің нәтижелерін толық, жан-жақты және объективті бағалаудың негізіндегі қорытындыны ұсынуға;

3) іс жүргізуінде немесе қарауында кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бар тұлғаның шақыруы бойынша түсінік беру немесе өзі берген қорытындыны толықтыру үшін жауапқа келуге;

4) кедендік сараптама нәтижесінде алынған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

501-бап. Сарапшының қорытындысы

1. Сарапшы қорытындыны жазбаша нысанда өзінің атынан береді және өзінің қорытындысы үшін дербес жауап береді.

2. Сарапшының қорытындысында өзі жүргізген зерттеулер және қойылған сұрақтарға негізді жауаптары жазылады.

3. Күрделі сараптамалық зерттеулерді жүргізу қажет болатын жағдайларда, кеден зертханасы бастығының шешімі бойынша бір мамандықтағы бірнеше сарапшыға тағайындалған комиссиялық сараптама жүргізіледі. Сарапшылар арасында

келіспеушілік болған кезде, олардың әрқайсысы немесе бір бөлігі жеке қорытынды беруге құқылы.

4. Зерттеулерді өз құзыреттерінің шегінде әр түрлі мамандықтағы сарапшылар жүргізу қажет болатын жағдайда, кешендік сараптама тағайындалады. Әр сарапшы қорытындының зерттеу жүргізген бөлігіне қол қояды.

5. Берілген материалдар бойынша қорытынды беру мүмкін болмаған кезде бас тарту дәлелін көрсете отырып, сарапшы кеден сараптамасын тағайындаған кеден органына бұл туралы жазбаша хабарлайды.

#### 502-бап. Қосымша және қайталама кедендік сараптама

1. Қосымша кедендік сараптама жаңадан ашылған жағдаяттар бойынша тағайындалады. Қосымша кедендік сараптаманы жүргізу бастапқы сараптаманы орындаған сарапшыға немесе басқа сарапшыға тапсырылуы мүмкін.

2. Қайталама кедендік сараптама алдыңғы қорытындыға декларант шағымданған жағдайларда сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін тағайындалады. Қайталама кеден сараптамасын тағайындау кезінде жіберуде немесе қаулыда бұрынғы сараптама нәтижелерімен келіспеу себебі көрсетілуі тиіс.

3. Қайталама кедендік сараптама бойынша жүргізу орталық кеден органы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 503-бап. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу

1. Кеден органдары кеден зертханаларында сараптама жүргізу мақсатында тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуға құқылы.

2. Сынамалар мен үлгілер оларды сынамалар мен үлгілерді іріктеу нормаларын көздейтін нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ең аз мөлшерде алынады. Кедендік бақылаудағы тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу туралы орталық кеден органы белгілеген нысан бойынша акт жасалады.

3. Декларант кеден органдарының лауазымды адамдары тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуы кезінде қатысуға құқылы. Декларант кеден органдарының лауазымды адамдарына тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу кезінде жәрдем көрсетуге, оның ішінде өзінің есебінен сынамалар мен үлгілер алу үшін қажетті жүктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға міндетті.

Декларант болмағанда, тауарлар ұсынылғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң ол келмеген жағдайда, сондай-ақ кейінге қалдыруды күтпейтін жағдаяттар кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін кеден органдары тартып алуы мүмкін. Мұндай жағдайда, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу кезінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу туралы акті жасалу арқылы екі куәгердің қатысуымен

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

4. Мұндай сынамалар мен үлгілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жойылуға немесе кәдеге жаратуға жататын немесе декларанттың ниеті бойынша тауарлардың сынамалары мен үлгілері кеден зертханаларына коллекция үшін берілетін жағдайларды қоспағанда декларантқа қайтарылады.

## 65-ТАРАУ. КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТЕКСЕРУ

504-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып орталық кеден органы белгілеген тәртіппен оның сақталуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының нормаларын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары жүзеге асырады.

2. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру қажет болған жағдайда мемлекеттік органдарды тарта отырып кеден органдары жүргізеді.

505-бап. Кеден ісі саласында қызмет көрсететін тұлғалардың қызметін тексеру

Кеден делдалы, кедендік тасымалдаушы, уақытша сақтау қоймасының, кеден және еркін қойманың, сондай-ақ бажсыз сауда дүкенінің иесі ретіндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тексеру кеден ісі мәселелері жөніндегі өкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып орталық кеден органы белгілеген тәртіппен кеден органдары жүзеге асырады.

506-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру үшін негіздеме

1. Орталық кеден органы және (немесе) кеден басқармасы, кеден берген нұсқама тексеруді жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

2. Нұсқамаға кеден органының басшысы немесе оның орнындағы адам қол қойған, елтаңбалық мөрмен расталған, кеден ісі мәселелері жөніндегі

өкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, орталық кеден органы белгілеген тәртіпке сәйкес арнайы журналда тіркелуі тиіс.

3. Нұсқама Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес прокуратура органдарында тіркелуі тиіс.

4. Кеден органының нұсқамасында мынандай деректемелер болуы тиіс:

- 1) нұсқаманың кеден органында тіркелген күні мен нөмірі;
- 2) нұсқаманы енгізген кеден органының атауы;
- 3) сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушының толық атауы;
- 4) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;
- 5) тексерудің мақсаты;
- 6) кеден органын тексеруші адамдардың лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты;
- 7) тексеру жүргізудің мерзімі.

507-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеруді бастау

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға міндетті түрде қызмет куәлігін көрсете отырып нұсқаманы тапсыру сәті тексерудің басталғаны болып саналады.

2. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген нұсқаманы алудан бас тартуы тексеруді тоқтату үшін негіздеме болып табылмайды.

3. Тексеруді жүргізу кезеңінде кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға тексеру кезеңіндегі тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етілмейді.

508-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексерудің мерзімі және кезеңдігі

1. Нұсқамада көрсетілген кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексерудің мерзімі, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда нұсқаманы тапсырған сәттен бастап отыз жұмыс күнінен а с п а у ы к е р е к .

2. Тексеруді жүргізетін кеден органы қызметінің аймағынан тыс құрылымдық бөлімшелері бар кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру кезінде алпыс жұмыс күніне дейін ұзартылуы м ү м к і н .

3. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексеру мынандай кезеңділікпен жүргізіледі:

1) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтердің барлық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңын сақтауын тексеруден тұратын кешендік - жылына бір реттен жиі емес;

2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан қоспағанда, кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтердің барлық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңын сақтауын тексеруден тұратын тақырыптық - бір және сол мәселе бойынша жарты жылда бір реттен жиі емес.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген шектеулер Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңы негізінде жүргізілетін тексерулерге қолданылмайды.

509-бап. Кеден органы лауазымды адамдарының сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға енуі

1. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушы осы Кодекстің 497-бабына сәйкес кеден органының лауазымды адамдарының аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайларынан басқа) енуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Тексеру жүргізуші кеден органының лауазымды адамдарының көрсетілген аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайларынан басқа) енуін қамтамасыз етуден бас тартқан жағдайда, хаттама жасалады.

3. Хаттамаға екі куәгердің қатысуымен тексеру жүргізетін кеден

органының лауазымды тұлғасы қол қояды.

4. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушының егер:

1) нұсқама тапсырылмаған не белгіленген тәртіппен ресімделмеген;

2) нұсқамада көрсетілген тексерудің мерзімдері басталмаған немесе өтіп кеткен;

3) аталған тұлғалар нұсқамада көрсетілмеген жағдайларда кеден органының лауазымды адамдарының тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға енгізуден бас тартуға құқығы бар.

510-бап. Кеден органдары лауазымды адамдарының сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті тексеруді жүргізу кезіндегі өкілеттігі

1. Сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатынасушылар тексеру жүргізу кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары:

1) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының болуын тексеруге және жүзеге асыруға;

2) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысты құжаттарды тексеруге;

3) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттарды, анықтамаларды, жазбаша және ауызша түсінік берулерді тұлғалардан алуға;

4) тауарлар мен көлік құралдары бар үй-жайларға сүргі салуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды куәландыратын және кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге қызметке қатысты құжаттардың түпнұсқасын алып қоюға, бұл ретте, кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге қызметке қатысушы алып қойылған құжаттардың көшірмелерін жүргізуге құқылы.

2. Алынған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылады.

3. Көрсетілген шаралар кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға алып келуі мүмкін ерекше жағдайларда сүргілеу мен алып қою жүзеге асырылады.

511-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларды тексерудің аяқталуы

1. Тексеру аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды адамдары:

1) тексерудің жүргізілген орнын, акт жасау күнін;

2) тексеру жүргізуші кеден органының лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын;

3) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушының тегін, атын, әкесінің атын не толық атауын;

4) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушының мекен-жайын, банктік деректемелерін;

5) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушының кедендік және бухгалтерлік есептілік, кедендік төлемдер мен салықтар үшін жауапты басшысы мен лауазымды адамдарының тегін, атын, әкесінің атын;

6) мұның алдындағы тексеру мен бұған дейін ашылған Қазақстан Республикасы кеден заңдарын бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы мәліметтерді;

7) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушы

тексеру үшін ұсынған құжаттары туралы мәліметтерді;

8) Қазақстан Республикасы кеден заңдарының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды егжей-тегжейлі сипаттап көрсете отырып акт жасалады.

2. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыға тексеру актісін тапсырған күн тексеру мерзімінің аяқталған күні болып саналады.

3. Егер тексеру аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының кедендік заңдарын бұзу анықталмаған жағдайда, тексеру актісінде тиісті жазба жүргізіледі.

4. Тексеру актісіне құжаттардың көшірмелері, есептер және тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса беріледі.

5. Тексеру актісі тексеруді жүргізуші кеден органының лауазымды адамы қол қойған үш данада жасалады.

6. Тексеру актісі нөмірленген, байлап-қайымдалған және кеден органының мөрімен бекітілген тексеру актілерін тіркеудің арнаулы журналында тіркеледі.

7. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушы тексерудің нәтижелерінің толық немесе ішінара заңды екендігін танудан бас тартқан жағдайда, кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушының басшысы немесе уәкілетті лауазымды адамы тексеру актісіне тиісті жазба жасайды.

512-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерді тексерудің нәтижелері бойынша шешім

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерді тексеру аяқталғаннан кейін тексеру актісінде көрініс тапқан нәтижелердің негізінде кеден органы орталық осы Кодекстің 376-бабында көзделген нысанда кедендік төлемдер мен салықтардың және өсімдердің есептелген сомалары туралы хабарлама шығарады.

2. Хабарлама осы Кодекстің 376-бабында көзделген тәртіппен кеден ісі

саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушыларға жіберіледі.

3. Кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімдердің есептелген сомалары туралы хабарлама алған кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушы оны осы Кодекстің 376-бабында белгіленген мерзімде.

4. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушы осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімде тексерудің нәтижелері не шағымдануға құқылы.

## 66-ТАРАУ. ҚАТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

### 513-бап. Жалпы ұғымдар және қатерді басқаруды қолданудың мақсаттары

1. Қатер - мемлекет үшін шығындарға, ысыраптарға және залалға әкеліп соқтыруы мүмкін Қазақстан Республикасының кедендік заңдарын сақтамаудың ықтималдық дәрежесі.

Қатерді бағалау - қатердің деңгейін бағалау және алдын ала айқындалған стандарттармен салыстыру жолымен қатерді басқарудың басымдықтарын жүйелі түрде анықтау.

Қатерді басқару - қатердің алдын алу үшін бақылаудың әдістерін айқындауға мүмкіндік беретін алдын алу шараларын қолдану техникасы.

### 2. Қатерді басқаруды қолданудың мақсаттары:

1) жоғары қатер салаларына назар аудару және демек, қолда бар

ресурстардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау жөніндегі мүмкіндіктерді арттыру;

3) Қазақстан Республикасының кедендік заңдарын сақтайтын сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

### 514-бап. Қатерлер санаттары

Қатерлер санаттары:

1) тауарлардың түрі;

2) Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес тауарлардың коды;

3) тауарлар шыққан ел;

4) тауарлар жөнелтілетін ел;

5) тауарлар тағайындалған ел;

6) көлік құралы;

7) кедендік құн;

8) тауарларды өткізудің бағыты;

9) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы;

10) кедендік ресімдеу үшін көрсетілген құжат болып табылады.

### 515-бап. Қатерді бағалау және басқару жөніндегі кеден органдарының қызметі



1. Орталық кеден органы олар бойынша тексеру жүргізудің сатысында тұрған, сондай-ақ олар бойынша іс жүргізушілік шешім қабылданған құқық бұзушылықтардың барлық фактілерін қоса алғанда, кеден ісі саласында жасалған құқық бұзушылықтар туралы статистикалық және жедел ақпаратты жинауды, жалпылауды және талдауды жүргізеді.

2. Орталық кеден органы осы Кодекстің 516-бабының 1-5-тармақтарында көрсетілген өлшемдердің негізінде қатерлер көрсеткіштерінің тізбелерін белгілейді.

3. Қатер көрсеткіштерінің белгіленген тізбелерін кеден органдары жоғары назар аудару объектілерін іріктеуге арналған кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде пайдаланады және тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілуін шектеу үшін негіздеме болып табыла алмайды. Осы тізбелер құпия ақпарат болып табылады.

4. Кеден басқармалары мен кедендердің ұсынысы бойынша қалыптасқан

жедел жағдайды ескере отырып, қатер көрсеткіштерінің тізбесі олардың қолданылуының барлық уақыты ішінде өзгеруі мүмкін.

516-бап. Қатер көрсеткіштерін айқындаудың өлшемдері

1. Тауарлардың түрлері:

1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізудің неғұрлым жиі нысанасы болып табылатын;

2) қоршаған ортаның көрсеткіштеріне қарай физикалық көлемін өзгерту қасиеті бар.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарларлық номенклатурасына сәйкес тауарлардың кодтары:

1) оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен тарифтік емес реттеу шараларын қолдану көзделген;

2) акциз салуға жататындар;

3) кедендік төлемдердің мөлшерлерін төмендету, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан жалтару үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Оларға қатысты тарифтік преференциялар көзделген тауарлардың шыққан елдері.

4. Тауарлар жөнелтілетін елдер:

1) оларға қатысты тарифтік преференциялар көзделген;

2) наркотрафиктердің, сондай-ақ террористік көріністердің көздері болып табылатын.

5. Оффшорлық аймақтары бар тауарлар жөнелтілетін елдер.

6. Көлік құралдары:

1) зауыттықтардан ерекше конструктивтік өзгерістері немесе өңдеулері

бар;

2) олардың іс жүзіндегі иелері болып табылмайтын адамдар өткізетін;

3) бұрын тауарларды заңсыз өткізу үшін пайдаланылған.

7. Кедендік құн:

1) оны растайтын коммерциялық құжаттар ұсынылмастан мәлімделген;

2) сенімділігі күдік туғызатын коммерциялық құжаттардың негізінде мәлімделген (құжаттардың ксеро көшірмелері, сатушының және (немесе) сатып алушының деректемелері жоқ құжаттар, Қазақстан Республикасының шекара маңындағы өткізу пункттерінің де, шекаралас мемлекеттердің кедендік қызметтерінің де кедендік бақылау жүргізгендігі туралы белгілері жоқ

құжаттар);

3) кеден органдары осы Кодекстің 333-бабында көзделген кеден құнын айқындау әдістері негізінде белгілеген кедендік құннан неғұрлым төмен болып табылатын.

8. Тауарларды өткізудің бағыттары:

1) қолайлылардан қашықтығы бойынша немесе жолдың жағдайы бойынша ерекшеленетін;

2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізуді жүзеге асыру үшін неғұрлым жиі пайдалынатын.

9. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар:

1) бірінші рет экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыратын;

2) Тауарлардың коммерциялық партияларын өткізетін жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының салық органдарында жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелмегендер;

3) жоғары мөлшердегі қатер санатына жатқызылғандар.

10. Кедендік ресімдеу үшін ұсынылатын жеңілдіктерді немесе тарифтік преференцияларды пайдалану құқығын растайтын құжаттар.

517-бап. Ең аз және ең жоғарғы мөлшердегі қатер санаттарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларын айқындау

1. Ең аз мөлшердегі қатер санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларын айқындау тәртібі кеден басқармалары мен кедендердің өзін-өзі реттейтін кеден ісі саласындағы ұйымдармен бірігіп әзірленген ұсыныстардың

негізінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы бекітеді.

2. Кеден басқармалары мен кедендер бір жыл ішінде тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеуге байланысты жауаптылыққа әкеп соқтырған кеден ісі саласында екі және одан артық құқық бұзушылық жасаған кезде не осы кезең ішінде кеден ісі саласындағы жасалған құқық бұзушылықтар саны олар осы кезеңде ресімдеген жүк кеден декларацияларының жалпы санының бес пайызынан асып кетсе, ең жоғарғы мөлшердегі қатер санатына сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны жатқызады.

3. Кеден басқармалары мен кедендер осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес ең аз мөлшердегі қатер санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметтің қ а т ы с у ш ы л а р ы н а й қ ы н д а й д ы .

4. Орталық кеден органы ай сайын барлық кеден органдарына ең аз және ең жоғарғы мөлшердегі қатер санаттарына жатқызылған сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының жинақталған тізілімін жібереді. Бұл ретте, ең аз және ең жоғарғы мөлшердегі қатер санаттарына жатқызылған сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының тізілімі тек кеден мақсаттарына ғана пайдаланылады және құпия б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Кеден органдары осы баптың 4-тармағында көрсетілген тізілімдердің негізінде ең аз мөлшердегі қатер санаттарына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларына барынша кедендік қолайлылық режимін, ең жоғарғы мөлшердегі қатер санаттарына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларына ерекше кедендік бақылау режимін қолданады.

Ең аз және ең жоғарғы мөлшердегі қатер санаттарына жатқызылған сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының тізіліміне енгізілмеген басқа сыртқы экономикалық қызметтің қатысушысына осы Кодексте белгіленген жалпы кеден р э с і м д е р і қ о л д а н ы л а д ы .

6. Ең жоғарғы мөлшердегі қатер санатына жатқызылған тұлғаның сұрау салуы бойынша кеден органдары мұндай айқындаманың негіздемесін ұсынады. Тұлға кеден органының өзін ең жоғарғы мөлшердегі қатер санатына қосу туралы шешіміне шағымдана алады.

518-бап. Ең жоғары кедендік қолайлылық режимі

1. Ең жоғары кедендік қолайлылық режимі:

1) тауарларды жеткізілетін жеріне дейін кедендік қамтамасыз етудің шараларын қолданбастан жеткізуді;

2) алушының қоймаларында тауарларды уақытша сақтауды;

3) партиядағы тауарларды іріктеулік тексеруді не тауарлардың іріктеулік партияларын тексеруді жүргізуді;

4) тауарларды бірінші кезектегі тәртіппен кедендік ресімдеуді

жүргізуді;

5) осы Кодекстің 397-бабына сәйкес кедендік ресімдеудің арнайы рәсімдерін қолдануды;

б) кеден ісі мәселесі бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайтын өзге де преференциялық рәсімдерді қамтиды.

2. Ең аз мөлшердегі қатер санатының сыртқы экономикалық қызметке қатысушысының жазбаша өтініші сәйкестігін тексеруді бастау үшін негіздеме болып т а б ы л а д ы .

3. Тексеру өтініш берілген күннен бастап бір айдың ішінде жүзеге асырылады.

4. Ең аз мөлшердегі қатер санатының сыртқы экономикалық қызметке қатысушысы сәйкес деп танылған кезде тексеру жүргізген кеден органы орталық кеден органын ақпараттандыру жолымен тиісті тізілімге сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны қ о с а д ы .

5. Кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық ең аз мөлшердегі қатер санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушы оны бұл санатқа сәйкестіктен алып тастайтын дәлелді жолсыздық жасаған жағдайда, жолсыздықты анықтаған кеден органы бұл туралы аталған тұлғаны тиісті тізілімнен алып тастау үшін орталық кеден органын к е ш і к т і р м е й х а б а р д а р е т е д і .

6. Мейлінше кедендік қолайлылық режимін негізді себептер бойынша қайтарып алу бір жылдың ішінде өтінішті қайталап беру мүмкіндігін жоққа шығарады.

7. Тауарлардың мейлінше кедендік қолайлылық режимінде тауарлардың

өткізілуіне кедендік бақылау сыртқы экономикалық қызметке тексеруді жүзеге асыру жолымен жүзеге асырылады.

8. Мейлінше кедендік қолайлылық режимі кеден органдарының кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтың жасалғаны немесе дайындалып жатқандығы туралы ақпарат немесе күдік болған жағдайда кедендік бақылаудың кез-келген нысанын пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

519-бап. Ерекше кедендік бақылау режимі

1. Ерекше кедендік бақылау режимі:

1) тек кедендік алып жүруді қолдана отырып автомобиль көлігі мен тауарлар жеткізуді;

2) осы Кодекстің 103-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда кедендік ресімдеу аяқталғанға дейін тауарларды уақытша сақтау қоймасында міндетті о р н а л а с т ы р у д ы ж әне с а қ т а у д ы ;

3) тауарларды толық тексерудің басым жүргізілуін;

4) кезендік декларациялаудың рәсімін қолдануды жокқа шығаруды қамтиды.

2. Ең жоғарғы мөлшердегі қатер санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының тізілімдерінен алып тастауды кеден органдары оны тиісті тізілімге енгізгеннен кейін алты айдың ішінде тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеуге байланысты жауаптылыққа әкеп соқтырған кеден ісі саласындағы бірде-бір құқық бұзушылық жасамауы, не осы кезең ішінде кеден ісі саласындағы жасалған құқық бұзушылықтардың саны осы кезеңде ресімдеген жүк кеден декларацияларының жалпы санының бес пайызынан асып кетпеуі шарты кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушының өтінішінің негізінде жүргізеді.

## 67-ТАРАУ. КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

520-бап. Кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарынан босату

1. Кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолданудан босату тек осы Кодекспен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен онымен бірге жол жүретін оның отбасы мүшелерінің жеке қол жүктері кедендік тексеруге жатпайды.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің, Қазақстан Республикасының Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының жеке қол жүгі, егер көрсетілген адамдар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өздерінің тиісті депутаттық немесе қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты өтсе, кедендік тексеруден босатылады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгедей көзделмесе, өздігінен жол жүретін шетелдік әскери кемелер, әскери әуе кемелері мен әскери техника кедендік тексеруден босатылады.

521-бап. Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдарының тұлғалар туралы ақпарат жинауы

1. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында кеден органдары Қазақстан Республикасы кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізумен байланысты сыртқы экономикалық қызметті, не кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік

қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпараттарды, тіркелуі, мекен-жайы туралы деректерді, сондай-ақ азаматтардың жеке деректерін, атап айтқанда, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, жынысы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы туралы деректерді жинауды жүзеге асыруға құқылы.

2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың кеден органдарындағы өздері туралы құжатталған ақпаратпен танысуға және оның толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында бұл ақпаратты нақтылауға құқығы бар.

3. Тұлғалар туралы ақпарат жинауды кеден органдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты салық органдарынан, ішкі істер органдарынан, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдардан алу жолымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен тиым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырады.

#### 522-бап. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде техникалық құралдарды пайдалану

Кедендік бақылау жүргізу уақытын қысқарту және оның оңтайлылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында кеден органдары тізбесі мен қолдану тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейтін техникалық құралдарды пайдалануы мүмкін.

Көрсетілген техникалық құралдар адамның, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және адамдарға, тауарларға және көлік құралдарына зиян келтірмейтін болуы тиіс.

#### 523-бап. Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органдарының кемелерін пайдалану

1. Қазақстан Республикасының аумақтық теңізі мен ішкі суларының шектерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына жақын орналасқан аумақта тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау кеден органдарының су және әуе кемелерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2. Теңіз, өзен және әуе кемелерін пайдалана отырып кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органдары:

1) көлік құралында кедендік бақылауға жататын тауарларды заңсыз өткізудің белгілері анықталған жағдайда, көлік құралын тоқтатуға және оған тексеру жүргізуге;

2) анықтау органдары ретіндегі кеден органдарының құзыретіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа жататын қылмыс жасаған көлік құралындағы адамдарды ұстауға;

3) егер ізіне түсу Қазақстан Республикасының ішкі суларында, аумақтық теңізінде бұл сигналды көруге немесе естуге мүмкіндік беретін қашықтықтан тоқтау туралы көру немесе есту сигналы берілгеннен кейін басталса және үзіліссіз жүрсе, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан кеден органдарының рұқсатынсыз Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына жақын орналасқан аумаққа аттанған су кемелерін олар өз елінің немесе үшінші мемлекеттің аумақтық теңізіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінің шегінен тысқары жерлерде ізіне түсуге ж ә н е ұ с т а у ғ а ;

4) кеден ісі саласында құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес оларды алу үшін ұстауға;

5) осы Кодексте көзделген жағдайларда, көлік құралдарын, соның ішінде оларға кеден органдарының лауазымды адамдарын орналастыра отырып алып жүруге құқылы.

3. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде кеден органдары кемелерінің э к и п а ж д а р ы н а :

1) олардың тиістілігі мен арналуына қарамастан Қазақстан Республикасының су және әуе кеңістігін, Қазақстан Республикасының аумағындағы теңіз және өзен порттарының айдындарын, сондай-ақ әуежайларды, әуеайлақтарды (қону алаңдарын) п а й д а л а н у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен келісілген тәртіппен портқа кіруге және порттан шығуға;

3) навигациялық, гидрометеорологиялық, гидрографикалық және кеден органдарына жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де ақпаратты алуға қ ұ қ ы қ т а р б е р і л е д і .

524-бап. Тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін жүктік және кедендік бақылау үшін қажетті өзге де операциялар

1. Декларант, қойманың иесі, кеден делдалы және тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлға кеден органының талабы бойынша тауарларды тасымалдауды, өлшеуді немесе мөлшерін өзге де анықтауды, кедендік бақылауға жататын тауарларды тиеуді, түсіруді, қайта тиеуді, бүлінген орамды түзетуді, орамды ашуды, сондай-ақ үй-жайларды, ыдыстарды және мұндай тауарлар бар немесе болуы мүмкін басқа да о р ы н д а р д ы а ш у ғ а м і н д е т т і .

2. Тасымалдаушы өзі тасымалдайтын тауарлармен және көлік құралдарымен жүктік және өзге де операциялардың жүргізілуіне ықпал етуге міндетті.

3. Тауарлармен және көлік құралдарымен жүретін жүктік және өзге де операциялар кеден органы үшін қандай да бір қосымша шығындарға әкеп соқтырмауы тиіс.

525-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын, үй-жайларды және басқа да орындарды бірегейлендіру

1. Көлік құралдарын, үй-жайларды, ыдыстарды және кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары бар және болуы мүмкін басқа да орындар мен оны бақылау кеден органдарына жүктелетін қызмет жүзеге асырылатын орындарды, сондай-ақ кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын кеден органдары бірегейлендіреді.

2. Бірегейлендіру пломбылар, мөрлер салу, сандық, әріптік және өзге де маркілеу, бірегейлендіру белгілерін салу, мөртаңбалар қою, сынамалар мен үлгілер алу, тауарларды егжей-тегжейлі сипаттап жазу, сызбалар жасау, масштабтық бейнелер, фотосуреттер, иллюстрациялар жасау, тауарға ілеспе және өзге де құжаттаманы пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

3. Бірегейлендіру құралдарын қолдану мен дайындаудың тәртібін, сондай-ақ олардың стандарттарын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілейді. Кедендік мақсаттарға арналған бірегейлендіру құралдары ретінде пломбылар, мөрлер немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетелдік мемлекеттердің кеден органдары салған өзге де бірегейлендіру құралдары танылуы мүмкін.

4. Бірегейлендірудің құралдары, егер тауарлар мен көлік құралдарының жойылуының, қайтарымсыз жоғалуының немесе елеулі түрде бүлінуінің нақты қаупі болса, тек кеден органдары немесе олардың рұқсатымен ғана өзгеруі, алынып тасталуы немесе жойылуы мүмкін. Кеден органына бірегейлендіру құралдарының өзгерістері, алынып тасталуы немесе жойылуы туралы тез арада

хабарланады және көрсетілген қатердің бар екендігіне айғақ беріледі.

526-бап. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын түгендеу

Кеден органдары кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына, сондай-ақ оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтар төленбеген немесе кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бөлігінде жеңілдіктер берілген тауарларға кез-келген уақытта түгендеу жүргізуге құқылы.

527-бап. Тұлғалардың кедендік бақылау жүргізу уақытының ең қысқа кезеңі туралы талаптарды сақтауы

Тұлғалар кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті уақыттың ең қысқа кезеңі туралы талаптарды сақтауға міндетті. Тұлғаға өзінің мұндай талаптарды сақтамауының салдарынан келтірілген зиян орнын толтыруға жатпайды.

528-бап. Кедендік бақылау жүргізген кезде заңсыз зиян келтіруге жол бермеушілік



Кедендік бақылауды жүргізу кезінде тасымалдаушыға, декларантқа, олардың өкілдеріне, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының, еркін қоймалардың иелеріне, бажсыз сауда дүкендерінің иелеріне және кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдарының әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) және шешімдерімен мүдделері қозғалатын өзге де тұлғаларға, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарына заңсыз зиян келтіруге жол берілмейді.

15-БӨЛІМ. ВАЛЮТА ЖӘНЕ ЭКСПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ  
68-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ОРГАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
529-бап. Кеден органы валюталық бақылау органы ретінде

1. Кеден органы валюталық бақылау органы болып табылады және өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес валюталық реттеуді жүзеге асырады.

2. Орталық кедендік орган кеден органының функциялары мен өкілеттіктерін анықтайды, өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес валюталық бақылау саласында нормативтік құқықтық актілер шығарады.

530-бап. Кеден органының валюталық бақылау саласындағы құзыреті

1. Валюталық реттеу нормаларын сақтау мақсатында кеден органы тұлғалардың тауарларды өткізу және осы тұлғалардың өз міндеттерін орындау бөлігінде валюталық бақылауды жүзеге асырады.

2. Орталық кеден органы Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеудің негізгі органына ұсыныстар енгізу арқылы экспорттық-импорттық операцияларды валюталық бақылауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды жетілдіреді.

531-бап. Кеден органының валюталық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі өкілеттіктері

Кеден органдары валюталық бақылауды жүзеге асырған кезде:

1) сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларының валюталық заң нормаларын сақтауы бойынша тексеру жүргізуге;

2) мемлекеттік органдардан, банктерден және өзге де ұйымдардан сыртқы экономикалық мәмілелерді жасау және міндеттемелердің атқарылуы туралы ақпаратты

қамтитын, оның ішінде банктік және коммерциялық құпияны құрайтын құжаттар мен мәліметтерді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сұратуға және алуға;

3) анықталған валюталық бұзушылықтарды жою туралы талаптар (жазбаша

өкім) жіберуге;

4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тұлғаларды жауапкершілікке тартуға құқылы.

532-бап. Кеден органдары валюталық бақылауды жүзеге асырған кезде анықтаған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

Кеден органдары валюталық бақылауды жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын бұзушылықтар анықталған кезде тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

## 69-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУҒА ЖАТАТЫН ӨНІМДЕРДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ

533-бап. Кеден органы экспорттық бақылау органы ретінде

1. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде экспорттық бақылау саласындағы реттеуді жүзеге асырады.

2. Орталық кеден органы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығару жолымен кеден органдарының функциялары мен өкілеттіктерін анықтайды.

534-бап. Кеден органдарының экспорттық бақылау саласындағы құзыреті

1. Кеден органдары экспорттық бақылауға жататын тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы әкелінуі мен әкетілуін кедендік бақылауды жүзеге асырады.

2. Кеден органдары экспорттық бақылау саласындағы нормативтік

құқықтық базаны қалыптастыруға қатысады экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізілуін алдын алады және жолын кеседі.

535-бап. Ақпараттың құпиялылығын сақтау

Экспорттық бақылауды жүзеге асыруға өкілеттік берілген кеден органдарының лауазымды тұлғалары сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларынан және өзге де уәкілетті органдардан өздері алған ақпараттың

құпиялылығын сақтауға міндетті.

536-бап. Кеден органдары экспорттық бақылауды жүзеге асырған кезде анықталған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңдарын бұзған жағдайда тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

16-БӨЛІМ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІККЕ АЙНАЛДЫРУ

70-ТАРАУ. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІККЕ АЙНАЛДЫРУ

537-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекеттік меншікке айналдыру  
Тауарлар мен көлік құралдары мемлекеттің меншігіне:

- 1) кедендік іс саласында құқық бұзушылық туралы істер бойынша тәркілеу қолданған кезде сот шешімінің;
- 2) мемлекеттің пайдасына тауардан бас тарту кеден режимінде ресімделген кедендік декларацияның және тауарларды немесе көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісінің негізінде айналдырылады.

538-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын сот шешімі бойынша мемлекеттік меншікке айналдыру тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдары егер олар кедендік іс саласында құқық бұзушылықтар бойынша, сот шешімі күшіне енген күннен бастап мемлекеттің меншігіне айналады.

2. Кеден органы сот шешімінің негізінде қабылдап алу-беру актісі бойынша тәркіленген тауарларды немесе көлік құралдарын уәкілетті органға береді.

539-бап. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тарту кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекеттік меншікке айналдыру тәртібі

1. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізген тұлға мемлекеттің пайдасына тауардан бас тарту кеден режимінде ресімделген кедендік декларацияны кеден органына мәлімдейді және ұсынады.

2. Мемлекеттің пайдасына тауардан бас тарту кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдары кедендік декларация және қабылдап алу-беру актісі бойынша тауарларды немесе көлік құралдарын уәкілетті органға берген сәттен бастап мемлекеттің меншігіне айналады.

71-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕНШІГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА БИЛІК ЕТУ ТӘРТІБІ

540-бап. Мемлекеттің меншігіне айналған тауарлар мен көлік құралдарына

## билік ету

Мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарына

билік ету Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіпте және шарттарда жүргізіледі.

541-бап. Мемлекеттің меншігіне айналған тауарлар мен көлік құралдарына билік ету тәсілдері

1. Тауарлар мен көлік құралдарына билік ету оларды іске асыру, жою немесе кәдеге жарату жолымен жүргізіледі.

2. Тауарлар мен көлік құралдарын жою немесе кәдеге жарату егер тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамаларында өзгеше көзделмеген жағдайда, тауарды өткізетін тұлғаның есебінен, егер ол тұлға белгіленбесе - меншік иесінің немесе иесінің есебінен, ал олар болмаған кезде - мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

542-бап. Сот шешімі бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарын сату

1. Мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарын сату сот шешімі күшіне енген сәттен бастап жүзеге асырылады.

2. Көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын сату Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

543-бап. Мемлекеттің пайдасына тауарлардан бас тарту кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын сату

1. Кеден органы мемлекеттің пайдасына тауарлардан бас тарту кеден режимінде ресімделген кедендік декларацияға және тауарлар мен көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісіне сәйкес көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын қабылдап алу-беру актісі ресімделген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тапсырады.

2. Мемлекеттің пайдасына тауарлардан бас тарту кеден режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын сатуды уәкілетті орган жүзеге асырады.

544-бап. Мемлекеттің меншігіне айналған тауарлар мен көлік құралдарын сатудан түскен қаражаттар

Мемлекеттің меншігіне айналған тауарлар мен көлік құралдарын сатудан

түскен қаражат тиісті бюджетке түседі.

17-БӨЛІМ. ШАҒЫМДЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ ОЛ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ  
72-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ШЕШІМІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ,  
КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ (   
ӘРЕКЕТСІЗДІГІ)

545-бап. Шағымдану құқығы

1. Кез келген тұлға, сондай-ақ олардың уәкілетті өкілдері, кеден органының әрекетіне (әрекетсіздігіне), кеден органының лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне), егер осындай шешімімен және әрекетімен (әрекетсіздігімен) осы тұлғаның құқықтары және мүдделері бұзылса, оларды іске асыруға кедергілер немесе заңсыз қандай-да болмасын міндет жүктелсе шешімді шағымдануға құқығы бар.

2. Кеден органдарының кеден органдарына оның ішінде жоғарыда тұрған кеден органына не кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) сотқа өтінім жасау арқылы іске асыруы мүмкін.

3. Орталық кеден органы шығарған кеден саласындағы нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шағымданыла алады.

4. Сотқа жіберілетін шағымды беру, қарау және шешу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес анықталады.

546-бап. Шағым беру тәртібі

1. Кеден органы лауазымды тұлғасының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым лауазымды тұлға қызмет ететін кеден органына, ал кеден органы басшысының шешіміне, әрекетіне немесе (әрекетсіздігіне) - жоғары тұрған мемлекеттік органға, не кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

2. Егер берілген шағым жоғары тұрған кеден органының қарауына жататын болса, кеден органы оны растайтын материалдармен және шағым бойынша қорытындымен, шағым берген тұлғаның хабарламасымен бірге оның түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жоғары тұрған кеден органына жібереді.

3. Шағымды тікелей жоғары тұрған кеден органына берген кезде, осы орган ол түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оның немесе шағым берілген лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым бойынша растайтын материалдарды және қорытындыларды кеден органынан сұратады.

547-бап. Шағым беру мерзімі

1. Кеден органының шешіміне, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетіне (

әрекетсіздігіне) шағым 1 жылға дейінгі мерзімде берілуі мүмкін:

1) тұлғаға кеден ісі саласында оның құқығының бұзылуы, оларды іске асыруға кедергілер жасауы не Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында көзделмеген қандай да болмасын міндеттемелерді жүктеу туралы белгілі күнінен бастап;

2) кеден органы немесе осы органның лауазымды тұлғасы Қазақстан

Республикасының кеден заңдарында көзделген шешімдерді қабылдау үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап.

2. Орынды себеп бойынша жіберілген шағым беру мерзімін шағымданған тұлғаның жазбаша өтінішінің негізінде шағымды қарауға құқық берілген орган қалпына келтіре алады.

548-бап. Шағымның нысаны және мазмұны

1. Шағым жазбаша түрде беріледі.

2. Шағымда мыналар:

1) кеден органының атауы немесе кеден органы лауазымды тұлғасының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер олар белгілі болса), шағымданатын адамның шешімі, ә р е к е т і ( ә р е к е т с і з д і г і );

2) шағым беретін тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты, оның тұратын орны немесе о р н а л а с қ а н о р н ы ;

3) кеден органының шағымданатын шешімінің мәні, кеден органы лауазымды тұлғасының ә р е к е т і ( ә р е к е т с і з д і г і );

4) оның негізінде тұлға кеден органының шағымданатын шешімімен, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетімен (әрекетсіздігімен) оның құқығы бұзылған, оларды іске асыруға кедергілер жасалған не заңсыз қандай да болмасын міндеттер жүктелген д е п е с е п т е й т і н ж а ғ д а й л а р ;

5) шағым беретін тұлғаның немесе оның өкілінің қолы;

б) кеден органы шешімдерінің, кеден органы лауазымды тұлғасы

әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңсыздығын растайтын құжаттар және (немесе) материалдар көрсетілуі тиіс.

549-бап. Шағым берудің салдарлары

Шағым беру шағымды қарайтын жоғары тұрған кеден органы немесе кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган кеден органының шағымданатын шешімі немесе кеден органы лауазымды тұлғасының әрекеті Қазақстан Республикасының кеден заңдарының нормаларына сәйкес келмейді деп ұйғаруға жеткілікті негізі болған жағдайды қоспағанда, кеден органының немесе кеден органы лауазымды тұлғасының шағымданатын шешімін немесе

әрекетін (әрекетсіздігін) орындауды тоқтатпайды.

## 73-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЖӘНЕ КЕДЕН ОРГАНЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ

### ӘРЕКЕТІН (ӘРЕКЕТСІЗДІГІН) ШЕШІМІНЕ ШАҒЫМДЫ ҚАРАУ

#### 550-бап. Шағымды қарайтын органдар

1. Кеден органы шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды бағынушылық тәртіппен жоғары тұрған кеден органы немесе кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қарайды.

2. Кеден органы лауазымды тұлғасының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды осы лауазымды тұлға қызмет ететін кеден органы, ал кеден органы басшысының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) - жоғары тұрған кеден органы, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қарайды.

3. Кеден органының атынан шағым бойынша шешімді осы кеден органының басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қарайды. Бұл ретте шағымдарды қарауды шешім қабылдаған, әрекет (әрекетсіздік) жасаған кеден органының лауазымды тұлғасы немесе оған қарағанда төмен тұрған лауазымды тұлға жүргізе алмайды.

4. Белгіленген тәртіппен берілген тұлғаның шағымы түскен күні тиісті органда міндетті тіркеуге жатады.

#### 551-бап. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз

1. Шағымды қарайтын жоғары тұрған кеден органы, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мынадай:

1) белгіленген шағымдану мерзімі сақталмаған және кешірімді себеп бойынша өтіп кеткен жағдайларды қоспағанда, тұлға өткен мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішпен не өткен мерзімін қалпына келтіру кейінге қалдырылғандығы туралы өтінішпен өтініш жасамаған;

2) шағымға қол қойылмаған немесе тиісті түрде өз өкілеттіктерін растамаған тұлға немесе оның өкілі қол қойған;

3) шағымның нысаны немесе мазмұны туралы талаптар сақталмаған;

4) шағымның мәні кеден ісі саласында құқық өкілеттілігі жоқ өзге органның шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) болып табылған жағдайда шағымды қарауға қабылдамайды.

2. Жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылатын жағдайлар келтірілмеген қайта берілген шағымдар егер ол бойына егжей-тегжейлі материалдар бар болса және шағым берген тұлғаға белгіленген тәртіппен жауап берілген жағдайда қарауға жатпайды.

3. Шағымды қарауға қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама бас тарту себептері көрсетіле отырып оның тіркелген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде шағым жасаған

т ұ л ғ а ғ а

ж і б е р і л е д і .

552-бап. Шағымды қайтарып алу

1. Шағым берген тұлға, кез келген сатысында шағым бойынша шешім қабылданғанға дейінгі кез келген сәтте қайтарып ала алады.

2. Қайтарып алу шағымды қайтарып алуға негіз болған дәлелдерді көрсете отырып, ж а з б а ш а н ы с а н д а р е с і м д е й д і .

553-бап. Шағым қарау мерзімдері

1. Шағымды қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді талап ететін шағымдарды қоспағанда, жоғары тұрған кеден органы, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қарауы және ол бойынша шешім қабылдауы тиіс.

2. Қосымша зерделеуді және (немесе) тексеруді талап ететін шағым түскен күнінен бастап бір айға дейінгі мерзімде қаралуы тиіс.

554-бап. Шағым бойынша шешім

1. Шағымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған кеден органы немесе кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) кеден органының немесе кеден органы лауазымды тұлғасының шешімін, әрекетін (әрекетсіздігін) заңды деп таниды;

2) кеден органының немесе лауазымды тұлғаның шешімін, әрекетін (әрекетсіздігін) толық немесе ішінара заңсыздығын таниды.

2. Егер шағымды қарайтын кеден органы немесе кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган оны қажетті деп санаса, онда бір шағым бойынша бірін бірі алып тастамайтын осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бірнеше ш е ш і м қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

3. Егер кеден органының немесе оның лауазымды тұлғасының шағымданатын шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) заңсыз деп танылған жағдайда, шағымды қарайтын орган кеден органы немесе оның лауазымды тұлғасы қабылдаған шешімді толығымен немесе ішінара күшін жояды және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның құзыретінің шегінде жаңа шешім қабылдауға міндеттейді.

4. Шағымды қарайтын орган кеден органының лауазымды тұлғасы заңсыз шешім, әрекет (әрекетсіздік) жасаған немесе осы тұлға өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда лауазымды тұлғаны тәуіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар



қолданады.

5. Шағымды қарайтын жоғары тұрған кеден органының немесе кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шешімі жазбаша түрде қабылданады және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) шағымды қараған органның атауы;
- 2) шағым бойынша шешім қабылдаған органның лауазымды тұлғасының қызметі, тегі және аты-жөні;
- 3) шағым жасаған тұлғаның тегі және аты-жөні немесе атауы;
- 4) шағымның қысқаша мәні;
- 5) шағым бойынша қабылданған шешім;
- 6) қабылданған шешімнің дәлелдемелері және негіздері;
- 7) кеден ісі саласында бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаға қатысты қолданылған шаралар;
- 8) қабылданған шешімдерді шағымдану тәртібі туралы мәліметтер.

6. Осы Кодекстің 553-бабында белгіленген мерзімдерде шағым берген тұлғаға шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімінің көшірмесі жіберіледі.

555-бап. Шағымды қараудың аяқталуы

Тұлғаның шағымын қарау шағымды қарайтын орган онда қойылған мәселелерді шешкен, қажетті шаралар қабылдаған және жазбаша жауап берген кезде аяқталған болып есептеледі.

#### 74-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІН, КЕДЕН ОРГАНЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН (ӘРЕКЕТСІЗДІГІН) ШАҒЫМДАНУДЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТӘРТІБІ

556-бап. Кеден органының шешімдерін, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданудың жеңілдетілген тәртібі

1. Тұлға жеңілдетілген тәртіппен кеден органының шешімін жоғары тұрған кеден органының басшысына, ал кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетін (әрекетсіздігін) - кеден органының басшысына немесе әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданатын лауазымды тұлға қызмет ететін оны алмастыратын тұлғаға шағымдануға құқылы.

2. Егер өткізуге байланысты тауарлар мен көлік құралдарының құны шешім қабылданған, тұлға шағымданған әрекет жасалған немесе әрекетсіздік орын алған, сондай-ақ тұлғаның пікірінше жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шығындарға әкеп соқтырған өзге әрекеттер жасалған жағдайда кеден органының шешімі, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдануы мүмкін.

3. Кеден органының шешіміне, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды жеңілдетілген тәртіппен қарау және ол бойынша шешім қабылдау осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде шағым беру үшін к е д е р г і б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

557-бап. Жеңілдетілген тәртіппен шағымдану және шешім қабылдау тәртібі

1. Кеден органының шешімін, кеден органы лауазымды тұлғасының әрекетін (әрекетсіздігін) шағымданудың жеңілдетілген тәртібі тұлғаның кеден органының басшысына жазбаша шағыммен өтініш жасауынан тұрады.

2. Жеңілдетілген тәртіппен берілген шағым тез арада қарауға жатады

және ол бойынша шешім шағым берілген күні қабылдануы тиіс.

3. Шағымды қарайтын кеден органының басшысы жеңілдетілген тәртіппен шағымды қараған кезде шағым жасаған тұлға туралы мәлімет, шағымның қысқаша мазмұны және қабылданған шешім көрсетілетін жеңілдетілген тәртіппен шағымды қарау туралы акті жасайды.

4. Шағымды қарау туралы актіге шағымды қараған кеден органының басшысы және шағым жасаған тұлға қол қояды. Шағымды қарау туралы актінің көшірмесі шағым жасаған тұлғаға беріледі.

18-БӨЛІМ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ ТӘРТІБІ

76-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ ТӘРТІБІ

558-бап. Кеден органдарындағы қызмет

1. Қызмет органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кеден органдарының міндеттерін, құқықтарын және міндеттемелерін, сондай-ақ құқық қорғау органдарының функцияларын іске асыру жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметінің а р н а у л ы т ү р і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кеден органдарында қызметтен өту тәртібі осы Кодекспен, мемлекеттік қызмет туралы және еңбек туралы заңнамаларымен реттеледі.

559-бап. Кеден органдарына қызметке қабылдау

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары өзінің жеке, моральдік, іскерлік, кәсіби санаттары, оларға жүктелген міндеттерді орындауға денсаулығы, дене бітімінің дамуы және білім деңгейі бойынша қабілетті кеден органына қызметке қабылданған Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтары болып табылады.

2. Кеден органдарына қызметке қабылдау үшін:

- 1) қызметке жарамдылығы туралы медициналық қорытындының болуы;
- 2) міндетті арнаулы тексерудің болуы;
- 3) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген біліктілік талаптарға сәйкес болуы қажет.

3. Кеден органдарына қызметке орналасқаннан кейін арнайы атақты берусіз үш айға дейін сынақ мерзімі белгіленеді.

560-бап. Кеден органына қызметке жас мамандарды қабылдау

Кеден органына қызметке орналасқан жас мамандар кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен кеден бекеттерінде, кедендерде және кеден басқармаларында міндетті тағлымдамадан өтеді.

561-бап. Қызметке тағайындау және қызметінен босату тәртібі

1. Орталық кеден органының басшысын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

2. Орталық кеден органы басшысының орынбасарын орталық кеден органы басшысының ұсынымы бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

3. Кеден органдарының басқа лауазымды тұлғалары кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

4. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы белгілеген тәртіппен куәліктер мен жеке номерлік мөрлер беріледі.

562-бап. Кеден органы лауазымды тұлғасының анты

Кеден органының лауазымды тұлғасы орталық кеден органы белгілеген тәртіппен ант қабылдайды.

563-бап. Кеден органы лауазымды тұлғасының арнайы атақтары

1. Кеден органының лауазымды тұлғасына атқаратын қызметіне және қызмет өткеретін жылдарына сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай арнайы атақтар беріледі:

1) кіші басшы құрам:

кеден қызметінің прапорщигі;

кеден қызметінің аға прапорщигі;

2) орта басшы құрам:

кеден қызметінің кіші лейтенанты;

кеден қызметінің лейтенанты;

кеден қызметінің аға лейтенанты;

кеден қызметінің капитаны;

3) аға басшы құрам:

кеден қызметінің майоры;

кеден қызметінің подполковнигі;

кеден қызметінің полковнигі;

4) жоғары басшы құрам:

кеден қызметінің генерал-майоры;

кеден қызметінің генерал-лейтенанты;

кеден қызметінің генерал-полковнигі.

2. Арнайы атақтар берілген кеден органдарының лауазымды тұлғалары тиісті үлгілері мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оны кию ережесін орталық кеден органы анықтайтын пішімді киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

3. Осы баптың ережелері, сондай-ақ арнайы мекемелердің басшылары мен мамандарына да қолданылады.

564-бап. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына арнайы атақтар беру тәртібі

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына берілетін арнайы атақтар бірінші, кезекті және шектіге бөлінеді.

2. Кеден органының лауазымды тұлғаларына бірінші арнайы атақ кеден органы лауазымды тұлғасының неғұрлым жоғары әскери және (немесе) арнайы атағы болған жағдайды қоспағанда, сынақ мерзімі өткеннен кейін атқарып отырған қызметіне сәйкес беріледі.

3. Кезекті арнайы атақ осы Кодекстің 565-бабына сәйкес белгіленген алдыңғы арнайы атағында болу мерзімі аяқталғаннан кейін кезекті тәртіппен беріледі.

Осы атқарып отырған лауазым үшін көзделген бірнеше кезекті арнайы

атақтар болған кезде соңғы арнайы атақта болу мерзімі анықталмайды.

4. Шекті арнайы атақ белгіленген алдағы арнайы атақтарында болу мерзімі өткеннен кейін осы Кодекстің 565-бабында көзделген атқаратын қызметіне сәйкес беріледі.

5. Бірінші, кезекті және шекті арнайы атақ лауазымды тұлғаларға

атқарып отырған қызметіне сәйкес мынадай тәртіппен беріледі:  
орталық кеден органында:

Лауазымы	Арнайы атағы		
	Бірінші	Кезекті	Шекті
төраға	Кеден қызметінің генерал-майоры	Кеден қызметінің генерал-лейтенанты	Кеден қызметінің генерал-полковнигі
Төрағаның орынбасары	Кеден қызметінің полковнигі	Кеден қызметінің генерал-майоры	Кеден қызметінің генерал-лейтенанты
Бас басқарманың бастығы, дербес басқарманың бастығы	Кеден қызметінің майоры	Кеден қызметінің подполковнигі, Кеден қызметінің полковнигі	Кеден қызметінің генерал-майоры
Бас басқарма, дербес басқарма бастығының орынбасары, Бас басқармадағы бастығы	Кеден қызметінің майоры	Кеден қызметінің подполковнигі	Кеден қызметінің полковнигі
бөлім бастығы	Кеден қызметінің капитаны	Кеден қызметінің майоры	Кеден қызметінің подполковнигі
бөлімшенің бастығы, бас инспектор	Кеден қызметінің аға лейтенанты	Кеден қызметінің капитаны	Кеден қызметінің майоры
жетекші инспектор	Кеден қызметінің кіші лейтенанты	Кеден қызметінің лейтенанты, аға лейтенанты	Кеден қызметінің капитаны
инспектор (орта арнайы білімімен)	Кеден қызметінің прапорщигі	Кеден қызметінің аға прапорщигі	Кеден қызметінің аға прапорщигі

2) кеден басқармаларында, кедендерде, арнайы мекемелерде, кеден бекеттерінде және бақылау-өткізу пункттерінде:

Лауазымы	Арнайы атағы		
	Бірінші	Кезекті	Шекті
кеден басқармасының бастығы	Кеден қызметінің подполковнигі	Кеден қызметінің подполковнигі	Кеден қызметінің генерал-майоры
кеден басқармасы бастығының орынбасары, кеден бастығы, арнайы мекеме жетекшісі	Кеден қызметінің майоры	Кеден қызметінің подполковнигі	Кеден қызметінің подполковнигі
кеден бастығының орынбасары, арнайы мекеменің жетекшісі, кеден бекетінің бақылау-өткізу пунктінің бастығы, кеден бекетінің бастығының орынбасары, бөлім бастығы	Кеден қызметінің капитаны	Кеден қызметінің майоры	Кеден қызметінің подполковнигі
бөлімшенің бастығы, инспектор	Кеден қызметінің аға лейтенанты	Кеден қызметінің капитаны	Кеден қызметінің капитаны
аға инспектор	Кеден қызметінің кіші лейтенанты	Кеден қызметінің лейтенанты	Кеден қызметінің аға лейтенанты
инспектор	Кеден қызметінің прапорщигі	Кеден қызметінің аға прапорщигі	Кеден қызметінің кіші лейтенанты
кіші инспектор	Кеден қызметінің прапорщигі	Кеден қызметінің аға прапорщигі	Кеден қызметінің қызметінің

аға  
прапорщигі

---

6. Кеден қызметі аға прапорщигінің, полковнигінің, генерал-майорының және генерал-лейтенантының бірінші, кезекті және шекті арнайы атақтарында болу мерзімі белгіленбейді.

7. Кеден органы лауазымды тұлғаларының кіші басқарушы құрамының арнайы атақтарын орталық кеден органының басшысы береді.

8. Кеден органы лауазымды тұлғаларының орта және аға басқарушы құрамының арнайы атақтарын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органының басшысы береді.

9. Жоғары басшы құрамының арнайы атақтарын кеден ісі мәселелері

жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

565-бап. Арнайы атақтарда болу мерзімдері

1. 564-баптың 6-тармағында анықталған лауазымды тұлғаларды қоспағанда кеден органдары лауазымды тұлғалары үшін арнайы атақтарда болудың мынадай мерзімі белгіленеді:

- |                                     |        |
|-------------------------------------|--------|
| 1) кеден қызметінің прапорщигі      | 5 жыл; |
| 2) кеден қызметінің кіші лейтенанты | 1 жыл; |
| 3) кеден қызметінің лейтенанты      | 2 жыл; |
| 4) кеден қызметінің аға лейтенанты  | 3 жыл; |
| 5) кеден қызметінің капитаны        | 3 жыл; |
| 6) кеден қызметінің майоры          | 4 жыл; |
| 7) кеден қызметінің подполковнигі   | 5 жыл. |

2. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына кезекті арнайы атақ осы Кодекстің 566, 575-баптарында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

566-бап. Кезекті арнайы атағын мерзімінен бұрын беру тәртібі

1. Кеден органының лауазымды тұлғасына кезекті арнайы атақ:

1) кеден қызметінің белгіленген бірінші арнайы лейтенант атағында болу мерзімі өткенге дейін, бірақ кеден органдарында қызмет атқаратын төрт жыл немесе одан жоғары оқу мерзімімен жоғары оқу орындарының бітірушілеріне беру сәтінен бастап кемінде бір жыл;

2) белгіленген атқару мерзімі өткенге дейін және алдағы арнайы атағында болу мерзімінің жартысынан кем емес, бірақ қызметтегі міндеттерін адал атқарғаны үшін қолдау ретінде тиісті атқаратын қызметінің кезекті арнайы атағынан асырылмай мерзімінен бұрын беруі мүмкін.

2. Кеден органдарында кезекті арнайы атақты мерзімінен бұрын кеден органдарында атқаратын қызметі бойынша барлық кезең ішінде кемінде екі рет беруге ж о л б е р і л е д і .

567-бап. Кезекті арнайы атақты беруді тоқтата тұрудың тәртібі

1. Оған тәртіптік жаза қолданылған (ауызша жарияланғаннан басқа), не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе олардың қызметтік тәртіпті бұзу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері бойынша қылмыстық тексеру жүргізіліп жатқан кеден органының лауазымды тұлғасына кезекті арнайы атақ беру, тәртіптік жаза алынғанға не ақтау негізі бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға немесе қызметтік тексеріс аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа, кеден органының лауазымды тұлғасына негізсіз кезекті арнайы атақ беруді тоқтата тұрған кеден органының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауап б е р е д і .

568-бап. Кеден органы лауазымды тұлғасының ауысу тәртібі

1. Кеден органы лауазымды тұлғасының сол кеден органында не басқа кеден органына сол жерде немесе басқа жерге қызметке ауысуы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган анықтаған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кеден органының лауазымды тұлғасы басқа жерге қызметке ауысқан кезде лауазымды тұлғаға өтемақы және өзге де шығындар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

76-ТАРАУ. КҮШ, АРНАУЛЫ ҚҰРАЛДАР МЕН АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАНУ

569-бап. Күш, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдану бойынша негізгі ережелер

1. Осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіппен кеден органдарының лауазымды тұлғаларының күш, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолдануға қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

2. Кеден органының лауазымды тұлғасы күш, арнаулы құралдар мен атыс қаруын



қ о л д а н ғ а н д а :

1) күш, арнаулы құралдар мен қаруды қолдануды кешеуілдету өзінің өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін, өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғатын, тұтқиылдан болған немесе қарулы шабуыл жасаған, әскери техника, кемелер мен көлік құралдарын пайдаланумен жасаған шабуыл кезінде немесе өзге де жағдаяттарда, егер осындай ескертудің қалыптасқан жағдайда орынсыз болған немесе мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, оларды қолдану туралы ескертуге;

2) дене жарақатын алған адамдарға дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсетуді қамтамасыз етуге және болған оқиға туралы кеден органының басшысына немесе оның міндетін атқарушы адамға дереу хабарлауға;

3) құқық бұзушылықтың сипаты мен оны жасаған адамдардың қауіптілік деңгейіне, сондай-ақ көрсетілген қарсы әрекеттің күшіне қарай қауіпті жою кез келген залалдың мейлінше төмен болуына ұмтылуға;

4) кеден органының басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам атыс қаруын қолдану, кісі өлімі немесе дене зақымдарын түсірудің жағдайлары туралы прокурорға және ішкі істер органдары мен жоғары тұрған кеден органының басшысына шұғыл х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

3. Қарулану құралдарын, арнаулы құралдар мен қызметтік жануарларды есепке алуды жүргізу, сақтау және пайдалану тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық кеден органы айқындайды.

4. Күш, арнаулы құралдар мен атыс қаруын белгіленген тәртіпті бұзуы мен қолдану Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

## 5 7 0 - б а п . К ү ш қ о л д а н у

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары күш, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін тек кеден органдарына жүктелген міндеттерді зорлық тәсілдерінсіз орындауды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда қолдануға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

### 2 . К ү ш :

1) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу;

2) құқық бұзушылықты жасаған адамдарды ұстау;

3) кеден органдарының лауазымды тұлғалардың заңды өкімі немесе талаптарына к ү ш қ а р с ы л ы ғ ы н т о й т а р у ;

3. Әйелдерге, мүгедектік белгілері анық байқалған адамдарға және кәмелетке толмағандарға қарсы, олар адамдардың өміріне қатер төндіретін қарулы қарсылық көрсеткен және (немесе) топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, арнайы к ү ш қ о л д а н у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

## 571-бап. Арнаулы құралдарды және қызмет иттерді қолдану

1. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары : кісендер, резеңке таяқтар, жас аққыш заттар, үй-жайларды ашу үшін құрылғылар, көлікті мәжбүрлеп тоқтату үшін арнаулы құралдарды, сондай-ақ мынадай жағдайларда басқа да арнайы құралдарды және техниканы қолданады:

1) кеден органдарының лауазымды тұлғаларға және өзге де адамдарға жасалған шабуылдарға тойтарыс беру үшін;

2) кеден органдарының иелігіндегі немесе пайдалануындағы үйлерге, үй-жайларға, ғимараттар мен көлік құралдарына, кеден бақылауындағы тауарлар мен көлік құралдарына жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін, сондай-ақ басып алынған жағдайда аталған объектілерді босату үшін;

3) кеден органының лауазымды тұлғасына күш қарсылығын көрсетуді тыю үшін;

4) егер бұл тұлғалар күш қарсылығын немесе өзге қарсы әрекет көрсетсе, құқық бұзушыларды ұстау, кеден органына немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жеткізу үшін;

5) көлік құралына қатысты кеден ісі саласында құқық бұзушылық объектісі болып тапқанға негіз болғанда аталған көлік құралын тоқтату үшін.

2. Әйелдерге, мүгедектік белгілері анық байқалған адамдарға және кәмелетке толмағандарға қарсы, олар адамдардың өміріне қатер төндіретін қарулы қарсылық көрсеткен және (немесе) топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

3. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары қолданатын арнаулы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## 572-бап. Атыс қаруын алып жүру, сақтау және пайдалану

1. Атыс қаруын өзімен бірге алып жүру, сақтау және пайдалану құқығы берілген кеден органдарының лауазымды тұлғаларының санаттарын, сондай-ақ атыс қаруы мен оқ-дәрі түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Атыс қаруы осы Кодекстің 573-бабында айқындалған жағдайда қаруын қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғалары қарулар мен оқ-дәрілерді жоғалтқаны, салақ сақтағаны, оларды күзету жөніндегі міндеттерін лайықты орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

## 573-бап. Атыс қаруын қолдану және пайдалану

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары атыс қаруын мынадай жағдайларда:

1) кеден органдарының лауазымды тұлғаның және олардың отбасы мүшелеріне жасалған топтасып және (немесе) қарулы шабуылға тойтарыс беру сонымен қатар кеден органдарының лауазымды тұлғаларының қаруын тартып алмақ әрекетінің жолын к е с у ү ш і н ;

2) кеден органдарының иелігіндегі немесе пайдалануындағы үймереттерге, үй-жайларға, ғимараттарға, кемелер мен көлік құралдарына, сондай-ақ кеден бақылауында тұрған тауарлар мен кеден бақылауында тұрған тауарлар мен көлік құралдарына қарулы әрекет жасау жағдайларда жасалған қарулы шабуылға тойтарыс б е р у ү ш і н ;

3) қарулы қарсылық көрсеткен не ауыр қылмыс жасау үстінде қолға түскен тұлғаларды, сондай-ақ қаруды тапсыру туралы заңды талапты орындаудан бас тартқан қ а р у л ы а д а м д ы ұ с т а у ү ш і н ;

4) егер көлік құралын жүргізетін тұлға кеден органдарының лауазымды тұлғаларының заңды талаптарына бағынбаса, көлік құралдарын оларды істен шығару а р қ ы л ы т о қ т а т у ү ш і н ;

5) аңдардың шабуылынан қорғану үшін;

б) қару қолданатындығы туралы ескерту, дабыл белгісін беру немесе көмекке ш а қ ы р у ү ш і н ;

7) қажетті қорғау мен аса қажеттіліктің өзге жағдайында қолдануға құқылы.

2. Әйелдерге, мүгедектік белгісі анық көрініп тұрған тұлғаларға және кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қарулы қарсылық көрсеткен, қарулы немесе топтық шабуыл жасаған жағдайлардан басқа кезде, сондай-ақ қару қолдану басқа азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайларда атыс қаруын қолдануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Атыс қаруын қолданудың барлық жағдайларында кеден органының лауазымды тұлғасы айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге жедел дәрігерлік көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға, прокурорды және жоғары тұрған кеден органын хабардар етуге міндетті.

## 77-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫН МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

574-бап. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларға еңбек ақы төлеуі

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларын ақшалай жабдықтау Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесінің негізінде белгіленеді және өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен

белгіленетін тәртіпте қызметте өткерген ерекше жағдайлары үшін ақшалай қаражат,  
ү с т е м е а қ ы н ы қ о с а д ы .

2. Кеден органының лауазымды тұлғаларының ақшалай жабдықтарына

лауазымдылық қызмет ақысы мен арнаулы атақ үшін қосымшалардан тұрады.

3. Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдылық қызмет ақыға қосымшаны алуға және қосымша төленетін демалыс ұсынуына құқық беретін қызмет өтіліне:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және құқық қорғау органдарында;

2) мемлекеттік қызметінде;

3) соттарда;

4) Қазақстан Республикасының өкілдік органдарында сайланбалы қызметіндегі қызмет мерзімі есептеледі.

575-бап. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларын көтермелеу

1. Міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметте қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін кеден органдарының лауазымды адамдарына көтермелеудің мынадай түрлері:

1) алғыс жариялау;

2) бір жолғы ақшалай сыйақы беру;

3) бағалы сыйлықпен марапаттау;

4) Құрмет грамотасымен марапаттау;

5) "Кеден органдарындағы үздік қызметі үшін" омырау белгісімен марапаттау;

6) "Кеден қызметінің еңбек сіңірген қызметкері" Құрмет белгісімен марапаттау;

7) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;

8) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделгеннен бір саты жоғары арнаулы атақ беру көзделеді.

9) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де көтермелеу нысандары.

2. Мерзімінен бұрын көтермелеу ретінде бұрын салынған тәртіптік жазаны алып тастаудың қолданылуы мүмкін.

576-бап. Кеден органы лауазымды тұлғасының демалысы

Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына екі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде сауығу үшін жәрдемақыны төлеумен ұзақтығы отыз күнтізбелік күндік жыл сайынғы демалыстар беріледі.

577-бап. Кеден органдары лауазымды тұлғаларын зейнетақылық

қамтамасыз ету

Кеден органдарының лауазымды тұлғаларын зейнетақылық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### 578-бап. Кеден органдары лауазымды тұлғаларының құқықтық және әлеуметтік қорғалуы

1. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары мемлекеттік өкімнің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Кеден органының лауазымды тұлғасы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан адамның асырауындағыларға және мұрагерлеріне кеден органының атқарған соңғы қызметі бойынша қаза тапқанның алпысжылдық ақшалай қамтамасыз ету мөлшерінде бір уақыттағы өтемақы төленеді.

3. Кеден органының лауазымды тұлғасы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, ол үшін өзінің қызметтік міндеттерін одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін, мертіккен не денсаулығы өзге де зақымданған кезде белгіленген тұлғаға республикалық бюджеттің қаражатынан бір жолғы өтемақы:

- 1) 1 топ мүгедегіне - отыз айлық ақшалай үлес көлемінде;
- 2) 2 топ мүгедегіне - он сегіз айлық ақшалай үлес көлемінде;
- 3) 3 топ мүгедегіне - алты айлық ақшалай үлес көлемінде;
- 4) мүгедектігі белгіленбестен еңбек қабілетін жоғалтудың тұрақтылығы

анықталған кезде - біржарым айлық ақшалай үлес мөлшерлерінде төленеді.

4. Егер кеден органының лауазымды тұлғаның қаза табуы (қайтыс болуы), жарақат алуы, жаралануы (мертігуі), ауруы қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты емес мән-жайлардан болғандығы Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, бір жолғы өтем төленбейді.

#### 78-ТАРАУ. КЕДЕН ОРГАНЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

##### 579-бап. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына қолданылатын тәртіптік жазаның түрлері

1. Осы баптың 2-тармағын қоспағанда, заңсыз шешім, әрекет (әрекетсіз) шешімі, өз қызметтік міндеттерін тиісті орындамағаны үшін кеден органдарының лауазымды тұлғаларына жазаның мынадай түрлері:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту жасау;

5) кеден органдарынан босату қолданылады.

2. Қазақстан Республикасы кеден заңына жекелеген нормаларын бұзған

үшін кеден органдарының лауазымды тұлғаларына осы Кодекстің 580-588-баптарымен белгіленгеннен төмен емес тәртіптік жаза қолданады.

3. Осы баптың 2-тармағымен белгіленбеген тәртіп бұзушылықтар бойынша кеден органдарының лауазымды тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады.

580-бап. Кеден органының лауазымды тұлғасының алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішін қарау мерзімін бұзуы

Осы Кодекстің 56-бабымен белгіленген алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішті қараудың мерзімін бұзғаны үшін кеден органының тұлғасына сөгіс түріндегі тәртіптік ж а з а қ о л д а н а д ы .

581-бап. Кеден органының лауазымды тұлғасының кеден ісі саласындағы кейбір қызмет тәртіптерін бұзуы

Кеден брокері, кеден тасымалдаушысы, бажсыз сауда дүкені, кеден қоймасы, еркін қойма ретінде қызметін жүзеге асыру лицензияларын берудің тәртібі мен мерзімдерін, тоқтата тұру және кері қайтарып алу, сондай-ақ осы Кодекспен белгіленген уақытша сақтау қоймасын ашу және кедендік

ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын беруді бұзғаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданады.

582-бап. Кеден органының лауазымды тұлғасының тауарлардың ішкі кедендік транзитін рәсімдеуден негізсіз бас тартуы

Осы Кодекстің 82-бабымен белгіленген тауарлардың ішкі кедендік транзитін рәсімдеуден бас тартқаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданады.

583-бап. Кеден органы лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында көзделген құжаттарға мөрлер мен мөртабандарды қоймауы

Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында көзделген құжаттарға мөрлер мен мөртабандарды қоймағаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

584-бап. Декларантқа кедендік режимді таңдауға заңсыз бас тарту

Декларантқа осы Кодекске сәйкес таңдалған кедендік режимге сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге заңсыз бас тартқаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

#### 585-бап. Кеден органының хабарламауы

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу бекетінде орналасқан кеден органы жөнелту кеден органын осы Кодекстің 123-бабында белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды іс жүзінде өткізу туралы хабарламағаны үшін кеден органының лауазымды

тұлғасына қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

586-бап. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу бекетінде көлік құралдарын заңсыз ұстау

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу бекетінде көлік құралдарын осы Кодекстің 279-бабында белгіленген мерзімдерден артық заңсыз ұстағаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

587-бап. Кеден органы лауазымды тұлғасының кеден декларациясын тіркеуден заңсыз бас тартуы

Кеден декларациясын тіркеуден заңсыз бас тартқаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

588-бап. Кеден декларациясын, қосымша мәліметтер мен құжаттарды тексеру мерзімдерін заңсыз бұзу

Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында белгіленген кеден декларацияларын, қосымша мәліметтер мен құжаттарды тексеру мерзімдерін заңсыз бұзғаны үшін кеден органының лауазымды тұлғасына қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК